

Кәрібай МҰСЫРМАН

Е
ЛДІҢ
ШЕТІНДЕ,
ЖЕЛДІҢ ӨТІНДЕ...



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

М85 МҰСЫРМАН К.
Елдің шетінде, желдің өтінде.../К. Мұсырман. Алматы:
«Нұрсәт» баспасы, 2018. — 380 бет.

Белгілі журналист Кәрібай Мұсырманның «Елдің шетінде, желдің өтінде...» кітабында еліміздің Тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктері, соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысында болған оң өзгерістер жайлы кеңінен әңгіме шертіледі. Оған көсемсөзшінің әр жылдары республикалық және облыстық газеттердің беттерінде жарияланған мақалалары мен очерктері енгізілген.

Кітапта Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасу тарихын зерттеп жүрген ғалымдар мен зерттеушілер үшін қызықты деректер мол, сондай-ақ, қалың оқырман қауымға ел мен жер, тіл тағдыры хақында ой саларлық салиқалы пікірлер мен толғаныстар да аз емес.

ӘОЖ 070
КБЖ 76.02



«Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел?!»



АЛАТАУДАЙ АСҚАР, САРЫАРҚАДАЙ КЕҢ

1989 жылдың жазында Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына бұрын Целиноград облыстық атқару комитетінің төрағасы болып істеген Қасым Тәуменов сайланды. Ол Көкше өңірі экономикасының өзекті мәселелерімен қатар, руханият саласына да айрықша көңіл бөліп, әсіресе, жергілікті қазақ зиялыларының көкейлерінде жүрген толғақты мәселелерге білек сыбана кірісіп, ұлттық намысы, азаматтық парасаты биік, біртуар тұлға екендігін танытты. Бәрінен де оның облыс орталығына жан-жақтан кіретін жолдардың қала шекарасындағы тұстарында орнатылған және жергілікті әуежай ғимаратының маңдай бетінде үлкен әріптермен жазулы тұрған «Кокчетав» деген атауды жоғары жақтан рұқсат алмастан, әрі шаһардың орыстілді жұртшылығынан еш именбестен, тез арада «Көкшетау» деп өзгерткен батырлыққа пара-пар батылдығы ел ішіне аңыздай тарап кеткен еді. Сонысы үшін тіпті өзіне жұрт алдында сын айтқан КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің ұлттық саясат және ұлтаралық қатынастар жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары Еркін Әуелбековке сол арада қатты тойтарыс бергендігін естіп, Қасым Аппасұлының ешкімнің бет-жүзіне қарамайтын шыншылдығы мен сөзге шешендігіне қайран қалғанбыз...

Келесі жылы көктемде Көкшетауда кезекті облыстық есеп беру-сайлау партия конференциясы өткізіліп, оған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев арнайы келіп қатысты. Ұйымдық мәселе қаралғанда Нұрсұлтан Әбішұлы Көкшетау обкомының бірінші хатшылығына Қасым Тәуменовті қайтадан ұсынып,

конференция делегаттарынан оның кандидатурасын қолдауды сұрады. Алайда, бұл жариялылық пен демократияландыруға бағыт ұсталып, баламалы сайлау үрдісі бел алып тұрған горбачевтік «қайта құру» кезеңі болатын. Соны пайдаланған көкшетаулық коммунистер бірінші хатшылыққа өздерінің екі бірдей жерлесін қоса ұсынып, дауыс беру жабық әдіспен жүргізілетін болып шешілді. Оның қорытындысы бойынша ақмолалық Қасым ТәуKENOV биліктен тайдырылып, Целиноград обкомының ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы болып істеп жүрген көкшетаулық Чапай Әбутәліпов жеңіске жетті. Бұған, шындығын айтсақ, жергілікті партократтар болмаса, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялылары, әсіресе, өзім сол кезде еңбек етіп жүрген облыстық «Көкшетау» газетінің журналистері қуана қойған жоқ. Қасым Аппасұлы сынды арыс азаматтың алдынан ор қазып құлатып, астындағы ақбоз арғымағын көп болып жабылып, күштеп тартып алғандай, Көкшенің ел-жұртына үлкен ұят келтірген абыройсыз іс болған еді бұл. Ал Нұрсұлтан Назарбаев болса, өз ұсынысын қолдамай, жершілдік пиғыл танытқан көкшелік коммунистер шешіміне сол кездегі партиялық тәртіпке бағынып, ашық қарсылық білдірмегенімен, іштей ренжіп кеткен шығар деп топшылағанбыз.

Сол жылы күзде мен республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің Көкшетау облысындағы меншікті тілшісі болып тағайындалдым. Қасым ТәуKENOVтің тегеурінімен қаласының атауын қазақшалап алып, рухы бір көтеріліп қалған көкшеліктер осы кезде «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген қастерлі ұғымға ден қойып, қилы заманда үш жүздің басын қосқан ұлы Абылай ханның 280 жылдығын келесі жылы республика деңгейінде атап өту жөнінде бастама көтерді. Бірақ, Қазақстан Компартиясы басшылығының осы жөніндегі пі-

кірін білуге жүрексінген обком басшылары жергілікті зиялылардың ұсынысына қарсылық та білдірмей, қолдау да көрсетпей, әліптің аяғын күтетін сыңай танытты. Сөйтіп бұл мәселенің басы ашылмай, обком тарапынан бірнеше ай бойы тым-тырыс үнсіздік орнады.

Көкшеліктер Абылай хан бабамызға алғаш рет ас беріп, аруағын риза етсек деп асыға күткен 1991 жыл да келді. Сол жылдың басында «Социалистік Қазақстанның» облыстардағы меншікті тілшілерінің барлығы Алматыға шақырылып, газеттің бас редакторы Шерхан Мұртаза үлкен жиналыс өткізді. Содан кейін редакция басшылары мен бізді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қабылдап, ел өмірінің небір өзекті мәселелері жөнінде кеңінен әңгіме өрбітті.

– Сіздерді мен ел ішіндегі көзім мен құлағым деп санаймын. Облыстардағы жағдайды шынайы жазып, кемшілікке жол берген басшыларды аямай сынаңыздар. Ешкімнен қаймықпаңыздар! – деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Президент:

– Маған қоятын сұрақтарыңыз болса, айтыңыздар, – деген соң республиканың әр түкпірінен жиналған тілшілер Елбасыға сауалды жан-жақтан жаудырды. Республиканың бірінші басшысының қабылдауында бірінші рет болғандықтан, бастапқыда сәл қобал-жыңқырап тұрған маған да батылдық бітіп, көкшеліктер көкейінде жүрген Абылай ханның 280 жылдығын тойлау мәселесін көтердім.

– Көкшетаулықтар Абылай хан асын өткіземіз десе, оған менің ешқандай қарсылығым жоқ, – деп кесімді сөзін айтты Елбасы менің сауалыма іле жауап қайтарып. Нұрсұлтан Әбішұлының бұл пікіріне жалғыз мен ғана емес, барша әріптестерім дән риза болып, марқайып қалды. Өйткені, әмірі күшті Кеңес Одағына жариялылық

иманы келіп, компартия әлсірей бастағанымен, әлі де тұғырынан таймаған кез-тұғын. Оның үстіне, бұған дейін елімізде ешбір ханның мерейтойы аталып көрмеген болатын. Сондықтан да, Елбасының Абылай хан асын өткізу жөніндегі ұсынысқа бірден қолдау білдіруі, сөз жоқ, батыл шешім еді. Бұл жағымды хабар Көкшетау облысы басшыларының да құлағына тездетіп жеткізіліп, лайындық жұмыстары қызу қолға алынды.

Жазда кезінде Абылай хан ақ ордасын тіккен Ырабай баурайында үлкен ас ұйымдастырылып, оған сол кездегі Премьер-Министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков бастаған ресми адамдар, қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар мен ақын-жазушылар, өнер иелері, барлық облыстардың делегациялары қатысты. «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба?!» деген ескі сөз де еске түсіріліп, хан тойы тамаша өтті. Ал мен болсам, сол тойдың ұйымдастырылуына көкшеліктер атынан Елбасының рұқсатын сұраған адам болғанымды өмір бойы іштей мақтаныш тұтып өтетін шығармын...

Еліміздің солтүстік өңірі сонау Кеңес өкіметі заманында талайдың таңдайын қақтырып, көзінің жауын алған көркем, әрі даласында сары алтындай егіні жайқалған, өрісінде төрт түлік малы мыңғырған берекелі өлке саналатын. Осыны ескерген Мәскеу өткен ғасырдың елуінші жылдарында тың көтеру ұранымен атамекенімізге басқа ұлт өкілдерін лек-легімен қоныстандырғандықтан, өз жерімізде азшылыққа айналып, өз Отанымызда өгейдің күнін кешуге мәжбүр болғанбыз. Асыл дініміз әлсіреп, ана тіліміз шұбарланып, аясы тарылып, жойылуға шақ қалған. Осылай сорымыз қайнағаны жетпегендей, Тың өлкесі құрылып, оның құрамына кіргізілген Қазақстанның бидайға бай солтүстік аймағын Компартия көсемі Никита Хрущев

Ресейге қосып жіберу ниетін де жасырмаған. Оның сол сандырақ ойын арада отыз шақты жыл өткенде қайта құру дәуірін бастан кешіріп жатқан жаңа Ресейдің рухани көсемі саналатын әйгілі жазушы Александр Солженицын өзінің аты шулы «Ресейді қалай көркейту керек?» мақаласында айқайлата қайталап, Қазақстанның теріскейіндегі тың көтерілген бес облысына тағы да көз алартқаны жадымызда. Мұндай қисынсыз әңгімелер кеудесінде намысы бар қазақ азаматтарының қанын қайнатқанымен, өзге ұлт өкілдерінің арасындағы кейбір ниеті бұзық пенделер, бір кездегі отаршыл ақ патшаның сойылын соққан казачествоның қылышын қайтадан жалаңдатқан шолақ белсенділері Солженицын сіріңке жаққан отқа одан сайын май құйып, өршітіп, өрт шығаруға тырысқандықтары мәлім. Сөйтіп тоқсаныншы жылдары, әсіресе Қызылжар өңіріндегі саяси ахуал ушығуға айналып, шиеленісіп тұрған болатын.

Осы қилы кезеңде Алла жарылқап, өз Тәуелсіздігін жариялаған туған еліміздегі билік тізгінін қолына алған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ата-бабаларымыздың қаны мен тері төгілген қасиетті жеріміздің тағдыры туралы терең толғанғанына тура келгені кәміл. Сондықтан да Елбасының ел мен жер тұтастығын сақтау қамымен көпшілікке ұнай бермейтін, тосын да күрделі шешімдер қабылдауына тура келгендігі сөзсіз. Солардың бірі – 1997 жылғы көктемде Солтүстік Қазақстан облысы мен көршілес Көкшетау облысының біріктірілуі. Ірілендірілген облыс орталығы болып Петропавл қаласының белгіленуі бізге, көкшетаулықтарға, оңай соқпағанымен, ұлтымыздың көшбасшысының ұйғарымының дұрыстығына еш күмәніміз болған жоқ. Мұны жас мемлекетіміздің басшысының ел іргесін бекіте түсуге бағытталған кезекті қадамы ретінде қабылдадық. Көкшетауда билік

басында жүрген қазақ азаматтарының басым көпшілігі Қызылжарға облыстық басқару органдарына бірінші-скінші басшы болып ауыстырылып, әкімдіктегі, басқармалар мен әртүрлі ведомстволардағы ұлттық кадрлар қатары бірден қалындап шыға келді. Облыс тұрғындарының құрамындағы қазақтардың үлес салмағы да әжептәуір көбейіп, отыз пайыздан асып жығылды. Сөйтіп еншісін Қызылжардан 1944 жылы бөліп алып, жеке отау – жаңа облыс болып құрылған Көкшетау араға 53 жыл салып, ата шаңыраққа қайтып оралып, ондағы әлсіреген ұлттық рухты көтере түсті.

Сол жылдың басында Петропавлда Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерінің Жоғары әскери училищесі ашылып, облыс орталығының Омбы қаласы жаққа шығар шетіне орналастырылды. Қазір Әскери институтқа айналдырылған, жүздеген курсанттар тәлім-тәрбие алып, жүздеген офицерлер мен әскери қызметшілер Отан алдындағы борыштарын атқарып жүрген іргелі білім ордасы күре жолдың бойында Қызылжардың айбынын асырып тұр.

Елбасыны облыс орталығы мәртебесінен айрылған Көкшетаудың тағдыры да толғандырғаны кәміл. Әйтпесе, араға бір-ақ жыл салып, өкпе-реніші әлі де тарай қоймаған қала жұртшылығының алдына өзі барып, әңгіме құрар ма еді әсте де?!. Көкшетау қалалық әкімдігінің үлкен залында өткен басқосуға қатысқан Көкше елінің беделді азаматтары мен ақсақалдары бірінен соң бірі мінберге шығып, Президентке айтар арыздарын ашық та кімнің болсын жанына батарлықтай етіп айтып, бағы тайыңқырап тұрған қаланы Мемлекет басшысының өз қамқорлығына алуын өтінген еді сол жолы. Залда отырғандардың арасында кезінде Нұрсұлтан Назарбаевтың Қасым Тәуекеновті обкомның бірінші хатшылығына сайлау туралы ұсынысын

қабылдамай тастауды белсене ұйымдастырушылар да бар еді. Олардың төменшікті жүздерінде «Президент біздің сол қылығымызды кешірет ме екен, кешірімес пе екен?..» дегендей алаңдаушылық бары аңғарылып тұрды... Ал Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің ондай пендешіліктен ада екендігін көрсетіп:

– Не істесек те, бәрін де елдің қамын ойлап істеп жатқанымызды түсінуге тиіссіздер, ағайындар! Облыс орталығы етіп елдің шетінде тұрған Петропавл қаласын бекерден-бекер белгілеген жоқпыз. Сонымен бірге Көкшетауды да жүдетпеуді ойлап, экология министрлігін осында әкеліп, орналастырдық. Алдағы уақытта Ақмола облысының орталығын да осында көшіруіміз мүмкін. Бәріне де уақыт керек, шыдай тұрыңыздар!.. – деген еді ағынан жарылып. Елбасы сол сөзінде тұрды – келесі, 1999 жылы Ақмола облысының орталығы Астана қаласынан Көкшетауға көшірілді. Бөріктерін аспанға ата қуанған көкшеліктерге қызмет бабымен Қызылжарға қоныс аударып кеткен біз де қосыла шаттандық.

2008 жылы тамыз айында Нұрсұлтан Назарбаев Қызылжарға қызмет бабымен келіп, өз тапсырмасы бойынша «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында қалпына келтірілген Абылайдың ақ үйін өз қолымен ашып, аса көрнекті тарихи тұлға хақында тебірене сөз сөйлеп: «Біз бүгінде өз Тәуелсіздігіміздің арқасында көптеген батырларымыз бен тарихта аты қалған тұлғаларға арнап ескерткіштер салып келеміз. Солардың ішіндегі бірегейі, әрине, Абылай хан резиденциясы екені даусыз. Қызылжар қаласының тамаша жерінде орналасқан мұражай кешені тұрғындардың көзайымына айналары сөзсіз.

Абылай хан өз алдына қойған үш маңызды міндетін орындай алмай өмірден өтті. Ол қазақ жерін біртұтас

мемлекетке айналдырып, қазақты жер игеруге үйрете алмағанына және қала сала алмағанына өкінсе керек. Оның сол армандарын бүгінде біз жүзеге асырып отырмыз», – деді.

Сол күні Елбасы облыстық әкімдіктің үлкен залында облыс активінің жиналысын өткізіп, өңірдің бірінші басшысының атқарып жатқан жұмыстары туралы есебін тыңдап, оған сол кездегі уақыт талабынан туындап отырған жаңа міндеттер жүктеді. Сол жиында халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төрағасы ретінде мен де сөз алып, Қызылжар өңірінде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік тіл саясаты жайлы айтып: «1990 – 1991 оқу жылында Солтүстік Қазақстан облысындағы қазақ балаларының небары 25 пайызы ғана өз ана тілінде білім алған болса, өткен оқу жылында бұл көрсеткіш 55 пайыздан асты. Тіпті орыстiлдi көптеген ата-аналар қазір өз перзенттерін қазақ мектептеріне бере бастады. Былтырғы оқу жылында ұлты басқа 229 оқушы қазақ мектептерінде қазақ тілінде білім алғандығы осыған дәлел. Бұған қоса, орыстiлдi 19 қыз Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жанынан ашылған тілдер институтында қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі мамандығы бойынша оқып жүр.

Осыдан 17 жыл бұрын облыс орталығында қазақ тілінде білім беретін бір ғана мектеп-интернат бар еді, қазір қаладағы қазақ мектептерінің саны алтыға жетті. Өткен жылы облыс бойынша жаңадан ашылған бес мектептің төртеуі қазақ мектебі екендігі де көңілімізге қуаныш ұялатады. Облысымыздың балабақшаларында қазақ және орыс тілдерін қатар үйрету жөніндегі бастама Сіздің қолдауыңызға ие болып, үш жылдан бері іске асырылу үстінде. Осындай ықпалды шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатынына, сөйтіп Қызылжар өңірінде мемлекеттік тіліміздің мәртебесі жылдан-жыл-

ға арта түсетініне еш күмәніміз жоқ», – дедім. Елбасы менің сөзімді мұқият тыңдай келіп: «Мұсырман бауырым дұрыс айтады. Тіл саясатын, міне, осылай жүргізу керек», – деп біздің облыста қазақ тілінің мәртебесін көтеру мақсатында атқарылып жатқан игілікті істерге ризашылығын білдірді. Ал Президенттің сөзін естіген дос-жарандарым болса: «Елбасы сені бауырым деп айтты ғой...» – десіп, менімен бірге мәз болысып қалды. «Менің орнымда сендер сөйлесеңдер де Президенттен сондай жылы лебіз еститін едіңдер. Ол кісіге әрбір қазақ бауыр ғой», – деп жатырмын мен де...

Елбасының Қызылжар өңіріне әрбір сапары сол-түстікқазақстандықтардың кәрі-жасы түгел асыға күткен, ұмытылмас оқиға ретінде есімізде сақталып қалды. 2012 жылы күзде Петропавлға келгенінде Президент вокзал алаңында орнатылған Мағжанның жаңа ескерткішін тамашалап, сол жерде жергілікті жұртшылық өкілдерімен кездесті. Қаз-қатар тізіліп тұрған ардагерлерге қолын беріп, жылышыраймен амандасып, олармен емен-жарқын сөйлесті. Бір ақын ақсақалымыз сол арада Президентке арнаған өлеңін оқып берді. Сосын қолындағы кітабын Нұрсұлтан Әбішұлына ұсынып, даусын көтере сөйлеп:

– Мына кітабымның ішінде Сіздің Қызылжарға тоқсаныншы жылдары келген сапарыңыз жайлы материалдар да бар. Астанадағы Тұңғыш Президент мұражайына қойғызыңыз, – деп Мемлекет басшысына нұсқау бергендей болып, аңқиып қарап тұр... Оның құлаққа ерсілеу естілген сөзіне Елбасы бір жымыып, күлімсіреп қойды да, ештеңе деместен, кітапты алып, көмекшілерінің бірінің қолына ұстатты. Жиналған жұрт Нұрсұлтан Әбішұлының жасы үлкен адамды сыйлап өскен қарапайымдылығы мен кішіпейілділігіне куә болып: «Ұлық болсаң, кішік бол» деген осы», – десіп, риза болып қалысты.

Біз, қызылжарлықтар, Елбасының елдің шетінде, желдің өтінде тұрған Солтүстік Қазақстан облысына көрсетіп келе жатқан қолдауын ұдайы сезініп келеміз. Ауылдық жерлердегі жолдарының жағдайы әлі түгел түзеліп кете қоймаған, елді мекендердің таза ауызсумен қамтамасыз етілуі де аса көңіл көншітпейтін, әрі орташа еңбекке қабілетті мөлшері республика бойынша ең төменгі деңгейде қалып отырған Қызылжар өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына соны серпін беру мақсатымен Президентіміздің кейінгі жылдары тағайындалған үшінші облыс әкімін де «Туған өңіріне жандары ашыса, осылардың жандары ашыр» деген ниетпен солтүстікқазақстандықтарға бұрыннан танымал, жергілікті азаматтардың арасынан таңдап қоюы да соны аңғартпай ма?!

Өзімнің журналистік қызметімнің арқасында Елбасыны теледидардан ғана емес, шынайы өмірде де сирек те болса, көре жүріп, Нұрсұлтан Әбішұлының азаматтық және қайраткерлік қасиеттері туралы көңіліме түйген ой-пікірлерім осындай. Алматыдай таулы өңірде туып-өсіп, Алатаудың асқар биіктігін де, ұшқан құстың қанаты талған байтақ дала төсіндегі Теміртау қаласындағы от-жалынды еңбек көрігінде шыңдалып, Сарыарқаның ұшы-қиырсыз кеңдігін де өз ойы мен бойына дарыта білген Елбасымыз нағыз қазақтың қандай болуы қажеттігін бізге де, бізден кейінгі ұрпаққа да ұқтырып жүргендей. «Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел?!» деп ұлы Абай айтып кеткендей, жершілдік, жүз бен руға бөлінушілік дертінен әлі де арыла қоймаған ұлтымыздың басын тек осындай кемел тұлға ғана біріктіріп, Мәңгілік Ел болу жолымен алға бастап келе жатқандығы күмәнсіз.

2014 жыл

ЕЛБАСЫНЫҢ САЯСИ ЕРЛІГІ

Қалалар да адамдар секілді. Олардың да өз тағдыры, бағы мен соры, қуанышы мен қайғы-қасіреті бар тәрізді. Әріге бармай-ақ, Қазақ елінің Кеңес дәуіріндегі астаналары қай қалалар болғандығын еске түсірсен, осындай ойға қалады екенсің...

1920 жылы 4 қазанда Орынбор қаласында Қазақ өлкесі Кеңестерінің құрылтай съезі өтіп, Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы (Қазақ АКСР-і) құрылған-тұғын. Сөйтіп Орынбор 1920 – 1925 жылдары Қазақ АКСР-інің астанасы атанып, басына бақ құсы қонғандай күй кешкен сияқты. Бірақ, кейін ол шаһар Ресей Федерациясының құрамына енгізіліп, облыс орталығы ғана болып қалды. Орынбор облысында қазір 120 мыңдай қазақ тұрады. Олардың ата-бабалары өздерін бір кезде Қазақ елінің азаматтарымыз деп есептеп, кеуделерін шаттық кернеген болса, бүгінде Орынбор қазақтарының бәрі де ресейліктер, яғни шетелдіктер...

1925 жылы сәуірде Ақмешіт қаласының атауы Қызылорда болып өзгертіліп, ол 1929 жылға дейін Қазақ АКСР-інің екінші астанасы мәртебесін иеленді. Орынбордың басынан ұшқан бақ құсы төбесіне келіп қонған шаһар шапшаңдата дамытылып, жаңадан денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет мекемелері салынған. Бұл ретте қазір Алматы қаласында орналасқан Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры 1926 жылы Қызылордада шаңырақ көтергенін айтсақ та жеткілікті.

Бейнелеп айтқанда, патша-қала тәжі 1929 – 1997 жылдары Алатау баурайындағы табиғаты тамаша

жерге орналасқан Алматыға бұйырды. Бұл шаһар 68 жыл ішінде адам танымастай өзгеріп, жан-жақты оркендеп, еліміздегі 1 жарым миллионнан астам халық тұратын ірі мегаполиске айналды. Ол киіп елорда мәртебесінен ресми түрде айырылса да, жұрттың бәрі әлі күнге «Оңтүстік астанамыз» деп еркелете атайды. Халқымыздың сүйікті қаласы, студенттер мен жастар шаһары тағынан түссе де, басындағы бағы ұшпай, мәңгілікке қонақтап қалған тәрізді...

1994 жылы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі және Министрлер Кабинеті ел астанасын Алматыдан Ақмола қаласына көшіру туралы қаулылар қабылдады. Ал 1997 жылы 20 қазанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлыққа қол қойды. 1998 жылғы 6 мамырда елорда атауы Президент Жарлығымен Астана деп өзгертілді. Сол жылғы 10 маусымда еліміздің жаңа елордасының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті. Сөйтіп Кеңес заманында Тың өлкесінің орталығы деген мәртебеге ие болып, бес жыл бойы өзге облыс орталықтарынан шоқтығы биік тұрған шаһардан бақ құсы біржола безіп кетпей, айнала ұшқан аққудай кимай тұр екен, ақыры қайта қонып, кезінде тарихи атауы әралуан әңгіме тудырған Ақмола айбынды Астанаға айналып, айды аспанға бір-ақ шығарды!

Астана қазақстандықтарды өзіне магниттей тартып, тұрғындарының саны жылдан-жылға өсу үстінде: 1998 жылдың басында елордада 342 мың адам тіркелген болса, биыл астаналықтар саны 852 мыңнан асып жығылды. Болжам бойынша 2020 жылы 1198 мыңға жетуі тиіс. Осы үрдістен жаңылмаса, Астана келешекте халық саны жөнінен Алматыны басып

озатын түрі бар. Ал елорда ажарының сұлулығына қарасаң, көзің тоймайды. Ол туралы уәлі ауыздардан шыққан талай тамаша теңеулер бар. Бірақ, меніңше, әйгілі ақын Кәкімбек Салықовтан ешкім асырып айта алған жоқ. Астанаға арнаған кітабын «Әлемнің сегізінші кереметі» деп атаған еді асыл ағамыз...

...Астананы өтпелі кезеңдегі экономикалық дағдарыс әлі аяқталмаған қиын кезеңде Алматыдан Ақмолаға көшіру – Елбасына оңайға соқпағаны жадымызда. Президенттің осы жөніндегі ұсынысына Жоғарғы Кеңес депутаттарының кейбіреулері ашық қарсы шығып, қызылкеңірдек болған еді. Сондайда Нұрсұлтан Назарбаев: “Біз мынадай аумаққа елдің бір шетінен қарап отырып, ие бола алмай қалуымыз мүмкін. Арқада, солтүстік облыстарда демографиялық ахуалды қалайда өзгертуіміз керек. Мына елдің иесі кім екенін бүкіл әлем білуге тиіс. Елдің иесі елдің қиыр-қиырына бірдей қарап отыруға тиіс. Тым болмаса соны түсінсеңіздерші. Экономиканы ел орталығынан басқарған тиімді. Ақмола тоғыз жолдың торабында тұр, облыстардың астанамен байланысы да оңайлайды. Бұл мен үшін емес, ел үшін керек, елдің ертеңі үшін керек. Мұның мәнін қазіргі адамдар толық ұғар-ұқпас, бірақ болашақ ұрпақтарымыз ұғатын болады”, – деп, көкейіндегі терең ойды жалпақ жұрттан жасырмай айтуға мәжбүр болған еді. Ақыры халық қалаулылары Елбасының дәл туған күні өткен сессияда оған ерекше бір тарту жасағандай болып, астананы елдің оңтүстік шетіндегі Алматыдан кең-байтақ қазақ даласының кіндік тұсындағы Ақмолаға көшіру туралы ұсынысты көпшілік дауыспен қабылдаған-ды.

Пайымдап қарасақ, жер жәннаты атанған Жетісу өңірінде дүниеге келіп, асқар Алатауға қарап бой түзеп өскен азаматқа өзінің туған өлкесіне орналасқан

спорданы жазы қысқа, қысы ұзақ Сарыарқа төсіне
көңіру туралы бастама көтерудің өзі жүз ойландырып,
мың толғандырған аса қиын шешім болғандығы сөзсіз.
Шын мәнінде бір өңірдің емес, тұтас елдің қамын
жетек Ердің ғана қолынан келетін ұлы шешім һәм
Елбасының ешкім ешқашан жоққа шығара алмайтын
саяси ерлігі бұл.

2015 жыл



ЕҢ МАҢЫЗДЫ БАСТАМА

Біз, өткен ғасырдың елуінші жылдарында дүниеге келген ұрпақ өкілдері, бала кезімізде Екінші дүниежүзілік соғыстан елге аман оралған жеңімпаз ағаларымыз бен әкелеріміздің қан майдандағы ерліктері жайлы айтқан әңгімелерін ықылас қоя тыңдап өстік. Жеңіс мейрамында омырауына екінші және үшінші дәрежелі Даңқ ордендерін тағып шығатын Баймағамбет Михин сынды ержүрек майдангерлердің неше фашисті құртқанын, қалай жаудың шебіне барлауға барып «тіл» әкелгенін тәптіштей сұрап, костюмдерінің кеуде тұстарында тізіле жарқыраған наградаларына қызыға қарайтынбыз. Сірә, соларға еліктеуден пайда болған ойын шығар, бір тобымыз – «Кеңес жауынгерлері», екінші тобымыз «немістер» болып бөлініп, «соғыс» ойнап, ағаш пен сымнан жасап алған мылтықтарымызбен «атысып» жататынбыз. Соғыс біз үшін тек жауды ғана жайратып салатын батырлықтан тұратындай көрінуші еді.

Ал соғыс әкелген қасіретті есейе келе, ұлдары мен жұбайлары майданда опат болған аналардың кейде оларды естеріне алып, күңірене күрсініп, зарлай жылаған ащы дауыстарын естігенде, асқар таудай әкелерінен айрылған жетім балалардың өмірден көрген теперіштерін айтып мұңайғандарында, күйеулері шейіт болған жесір әйелдердің соғысқа бармай қалған шолақ белсенділерден көрген неше түрлі қорлықтарын айтып, оларға қарғыс жаудырғандарында түсіндік.

Мектепте оқып жүрген кезімізде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі біздің майдангер ағаларымыз ұстанған қару-жарақтың келесі, үшінші дүниежүзілік

соғыста кәдесге жарамай қалатындығын, онда алғаш рет америкалықтар 1945 жылы Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына тастап, 200 мыңнан астам адамды бір сәтте қырып салған атом бомбасы қолданылатындығын айтып, зәремізді ұшырған. Ол аядай, сол кездегі кеңес өкіметінің жүргізген сыртқы саясатына сәйкес алыс-жақын мемлекеттердің ішіндегі қолдарында ядролық қаруларын біздің жаққа кезеп отырған «бітіспес жауларды» нөмірлеп атап көрсеткен. Капиталистік және социалистік жүйелер арасындағы «қырғы-қабақ соғыс» кезі болғандықтан, ұстазымыздың адамдардың қаперсіз отырмай, азаматтық қорғаныс шараларын білуі ауадай қажеттігін санамызға шегелеп сіңіргені соншалық, бір тым әсершіл сыныптасым өзінің үйінің іргесінен атом бомбасы жарылғанда тығылатын шағын ор да қазып қойған-ды...

Алайда, біз халқымызға жапондықтардың басына түскен қасіреттен кем соқпайтын зор қайғы-мұң шектірген Семей ядролық сынақ полигоны жайлы өткен ғасырдың сексенінші жылдарындағы жариялылық заманына дейін мардымды ештеңе білмей келдік. Тек сол кезде ғана аталмыш полигондағы құпия жарылыстардың сұмдық зардаптары туралы ашық айтыла бастады, адамның төбе шашын тік тұрғызатын талай құпия қылмыстар әшкереленді. Ал менің жадымнан Семей ядролық сынақ полигоны маңында дүниеге келген үш перзентінің үшеуін де өз қолымен жер қойнына тапсырып, жүрегі қан жылап жүрсе де сыр бермей, Алла тағаланың басына салғанына көніп, бір тастанды сәбиді асырап алған азамат шықпайды. Есіме алған сайын оның төзімінің беріктігіне, ерік-жігерінің мықтылығына, рухының биіктігіне тәнті болып, бас иемін.

Осындай жайлар Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлем. XXI ғасыр» манифесіндегі

соғыстарды болдырмау, ядролық қарусыз әлем құру жайлы кемел пікірлер мен келелі ұсыныстар төңірегінде ойланғанымда жадыма еріксіз оралды. Аллаға шүкір, қарашаңырағымыз – Қазақстанымыз Тәуелсіздік алғалы ешқандай соғысқа қатыспай, елімізде қой үстіне бозторғай жұмыртқа салғандай бейбітшілік орнап тұр. Тұңғыш Президентіміздің салиқалы ішкі саясаты өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы кейбір саяси сәуегейлердің Қазақстан тәуелсіздік жағдайында этносаралық дау-дамайлардың ошағына айналады деген сияқты жамандық шақырған құйтырқы болжамдарының бәрін де теріске шығарып, еліміздегі 130-дан астам ұлт пен ұлыстың бір атаның балаларындай, тату-тәтті тірлік кешулеріне қажетті барлық жағдайды туғызды. Елбасымыздың берік ұстанған көпвекторлы сыртқы саясатының арқасында егемен еліміз ешкімді жау санамай, дүниежүзі мемлекеттерінің барлығымен ынтымақтастық қарым-қатынастар жасау үстінде. Өткен ғасырда атамекенімізге ажал уын шашқан Семей полигонын Тұңғыш Президентіміз өз Жарлығымен біржола жауып, халқымызға зор қуаныш сыйлап, бүкіл әлемге өшпес өнеге көрсетті. Сондықтан да бүгінде әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына еніп, алдына ең дамыған отыз мемлекеттің көшіне қосылып, Мәңгілік Ел болудың ұлы мақсатын қойған Қазақстан көшбасшысының – самайын ақ шалған кемеңгер қазақ азаматының дүниежүзілік деңгейдегі саяси қайраткер ретінде барша адамзатқа үндеу жолдап, аты өшкір соғыс атаулыны мүлдем болдырмау, ядролық қарусыз әлем құру жөнінде бастама көтеруге толық қақысы барлығы даусыз. Мұны барша адамзаттың бірден-бір ортақ ақыл-ой ордасы – Біріккен Ұлттар Ұйымы ашық мойындап, Елбасымыздың манифесіне өзінің ресми құжаты мәртебесін бергендігі – ақиқатқа

жүтпесен әділ де аса маңызды тарихи шешім. Бұл бірегей етбек, жаһандық деңгейдегі игі де ізгі бастама – Тұңғыш Президентіміздің еліміздің биылғы даңқты мерекесі – Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойына арнаған тамаша тартуы, «бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығарып», бірлік пен келісім үлгісін көрсетіп отырған дана халқымыздың айрықша мақтанышы деп білемін.

Елбасының адамзат баласының болашағына үлкен міндетшілік білдіріп, қазіргі кездегі мындаған ересек адамдармен бірге бейкүнә сәбилердің де қаза табуына, митингте болған босқындардың туған жерлерінен үдере қоныстарына ұрындырған жергілікті соғыстарды және Жер шарының әр түкпірінде орын алып, қай қоғамда болсын жаппай үрей тудырып отырған террористік шабуылдарды тоқтату жолдарын іздестіруі ұлы Абайдың: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», – деген өсиетімен үндес, әлемдік ауқымда ойлайтын саяси қайраткердің үлкен жүрегінің әмірімен барған баламасыз амалы, өмір парасатты да батыл әрекеті екендігі күмәнсіз. Елбасы манифесі – әлемге ықпалын жүргізуді көздеп, өмір бірлігіне сызат түскен, әлжуаз елдердің ішкі ісіне араласып, қантөгісті қақтығыстардың орын алуына итермелеген астамдержавалар мен ірі мемлекеттердің кейбір өктемсіген өркөкірек басшыларына “Әй дер әже, қой дер қожа” табылмай тұрған қазіргі сын кезеңде оларды да бір сәт ойлануға жетелейтін Ұлы Дала данасының ұлағатты сөздері.

Санамен салмақтар болсақ, Президентіміздің соғыс атаулыны болдырмау жөніндегі терең ой-пайымдары бүгінгі алмағайып заманда барша адамзатқа төнген жаһандық қауіп-қатерлер жайлы дер кезінде ашық айтқан қатан ескертуі екендігін ұғынамыз. Атақты француз жазушысы Франсуа Фенелонның: «Соғыс – адамзат баласын масқаралайтын зұлымдық», – дегеніндей,

дүниежүзінде қайтадан бас көтеріп, қан сорғалаған аранын аша түскен сол тойымсыз тажалдың түп-тамырына балта шабуға бағытталған Елбасы манифесі қазіргі замандағы ең маңызды бастама екендігі сөзсіз.

2016 жыл



ҚАҺАРМАН ҰРПАҚҚА ТАҒЫМ ӨНЕГЕСІ

Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, ел басына күн тұтанда сол кезде Кеңес Одағы атанған ортақ Отанды қорықта Қазақстаннан 1 миллион 200 мың жауынгер жұмылдырылып, майданға аттандырылған екен. 350 мың қазақ азаматы от ортасынан оралмай, жат жерде жан киян. Солардың ішінде менің Айыртау ауданындағы тұтас ауылым – Дәуқараның да 49 боздағынан «қарақағаз» келіп, талай отбасы қайғыдан қан жұтып, талай шаңырақтың оты біржола өшіп тынды.

Мен соғыстан кейін дүниеге келіп, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қанды қырғынның қастретін өз басымнан өткермесем де, оны майданнан аман қайтқан ағаларымның, тылдағы тауқыметті тартқан ата-анамның, жетімдік пен жесірліктің қорлығын көрген ауылдастарымның әңгімелерінен естіп-біліп, «Соғыс жайлы» деген өлең жазған едім. Онда:

*Соғыс жайлы не білеміз? Шамалы.
Біз көрмеген, аға ұрпақтың заманы.
Ел шетіне жасау тигенде ерлердің
Қару алмай, бар ма басқа амалы?!.*

*Кім тілепті сол сұрапыл соғысты,
Адам ату, аяусыз қантөгісті?
«Отан үшін, Сталин үшін!» – ұрандап,
Қанша қазақ жат өлкеде оққа ұшты?*

*«Қарақағаз» алмаған аз шаңырақ,
Қалды аналар қайғы жұтып, аңырап.*

*Жетім бала, жесір әйел көбейін,
Боздап жылап жатты бәрі жамырап.*

*Болмас бұдан асқан, сірә, жұт ірі:
Талай үйдің өшті мүлдем түтіні.
Жау жағадан алған шақта етектен
Тартып жатты нелер бөрі құтырып.*

*Көп басқарма жасап елге зорлығын,
Жұрт күйінді, көріп әбден қорлығын.
Көз жасы мен қарғысына қалды олар
Қорғаны жоқ жетім-жесір сорлының...*

*Үнсіз жатыр шейіт болып өлгендер,
«Біз жеңдік!» дер оттан аман келгендер.
...Соғыс жайлы айтсын бізге әңгіме
Сол соғыстың қасіретін көргендер!.. –*

деген жолдар бар.

Қазір біздің ауылда бірде-бір соғыс ардагері қалған жоқ. Ал біздің Солтүстік Қазақстан облысында бүгінде небәрі 288 майдангер тірі екен. Олар жайлы ойласаң, Мұқағалидың «Бірі мініп келместің кемесіне, бірі күтіп, әнеки, жағада тұр...» деген жыр жолдары жадыға еріксіз оралады. Алдағы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне солардың қаншасы аман-сау жетегіндігі бір Аллаға ғана аян...

Сондықтан да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жаңа жыл қарсаңында бүкіл еліміз бойынша соғыс ардагерлерін қолдау жөнінде жалпыұлттық акция өткізу жөніндегі бастамасы қатары күн өткен сайын сиреп бара жатқан қаһарман ұрпаққа тағзым студия өнегесі деп білемін. Әрине, ел қорғаған ерлеріміз өздеріне Тұңғыш Президентіміздің ұдайы көрсетіп келе жатқан қамқорлығының арқасында бұған дейін де құрмет-

консметке кенде болған жоқ. Бірақ, алдағы жыл Жеңіс мерейтойы жылы болғандықтан, қарт жауынгерлерімізді алақанымызға салып аяласақ та, төбемізге көтеріп, алақаттасақ та еш артықтығы жоқ. Өшкенімізді жандырып, өлгенімізді тірілтіп, өркениетке ұмтылған, өсер елге жарасатын игілікті іс бұл.

2014 жыл



ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІН АСҚАҚТАТУ – ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ

Елбасымыздың бастамасымен үстіміздегі жылы елімізде кеңінен атап өтіліп жатқан Қазақ хандығының 550 жылдығы – тарихи және саяси мән-маңызы терең мереке. Шетелдік кейбір саясаткерсымақтар әлдебір жымысқы оймен айтып жүргендей, біздің мемлекеттігіміз өз бастауын Қазақстанның Тәуелсіздігі жарияланған күннен емес, осыдан бес жарым ғасыр бұрын хандық құрылған кезден алады. «Қазақстан мен Орта Азия елдерін кеңес заманындағы Орта Азия әскери округінің үлгісімен Ресей Федерациясының бір субъектісіне айналдыру керек», – деп сандырақтауға дейін барып жүрген, пиғылы жат, аты шулы тұлғалар тіпті кешегі Кеңестік Социалистік Республикалары Одағы кезінде біздің еліміз автономиялық емес, 15 одақтық мемлекеттің бірі болғанын елеп-ескермеуге тырысып, адам сенбейтіндей «ұмытшақтық» танытатындығын қайтерсіз?! Сол Кеңес Одағының Конституциясы бойынша Қазақ КСР-інің одақтас республика ретінде Кеңес империясы тараған уақытқа дейін-ақ өзін-өзі билеуге заңды құқығы бар болатын. Әрине, Кеңес өкіметі өзінің Негізгі Заңында жазылған осынау қағиданың іс жүзінде орындалуына жол бермеуге тырысып-баққанымен, 1991 жылы Беларусьтің Беловежье нуындағы келісімге сәйкес күні өткен одақ бейбіт те заңды жолмен таратылып тынғаны мәлім. Соған орай бұрынғы одақтас республика болған еліміз өзге он төрт елмен, соның ішінде Ресеймен қатар өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, «Егемен болмай, ел болмас» дегендей, өзін-өзі билеу құқығын жүзеге

ауыруға кіріскен-ді. Ал Татарстан мен Башқұртстан сияқты түбі бір, түркітілдес елдер одақтас мемлекеттер емес, автономиялы республикалар болғандықтан, Ресей Федерациясының құрамында қала берді.

Сондықтан да біз еліміздің бейбіт жолмен ие болған Тәуелсіздігі үшін де көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын, кең-байтақ аумақта ұлттық мемлекетімізді құрып, кейінгі ұрпақтарына өздерінің қаны мен тері сиңген, қасиетті жерді мұраға қалдырып кеткен қаһарман да қайраткер ата-бабаларымыздың рухы алдында мәңгі-бақи тағзым етуге тиіспіз. Осы, қасиетті жеріміздің бір уыс топырағына еш нәрсе жетпейді бұл өмірде! Атамскенімізде дүниеге келіп, ғұмыр кешіп, ұлы хандарымыз бен аңызға айналған батыр бабаларымыздың ақтық демімен айтып кеткен асыл аманаттары мен аңсап өткен армандарын іске асырып, Қазақ елінің көк байрағын көкке көтеріп, даңқын асырып жүрген бүгінгі ұрпақ – нағыз бақытты ұрпақ!

«Кеңес Одағы заманында Қазақстан мектептерінде оқушылар «КСРО тарихы» атты ортақ оқулықтан білім алды. Сондықтан жас ұрпақ ата тарихынан мүлде алшақтап қалды. Оның үстіне, Қазақ хандығының шаңырағын көтеріп, айбынын асырған ұлы хандарымыз бен даңқты батырларымыздың есімдері біртіндеп ел жадынан өшіріле бастады. Өз ішімізден шыққан оларды жамандағыштар құрметке бөленді. Елімізде ханның, не батырдың ескерткіші тұрмақ, олардың атында білім мен мәдениет нысандары, керек десеңіз, жалғыз-жарым көше де болған жоқ...

Тәуелсіздік қазақ халқының өшкенін жандырып, өлгенін тірілтті. Алматы мен Астанада, облыс орталықтары мен ірі елді мекендерде Керей мен Жәнібек, Абылай мен Әбілқайыр сияқты әйгілі хандарымыздың, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлардың еңселі

ескерткіштері бой көтеріп, олардың есімдері елді мекендерге, жоғары оқу орындары мен мектептерге берілді», – деді Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Астана қаласындағы Тәуелсіздік сарайында өткізілген салтанатты жиында сөйлеген сөзінде. Сол сәтте менің көз алдымнан Елбасының бастамасымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында Петропавл қаласында орнатылған, ат үстіндегі Абылай хан ескерткіші және оның жанындағы еңселі Ақ үйі елес беріп өтті. Елдің шетінде, желдің өтінде орналасқан өңірімізге айбын болып, кемеңгерлік пен қаһармандыққа үндеп тұрған ұлы бабамыз әлі де бізбен бірге сияқты...

«Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері болды. Арғы дәуірлерге бармай-ақ, таза түркілік заманымызға зер салар болсақ, әйгілі Рим империясы құлап, Еуропадағы осы күнгі мемлекеттердің нобайы да әлі қалыптаса қоймаған, ал Қытайда үш патшалық пен алуан әулет өзара қырқысып жатқан VI ғасырда – 552 жылы Алтайда Ұлы түрік қағанаты атты қуатты, күшті мемлекет дүниеге келді. Ол небәрі жарты ғасыр ішінде Алтай мен Кавказ арасындағы алып далада жеке-ара билік жүргізді. Дәуірлеп тұрған кезінде Византия мен Ираннан, Қытайдың екі патшалығынан алым алған ер түріктің берекесі кетіп, өз ішінде билікке талас бастағанда, әуелі батыс және шығыс болып ажырап, кейін оғыз, қарлұқ, қыпшақ болып бөлініп, жауларына жем болды.

VIII ғасырда тасқа қашалған Күлтегін жазуында: «Алдау мен арбауға арандаған түрік халқы бірлігінен

аппараты. Табғаштарға қайсар ұлдары құл, көрікті қыздары күң болды», – деп жазылған. Қай заманда болсын, барлық жеңістеріміздің бастауы береке-бірлік екенін жас ұрпақ ешқашан ұмытпай, өткеннен сабақ алуы үшін Күлтегін жазуының көшірмесін жасатып, Лев Гүмилев атындағы Еуразия университетінің атриумына қойғыздым.

Бүгінгі тәуелсіз түркі мемлекеттері – Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түрікменстан мен Қырғызстан және дүниенің әр түкпіріне тарыдай шашылған жалпы саны 200 миллионнан асатын 40-дан астам түркітілдес ұлттар мен ұлыстардың ұлы бабасы ер түрік аталарымыз болатын. «Түрік» сөзінің бір мағынасын әйгілі түрколог академик А.Н.Кононов «берік», яғни «бірігу», «бірлік» сөзінен шығарады. Ендеше, түркі халықтары жаратылысында әрдайым бірге, береке-бірлікте болу үшін жаратылған. Бабаларымыз да бізге осыны мирас еткен», – деді Елбасымыз ерекше тебірене. Осындай ұлағатты сөздер айтылған ұлы тойда Мемлекетіміздің басшысының жанында Әзірбайжан мен Қырғызстан Президенттері жарасып отырғандығын, Түркия мен Түрікменстанның жоғары лауазым иелері де төрден орын алғандығын жақсылыққа жорыдық. Азуын айға білеген өңірлік держава – бауырлас Түрік Республикасының Президенті Реджеп Тайып Ердоғанның өзіне телефон соғып, құттықтап, еліндегі жағдайға байланысты келе алмайтындығын, бірақ, өз орнына Түркияның Ұлы ұлттық жиналысының төрағасын жіберетінін айтқанын жеткізді Елбасы. Әлемдегі қазіргі күрделі саяси ахуалдан хабарымыз болғандықтан, кезінде Қазақстанның Тәуелсіздігін бірінші болып таныған, туысқан елдің танымал басшысының мұнысы да білгендігі деп бағаладық.

«Абылай хан: «Үш арманым бар еді. Біріншісі – елімді бейбіт өмірге жеткізсем деп едім, қан көп төгілді. Екіншісі – халқым қала, кент сала алмады. Үшіншісі – елдің басын біріктіре алмадым», – деген екен. Абылайдың асыл армандары Тәуелсіздік тұсында түгелдей орындалды.

Қазақтың ішіндегі береке-бірлігі күшті болуы керек. Данышпан Абайдың: «Бірінді, қазақ, бірін дос көрмесең, істің бәрі бос», – деген өсиетін әрдайым естен шығармайық, ардақты ағайын! Алда қандай сын-қатерлер күтіп тұрса да, бірлігіміздің арқасында біздің болашағымыз бүгінгіден де жарқын деп кәміл сеніммен айта аламын», – деді қазіргі алмағайып заманда ұлтымызды алға бастаған Көшбасшымыз нық сеніммен. Елбасының жігерлі сөзі біздің көңілімізді де көкке өрлетіп, ел болашағына деген сенімімізді нығайта түсті.

«Біздің қасиетті жерімізді ықылым замандардан Ұлы Дала деп, ал бабаларымызды Ұлы Даланың ұрпақтары деп атаған. Біз – солардың жалғасымыз, Ұлы Даланың мұрагерлеріміз. Осынау кең-байтақ Ұлы Даланың көгінде халқымыздың бақ жұлдызы болып Жаңа Қазақстан дүниеге келді. Біздің Қазақстанымыз – ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала Елі!» – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Расында да, өткен ғасырлардағы көптеген шетелдік зерттеушілер өздерінің ғылыми еңбектерінде Қазақ елін Ұлы Дала деп атағаны белгілі. Бұл, шын мәнінде, ұлан-ғайыр жерімізге иелік етіп қана қоймай, оны сыртқы жаулардан ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған баһадүр бабаларымыздың ұлы ерлігіне берілген әділ баға еді. Сондықтан да Елбасымыздың туып-өскен Отанымызды Ұлы Дала елі деп атауды ұсынуы, тарихи тұрғыдан алғанда, нық негізді

екендігі сөзсіз, әрі мұны сол, ұшқан құстың қанаты
таптығын кең даланы бізге мирас етіп қалдырған ұлы
бабаларымыздың ерлігіне көрсетілген құрмет белгісі
мен те ұғынғанымыз абзал.

Атақты ақынымыз Олжас Сүлейменовтің: «Таулар-
ды аласартпай, даламызды асқақтатайық!» – деген
көпесті сөзі бар. Бұл сөздер Тұңғыш Президентіміз –
Елбасының ұсынған идеясымен үндес. Біз, бүгінгі
үрпақ үшін Ұлы Дала елінің иелері екенімізді мақтан
тұтып қана қоймай, оны ұшар басына қарасаң,
басың айналатындай заңғар таулар жеткен биікке –
«Қазақстан – 2050» Стратегиясында айқандалған,
дүниежүзінің ең мықты отыз мемлекетінің деңгейіне
дейін асқақтату – басты парыз.

2015 жыл



Еліміздің Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы экономикалық дағдарыстың қилы кезеңі көппен бірге көрген ұлы тойдай өте шығып, жадымызда бір жайсыз түстей болып қана қалды. Ал осы қамшы сабындай ғана қысқа мерзім – ширек ғасырда қол жеткізген ірілі-ұсақты табыстарымызды ой елегінен өткізіп көрсек, Аллаға тәубе деріміз даусыз. Ең басты жетістігіміз – уақыт сынына шыдамай, ортақ шаңырағы ортасына опырыла құлаған кешегі кедейлер елі – Кеңес Одағынан өзектерінен тебілген өгей балалардікіндей мардымсыз енші тиіп, жеке отау құрып шыққан кей елдерде кейін этносаралық жанжалдар мен қанды қақтығыстар болып, «қызғылт сары» төңкерістер жасалып, ілгері басқан аяқтары кері кетіп жатқанда қасиетті қара шаңырағымыз – Қазақстанымыз неше түрлі пәле-жаладан аман-есен, құт-береке аралындай дараланып, жылдан-жылға көркейіп, көз тарта түсті.

Ал көпті көрген ғұлама – тарих шерткен сырға құлақ қойып, тереңірек толғансақ, туған халқымыз Жаратушы ие маңдайынан сүйіп, ақ ниетіне сай бақыт пен берекені аямай берген, бір ғажайып халық тәрізді көрінеді.

Бөрілі байрақ көтерген батыр бабаларымыз ықылым заманнан иемденіп, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған, тіпті, жер-жүзін түгел жаулап алуды көксеген әйгілі император Наполеон Бонапарттың өзі де тірі болса, қызыға да қызғана қарайтындай, бес Франция сыйып кететін ұлан-байтақ, үсті де, асты да байлыққа толы жеріміз бар. Сол киелі атамекенімізге көз алартқан ата жау халқымыздың басына «Ақтабан

шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманын орнатып, «Елім-аппатын» еңіретіп, етегін жасқа толтырған он сегізінші ғасырда:

*Қиын күн туған алаш баласына,
Шұбырып жапанның сар даласында,
Кез болған, жаудан үркіп, “Ақтабанға”,
Дұшпанның қалғандай боп табасына.
Арқаға аяқ салып, түскен барып,
Екі оттың – орыс, қытай арасына.
Күндерде сонау қара, тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол кезде ел қорғаған Абылайдың
Қылсаң да аз қанша тауап моласына, –*

деп, ақиық ақын Мағжан жырлағандай, тарих сахнасына даңқты Абылай хан бабамыз шығып, Алатау мен Алтайдың арасын ежелгі дұшпаннан арылтып, халқымызға Азаттық әпергені мәлім. Алайда, ел аузындағы аңызда айтылғанындай, сол ұлы ханымыздың да көкейінде үш асыл арманы кеткен көрінеді. Артында қалған ел-жұртына аманат етілген ол армандар қаны көп төгілген халқымыз үшін бейбітшілік заман орнату, отырықшылыққа көшіп, қала салу, үш жүзге бөлінген елдің басын біріктіру екен. Өкінішке қарай, арыстандай айбатты Абылай ханның Бұқар жырауға жорытқан түсіндегідей, «бақа-шаянға айналған» кейінгі ұрпақтары оның асыл армандарын жүзеге асырмақ түгіл, Азаттық жолында отаршыл патша өкіметіне қарсы ақтық айқасқа шыққан жолбарыс жүректі соңғы ханымыз Кенесарыға көмек-қолдау көрсетуге де жарамағандығы тарихтан белгілі. Тек Алла тағала Азаттық жолында бастарын бәйгеге тігіп, патша тағынан тайдырылған кездегі тарихи мүмкіндікті пайдаланып, Алашорда үкіметін

құрғандықтан, жаңа, кеңестік өкіметтің қаһарына ілігіп, «халық жаулары» деген жала жабылып, атылып кеткен алаш арыстарының тілектерін қабыл етіп, Абылай хан армандары еліміздің Тәуелсіздігі жылдарында Тұңғыш Президентіміз – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей басшылығымен жүзеге асырылды.

Жаратушы иеміз Кеңес Одағы құлап, ескі жүйенің быт-шыты шығып, қирап қалған, қаланы да, даланы да қара түнек басқан қиын кезеңде, соқтықпалы, соқпақсыз жерде тығырықтан шығарар бірден-бір тура жолды тауып, егемен елімізді бүкіл әлемге танытып-мойындатып, бүгінгідей биік дәрежеге жеткізген Нұрсұлтан Назарбаев сынды кемеңгер көшбасшы берген халқымыз бақытты емес деп те кім айта алар?!

«Ұлылық жайлы арманданңыздар, тек ұлы армандар ғана адамдардың жан-жүрегін баурай алады!» – деген екен Рим императоры болған атақты философ Марк Аврелий. Сонау экономикалық қиындықтар қыспаққа алып, бірнеше облысты біріктіріп, ірілендіруге тура келген, зейнеткерлердің зейнетақылары мен бюджеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбекақыларын уақтылы төлеу әлі де қиынға соғып тұрған 1997 жылы «Қазақстан – 2030» Стратегиясын қабылдап, елімізді дүниежүзіндегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосу мақсатын алға қойған Елбасымыз баршамызды өзінің осындай арманшылдығымен қайран қалдырған. Сонда біз көзге түртсе көргісіз қараңғы түнде тосыннан самал жел есіп, аспандағы бұлт ыдырап, Темірқазық жұлдыз пайда болғандай күй кешкенбіз. Ұлы арманға жету жолында жұдырықтай жұмылған тас түйін кейіпке еніп, сын сәтте сенім артқан көшбасшымыз – Тұңғыш Президентіміздің соңынан еш іркілмей ілесе еріп, өтпелі кезеңнің өткелдерінен сүрінбей өткенбіз.

Елбасы 2001 жылы Ұлттық қор құру туралы заңнаманы жария етіп: «Алдымызда әлі талай қиын кезеңдер кезігеді. Сондай сын шақта бұл қор еліміздің тұрақтылығын сақтауға қызмет ететін болады», – дегені белгілі. Сол кездегі саяси оппозиция өкілдерінің: «Ұлттық қордың қажеті жоқ. Мұнай мен басқа да шикізатты сатудан түскен басы артық қаржыны елдегі қорық жан басына шаққанда 17 мың теңгеден таратып берген жөн», – деген мағынадағы, әсіресе, кезектесіп келген президенттік және парламенттік сайлаулар қарсаңында ерекше екпін түсіре айтқан қызыл сөзі де жалпымызда. Бірақ дана халқымыз ондай арзан уәдеге алданып емес, Елбасы да оған елең етпей, алған бетінен қайтпаған. Сондай сындарлы сәттерде ойымызға орыстың классик жазушысы Федор Достоевскийдің «Іштер сен алға қойған мақсатыңа бара жатқан жолыңда өмір әр қадам басқан сайын абалап үрген әрбір итке тас шақтырамын деп әуре болсаң, онда көздеген мақсатыңа жете алмай қалуың мүмкін» деген әулиелік сөзі еріксіз оралушы еді...

Ақыры сол Ұлттық қордан бөлінген 10 миллиард долларға тең қаржының арқасында 2007 жылы басталған әлемдік қаржы дағдарысының зардабын халқымыз еш сезінбей, Президенттің «Дағдарыстан – дамуға» атты Жолдауын жұмыла жүзеге асырып, ауыл да, қала да жаңарып, жақсарып қалды. Алдымызға қойған, бір кезде қол жетпес армандай көрінген асқар мақсатымыз орындалып, әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіріп, бүгінде 42-ші орынды еншіледік. Осыған орай Елбасы «Қазақстан – 2050» Стратегиясында айқындап берген жаңа да айбынды мақсатымыз – әлемдегі ең мықты дамыған отыз мемлекеттің бірі атанып, Мәңгілік Ел болу. Жасампаз көшбасшысы бар жеңімпаз халқымыз Алла жар болса, бұл асқақ арманның

да жүзеге асатынына сенеді. Сондықтан да әлемдік экономикалық дағдарыстың кезекті толқынын да аса қобалжымай қарсы алып, Елбасымыздың «Қазақстан жаһандық жаңа нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауына жан-жүрегімізбен қолдау білдіріп, еліміздің ертеңіне зор үміт пен сенім артып отырмыз. Биылғы жылға арналған Жолдауды бұлжытпай іске асыруға жас та қуатты мемлекетіміз 7,5 триллион теңге немесе 25 миллиард доллардай қаржы жұмсамақшы. Бұл қазіргі дүниежүзінің басындағы алмағайып заманның біздің елімізге төндірген қатері қаншалықты қауіпті болса, оған қарсы мемлекетіміздің тарапынан қолданылатын амалдар да соншалықты пәрменді деген сөз.

Тәуелсіздік жылдарында қол жеткен жетістіктеріміздің баянды болып, туған еліміздің әлемдегі ең мықты дамыған мемлекеттердің ортасынан орын алуы Президентіміздің «Нұр Отан» партиясының 2015 жылғы 11 наурызда болған XVI съезінде сөйлеген сөзінде жария еткен Бес институттық реформаны табысты жүзеге асыруға тікелей байланысты. Осы жайлы Нұрсұлтан Назарбаев Жаңа жыл қарсаңында Президент Әкімшілігі қызметкерлерімен өткізген кездесуінде қадай айтып, бұл бағытта үстіміздегі жыл шешуші жыл болатындығына айрықша назар аударды.

Мемлекет басшысы ұсынған бес реформаның біріншісі – кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру мақсатында «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сәйкес енгізілетін өзгерістер көпшілік көңілінен шығуға тиісті. Соңғы кезде мемлекеттік қызметке байланысты айтылып жүрген «Меритократия» деген жаңа ұғым осыған дейін құр сөз күйінде қалып, естіген сайын езу тартқызып келсе, енді өмір шындығына айналатын сыңайлы. Өйткені, қазір мемлекеттік қызметшілерге биік мансапқа жету үшін қызметтік өсудің барлық

таспапалдықтарынан өту талабы қойылып отыр. Бұдан бөлек «көшедегі пақырды уәзір бол деп шақырды» тәрізіндегі қызметін жаңа бастаған жас маман «көкесінің» арқасында бірден жоғары қызметке тағайындалмайтын болады. Окінішке қарай, мұндай теріс практика біздің облыстың бұрынғы басшылығы кезінде талай рет орын алған, жұртшылық тарапынан ренішті күңкіл мен күлкі-көкесін туғызғандығы жасырын сыр емес. Мәселен, облыстық мәдениет басқармасының басшысы болып кәрігі білікті де тәжірибелі маман Рустам Бикеневке нешін кім тағайындалмады дейсіз?!.

«б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің еңбексақысы үстіміздегі жылы 30 пайызға өсірілетіндігі де мемлекеттік қызметтің беделін арттырып қана қоймай, осы саланы жайлаған қауіпті қоғамдық кесел – сыбайлас жемқорлықты кемітуге де оң ықпалын тигізеді деп ойлаймыз.

Екінші реформа – заңның үстемдігін қамтамасыз ету ісінде солтүстікқазақстандықтар қазірдің өзінде көптің алдында келе жатыр десек, асыра айтпаспыз. Оған құқық қорғау саласында мол тәжірибе жинақтаған заңгер, жаңашыл басшы Мұратғали Әкетай басқарып отырған облыстық соттың 2014 жылдың қорытындысы бойынша еліміздегі ең үздік сот деп танылғандығы айғақ. Бұл Президент Жарлығымен тағайындалған ерекше мәртебелі лауазым иелері – Қызылжар өңірінің судьялары халық пен Елбасы алдындағы азаматтық нарыздарын адал атқарып жүр деген сөз. Ал қара қылды қажататын әділдік бар жерде ертеңгі күнге сенім де нық, жарқын болашаққа ұмтылыс та ерекше қуатты болмақ.

Сондай-ақ, Елбасы ұсынған реформаға сәйкес жақында ғана құрылған жергілікті полиция қызметі өңірдегі қоғамдық тәртіпті бұрынғыдан да нығайта

түседі деп сенеміз. Өйткені, оған облыс тұрғындары мен жергілікті билік органдары тарапынан қатаң талап қойылады. Ал талап бар жерде тәртіп те түзелетіндігі, табыс та болатындығы – аксиомаға айналған ақиқат.

Үшінші реформа – индустрияландыру және әртараптандыруға негізделген экономикалық өсімді қамтамасыз етуге біздің облыстың да қомақты үлес қосары күмән тудырмауға тиісті. Өйткені, Елбасының кадр саясатына енгізген «Орталықтан – өңірге, өңірден – орталыққа» қағидатына сәйкес облыс басшылығына Астана қаласында үлкен басшылық мектептен өткен Ерік Сұлтанов келгелі Қызылжар өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуында көптен бері болмаған соны серпін байқалып отыр. «Ел болам десең, бесігінді түзе!» – деп, ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов айтқандай, әсіресе, білім саласындағы елеулі өзгерістер көңілге қуаныш ұялатады. Облыс орталығында төрт жыл бойы салынып, «сақалды нысанға» айналған Назарбаев Зияткерлік мектебінің құрылысы өңірдің жаңа басшысының мердігер ұйымға тиісті талап қойып, өз тарапынан қажетті қолдау да көрсетуінің арқасында былтыр аяқталып, дарынды балаларға есігін айқара ашты. Петропавл қаласында өткен жылы жаңа балабақшалар мен шағын орталықтар ашу және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту есебінен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жүйесі 1 мыңнан астам орынға ұлғайтылды. Бұл – облыс әкімінің тікелей араласуымен мемлекеттік-жекешелік әріптестікті кеңінен өрістету арқылы қол жеткізілген, бұрын-соңды болмаған жетістік. Бұған қоса, Ғабит Мүсірепов атындағы және Тайынша аудандарының орталықтарында – Новоишим ауылы мен Тайынша қаласында үш ауысымда оқытатын қазақ орта мектептерінің жаңа ғимараттары салыну үстінде. Ал

Былалжар ауданындағы Бәйтерек ауылында талай жылдан бері көтеріліп келе жатқан проблема – мектеп салу мәселесінде де «сең қозғалды». Ерік Хамзаұлының ауылысымен облыстық мәслихаттың соңғы сессиясында осы мақсатқа үстіміздегі жылға арналған облыс бюджетінен 150 миллион теңге бөлу ұйғарылды. Сонымен, биыл Бәйтерек ауылында 300 оқушыға арналған орта мектеп құрылысы басталмақшы. Бұл жағымды жаңалық бәйтеректіктердің алдында «Мектеп салуға қаржы жоқ», – деп ауыздарын қу шөппен сүрткен облыстың бұрынғы кейбір басшыларының күлақтарына жетсе, олар сол сәтте өздерінен өздері ұялғандай, ыңғайсыз күй кешетін болар. Өйткені, басты қолтаңба қаржының жетіспеушілігінде емес, жұртқа жанашырлықтың жетіспеушілігінде болып шыққан сияқты ғой...

Облыс экономикасында да оң өзгерістер аз емес. Жаңа өндірістер ашылып, жұмыс орындары көбейді. Өңірдің тозығы жеткен, кедір-бұдыр жолдарын жөндеу жұмыстары да жаңаша қолға алынып, қарқын ала түсті. Өсіресе, курортты Айыртау өңіріне баратын күрежол қалпына келтіріліп, атақты Шалқар мен Имантау көлдерінің маңында жаңа демалыс орындарының пайда болғандығы жазғытұрым Ресейден ағылатын тынығушылар легін қалындатып, жергілікті бюджетке туризмнен түсетін табысты молайтары шүбәсіз. Егіншілеріміз мол астық өндірумен шектелмей, басқа да нарықта сұранысқа ие, бағалы дақылдар өсіруге ден қоя бастады. Осы орайда өңір басшысының тапсырмасымен жасалып, былтырғы жыл соңында бекітілген ауыл-шаруашылық өнімдерін өңдеу картасы алдағы уақытта облысымыздың агроөнеркәсіп кешенінде өзгеше өрлеу туғызып, мыңдаған адамды жұмыспен қамтитын ауқымды жобаларды жүзеге асыруға мұрындық болмақ.

Ауылшаруашылығы мамандары үлкен үміт артып отырған осынау маңызы зор бастама үстіміздегі жылдан бастап іске асырылмақшы.

Төртінші реформа – болашағы біртұтас ұлт қалыптастыру бағытында да Қызылжар өңірінде сан алуан игілікті істер атқарылып келеді. Петропавл қаласындағы ірі этностардың балаларының өз ана тілдерін оқып-үйренулеріне қолайлы мүмкіндік туғызып отырған бірегей білім беру мекемесі – Ұлттық өркендеу мектебі биыл кәмелеттік жас – 18-ге толады. Сондай-ақ, басқа этностардың 75 бүлдіршіні қазақ балаларымен бірге мемлекеттік тілімізде тәлім-тәрбие алып жүрген «Алтын бесік» балабақшасын да өзге өңірлерге өнеге етіп көрсетуге болады. Этносаралық келісім мен сыйластықты нығайта түсетін осындай тамаша бастамаларымыз одан әрі жарасымды жалғасын тауып жатса, нұр үстіне нұр.

Бесінші реформа – есеп беруші мемлекет қалыптастыру бағытында бұған дейін де бірталай ұтымды істер атқарылғандығы мәлім. Мәселен, барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындар алдында есеп беруі игі дәстүрге айналды. Алдағы уақытта былтыр қабылданған «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға сәйкес облыстың, Петропавл қаласы мен аудандардың әкімдерінің жанынан консультативтік-кеңесшілік, байқаушы органдар ретінде Қоғамдық кеңестер құрылып, жұмыс істейтін болады. Осындай оң өзгерістер ел өмірін одан әрі демократияландыруға ықпал етіп, жақсылыққа жетелейтіндігі кәміл.

Ұлы арманға ұмтылған Ұлы Дала елі өз Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерейтойын Мешін жылындағы мерейлі істерімен, жаңа жетістіктерімен қарсы алатындығы күмәнсіз.

2016 жыл

БІРЛІГІ КҮШТІ ЖҮРТ ОЗАДЫ

Тәуелсіздік – аумағы жөнінен әлемде тоғызыншы орынды еншілеген, кең-байтақ жерімізді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, кейінгі ұрпақтарына мирас етіп кеткен ата-бабаларымыздың орындалғаны арманы дейміз. Сонда олар неге ұмтылды? Әрине, тәуелсіз Қазақ елі болуға, қазақ болып жаралған соң, қазақ ұлты болып қалуға, ана тілімізді, ата салт-дәстүрімізді сақтауға.

Президентіміз биыл «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауын жариялап, еліміздің әлеуметтік-экономикалық өрлеуінің нақты жолдарын айқындап берді. Ал оның іргетасы, басты қозғаушы күші ретінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұсынды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кергартпа тұстарынан бас тарту керек», – деген аталы сөзі біздің баршамызды терең ойландыруға тиісті.

Бұл ретте сонау өткен ғасырдың басында ақиық ақын Мағжан Жұмабаев «иман деген не нәрсе екенін білмей, қарын деген сөзді ғана жаттаған» деп сынаған Батысқа өліктеуіміздің аяғы неге әкеліп соққанын қазір бәріміз де көріп, біліп отырмыз. Шындығын айтсақ, асылымызды жасыққа айырбастай жаздауға шақ қалдық. Рухани күлдырап, ұлт ретінде құрудың қаупі төнгенгендігін де анық сезіндік. Үлкенді-кішілі сахналардан, телерадио арналардан әлемдік және ұлттық өнердің жаухарлары

шеттетіліп, олардың орнын арзан күлкіге құрылған шоу-бағдарламалар және, ұлы Абай айтып кеткен, құр бақырған айғай әндер жаулап алды.

Ал халқымыздың шын асыл өнерінің құдіреті керемет екендігін Димаш Құдайбергеннің мысалынан білуге болады. Ол орындаған ата-бабаларымыздан мирас болған дәстүрлі әндерімізге көршілес Аспанастаны елі ғана емес, кәрі дүние – Еуропа да орындарынан тік тұрып қол соққандығы – соның айғағы. Демек, алдағы уақытта ұлттық өнерімізді қайтадан өркендетуге баса ден қойғанымыз абзал болмақ.

Әлбетте, мәдениет саласындағы жаңғыру ұлттық өнерімізді ұлықтаумен, еліміздегі мәдениет ошақтарының жұмысын жандандырумен және тұрғындарға мәдени қызмет көрсету аясын кеңейтумен ғана шектелмеуге тиісті. Бұл орайда халқымыздың мәдени талғамын және жалпы мәдениеттілік деңгейін көтерудің маңызы зор екендігін естен шығармауыз қажет. Жасыратыны жоқ, қазір халқымыз мәнсіз-мағынасыз әнсымақтарға, сәнсіз-сиықсыз билерге, халық әндері мен атақты композиторларымыздың тамаша туындыларының әнін де, сөзін де өздерінше «заманауиландырып» бұрмалап, қадірін кетіріп, құнын түсірушілікке көздерін де, құлақтарын да үйретіп, «тобырлық мәдениет» дейтін келеңсіз құбылыстың тұңғыығына біртіндеп батып бара жатқан сияқты. Ал адамға рухани азық болатын, асқақ адамгершілікке үндейтін классикалық туындылардың тыңдармандары мен көрермендерінің қатары жылдан-жылға сиреп барады десек, жаңылыспаспыз. Сондықтан да халқымыздың бойында биік мәдени талғам қалыптастыруға мәдениет пен өнер ошақтарында ғана емес, балабақша мен мектептен бастап, жоғары оқу орындарына дейінгі білім ұйымдарында да жете назар аударып, кешенді шараларды қолға алғанымыз жөн. Осы

інгі істен бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде, әсіресе телевидение мен радио шет қалмай, белсене атсалысуы қажет.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы өз мақаласында атап көрсеткен прагматизм мәселелеріне – ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу, ұстамдылық, қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік, білім алу, саламатты өмір салтын ұстану, кәсіби тұрғыдан жетілу мәселелеріне басымдық беруді шынайы мәдениеттілік белгісі ретінде кеңінен дәріптеуіміз қажет. Бұған қоса, халқымыздың үлкенді сыйлау, ата-ананы ардақтау, бауырмалдық, қайырымдылық, кешірімділік, аталы сөзге тоқтау, жетімін жылатпау, жесірін қаңғыртпау сияқты ата салт-дәстүрлерін жаңа заманға сай жаңғырта жалғастыру да ұлттық кодымызды сақтау бағытында атқаратын маңызды міндетіміз болып табылады. Біз өзге ұлттармен терезесі тең, қай жағынан болсын бәсекеге қабілетті һәм білімді, іскер, еңбекқор, парасатты, намысты, иманды, бауырмал қазақ болып қалуға тиіспіз.

Өз басым Елбасымыздың елорданы Алматыдан бұрынғы Ақмолаға – бүгінгі Астанаға көшіргендігін еліміздің ішкі саясатындағы азаматтық ерлікке пара-пар, кемеңгерлік шешімі деп білемін. Тұңғыш Президентіміздің одан кейінгі тіл тағдыры мен ел тағдыры үшін аса маңызды бастамасы қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру болғалы тұр. Бұл да – тарихи таңдау.

Түбі бір түркі жұрты (Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан) әлемдік өркениет биігіне жетудің бір жолы ретінде латын әліпбиіне көшкен заманда Қазақстанның да көштен қалып қоюының еш қисыны жоқ. Латыншаға көшу ана тіліміздің одан әрі дамуына және өрісі кеңеюіне қолайлы мүмкіндік берері, сондай-ақ, қазіргі ақпараттық технологиялар

заманының талабына барынша сай келетіндіктен, еліміздің әлемнің ең мықты отыз мемлекетінің қатарына қосылуына да септігін тигізері анық. Көршілес Ресей Федерациясының құрамындағы Татарстан автономиялы республикасының бірінші Президенті Минтимер Шаймиев те өз кезінде татар тілін латыншаға көшіру туралы шешім қабылдаған болатын. Алайда 2002 жылы РФ Мемлекеттік думасы Ресей мемлекетінде барлық тіл тек кириллица әліпбиі бойынша дамытылуға тиістігі туралы заң қабылдауына байланысты Татарстанның латын әліпбиін қолдануына тыйым салынды. Бауырлас татар ағайындар жете алмаған арманға біз, қазақтар, Тәуелсіздіктің арқасында жетіп отырғанымызды түсіне де, бағалай да білгеніміз жөн.

Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Туған жер» жобасы да саналы азаматтарды селт еткізіп, кіндік қандары тамған алтын бесік – ауылдары жайлы толғанысқа түсіргендігі анық. Әрине, бұл істе көп нәрсе жергілікті атқарушы органдарға байланысты. Осы ретте бір ескеретін жайт – урбанизация процесіне байланысты көптеген ауылдардың тұрғындарының елеулі бөлігі, әсіресе, жастар жағы қалаларға көшіп кеткені мәлім. Олардың араларынан шыққан мықты кәсіпкерлер мен әр салада айтарлықтай табысқа жеткен азаматтардың қазір атақоныстарында ат басын тірейтін үйлері, яғни, жақындары жоқ. Көбісінің туған ауылдарына бармағанына бірнеше жылдың жүзі болған. Сондықтан, ауыл әкімдері әуелі олардың өздері оқыған мектептерімен байланыс орнатуына ұйытқы болуы керек сияқты. Мәселен, ауыл мектебі түлектерінің форумын неге өткізбеске?! Мұндай алқалы жиында өмірде жақсы жетістікке жеткен ағалары мен әпкелерін көріп, олардың айтқан сөздерін тыңдап, туған жерге деген перзенттік

сағыныштарын сезінген оқушылар да айрықша ғибрат алары анық.

...Мен 1992 жылы «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің бұрынғы Көкшетау облысындағы меншікті иелісі болып істеп жүргенімде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жергілікті басқармасы арқылы 1938 жылы «халық жауы» ретінде атылған белгілі революционер-большевик Әбілқайыр Досовтың жеке ісін алдырып оқып, «Қан тамған қолжазбалар» атты үлкен мақала жазғанмын («Егеменді Қазақстан», 1992 жылғы 10 сәуір). Сол қолжазбаларында Әбілқайыр Досов 1933 жылы Мәскеуде, сауда академиясында оқитын Әлкей Өтекиннің үйлену тойында Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің бұрынғы Төрағасы Нығмет Нұрмақов: «Бірігу туралы ой әркезде менің идеям болды. Бірақ, кейбір тұлғалардың кінәсінен кешігіп қалдық. Сол үшін күллі қазақ халқы шеккен зардап аз емес. Әйткенмен, ештен де кеш жақсы. Ең алдымен, біз өзімізді күйзеліске ұшыраған қазақ халқының мұң-мүддесі біріктіретіндігін есте ұстауымыз шарт. Ал өзгесі – екінші кезектегі мәселе» дей келіп, «Тек қана біздің қырсығымыздан зардап шеккен қазақ халқы үшін» деп тост көтертті» деп жазған екен. Нұрмақовтың сол сөзі кімге болса да ой саларлықтай сөз, тарихи тағылым емес пе?!

Арманда кеткен Абылай хан да, алаш қайраткерлері де бізге ең бастысы – ел бірлігі екендігін айтып, аманаттап кетті. Ел бірлігі – Тәуелсіздігіміздің берік тірегі екендігін есімізден ешқашан шығармауға тиіспіз.

2018 жыл

ШЫҢЫРАУ ШЕТІНЕН ШЫҢҒА ӨРЛЕУ ШЕЖІРЕСІ

Біз, екі заманды – кеңестік кезең мен Тәуелсіздік жылдарын қатар көрген аға ұрпақ өкілдері, туған еліміздің өміріндегі үлкен өзгерістерге тікелей куәгер болдық. «Мәскеуде жел тұрса, Қазақстанда дауыл көтеріледі» деп бекерден-бекер айтылмаған кешегі бодан елдің ата-бабаларымыз армандап өткен Тәуелсіздіктің және қилы кезеңде халқымыз өз тағдырын сеніп тапсырған Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кемел ішкі-сыртқы саясатының арқасында әлемдік қоғамдастықтың ортасынан өзіне лайықты орын алып, бүгінгі таңда Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесіне мүше болып отырғандығы – дос сүйініп, дұшпан күйінерліктей зор жетістік, «Елім!» – деп соққан жүректі елжірете шаттандыратын ерекше мақтаныш. Осы орайда Мемлекет басшысының өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында: «Тәуелсіздік дәуірі дегеніміз – ұлттың бұрын өтуі мүмкін еместей көрінген шыңыраудың шетіндегі қатерлі соқпағымен жүргенмен бірдей құбылыс. Алайда біз оны да бағындыра алдық», – деген бейнелі тұжырымымен келіспеу қиын. Біз сол қатерлі соқпақпен жай ғана жүріп қоймай, шың басына өрлеп келеміз.

Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктеріміз республикамызда президенттік биліктің енгізілуінің және Елбасының «Алдымен – экономика, содан кейін – саясат» деп жариялаған бұлжымас қағидатының нәтижесі екендігі шүбәсіз. Өйткені, еліміздің егемендік жағдайында дамуының алғашқы кезінде көршілес Ресейдегі сияқты, Қазақстанда да

«қос өкімет» орнағандай, яғни Президент пен Жоғарғы Кеңестің және жергілікті әкімдер мен жергілікті Кеңестердің арасында текетіресті ахуал қалыптасқаны жадымызда. Әсіресе, Тұңғыш Президентіміздің ұсынысымен Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы талқыланған кезде Жоғарғы Кеңесте қандай қызу пікірталас өрбігендігін теледидар арқылы көріп-біліп, дауыл толқытқан теңіздегі қайықтай теңселген ел тағдырына біз қатты алаңдап отырдық. Бұл туралы Мемлекет басшысы өз кітабында: «Қатерлі ауытқуларға жол бермес үшін кейде бізге Конституция жобасының әр бабын қорғауға тура келді. Кейде «бүкіл жұмыс күнім Жоғарғы Кеңесте өтеді, шұғыл түрде шешуді талап ететін мемлекеттің маңызды күнделікті жұмыстарымен айналысу үшін өз жұмысыма тек түнде ғана келемін» деп қалжыңдайтынмын», – деп жазған екен. Ал сол кезде мен Көкшетау облыстық телерадиокомпаниясында қызмет істей жүріп, облыстық әкімдік пен облыстық Кеңестің арасындағы егесті байқап, біліп жүрдім. Бір-ақ мысал келтірейін: облыстық Кеңестің төрағасы бұрынғы коммунистік партия обкомы бірінші хатшысының жұмыс кабинетін босатпай, Елбасы Жарлығымен тағайындалаған облыс әкіміне бұрынғы облатком төрағасының жұмыс кабинетін бергізіп, «кім мықты екендігін осыдан-ақ біліп қойыңдар» дегендей қыр көрсеткен еді...

Осыған ұқсас қатерлі текетірестің аяғы 1993 жылдың қазан айында Ресей Федерациясы Жоғарғы Кеңесінің ғимараты танктен атқыланып, адамдар қаза болған қанды оқиғамен аяқталғанын теледидардан көріп, жағамызды ұстағанбыз. Мұның өзі біздің елдегі күні өткен кеңестердің депутаттарына да үлкен ой салғаны кәміл. Сөйтіп, көп ұзамай жергілікті Кеңестер өздерін-өздері таратып тынды. Одан сәл кейін Жоғарғы

Кеңес те өз өкілеттігін тоқтатып, елімізде «қос өкімет» дағдарысы жойылды.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы өтпелі кезең кімге болса да оңайға соқпағандығы мәлім. Әсіресе, нарықтық қатынастарға көшу кезінде мемлекет берген қолайлы мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланбай, өздеріне сеніп тапсырылған кеңестік шаруашылықтардың барлық дүние-мүлкін талан-таражға салып, оңай байып қалуға тырысқан «қызыл директорлардың» қырсығынан көптеген ауылдардың тұрғындары жұмыссыз қалып, қиындық көрді. Екі қолдарына бір күрек таппаған ер азаматтар қора-қопсысының маңында күйбеңдеп, әйелдер бала-шағаларынан артылған сүт пен майын саудалау үшін қала базарларына шығып, тіпті көршілес Ресейдің ірі өндіріс орталықтарына дейін сапарлауға мәжбүр болды. Содан түскен қаражатты отбасыларының мұқтаждықтарына жұмсап, күнкөріс көзін таба білді. «Қорамыздағы азын-аулақ малға қарап қалдық. Малдың барлығына да тәубе!..» – деуші еді ауылдықтар сол кезде.

Сондайда менің есіме бала күнімде Кеңес өкіметі жеке меншікте мал ұстауға шектеу салып, бір отбасыға бір сиыр, немесе бір бие ұстауға ғана рұқсат еткендігі түсетін. Сол кездегі өмір шындығынан туындаған:

Сталин берген байталды,

Хрущев келіп қайта алды.

Айналайын Брежнев

Бие қылып қайтарды, –

деген, кім шығарғаны беймәлім бір шумақ өленді ауылдың үлкендерінің аузынан талай рет естігенмін. Ал «Ауылдық Кеңестен қорадағы мал санын тексерушілер шығыпты» деген сөзді естісімен әкем қорамыздағы жалғыз сиырының қасында байлаулы тұратын

қара биесін қайда апарап тығарын білмей, қиналушы еді. Ақыры оны шанаға жегіп, немесе ерттеп мініп, қырық шақырымдай жердегі орман шаруашылығының директоры болып істейтін жиені, белгілі ақын Ахметжан Нұртазинді іздеп барып, соның үйінің қорасында паналататын...

Нұрсұлтан Назарбаев 1984 жылы Қазақстан Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалған соң Кеңес өкіметінің қазақты өзінің атакәсібі – мал бағудан да безіндіре жаздаған сол шектеуін алып тастау туралы шешім қабылдатқаны белгілі. Содан кейін ауылдағы малсақ ағайындардың қоралары төрт түлік малға тола бастап, тұрмыстары да түзеле түскен-ді. Мал басын көбейтудің арқасында олар тоқсаныншы жылдардағы өтпелі кезеңнің ауыртпалықтарын да аса қиналмай еңсере білді. Ауылда өскен азаматтың республиканың атқарушы билігінің басына келісімен осындай батыл қадамға баруының өзі-ақ оның туған халқының жағдайын ойлайтын, болашағын айқын болжай білетін, біртуар қайраткер тұлға екендігінің белгісі екен-ау, ойлап қарасақ.

Елбасының шешімімен 1993 жылғы 15 қарашада ұлттық валютамыз – теңге енгізіліп, Ресейдің тікелей қаржылық ықпалынан құтылғалы, еліміздің экономикасында тұрақтану белгілері байқалып, ең бастысы – баршамыздың бойымызда дербес мемлекет болып өмір сүре алатынымызға сеніміміз нығая түскен еді. Әйткенмен, адамдардың өздері өзгермей, заманның өзгеруі оңай емес екен. 1994 жылғы наурызда кешегі коммунистік сана-сезім шырмауынан шыға алмаған керітартпа депутаттар көптеп сайланғаны көзге ұрып тұрған Жоғарғы Кеңес бір жылда небәрі 7 заңды әрең қабылдап, ақыры парламенттік сайлау барысында Конституцияға сәйкессіздікке жол берілгендігі анық-

талуына байланысты Конституциялық соттың қаулысына сәйкес таратылып тынды. Соған орай Президентке қосымша өкілеттілік беріліп, ол келесі парламенттік сайлауға дейінгі бір жылға жетпейтін уақыт ішінде заңды күші бар 147 Жарлық шығарып, ел экономикасын нарықтық қатынастарға көшірудің заңды негізін қалап, тарихи жауапкершілікті өз мойнына алды. Ал 1995 жылғы 30 тамызда болған жалпыхалықтық референдумда қабылданған жаңа Конституциямызда Қазақстан –президенттік республика деп жарияланды. «Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел?!» – деп, ұлы Абай айтқандай, билік тізгіні заман түбегейлі өзгерген, алмағайып кезде тұйыққа тірелген халқымызға тура жол сілтеп, соңынан еріте білген кемел тұлғаның қолына берілді.

Мықты президенттік биліктің тегеурінімен елімізде аспанға шырқап, бой бермей тұрған инфляция біртіндеп ауыздықталып, нақты секторда жалақыны көбейтуге қол жеткізілді, өндіріс те қайта жандана бастады. Елбасының Қазақстан Тәуелсіздік алған тұста бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа айтқан: «Қазір қолдарыңызда ақшаларыңыз болса да, дүкендерде сатып алатын тауарлар тапшы. Еліміз нарықтық қатынастарға көшкен кезде дүкендерде тауарлар толып тұрады, бірақ оларды сатып алатын ақша жетіспейтін болады. Ал ақша табу үшін бәрімізге де жұмыс істеу керек болады», – деген сөзі шындыққа айналып, дүкендердің сөрелері, «Құс сүтінен басқаның бәрі бар» дейтіндей, тауарларға лық толды. Ақша табу үшін жұрт та қимылдай түсті. Алайда, көптеген ауылдар түнде қараңғылық құшағында қалатын, қалаларда да жарық біресе жанып, біресе сөніп, энергия тапшылығы қатты сезіліп тұрған, бюджеттік мекемелердің жұмыскерлері – жалақыларын, зейнеткерлер зейнетақыларын бірнеше

айлап кешіктіріп алып, қиындық көріп, ренжіп жүрген қиын кез әлі аяқталған жоқ-тын. Оның үстіне 1997 жылы бірнеше облыс біріктіріліп, қысқартылған мекемелердің қызметкерлері жұмыс іздеп, жан-жаққа сабылып, тауқымет шекті. Сол жылдың күзінде Елбасы «Қазақстан – 2030» Стратегиясын жариялап, елімізді экономикалық даму жолында үлкен секіріс жасаған «Азиялық жолбарыстар» – Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур және Малайзиядан кем түспейтін тау барысы бейнелі, халқының әл-ауқаты жақсы, ынтымақ-бірлігі мықты мемлекет құруды басты мақсат етіп қойды. Әрине, бұған сол кезде сенген де бар, сенбеген де бар. Осы ретте Елбасы өз кітабында:

«1990 жылдардың екінші жартысында, ел енді ғана ұзаққа созылған дағдарыстан шыға бастаған шақта, тұрақты экономикалық даму белгілері де, ұзақ мерзімге жоспарлаудың нақты негіздері де әлі байқалмаған болатын. Мемлекет кірістері мардымсыз болатын: Қазақстан мұнайының жыл сайынғы экспорты небәрі 3,5 миллион тоннаны құрады, 1996 – 1997 жылдары мұнайдың бір баррелі 19 – 20 доллар еді, 1998 жылы тіпті 12 долларға дейін түсті.

Прагматикалық таным-түсінік елді ертенгі жеңістер туралы ойлауға емес, күнделікті күнкөрісті күйттеуге мәжбүрледі. Бірақ, менің мұнымен келісім келмеді. Күйректікке бой алдыру – қайраткерлік болмысымызды жоғалту болар еді. Тарихи кезең көлденең тартып отырған жаңа мыңжылдықтың басы – мен үшін өз еліммен бірге кемел келешекке көзсіз ерлікпен батыл қадам жасаудың қайталанбас оңтайлы сәті болып көрінді. Кезекті Жолдауыма Шекспирдің «Әрбір адамның өмірінде шарықтау сәті болады, соны орнымен пайдалана білген адамның тасы өрге домалайды» дейтін, оқыған адамға үлкен ой салатын сөздерін эпиграф етіп алғаным бекер

емес. 1990 жылдардың екінші жартысында осындай «шарықтау сәтінің» жақындап келе жатқанын анық сездім. Қалай болғанда да осы сәтті уысымыздан шығарып алмауға бел байладық», – деп жазған екен.

Расында да келешекті көрегендікпен болжау қасиеті дарыған Тұңғыш Президентіміз еліміздің «шарықтау сәтін» қалт жібермей, қапысыз қимылдап, қарашаңырағымыз – Қазақстанды тау барысы бейнелі, қуатты мемлекетке айналдыра білді. Арада он бес жыл өткенде әлемдегі ең бәсекеге қабілетті елу елдің ішіне кірдік. Енді «озық отыздықтың» қатарынан орын алуға ұмтылып, Мәңгілік Ел болу мұратын көздеп отырмыз.

Елбасының «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы туған еліміздің шыңырау шетінен шыңға өрлеуінің шынайы шежіресі іспетті.

2018 жыл





«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,
Ел, тегі, қайдан алсын кемеңгерді?!»



ЕЛБАСЫ МЕШІТКЕ ЕСІМІН БЕРГІЗГЕН

Қазақстан Үкіметін он төрт жыл бойы басқарып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына өзінің өлшеусіз үлесін қосқан аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Бәйкен Әшімовтің дүниеден озғанына биыл бес жыл өтіп, қолданыстағы заңнамаға сәйкес даңқты жерлесіміздің есімін мәңгі есте қалдыру шаралары қолға алына бастады.

Өткен айда асыл ағамыз бір кезде білім алған Жәлел Қизатов атындағы Есіл ауылшаруашылығы колледжінде оған арналған ескерткіш тақтаны ашу үстінде Бәйкен ағаның ұлы, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Оңдасын Әшімов осы игі шараға ұйытқы болған облыс әкімі Ерік Сұлтановқа алғысын білдіре келіп:

– Жуырда Елбасының ұсынысымен Алматыдағы жаңа ашылған мешітке әкемнің есімі берілді және біздің отбасымыз тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылды, – деп қуана хабарлаған болатын.

Әрине, сол салтанатты жиынға қатысқан кейбір кісілер үшін Алла тағаланың жердегі үйі саналатын ғибадатханаға Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың Бәйкен Әшімұлының есімін бергізуі таңғаларлықтай жаңалық болып көрінген болуы мүмкін. Ал Бәйкен ағаны жақсы білетін жандар мұны өзіндік заңдылығы бар, өте орынды да ұлағатты шешім ретінде қабылдағаны хақ. Сол сәтте менің есіме атақты жазушы Дүкенбай Досжанов айтқан бір әңгіме оралды. Біздің облысқа келген бір сапарында кездескенімізде:

– Қызылжар өңірінен қазақтың талай арыс азаматтары шыққан ғой. Солардың бірі әрі бірегейі –

Бәйкен Әшімов. Маған ол кісінің үлкен шапағаты тиді. Жазушы ретінде атым шыға бастаған кезде Алматы қаласынан жайлы пәтер ала алмай, әркімнің босағасын паналап, пеш жағатын жеке үйлерді жалдап, қиындық көріп жүрдім. Сондықтан бір күні Бәйкен ағаның көмекшісіне жолығып, Үкімет басшысының қабылдауына жазылдым. Уәделі күні белгіленген сағатта Бәйкен Әшімұлы мені қабылдап, жылы сөйлесті. «Тарихқа қалам сілтеген шығармаларыңды оқып, риза болып жүрмін. Өзің секілді дарынды жастарға көмектеспесек, кімге көмектесеміз?! – Қандай бұйымтайың бар, айналайын?» – деді. Жағдайымды түсіндіріп, көмекшісінің айтуымен алдын ала жазып апарған өтінішімді алдына қойдым. Бәйкен аға бірден қолына қаламын алып, «Алматы қаласынан төрт бөлмелі пәтер берілсін» деген бұрыштама қойып берді. Көп ұзамай жаңа пәтер алып, төбеміз көкке тигендей болдық. Арада жиырма шақты жыл өткеннен кейін, бір үлкен салтанатты шарада сәті түсіп, Бәйкен ағаны көріп қалып, әдейілеп сәлем беріп, алғысымды айттым. «Айналайын, есіңе алып, сәлем бергеніңе рақмет! Өзің айтпасаң, саған пәтер бергізгенімді ұмытып та қалыппын. Қолымыздан келіп тұрғанда кімге көмектеспедік дейсің?!» – деді сонда абыз ағамыз. Қандай кісілік, қандай ірі тұлға десеңізші?! – деп ағынан жарылып еді Дүкенбай ағамыз.

Халқымызда «Әулие адам» деген ұғым бар. Құбылмалы өмірде бір қалпынан айнымай, ар-намысына шаң жуытпай, әділдіктің ақ жолынан таймай, жұртқа қамқор болып өткен, аты аңызға айналған азаматтарға қарап айтылған қастерлі сөз, аса биік баға. Бәйкен Әшімов ағамыз да, міне, сондай теңдессіз тұлғалардың бірі екендігі еш талас тудырмайды. Елбасымыз оның

есімін ерекше қадірлеп, мешітке бергізуінің сыры да осында сияқты.

Қазір Петропавл қаласындағы теміржол колледжіне, Тимирязев ауылындағы қазақ орта мектебіне Бәйкен Әшімовтің есімін беру туралы ұсыныстар енгізіліп жатқанынан құлағдармын. Елім деп өткен Ер ағамыз қандай құрметке болсын лайық.

2015 жыл



ТАУ ТҰЛҒАЛЫ, ТЕКТІ АЗАМАТ

Қызылжар қияға қанат қаққан қыраным деп қадір тұтатын, көне Торғай асқар таудай тірегіне балаған, кербез Көкше Жеке батырындай асқақтата ардақтаған халқымыздың аяулы ұлы Мақтай Сағдиевтің көпшілік біле бермейтін асыл қырлары мен сырлары мол.

«Атадан ұл тұмас па, ата жолын кумас па?!» дейді халқымыз. Ел мақтанына айналған ер жігіттің бойында Зілғара, Шопан сынды батыр да сері бабаларының қасиетті қаны атойлаған, олардың тау тұлғалы, асыл тұяғы екендігіне дау жоқ. Мақтай Рамазанұлы ұлтымыздың талай жайсаңдары мен жақсыларының тілін де, басын да кескен қаһарлы кеңес заманында ұлттық намыс, ар мен абырой сынға салынған нелер қиын сәттерде еш сыр бермей, тектілік мінез танытып, әрдайым азаматтық парасат биігінен, рухани жеңіс тұғырынан көрініп, нағыз қазаққа тән асқақ рухының жалауын көкке желбіретіп келеді.

Мақанмен қатарлас ірі басшылық қызметтер атқарған, елімізге танымал қайраткер ағамыз Жақсылық Ысқақов оның 1962 жылы Сергеев ауданындағы артта қалған «Афанасьев» кеңшарына директор болып тағайындалғанда қандай қиындыққа тап болып, оны қалай еңсеріп шыққандығын былайша әңгімелейді:

«Мақтай ағамыз кеңшарды қабылдап алғанда қақаған қыс айы болатын. Шаруашылықта малға беретін жемшөп қалмаған. Ол дереу көршілес аудандардың шаруашылық басшыларымен келісіп, біреуінен шөп, біреуінен сабан, енді бірінен сүрлем алатын болып келісіп, кеңшардың барлық техникасын, белді механизаторларын жұмылдырып, арнайы

бригада құрып, қыстың аяғына қарамастан, жемшөп дайындауға кірісіп, мал басын аман сақтап қалу мәселесін шешті.

Бірде көрші «Заря» кеңшарының егістік алқаптары арасында тасылмай қалған бірнеше сабан маясын көреді. Сосын бір күні кешке қарай 3 «К-700» тракторымен жұмысшыларды өзі бастап барып, сабанды тракторлардың тіркемелеріне толтырып артып, енді қозғала бергенде қасында бірнеше кісісі бар «Заряның» директоры Сущенков келіп, үстерінен түседі.

– Мақтай, бұларың не, біздің сабанды тасып алып кетейін деп жатқандарың? Кәне, тракторларыңды біздің кеңшарға қарай бұрындар да, сабанды сондағы жемшөп қоймасына құлатындар, – дейді. Мақаң:

– Жарайды, бізден бір ағаттық болған шығар, Сіздер сабанға мұқтаж болып отырған жоқсыздар ғой. Одан да ертең сабанның құнын көрсетіп, шотын беріндер, ақшасын дереу аударамыз, – дейді.

Сущенков:

– Жарайды, сенің айтқаның болсын, бірақ сенің бір механизаторың біздің мына бригадирмен күрессін, – дейді қасындағы алпамсадай жігітті нұсқап. – Егер сенікі жықса, сабанды алып жүре бересіндер, ал жығылып қалса, сабанды бізге апарып төгесіндер.

Сонда Мақаң:

– Жарайды, бригадиріңмен мен күресейін. Егер жығылып қалсам, сенің айтқаның болсын, – дейді. Содан екеуі күресе кетіп, Мақаң алып бригадирді ұршықша үйіріп, жерге алып ұрады да:

– Жолдас Сущенков, енді өзіңіз күресесіз бе? – дегенде ол:

– Мақтай, сен жеңдің, сенің айтқаның болсын, ертең тағы да 3 трактор жібер, шөп артып жіберейін, – деп риза болған екен.

Осы бір оқиғадан кейін жаңа директордың беделі тіпті өсіп, халық оның соңынан ере бастайды. Сөйтіп, сабан мен шөпті аталмышты кеңшардан алып, мал басын шетінетпей, қыстан аман алып шығады.»

Жақсылық Ғабдоллаұлы сүйсіне де сүйіне шерткен осы бір мөлтек сыр Мақтай ағаның атақты батыр бабаларына тартып туған ержүрек те намысшыл ұрпағы екендігін айқын аңғартпай ма?!

Осылайша даңқты бабаларының аруағы желеп-жебеген Мақтай ағамыз аз жыл ішінде «Афанасьев» кеңшарын аудан бойынша алдыңғы лектегі шаруашылықтар қатарына қосып, өзінің іскерлігі мен ұйымдастырушылық дарынын жарқырата көрсетеді. Араға көп уақыт салмай, ол аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланады. Ал афанасьевтіктер болса, кеңшарды төрт жылдай басқарып, табыстың тайқазанын тасытқан бірден-бір директор – Мақтай Сағдиевті көздеріне жас алып, қимастықпен шығарып салады.

Қалаға жақын орналасқан, экономикасы тәуір дамыған Соколов ауданында Мақаң шаруашылық басқарып жүрген директорлардың ішінде бірде-бір қазақ азаматы жоқтығына бірден назар аударып, ұлттық кадрларды өсіруге күш салды. Өзі сенім артқан Сәбит Кеженев, Есләм Бәкіров сынды іскер жігіттер үмітін ақтап, басқаруларына берілген кеңшарлардың экономикасы мен мәдениетін жоғары дәрежеге көтере білді. Бұл ретте біз сонау қылышынан қан тамып тұрған кеңес заманының өзінде Мақтай Рамазанұлының ешкімнен қаймықпастан, нағыз ұлтжандылық өнегесін танытқанын аңғарамыз.

Нардың жүгін нар жігіттер ғана тарта алады. 1970 жылы жаңадан Жамбыл ауданын құру туралы шешім қабылданғанда оны жүзеге асырудың қиын міндетін

облыс басшылары Мақтай Сағдиевтің мойнына жүктеді. Атақты жазушылар Ғабит Мүсірепов пен Сәбит Мұқановтың елінде жаңа аудан құру ісін Мақаң жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп, жанкештілікпен атқарып, үлкен сенім үдесінен шықты. Ғабеннің Жаңажол ауылын жүдеу тартқан бөлімшеден жеке кеңшарға айналдырды. Сәбеннің ауылы да жаңартылып, әйгілі жазушының 70 жасқа толған мерейтойы дүркіретіп өткізілді. Сонда риза көңілмен Сәбен Мақаңа: «Сенің атың Мақтай болса, енді сені мақтай жүрерміз, жақтай жүрерміз», – деп аңқылдай құшақтап, ақ батасын берген екен.

«Жаңбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді». Сәбеннің періштедей ақкөңілі жебеді ме, кім білсін, келесі жылы Мақтай Рамазанұлы туған Қызылжарынан қияға қанат қағып, көне Торғай өңіріне аттанды. Облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

Қашанда шын мықтылар ғана маңайына кілең өзіндей мықтыларды жинайды емес пе?! Мақанды Торғайға шақырған бір кезде Қызылжар өңірінде облатком төрағасы болып істеп, Торғай обкомының бірінші хатшылығына жоғарылатылған Сақан Құсайынов еді. Ол Мақанның бойындағы іскерлік, ұйымдастырушылық қасиеттерді кезінде анық аңғарып, ойына түйіп жүрген болса керек – Торғай өңірінің ауыл шаруашылығы саласын басқаруды Қызылжардың қыран мінезді ұлына сеніп тапсырды. Ал Мақаң осындай зор сеніммен қанаттанып, Торғай топырағына маңдай терін тамшылата, аянбай еңбек сіңірді. Аз уақыт ішінде егіншілік мәдениетін көтеріп, жер өңдеудің ғылыми жобаларын енгізді.

Бабын тапса, жер – жомарт. Егін шығымдылығы ұдайы артып, 1973 жылы Торғай облысы мемлекетке мол астық тапсырып, бекітілген жоспарды асыра орындады.

Сол үшін облыс «Ленин» орденімен марапатталды, ал облыстың бірінші басшысы Сақан Құсайыновқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Сақан ағаның осылайша данқы артуына соңынан еріткен Мақтай інісінің сіңірген еңбегі елеулі екендігі сөзсіз. Міне, осылайша Сақан аға Мақтай інісіне мансап жолын ашып берді, ал Мақтай Сақан ағасын көкке көтерді. Бірін бірі «батыр» десетін, әсер елдің азаматтарының тірлігі әмәнда осылай болуға тиісті.

Торғайда тоғыз жылдай жемісті еңбек етіп, дарынды ұйымдастырушы ретінде кеңінен танылған Мақтай Рамазанұлы 1980 жылы республиканың балық шаруашылығы министрі болып тағайындалды. 1983 жылы ең ірі астықты өңір – Қостанай облыстық атқару комитетінің төрағасы болып бекітілді.

Мақанның өміріндегі жұлдызды шағы Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы міндетін зор абыроймен атқарған 1985 – 1989 жылдар болды десек, жаңылыспаспыз. «Мақан Көкше десе, көкірегі көркейіп, бауырына тартып елендеп тұрады. Көкшетау облысының қай жеріне барсаңыз да Сағдиевтің сара ізі бой жазып жатады. Сырымбетте Айғанымның ақ ордасы, Көкшенің етегінде Кенесары ауылы, Көкшетау қаласына кіреберісте кісінеп тұрған Құлагер, қаланың ішіндегі қолдан жасалған «Оқжетпес», етегінде ойнақтап жүрген киіктер көзі бар адамға әсер етпей қоймайды», – деп тебірене жазған еді көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Кәкімек Салықов ағамыз өз естелігінде.

Көкшеліктер, әсіресе, Мақанның 1985 жылы халқымыздың аққан жұлдызға балаған ардақты перзенті Шоқан Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойын тамаша ұйымдастырып өткізгенін әлі күнге жырдай етіп айтып отырады. Сырымбет ауылында қаншама жаңа тұрғын үйлер, зәулім Мәдениет үйі салынып пайдалануға берілді.

Шоқан мұражайы жөндеуден өткізіліп, ұлы ғалымның еңбектерінің толық жинағы бес том етіп шығарылды. Осынау ұлан-ғайыр шаруаның бәріне Мақтай ағаның өзі ұйытқы болып, басы-қасында тыным таппай жүргенін көкшеліктер жақсы біледі. Сөйтіп Шоқанның дүниежүзілік деңгейде аталып өтілген біржарым ғасырлық мерейтойы Мақанның бастамасымен ұлы ғалымның базарлы балалық шағының куәсі болған Сырымбет ауылына шарапатын тигізіп, айшықты іздерін қалдырды.

Мақанның Кенесары ауылынан бастап салдырған кең сарайдай керемет тұрғын үйлері Көкше өңірінің көптеген елді мекендерінің көркін ашып, күні бүгінге дейін еңселене, көз тартып тұр. Бір атап айтарлығы, ондай бағасы қымбат тұратын, сәулетті баспаналардың көпшілігі обкомның бірінші хатшысы Мақтай Сағдиевтің тікелей талап етуімен еңбекте озаттық танытқан қарапайым адамдарға тегін берілді. Өңір басшысының осындай әділдігіне тәнті болған олардың Мақана деген алғыстары әлі күнге шексіз.

Міне, осылайша Мақтай Рамазанұлының Көкше елін басқарған төрт жылдай уақыты жұрт жадынан өшпейтін жасампаз істерге толы болды. Ақыры Көкшетаудың биігіне қонған Қызылжардың қыраны аспанға қанат қағып, асқар Алатаудың бір асқақ шыңын бағындыруға бет түзеді. Маңдайы жарқырап, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы атанды. Зейнет демалысына шыққаннан кейін мемлекеттік қызметтен қоғамдық жұмысқа ауысып, Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымының басшылық тізгінін қолына алып, күні бүгінге дейін ел ақсақалдарының басын біріктіріп, аузы дуалы данагөй тұлға ретінде танылып келеді. Ел басындағы қиын-қыстау кезеңде әрдайым тәуелсіз Қазақ елінің Тұңғыш Президентінің

қасынан табылып, азаматтық парызын адал атқарды. Оған айғақ – омырауына Елбасы өз қолымен таққан «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» және «Парасат» ордендері.

«Асыл адам айнымас» демекші, жолдасын жауға бермейтін батыр бабалар мінезін Мақтай аға Дінмұхаммед Қонаевтың басына іс түскен аса қауіпті шақта танытты. Ақын Есенғали Раушанов «қаңғып келген шүрегейге» теңегендіктен, ел жадында сол лақап атпен қалған Геннадий Колбин бастаған топ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумында Дінмұхаммед Ахметұлының жеке мәселесін бастауыш партия ұйымының қарауына беру туралы ұсыныс енгізеді. Мұның өзі елдің бұрынғы басшысын әбден жер қылып, оның адамдық ар-намысын қорлау ниетінен туындаған зымияндық еді. Соны пайымдаған Мақтай ағаның кеудесін ашу-ыза кернеп: «Қашанғы бір адамның соңына шырақ алып түсіп, түртпектеп, қудалай бермекпіз?! Әділін айтсақ, мұның барлығы – Қонаевқа жасалып жатқан қиянат, әділетсіздік. Өз басым Қонаевтың халқына, еліне жасаған жақсылығынан басқа, мемлекетке сіңірген адал еңбегінен басқа, ешқандай жамандығын көрген емеспін. Сондықтан, мен мынадай ұсыныс енгіземін: осыған дейінгі талқылауларды жеткілікті деп санап, Қонаев туралы мәселені осымен тоқтату керек. Оның ісін ешқандай бастауыш партия ұйымына берудің қажеті жоқ. Пленумға қатысушылардан осы ұсынысымды дауысқа салуды сұраймын», – деген екен. Сонда Мақтай Рамазанұлының ұсынысын тек төрт адамнан басқа, орталық комитет мүшелерінің басым көпшілігі қолдап дауыс беріп, Дінмұхаммед Ахметұлын одан әрі қудалау тоқтатылған екен. Осылайша Мақтай ағамыз аты аңызға айналған от ауызды, орақ тілді Зілғара сұлтанның намысты ұрпағы екендігін тағы бір дәлелдеп,

ел шежіресіне зымыян дұшпан алдында еңкею білмеген
еңселі ер бейнесінде енгені анық.

Мақтай Рамазанұлы кешегі даңқты бабаларының
нелер асыл қасиеттері бойына дарыған қазақтың біртуар
азаматы, кешегі кеңес заманында туған еліне, өз ұлтына
сіңірген талай еңбегі, ерлікпен пара-пар ерен істері
жұртқа аса жария етілмеген, сондықтан да, бәлкім, жете
бағаланбаған ұлт патриоты, бейбіт өмірдің мылтықсыз
майданының халық мойындаған батыры десек, артық
айтпаспыз.

2009 жыл

СОЛТҮСТІКТІҢ БІР ОҚШАУ БӘЙТЕРЕГІ

– Ақындық Сізге кімнен дарыған? – деп сұрадым бірде Мүтәллап ағадан.

– Анам Бәтіш марқұмның әншілігі де, ақындығы да бар еді. Қобыланды, Алпамыс батырлар туралы дастандарды, неше түрлі ғашықтық жырларды кішкентайымнан шешемнің аузынан естіп өстім. Бәрін де жатқа айтушы еді, жарықтық. Ағам Мүбәрәк соғысқа кетіп, «қара қағаз» келгенде көп өлең шығарғаны есімде, қаза тапқан ұлын жоқтап жылап отырып. Сірә, нағашы жағымда сөз өнері болса керек, – деді ол.

Иә, атамыз қазақ «ана тілі» деп тегін айтпағаны анық. Мүтәллап ақын бойына да сөз құдіреті ана сүтімен, ана әлдиімен, ана ән-жырымен бірге сіңгені хақ.

Ал Мүтәллап Қанғожиннің қандай ақын екендігін Мұқағали Мақатаев айтып кеткен екен. «Мүтәллаптің өлеңдері өзінің сұлулығымен, ойлылығымен көңіл аударарды. Әсіресе, қуанарлық жайт, жас ақында азаматтық үн басым», – деп баға беріпті ақиық ақын Қызылжардан канат қаққан балапан жырға кезінде. Бұл сөздерді дуалы ауыздан шыққан бата еді деп ұқсақ, ақиқаттан алыстамаспыз. Жыр дүлдүлі атанған Мұқағалидан бірауыз жылы сөз естудің өзі көп ақынға бұйырмаған бақыт болар...

– Өлеңіңіздің Мұқағали айтқан сұлулығы мен ойлылығы қайдан тамыр тартты деп ойлайсыз?

– Оның да өзіндік бір сыры бар. Мен Есіл ауданындағы Қарағаш атты өнерпаз ауылда туып өстім. Кеңес үкіметі ұлы Мағжанның атын айтуға тыйым салғанына қармастан, біздің ауылдың кісілері оның өлеңдерін жатқа білетін. Әсіресе, бір кезде жауапты

партия қызметінде істеген Жүніс Мағзұмов деген ақсақал Мағжан жырларын керемет білуші еді. «Батыр Баянды» бірінші рет сол кісіден естіп, аузымның суы құрығаны жадымда. Содан Мағжанға еліктедім, Мағжанды өмір бақи пір тұттым. Сонау коммунистік партияның қылышынан қаны әлі сорғалап тамып тұрған уақытта дүниеге келген тұңғыш ұлымның есімін де Мағжан қойдым. Аруақ жебеді ме, әйтеуір, соным үшін ешкім соңыма түсе қойған жоқ... – деді Мүкең.

– Мұқаң аңғарған азаматтық сарын қайдан бастау алды?

– Мен жастайымнан жетімдік көрген жанмын. Оған соғыс кезінің ауыртпалығы қосылды. Аштық пен жалаңаштықты бастан кештім. Қазіргі заманның кейбір қиындықтары біз көргеннің қасында түк те емес, тіпті сөз қылып айтуға ұят дер едім...Ақ нан түгіл, қара бидайдың нанының өзіне жарымадық қой. Шешеміз қарамықтан пісірген тастай нанды жейміз. Көктемде жалаңаяқ жетімектер алқапқа шығып, масақ тереміз. Жинаған масақты қолдиірменге салып, ұн ғып үгеміз. Бір үзім нанға зар болған күндер болды...Жетімдерді желкесінен түйіп, нұқып кететіндер, дүниенің бар пәлесін солардан көретін ниеті жаман адамдар да аз емес еді. Әлі есімде, көрші ауылдағы ауылнайға барып, интернатта тұрып оқу үшін әкем мен ағамның жоқтығы, шешемнің жалғыздығы жөнінде анықтама қағаз беруді сұрағаным бар. Ауылнай қазақ еді, көзі ежірейіп: «Мен саған ондай қағаз бермеймін, шешен бағып отырған сиырын сатып оқытсын», – деп қабағын түйіп, қуып шықты. Соғыстан кейін елді басынып, жетім – жесірлердің басына әңгіртаяқ ойнатқан сондай ауылнайлар мен басқармалар болған. Ақыры мен интернатқа орналаса алмай, екі жыл бір орыстың үйін жалдап тұрып, оқуыма тура келген.

Осындай қорлықты көре жүріп, өзіңнен өзің іштей намыстанады екенсің. Әкесі мен көкесі барлардан кем қалмауға серт байлап, жігерленеді екенсің... Сөйткен жетімдерден нелер мықты азаматтар шыққанын көзіммен көрдім, – деді ақын аға.

Сондай жетімдіктен жетіліп, ел аузына ілінген жігіттердің бірі өзі болғаны аян. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, отыз жылдан астам облыстық телевидениеде табан аудармай еңбек етті. Қатардағы тілшіден телекомпания төрағалығына дейінгі шығармашылық жолдан өтті. Өлеңнен де қол үзбей, бірнеше жыр жинағын шығарды. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі атанды. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағы берілді. Туып-өскен Есіл ауданының құрметті азаматы атағына да ие болды.

Ең бастысы – мен білетін Мүтәллап аға өмір бойы адамдық абыройына шаң жұқтырмауға тырысып келеді. Дау-дамайы бітпес, мылтықсыз майдан тірлікте жұмыр басты пенде үшін содан қиын да ештеңе жоқ шығар, сірә да... Осыны ойласам, өз басым Мүкеңнің кез келген кісі тәрізді тірліктің тайталастарында талай сүрінсе де, жауырынын жерге тигізбей, қатал тағдыр алдында тізесін бүкпей, тік тұрып кеткен, жеңімпаз күрескер тұлғасын аңғарғандай боламын...

Ал ақын ағамыздың артында аңыз болып айтылар азаматтық іс-әрекеттері аз емес. Тіпті ол жөнінде белгілі ақын Свет Оразаевтың «Соны шындық» атты өлеңі де бар:

*Отырмын екі жеңді түрініп ап,
Алып еске жағдайды ірілі-уақ.
Болған-ды соның бірі Мұқағали
Өлерден бірер жылдай бұрынырақ.*

Қаскөйді қалтыратар қызынғанда,
Ішпей-ақ ұқсай-тұғын қызу жанға,
Мақатаев деген сол марқасқаның
Жолы түсті бір күні Қызылжарға...

Тіл табысып кетіп ол бірден елмен,
Әр ізін жырмен өрген, гүлмен өрген.
Қасында қаламсапты жігіттер бар,
Алмалы астанадан бірге келген.

Шайқалтпас елге деген махаббатын,
Емес-ті Мұқаң әсте қатал ақын.
Тек қаталдық танытқан жігіттердің
Әлдекімше қайтейін атап атын.

Жауша қарап оған тән нар кеудеге,
Қаталдыққа, япырмау, барған неге?!
Неге сөйтті жатқанда ақын жүрек,
Алқынып қонақүйде, тар бөлмеде?

Жатыр жалғыз, жанарда жас аунайды-ақ,
Жарымжан денсаулығы нашарлай ғап.
Әлсін-әлсін жұлқына алас ұрып,
Дөңбекииді жаралы асаудай нақ.

Жалғызсырап жатқан ол тым өкініп,
Тыңдаушым, жоқ бұл сөзде бір өтірік.
Жалтыратып табанын, тайып тұрған,
Ал жігіттер, осыны біле тұрып.

Безгендері-ай солардың жырдан асыл,
Құтты қонақ боп жүрген қырда жасыл.
Олар безіп, табылды есесіне,
Қанғожин Мүтәллаптай бір жанашыр.

*Жүгіріп дәрігерге, болған әлек,
Келер ме бұдан басқа қолдан көмек?!
Ақын аға алдында жүгірді-ау ол,
Адалдықтан айнымас қолбала боп.*

*Дегендей-ақ осым жөн, осым ақыл,
Жел беріп ақын көңіл қошына тың,
Зыр жүгірді зерделі інідей-ақ,
Жинады-ау ақырында есін ақын.*

*Көнермес көңілінің көк терегі,
Ақын үшін ақниет тек керегі.
Сондай ниет күшімен арыстан-жыр,
Аяғынан нық тұрып кеткен еді.*

Осы өлеңнің жазылу тарихы туралы Мүтәллап аға былай дейді:

– Ұмытпасам, 1975 жылдың жазы болуы керек. Алматыдан ел аралауға бір топ жазушылар келген. Араларында Мұқағали да бар. Ол кісі қатты сырқаттанып қалып, сол кездегі «Восход» қонақүйінің бір бөлмесінде жалғыз жатыр екен. Ауруы жанына батқан болуы керек, мені телефон арқылы шақырды. Жүгіріп бардым. Бауырын басқан күйі сұдық жатыр екен. Үш күн емдетіп, ұшаққа шығарып салдым. Сонда разы боп кеткен еді. Алматыға барған соң жолдастарына әңгіме арасында айтқан ғой, шамасы.

Сол жолы Қызылжардан ұлы ақынға қол ұшын берер бір азамат табылғаны қандай абырой болған десеңізші...

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяқ шенінде Мүтәллап аға Қызылжарда «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымын өз қолымен құрысып, оның тұңғыш төрағасы болып сайланды. Алғаш рет

әншілер мен термешілер байқауын, суырыпсалма ақындар айтысын өткізуге атсалысты. Облыс орталығында қазақ балабақшасын, мектептерде қазақ тілінде сабақ оқытатын сыныптар ашу мәселелерін қала зиялыларымен бірге көтерісті.

– Сол кезде біз Петропавлдың ана тілінен жұрдай шалақазақтары арасында күн-түн демей үгіт-насихат жүргізіп, маңдайымыз талай рет тасқа тигендей болса да, тоқтамадық. Ұлтынан безген нелер мәңгірттерден өз балаларын қазақша тәрбиелеуге, қазақ тілінде оқытуға қарсылық білдірген сөздер естіп, налығанда «Соңғы қазақ мен болам ба?» деген өлеңімді жазғаным бар, түңілгендей болып. Әйтеуір, Қабдөш Қалиев, Рашит Бәдірленов, Мәлік Мұқанов, Зейнолла Әкімжанов, Өмір Есқали сынды ұлтжанды азаматтардың еңбегі зая кеткен жоқ. Одан кейін кілең қазақтар тұратын ауылдардағы орыс мектептерін түгел қазақшаға көшіруді қолға алдық. Бұл істі өзімнің туған аулым – Қарағаштан бастатып, бір жылдың ішінде қазақ тіліне көшірттім, – деп еске алды Мүкең сол кезді.

Ұлы Мағжан толық ақталып, артында қалған өшпес мұрасы халыққа қайтарыла бастаған тұста бөркін аспанға атқандардың бірі – Мүтәллап аға еді. Ақиық ақын жырларын жинастырып, белгілі жерлес ақын Владимир Шестериковке аудартып, қазақ және орыс тілдерінде жинақ етіп бастырып шығарды. Мағжан есімі Петропавлдың бір үлкен көшесіне беріліп, ескерткіші орнатылуына, жүзжылдық мерейтойы салтанатпен аталып өтуіне де ел зиялыларымен бірлесе, аянбай атсалысты. Мұны ол өзі жастайынан қастер тұтқан жыр әлеміндегі жарық жұлдыз, ұлы ұстаз алдындағы шәкірттік парызы деп санады.

Ел мен жер, тіл мен діл тағдыры алқалы топта ашық талас-тартысқа түсірілгенде аузын жұмып, бұқпантайлап

қалған кезі жоқ. Намысқа мініп, ақынға тән адуын мінезбен қызбалана кірісіп кетуші еді ылғи. Әсіресе, есте қалғаны – 1997 жылы облыстық мәслихатта кейбір біріктіріліп, ірілендірілген аудандардың атауларын өзгерту мәселесі қаралған сессия. Халық қалаулылары бұл орайда қызылкенірдек болып дауласып, бір мәмілеге келе алмай даурығып жатқанына қарап, арқасы қозып, шыдамы таусылған Мүтәллап ағамыз өзінің депутат еместігін елең де қылмай, орнынан атып тұрып, жан айқайын салған еді:

– Дорогие мои, – деп бастап, бір заманда қазақ жерлерінің атаулары ешкімнің рұқсатынсыз өзгертілгенін, енді тарихи әділет қалпына келтірілуі қажеттігін, Желтоқсанда жастарды алаңға шығарған да осындай ыза-реніш екендігін айтып салған. Ақын сөзі жұртқа тоқтау салып, ақыры бұрынғы Ленин және Москва аудандары – Есіл, Соколов пен Бескөл – Қызылжар аудандары атанатын болып, көпшілік дауыспен шешіліп тынған.

Мүкеңнің ер мінезін «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының облыстық компаниясын басқарып жүрген кезінде де талай байқадым. Қарамағындағы қызметкерлеріне еңбекақы бірнеше айлап төленбегендігіне байланысты бүкіл елді дүрліктіріп, шу шығарып, өзін қызметінен бір-ақ бұйрықпен алып тастай алатын тікелей басшыларына ашық қарсы шығып, ауыр айып таққаны да әлі есімде. «Бүгінгінің аңғал батыры-ай...» дескенбіз сол жолы...

Көрнекті ақын Ғафу Қайырбеков Мүкең жайлы:

*Жазайын мына сөзді Мүтәллапқа,
Тараған абыройы шартарапқа.
Ағашы ат байлайтын Солтүстіктің,
Тапсырдым сені, қалқам, жеті аруаққа!.. –*

деп жазып, батасын берген екен. «Баталы құл арымас» деген. Міне, Мүтәллап ағамыз алшаң басып, алпыстың асуын артқа қалдырып барады. Алда жетпістің биік шыңы тұр шақырып...

...Аға, Сіз солтүстіктің Ғафандай арыстар үшін ат байлаған асыл ағашы болсаңыз, мен үшін бір оқшау бәйтерегісіз бүгінде! Жайқала беріңіз, жасай беріңіз!

1997 жыл



ӨЖЕТ МІНЕЗДІ, ӨРШІЛ ТҰЛҒА

Жарасбай Сүлейменов... Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, екінші дәрежелі «Достық» орденінің иегері, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы.

Бүгінде алпыстың асуына шыққан әріптес ағамыздың атақ-даңқы, міне, осындай. Біреуге көп, біреуге аз көрінуі мүмкін. Бірақ, ең бастысы, Жәкеңнің қандай құрметке болсын шын лайықты азамат екендігінде болса керек.

Мен білетін Жарасбай Қабдоллаұлы – түп-тамыры текті әулеттен шыққан асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы болғанымен, тірлікте еш сүйеусіз, басын кейде тауға да, тасқа да ұрып, тірелген тұйықтан өз ақыл-қайратымен жол тауып, әрдайым алға қойған арман-мақсатына жанқиярлықпен ұмтылып келе жатқан өжет мінезді, өршіл тұлға. Атақты Шал ақын дүниеге келген, топырағы қасиетті өңірдегі Балуан атты ауылда туып-өскен Жәкең – өмір атты күресте итжығыс түскен кездері болмаса, жауырыны жерге тимеген, нағыз жеңімпаз балуан жігіт...

Мен 1981 жылы күзде ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіріп, Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінің редакциясына жұмысқа орналасқанымда Жәкең ең беделді партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі еді. Келесі жылдың басында мен облыстың бір шалғайы саналатын Жамбыл ауданы бойынша меншікті тілшілікке тағайындалдым. Сол кезден бастап Жарасбай Қабдоллаұлымен жақын араласа бастадым. Өйткені, оның аудандардағы тілшілерге үйіп-төгіп беретін тапсырмаларын уақытында атқарып,

ерекше ілтипатына бөленген екенмін. Сондықтан да, жұмыс бабымен жол түсіп Қызылжарға келген сайын Жәкең мені баурына тартып, үйіне шақырып, сол кезде кілті аспандап тұрған сауда саласында ірі қызметте істеп жүрсе де, кісімсуді, қонаққа қабақ шытуды білмейтін ақ жарқын Ақжәми жеңгеміздің жайған дастарқанынан талай дәм татырды. Арамызда осындай сыйластық қарым-қатынас орнап, Жәкеңді жанашыр да тәлімгер ағама балап кеттім.

Кейін Жәкең редакция басшыларының өзіне әділетсіз көрінген бір шешіміне ашық қарсы шыққандығы үшін қудалауға түсіп, облыстық партия комитетіндегілердің «араағайындығының» арқасында облыстық радионың бас редакторының орынбасарлығына жылжытылғанын естідім. «Бір жамандықтың бір жақсылығы болады» демекші, бұдан ол ұтпаса, ұтылған жоқ. Көп өтпей бас редакторлыққа жоғарылатылды. Сол кезде де облыс өміріндегі шырылдаған шындықты айтам деп, тағы да жергілікті билік басындағылардың қаһарына ұшырапты. Содан кейін Қазақ радиосының облыстағы меншікті тілшісі қызметіне ауысыпты.

...Ата-бабалар арманы орындалып, азаттыққа қол жеткен алғашқы жылдары еліміздің теріскейіндегі қазағы селдір қоныстанған Қызылжар өңіріндегі жағдай алаң туғызырлықтай күрделі болғандығы жадымызда. Аты шулы Александр Солженицынның әйгілі «Ресейді қайтсек көркейтеміз?» мақаласында Қазақстанның тың көтерілген бес облысының жеріне көз алартуының даудамайы әлі ұмытылмаған, Петропавлдың көшелерінде казачество өкілдері қылыштарын асынып, алшаң-алшаң басқан, қостілділік, қосазаматтық, ұлттық автономия құру мәселелері орыстілді басылымдарда әлсін-әлсін көтеріліп, қазақ мектептері мен балабақшаларын ашу бастамалары ашық та, жасырын да қатты қарсылыққа

ұшырап, этносаралық қарым-қатынастар жайы күн тәртібінен түспей тұрған қиын-қыстау кезең-тұғын. Сондай сын сағаттарда бүйректен сирақ шығарып, бұра тартқан теріс пиғылды тобырға тарихи шындық пен әділет сөзін талай жерде тебірене айтып, тегеурінді тойтарыс берген саусақпен санарлықтай ғана қызылжарлық қайраткер азаматтар арасында журналист Жарасбай Сүлейменов те бар болатын. Қазақ радиосының хабарларынан Жәкеңнің ел тағдыры туралы терең әңгіме қозғаған репортаждарын сілтідей тынып тындап, Қызылжардағы саяси ахуалды ұдайы қадағалап, біліп отыратынбыз.

Бұл кезде мен Көкшетауда облыстық телерадиокомпанияны басқарып жүрген едім. Жәкеңмен телефон арқылы хабарласып, амандық-саулық сұрасып тұрдық. 1997 жылы көктемде Көкше өңірі Солтүстік Қазақстан облысына қосылды да, кезінде қимай қоштасып, көшіп кеткен Қызылжарға күзге қарай қайтадан қоныс аударуға тура келді. Осындағы телерадиокомпанияның төрағасы алпысқа толысымен зейнет демалысына шығып, оның орнын мен бастым.

Қызылжарға оралғанымда Жарасбай Қабдоллаұлы менімен қуана амандасып, құттықтау білдіргенімен, көңілі біртүрлі сынық көрінді. Владимир Гартманның басшылығы тұсында қаладағы қорғаныс өнеркәсібінің үлкен зауыттары мен ауылдардағы көптеген кеңшарлардың дүние-мүлкі талан-таражға түсіп, облыс экономикасы әбден құлдырағандығы туралы талай ащы шындықты Қазақ радиосының әуе толқынында ақтарып салғаны үшін кей жерде кеудесінен итеріліп, ығыстырылып тасталған тәрізді... Бірақ, кері шегініп, басшыларға бас шұлғыған Жәкең жоқ. Токсаныншы жылдардың басындағы еркіндік самалы ескен демократиялық үдерістер тұсында елдің сөзін сөйлейтін журналист об-

лыстық мәслихаттың баламалы сайлауында халықтың қолдауына ие болып, бәсекелестерін ойсырата жеңіп, депутат атанған екен. Сессияларда Қызылжар өңірінің тағы бір әйгілі журналисі, халық қалаулысы Мәлік Мұқанов екеуі кезек-кезек сөз сөйлеп, жұрт көкейінде жүрген өзекті мәселелерді өткір тілмен, облыс басшыларының бет-жүзіне қарамай тіліп айтқанда айызымыз қанып отырушы едік залда...

Мәлік Мұқанов республикалық «Халық кеңесі» газеті жабылған соң облыстық телерадиокомпанияның теледидар шолушысы қызметіне орналасқан екен. Көп ұзамай Қазақ радиосының облыстағы меншікті тілшісі қызметі де қысқартуға ілініп, Жарасбай Сүлейменов те бізге ауысты. Облыстық мәслихаттың ең белсенді, ең шыншыл депутаттары болып саналатын, мүйіздері қарағайдай журналист ағаларымның екеуінің де бірсыпыра уақыт өздерінің кешегі шәкірті – менің басшылығыммен жұмыс істеулеріне тура келді. Бұған менің іштей ыңғайсызданғаным болмаса, олар еш арланған жоқ. Екеуі де ағалық пейілден айнымай, ылғи қолдап-қорғап жүрді.

Әлі есімде, Жәкең мен Мәкеңнің айтқан сындары шымбайына батыңқырап кетсе керек, бірде облыс әкімінің құдыреті жүріп тұрған бір орынбасары ара-тұра болып тұратын көңілді отырыс үстінде менің құлағымға сыбырлап: «Анау екеуін құртсайшы...» деп кеңес бергені бар. Оның бұл сөзіне іштей күлдім де, қойдым. Себебі, Жарасбай мен Мәліктей Қызылжардың бас көтерер азаматтарының, сөздерін жұрт ұйып тыңдайтын мықты журналистердің нендей жазығы бар?! Әлде, елдің мұн-мұқтажын, шындық сөзін айтқандары үшін кінәлі ме?! Шынтуайтына келсек, мұндай қолы да, ары да таза, халық құрметі мен сеніміне бөленген қаламгерлерді құртқың келіп тұрса да, құрта аласың ба бұл заманда?!

Егер ақылға жүгінсек, облыстың билік тізгінін ұстаған басшылар осындай ел ішінде ерекше беделді тұлғаларды шетқақпай қылмай, өздеріне жақын тартып, олардың ой-пікірлерімен санасып жұмыс істеулері жөн емес пе?!.

Бір жақсысы, жаюлы дастарқан басында «жүз грамм» ұрттаған соң маған Жәкең мен Мәкеңді құртуға кеңес берген басшы азамат өз ағаттығын сезді ме, әйтеуір, содан кейін бұл тақырыпқа қайтып оралған жоқ. Мен де оған ләм-мим деп жақ ашпай, үнсіз құтылдым. Ал Мәлік Мұқанов бірер жылдан кейін «Егемен Қазақстан» газетінің біздің облыстағы меншікті тілшілігіне алынып, сыни мақалаларын қарша боратып жазып жатты. Жарасбай Сүлейменовті де көп кешіктірмей жоғарылатып, әуелі теледидардың ақпарат бағдарламасының жетекшісі, содан кейін телерадиокомпанияның бас редакторы, төрағаның орынбасары етіп тағайындадық. Жәкең тек басшылық қызметпен шектелмей, өзінің авторлық «Ойтолқын» атты пікірсайыс бағдарламасын ашып, жүргізді. Осы бағдарлама аясында телестудияда Қызылжар өңірінің зиялы қауымының басы апта сайын қосылып, ең өзекті тақырыптарды талқыға салу игі дәстүрге айналды.

Жәкеңнің бір жақсы қасиеті – бойында ұшқыны бар жас дарын иелерін дер кезінде аңғарып, жұмысқа тарта білетіндігі. Облыстық радио мен теледидарға қаншама алғыр да ізденімпаз жастарды қызметке алдырып, талай мөлдір бұлақтың көзін ашқандай жақсылық жасады. Олардың бірталайы қазіргі кезде Қазақстан мен Ресейдің орталық телеарналарында еңбек етіп жүр.

2003 жылғы көктемде облыстық әкімдікте «Солтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторын ауыстыру мәселесі сөз болды.

– Жасыңыз Сүлейменовтен кіші болғанымен, тәжірибеңіз үлкен. Газетке Сіз барыңыз. Жарасбай Қаб-

доллаұлы облыстық телерадиокомпанияны басқарсын, – деген ұсыныс түсті маған.

– Бас редакторлыққа мені емес, Жарасбай Қабдоллаұлын тағайындағандарыңыз жөн. Өйткені, Жәкең үшін ол қызметке тағайындалу – моральдық тұрғыдан үлкен жеңіс, әділдіктің қайтадан салтанат құруы болып табылады... – дедім. Сөйтіп, Жәкең 1987 жылы редакция басшылығы мен оларды қолдаған компартия обкомынан әділдік таппай, амалсыз кеткен облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің қара шаңырағына жеңіс туын желбіреткендей көңілкүймен бас редактор болып қайтып оралды. Бұған достары сүйініп, дұшпандары күйінді...

Жарасбай Қабдоллаұлы бас редакторлық қызметіне құлшына кірісіп, қыруар жұмыс тындырды. «Солтүстік Қазақстанның» таралымын екі еседей өсіріп, 10 мың данаға дейін жеткізді. Қызметкерлердің еңбекақысын да елеулі түрде көбейттірді. Штатты кеңейтіп, университет бітірген жас журналистерді қызметке алып, жалықпай тәрбиеледі. Сөйтіп шау тартқан ұжым жасарып шыға келді. Газет бетіне де жаңа қан жүгіріп, ажарлана түсті. Редакцияның өз баспанасы жоқтығынан жеке меншіктегі баспаханаға кіріптар болып қалғанын көріп, осы жөнінде облыс басшыларына өтініш айта жүріп, жеке ғимарат сұрап алды. Оған қосымша жаңа үй де салғызып, бұл мәселені түпкілікті шешті. Жаңадан қалалық «Қызылжар нұры» газетін ашып, тағы бір ерледі.

Өз басым, Жарасбай Сүлейменов облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің арғы-бергі бас редакторларының ішіндегі аталмыш басылымға орасан-зор еңбек сіңірген, ең шоқтығы биік тұлға деп санаймын.

Ол газет жұмысымен қатар, қоғамдық жұмыстарға да уақыт тауып, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалын басқарды, облыстық тәртіптік

кеңестің мүшесі міндетін де қоса атқарды. Қолы қалт еткенде әңгіме-повестер жазып, бірнеше кітап шығарды. Жәкеңнің осындай тынымсыз еңбекқорлығына тәнті болмау мүмкін емес.

Әділін айтсақ, мен білетін Жәкең ешкімнің алдында жағынып-жалпандаған емес. Кімді мақтаса да, даттаса да, қашанда ақиқат шындықты өзіне тән шешендікпен жеріне жеткізе, не аспанға көтеріп асқақтата, не тірідей жерге кіргізгендей төбесінен ұра, тұқырта айтады. Ал мінезіндегі өзі мойындайтын бір кемшілігі – біреуді жақсы көрсе, оның бойындағы еш мініне қарамай, құлай жақсы көретіндігі... Алайда, ол ешқандай «дөкейдін» ығына жығылып, ыңғайына көне қоймайтын, өз көзқарасы, өмірлік ұстанымы бар азамат. Әсіресе, Қызылжарда кейде күтпеген жерден өте шетін ұлттық мәселелер туындаған түйткілді сәттерде Жарасбай Қабдоллаұлы ел мүддесін, ел намысын бәрінен биік қойып, белсене қимылдап, айтатын сөзін кімге болса да тура айтып, небір қиын түйіндердің дұрыс шешімін табуына ұйытқы болып келе жатқанына тікелей куәмін.

...«Әкімі ақынын іздеген ел бақытты» дегендей, Жарасбайды кезінде Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы әкімі, көрнекті мемлекет қайраткері Тайыр Мансұровтың өзі іздеп, жанына жақын тартқанын, қолдап-құрметтегенін білемін. Бұл басқа әкімдерге үлгі боларлық өнеге емес пе?! Өкінішке қарай, қаламы өткір әріптестеріміздің ту сыртынан сұқ саусағын шошайтып, «Анау журналисті құрту керек...» дейтін әкімқаралар табылады әлі де. Алла тағала бізді сондай сұмырайлардан сақтасын!..

2009 жыл

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ПРОМЕТЕЙІ

1997 жылғы желтоқсанның соңы. Тәуелсіздік алғанына алты-ақ жыл толып, әлі де бұғанасы бекіп, қабырғасы қата қоймаған жас баладай мемлекетіміздің еңсесі тіктеліп кете алмай, қаптаған қиындық құрсауынан шығуға жан дәрмен бұлқынып жатқан шағы. Мамыр айында Елбасы Жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының құрамына қосылған бұрынғы Көкшетау облысының аумағы кешкілік көзге түртсе көргісіз қараңғылық құшағында қалып, Петропавл қаласы мен осы жақтағы өзге елді мекендерде де электр жарығы жалп-жұлп өшіп, жұрттың ұнжырғасы түсіп, берекесі қашқан кез. Бұған қоса, мұғалімдер мен дәрігерлердің мардымсыз еңбекақыларының өзі де айлар бойы кешіктіріліп, Қызылжар өңіріндегі әлеуметтік жағдай шиеленісіп тұрған. Облысты бес жылдан аса басқарып, өтпелі кезеңде елдің шетіндегі, желдің өтіндегі өлкедегі қоғамдық тұрақтылықты сақтап, күйреген кеңес империясының оты сөніп, шоғы бықсыған орнында әлсін-әлсін лап еткен этносаралық кикілжіңдер жалынын өшіруге елеулі еңбек сіңіргенімен, экономикалық дағдарыс зардаптарын жоюда мақтанарлықтай іс тындыра алмай, жоғарғы жақтың да, жұртшылықтың да сынына ұшырап жүрген облыстың бірінші басшысының беделі түсіңкіреп, ел арасында күңкіл-сүңкіл әңгіме көбейе бастаған... Ақыры сондай қауесеттер шынға айналып, «Петропавлға жақын арада Елбасы келеді екен...» деген сөз шыққанда жарық пен жылудан әбден тарыншылық көріп, тоңып-жаурап, қажыңқырап отырған қызылжарлықтардың көкейінде «Президентіміз біздің облысты тірелген тұйықтан алып

шығатын жаңа әкім тағайындауға тиісті» деген нұрлы үміт пайда болғаны шүбәсіз...

Шынында да қалың қар жауып, борасындатып тұрған 20 желтоқсан, сенбі күні Петропавлға Елбасының өзі келіп, облыс активін өткізіп, өңірдің жаңа басшысы етіп осыған дейін ірі өңір – Павлодар облысын басқарып, іскерлігімен елге танылған Даниал Ахметовті тағайындайтынын жария етті. «Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі жағдайы күрделі. Республика бойынша биыл өнеркәсіп барлық облыстарда ілгері басқанда мұнда өткен жылмен салыстырғанда отыз пайызға құлдырап кетті. Басқа салаларда да осындай төмендеу орын алып отыр. Қорғаныс зауыттары тоқтап қалды. Ауылшаруашылығында да жағдай мәз емес. Бұрынғы екі облыс қосылған соң аумақ үлкейіп, жағдай қиындай түсіп отыр. Әсіресе, Көкшетау қаласы қиын жағдайда қалып отыр.

«Даниал Кенжетайұлы – Павлодар облысының әкімі болып бес жыл істеген тәжірибелі басшы. Ол 1954 жылы туған, мамандығы – инженер-құрылысшы. Екібастұзда қызмет істеп, шыңдалған. Солтүстік Қазақстан облысының өнеркәсібін, энергетика саласын көтеретініне сенемін», – деген еді Нұрсұлтан Назарбаев өңірдің жаңа басшысын таныстыру үстінде. Ал Даниал Ахметов Президентке ризашылығын білдіріп, өзіне көрсетілген биік сенімді ақтауға бар күш-жігерін салатындығын мәлімдеген.

Пайымдап қарасақ, Президентіміз Солтүстік Қазақстан облысының екінші әкімі етіп кімді тағайындау мәселесін терең ойластырғаны кәміл. Өйткені, бұл өлкені кеңес өкіметі тұсында бірде-бір қазақ азаматы басқарып көрмеген еді. Сондықтан да Қызылжар өңірінде коммунистік ұлтсыздандыру саясаты ерекше өктемдікпен жүргізіліп, қазақ ауылдары қай мәселеде

болсын шетқақпай етіліп, олардағы ана тілінде оқытатын мектептер түгел жабылып бітуге жақындап, көпшілігі орысшаға көшірілген болатын... Ал еліміз Тәуелсіздік алған алмағайып кезеңде қазағы аз бұл өңірде саны басым өзге этностың кейбір өкілдері өздерін өгейдей сезініп, оралмайтын өткенді көксеушілік пиғылынан арыла алмай, еліміздің егемендігін ұнатпайтын сыңай танытып, әртүрлі саяси мәселелерді көтере бастаған шақта бұл келеңсіз құбылыстың ушығып кетуіне жол бермеуді ұйғарған Елбасымыз облыстың бірінші басшылығына негізгі екі ұлт өкілдеріне ара ағайын бола алатын неміс азаматын жіберуді жөн көрген сияқты. Содан бері бес жыл зымырап өте шыққандықтан, енді өңір тізгінін алғаш рет қазақ азаматына ұстатын да уақыт жеткені анық еді. Онда да Сібірдің сары орманының етек жағында орналасқан өңірдің жұртына облыс басқару ісі қазақтардың да қолынан келетіндігін көрсете алатын, түбінде ұлтымызды ұятқа қалдырмайтын мықты басшы табу керек болғандығы аян. Осы орайда Елбасы таңдауы түскен Даниал Кенжетайұлы еліміздің Тұңғыш Президентіне берген сертіне берік сенімді ер екендігін Қызылжар өңіріндегі ерен еңбегімен де дәлелдеп, қазағымыздың абырой-намысын көкке көтере білді.

Даниал Ахметов біздің облыс тізгінін өз қолына алысымен өңірді жарықпен және жылумен қамтамасыз ету проблемасын шешуге білегін сыбана, шұғыл кірісті. Петропавл жылу-электр орталығының сол кездегі инвесторларын «кілемге шақырып», қатаң талап қойды: «Сіздермен сөз қысқа: істегілеріңіз келсе, істеніздер. Істегілеріңіз келмесе, басқа инвестор табамыз». Бірақ, жағдай оңайлықпен түзеле қоймады. Облыстың жаңа әкімі өз орынбасарларымен бірге күндіз – күлкіден, түнде ұйқыдан айрылып, жылу-электр орталығының жұмысын жолға қою мәселелерімен тікелей айналысты.

1997 жылдың басында жылу жүйесі қатып қалып, елге күлкі болған Көкшетау қаласына да жиі іссапарға шығып, ондағы әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді жылумен, жарықпен, газбен қаматамасыз ету жайын өз бақылауына алды.

Мен сол, 1997 жылдың аяғында облыстық теле-радиокомпания директорының міндетін атқарушы болып тағайындалғаныммен, облыс әкімінің қабылдауын бір жарым айдан аса күтуіме тура келді. Содан кейін де Даниал Кенжетайұлы қабылдап сөйлеспестен, мені компания директоры етіп тағайындау туралы ұсынымға қолын қоя салып, қарамағындағылар арқылы беріп жіберіпті. Көмекшісінен: «Облыс әкімі республикалық ведомстволардың аумақтық бөлімшелерінің басшыларын тағайындауға ұсыным бермес бұрын оларды қабылдап, әңгімелесу тәртібін бұл жолы неге қадағаламады?» – деп сұрағанымда: «Ол кісінің жылу – электр орталығының проблемасымен басы қатып жатыр. Сізді қабылдауға бір минут уақыты жоқ...» деген, сенер-сенбесімді білмес жауап естідім. Бұл 1998 жылғы ақпанның екінші жартысы еді. Кейін, 2003 жылы бір топ қызылжарлықтармен бірге жолым түсіп, тағы да Павлодар облысының әкімі қызметінде жүрген Даниал Кенжетайұлымен оның кабинетінде кездескенімізде ол Солтүстік Қазақстан облысындағы сол бір қиын күндерді есіне алып:

– 1998 жылғы ақпанның 20-сына қарай Петропавл жылу-электр орталығында апаттық жағдай қалыптасқан еді. Облыс орталығы мүлдем жылу мен жарықсыз қалудың сәл-ақ алдында тұрды. Әйтеуір, мен тұйықтан шығар жолдарды іздестіріп, ақыры Павлодардың энергетика саласындағы бұрынғы серіктестерімнің алдындағы беделімді пайдалану арқылы ғана басқа жақтан қыруар электр қуатын қарызға алып, Петропавлды қыс ішінде қатып қалудан әрең аман

сақтай алдым. Бірақ, бұған қаншама күш-жігер мен жүйке кетті десеңізші?! Осы жайт туралы бұған дейін жұртқа жариялап айтқан да емеспін. Сіздерді көргенде бәрі де қайта есіме түскен соң айтып отырмын... – деді ағынан жарылып. Даниал Кенжетайұлының өзімді бастапқыда жеке қабылдай қоймаған себебіне сонда ғана көзім жетті...

Петропавл жылу – электр орталығының сол кездегі инвесторсымағының аса маңызды кәсіпорынды тұралата жаздағанын көзімен көріп, өзінің жанкиярлық әрекетімен ғана қаланы Көкшетау секілді қатып қалудан құтқарып алған Даниал Ахметов көп ұзамай онымен қош айтысты. Өзі шақырған жаңа инвестордың қарауына берілген Петропавл жылу-электр орталығының жұмысы тез арада түзеліп, облыс орталығының тұрғындарын жарыққа да жылуға да қарық қылып тастады. Облыстың оңтүстік өңірі саналатын Көкшетау жағындағы елді мекендерге де электр жарығы беріліп, олардың тұрғындары да көздері ашылғандай күй кешті. Келмеске кеткен кеңес өкіметімен бірге өше жаздаған «Ильич шамдарының» қайта жарқырай жанғанын көріп, кезінде «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» заман орнатқандай болған Леонид Ильич Брежнев марқұмның «кемелденген социализмі» қайта орнағандай қуанған қызылжарлықтар ризашылығында шек жоқ еді: іле өңірде «Даниал» есімі берілген сәбилер көбейе бастады. Тіпті осыған дейін жергілікті атқамінерлерді бұқаралық ақпарат құралдарында да, алқалы жиындардың мінберлерінен де жер-жебірлеріне жете сынап, жағаларынан алғандай болып жүретін бір белгілі журналист ағамыз да өзінің көптен күткен немересіне облыс әкімінің атын қойғанын біліп, қайран қалғаным бар. Ал Петропавл қалалық Мәдениет және

демалыс саябағында кейінірек «Даниал» балалар дәмханасы пайда болды...

Даниал Ахметов Петропавл жылу-электр орталығымен қатар, бұрынғы қорғаныс өнеркәсібінің тапсырысы сап тыйылған соң өндірістері құлдырап, құрдымға кетіп бара жатқан жергілікті зауыттарды бейбіт өнімдер шығаруға қайта бейімдеу ісін де тиянақты қолға алып, бірталай кәсіпорындарға қайтадан жан бітірді. Бәрінен де Петропавл ауыр машина жасау зауытының жолы болып, мұнайлы өңірлердің тапсырыстары бойынша бағасы қымбат бұрғылау қондырғыларын шығаруға кірісті. Заңды тұлғалар арасында өзара есеп айырысудың қолма-қол ақшасыз жүйесі енгізіліп, облыстың қаржы жағдайы жақсартылды, бюджеттің кіріс бөлігін толтыру мақсатында салық қызметіне де қатаң талап қойылды. Осындай ықпалды шараларды табандылықпен іске асыру нәтижесінде бюджеттік мекемелерге жүздеген миллион теңге берешегі бар жергілікті қазынаға қомақты қаражат құйылып, мұғалімдер мен дәрігерлердің алдындағы бірнеше ай бойы қордаланып қалған еңбекақы қарызы да біртіндеп өтеле бастады. Сол кезде «Даниал Ахметовке біреулер қастандық жасамақшы болыпты...» деген алыпқашпа сөз шығып, «ұзынкұлақ» арқылы жетті маған да. Көп ұзамай, бір шаруамен сәті түсіп, Даниал Кенжетайұлының облыстық әкімдіктегі жұмыс кабинетіне кіріп, сөйлестім. Әңгіме соңында қала ішіне тарап кеткен қаңқу сөздің рас-өтірігін сұрадым.

– Кәрібай, соған ұқсайтын бір әрекеттің болғаны рас. Біреулердің мені қорқытқысы келген болулары керек. Өйткені, талай коммерсанттарды салық төлендер деп, қысып жатырмыз ғой... Бірақ, ондайлардан қаймығатын мен емеспін. Билікті сыйламайтындардың бәрін өз орындарына қоямыз. Бұған алаң болмандар және бұл

туралы жұртқа айтудың да, жазудың да еш қажеті жоқ, — деді шегелеп...

Даниал Кенжетайұлы біздің жадымызда Елбасының кемел саясатын жан-жүрегімен қабыл алып, ештеңеден аянбай қолдаған мемлекетшіл тұлға, жаңашыл басшы, ана тіліміздің жанашыры ретінде қалды. Қызылжар өңірінде екі-ақ жылдай қызмет еткен асыл азаматтың өшпестей айшықты іздері сайрап жатыр: Петропавлдың орталық Ленин көшесін «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті белсенділері «Достық көшесі» қылып, ал «Лад» славян қоғамдық бірлестігі «Вознесенский даңғылы» қылып өзгертейік деген ұсыныстар айтып жүргенін білген соң екі жақтың да басшы-қосшыларын жинап алып: «Мені тыңдасаңыздар, Ленин көшесіне еліміздің Ата Заңын сыйлап, «Конституция көшесі» деген жаңа атау берейік!» — деп, бір-ақ кесті. Өздерінің жарығы жалп-жұлп сөнген қаласына Күннің нұрын сыйлағандай еңбек сіңіріп, қараңғыда «соқыртеке» ойнағандай тірлік кешулерін тоқтатқан, жылуға жарымаған пәтерде төсекке киімшең жатуларын доғартқан өңірдің бірінші басшысының айтқан аталы сөзіне қазақ жағы да, орыс жағы да ләм-мим демей, үнсіз келісті. Ал сол Ленин көшесінің қақ ортасындағы үлкен алаңда орнатылған «Күн көсемнің» зор ескерткішін ешкімнен рұқсат сұрамай-ақ, бір түнде қалалық Мәдениет және демалыс саябағының шетінен бір-ақ шығарған да — Даниал Ахметов еді. Конституция көшесінің бас жағына Қарасай мен Ағынтай батырлар ескерткішін орнатып, өне бойын түгел жаңартып, ақ өрнектас төсеу ісін бастап кеткен де сол әкіміміз. Петропавлдағы әл-Фараби атындағы қазақ мектебін, №17 орта мектеп негізінде Ұлттық жаңғыру мектебін, республикамыздығы бірегей білім шаңырағы — Шәміл Шақшақбаев атындағы тірек-

қозғалыс аппараты зақымданған мүгедек балаларға арналған мектеп-интернатты өз қолымен ашқан да Даниал Кенжетайұлы. Басқа көптеген өңірлерде қаржы жетіспеушілігінен облыстық радионың үні біржола өшіп жатқанда біздікіне жергілікті бюджеттен қомақты тапсырыс бергізіп, сақтап қалған да сол басшымыз. Жергілікті «Аксесс Есіл» футбол командасына елдің беткеұстар жаттықтырушылары мен ойыншыларын шақыртып күшейтіп, стадионды лық толтыратын мыңдаған жанкүйердің көзайымына айналдырып, бір жылы тіпті Премьер-Лиганың жеңімпазы қыла жаздағаны да жадымызда.

Даниал Ахметов өз уақытын да, жұрттың уақытын да бағалай білетін іскер басшы болды. Облыстық әкімдіктегі әртүрлі жиындарда қаралатын мәселелерді өзіне дейінгі басшыларша бірнеше сағат бойы талқылап, сағызша созбай ақ, айналасы жарты сағат-бір сағаттың ішінде тамамдайтын. Жауапты басшылардың «Бәрін қатырып жатырмыз» деген тұрғыдағы сырғытпа сөздерін суқаны сүймей, бірден тоқтатып тастап, тоқетерін сұрайтын. Өзіне де, өзгелерге де қоятын талабы күшті, ал тапсырылған жұмысты ақсатқан кінәлілерге жазасы қатал да әділ болатын. Сондықтан алдынан жұмыс үркіп тұратын. Облыстық теледидардың тікелей эфирдегі хабарларына жүйелі түрде қатысып, Елбасының жүргізіп отырған саясатын егжей-тегжейлі түсіндіріп, өзіне қойылатын нешетүрлі өткір де қиын сауалдардан еш жалтармай, екі тілде бірдей нақтылы жауабын беретін. Орынбасарларын да осылайша жұрт алдына шығарып, көпшілік көкейіндегі сауалдарға жауап бергізіп, қара терге түсіретін...

«Жігітті жолдасына қарап таны» деген халық даналығына жүгінсек те, Даниал Кенжетайұлы сынды көшбасшы азаматтың соңынан ерген серіктерінің бәрі

де кілең сайдың тасындай іріктелген сайыпқырандар болатын. Орынбасарлары Александр Вербняк, Ерік Сұлтанов, Владимир Никандров және аппарат басшысы Халел Әкімхановтың бәрі де жұртқа «Мен кімін? Сен кімсің?» дегендей, шекелерінен қарап, шіренген шенеуніктер емес, шетінен білімді де білікті, кәсіпқой мамандар, өздеріне тапсырылған жұмысқа жандарын салатын жанқияр, қол астарындағы қызметкерлердің арнамысын сыйлайтын сыпайы да мәдениетті, ауыздарын ашса, жүректері көрінетін ақжарқын азаматтар ретінде танылды. Осындай командасы бар капитанның кемесі неге өрге жүзбесін?!

1999 жылы күзде облысымыздың тұңғыш қазақ басшысы Даниал Ахметов Премьер-Министрдің орынбасарлығына жоғарылатылды. Соған орай облыстық әкімдіктің үлкен залына жиналған жұртшылық Даниал Кенжетайұлына зор қошемет білдіріп, орындарынан түрегеліп, ұзақ уақыт бойы қол соғып, тарамай тұрып алды. Мен өзім білетін облыстың бірінші басшыларының ешқайсысына дәл осындай шынайы құрмет пен сүйіспеншілік білдірілгенін бұрын-соңды көрген де, естіген де емеспін. Сол бір ұмытылмас сәтте залдағы талай кісінің көз жастарына ерік бергендерін де аңғардым. Ал Даниал Кенжетайұлының әдетте жан-жағына ұшқын шашып тұратын өткір жанарына да жас үйіріліп, ерекше бір қимастық сезімін бастан кеше, толқып тұрғандай көрінді. Ал менің жанымда отырған облыс әкімінің баспасөз хатшысы, белгілі журналист Галина Халетова: «Даниал Кенжетайұлы солтүстікқазақстандықтар үшін адамдарға от сыйлаған Прометейдей жақсылық жасады...» деген еді тебірене.

Иә, Даниал Ахметовты Қызылжардың Прометейіне теңесек, асыра айтқандық болмас.

2014 жыл

БІЗДІҢ ӘКІМ

Жұртшылық арасында «Әкім» сөзіндегі төрт әріп «Әділдік. Кішіпейілділік. Іскерлік. Мейірімділік» атты төрт ұғымды білдіреді деген пікір бар. Ауылдан бастап, облысқа дейінгі жергілікті атқарушылық билік тізгіні сеніп тапсырылған лауазым иелерінің бойларынан тап осындай тамаша қасиеттерді көргісі келетіндігі анық халықтың. Тек сол төрт талап үдесінен түгел көрініп, абырой-беделге бөленіп жүрген әкімдерді саусақпен санап отыратындығымыз да жасырын емес. Ал олардың қатарына бүгінде адам өмірінің бір биік белесі – алпыс жасқа аяқ басқан Ерік Сұлтановты қоссақ, қателеспейміз. Бұған Солтүстік Қазақстан облысын екі жылға жуық басқарып отырған азаматтың осы мерзім ішінде атқарған істерін «Әкім» деген сөздің терең мағынасы тұрғысынан таразылап көрсек, көз жеткізе түсеміз.

Әділдік туралы айтқанда әуелі Ерік Хамзаұлының өзі облыс әкімі болып тағайындалғанға дейін Қызылжар өңірінде жол берілген кейбір әлеуметтік әділетсіздік көріністерін бірден аңғарып, орын алған кемшіліктерді өзіне дейінгі басшыларға кінә тағып, өзіне жарнама жасамай-ақ, дабыра-даңғазасыз әрі батыл түрде түзетуді қолға алғанына тоқталған жөн болар. Мәселен, ол 2014 жылғы мамыр айының соңында өңір тізгінін өз қолына алысымен бұдан төрт жыл бұрын Петропавл қаласының орта тұсынан орын табылмағандай, шет жағындағы батпақты жеріне қаланған іргетасының өзін екі мәрте салуға тура келіп, құрылысы тым ұзаққа созылып кеткен Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі жағдайды әдейілеп барып көрді. Облыстың бұрынғы әкімдері аталмыш мектеп республикалық бағыныстағы автономды білім

беру ұйымына қарайтындықтан және оның құрылысын астаналық мердігер компания жүргізіп жатқандықтан: «Бұл – біздің құзыретіміздегі нысан емес», – деп, әліптің артын баққан сыңай танытқан екен. Оларды Солтүстік Қазақстан облысы еліміз бойынша Назарбаев Зияткерлік мектебі ашылмаған жалғыз өңір екендігі онша толғандырмаған тәрізді. Мамандығы инженер Ерік Сұлтанов маңызды нысанның құрылысының барысы әлі де баяулығын байқап, оны жеделдету шараларын дереу қолға алу керек деп шешті. Астаналық құрылысшылардың жайбасарлығымен келіспейтіндігін білдіріп, оларға тиісті талап қойып, әрі өз тарапынан жәрдем де көрсете отырып, жұмыс қарқынын еселеп арттырды. Сөйтіп солтүстікқазақстандық үздік ұстаздар мен дарынды оқушылар зарыға күткен озық үлгідегі білім ордасының келесі жылғы Астана күні мерекесі қарсаңында пайдалануға берілуіне тікелей ұйытқы болды.

Ал 2011 жылы «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қызылжар ауданының орталығы – Бескөл ауылынан қашықтығы үш шақырымдай жерде жаңадан салынған Бәйтерек ауылына қоныстанған оралмандардың басты мұқтаждығы – бұл елді мекенде мектептің жоқтығы. Қызылжардың аязы қақаған қыс айларында 320 оқушыны Бескөлдегі мектептерге үш автобуспен тасып оқыту – лажсыздықтан туындаған амал. Мұның ел ертеңі – балалардың денсаулығына теріс әсерін тигізбей қоймайтындығы да шүбәсіз. Осы жөнінде шағым білдірген алыстан келген ағайындар алдында облыстың бұрынғы басшылары Бәйтерек ауылында мектеп салу үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлу қарастырылмағандығын айтып ақталып, дәрменсіздік көрсеткен. Ерік Хамзаұлы бұл өзекті мәселе жөнінде Үкімет басшыларына өтініш

білдіргенімен, олардың тарапынан: «Біздің қазіргі әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде алға қойған нақты міндетіміз – еліміздегі үш ауысымда оқытатын және апаттық жағдайдағы мектептер проблемасын шешу, ал жаңа мектептер салуға қаржы бөлінбейді», – деген жауап естісе де, бәйтеректіктердің көкейкесті мәселесін қалайда шешу қажет деп түйді. Ойлана келе, Бәйтерек ауылында 300 оқушыға арналған орта мектепті облыстық бюджет қаржысы есебінен салғызуды ұйғарды. Оның осы жөніндегі ұсынысына облыстық мәслихат депутаттары бірауыздан қолдау білдіріп, Бәйтерек ауылында мектеп салуды бастау үшін үстіміздегі жылға арналған облыстық бюджеттен 205 миллион теңге қаржы қарастырылды. Қазір аталмыш елді мекеннің қақ ортасында құрылыс жұмыстары қызу жүріп жатыр. Оны аяқтау үшін қосымша 692 миллион теңге қажет. Ерік Сұлтанов жақында облыс тұрғындарымен болған есеп беру кездесуінде Бәйтеректегі мектепті биыл күзде пайдалануға беру үшін қолынан келгеннің бәрін де жасайтынын мәлімдеді.

Кішіпейілділік жайлы пайымдасақ, «Дәлдік – корольдердің кішіпейілділігі» деген француз нақылы еске түседі. Көп адам шақырылған жиналыстарды уақытында бастамақ түгіл, жұртты жарты сағат-бір сағат күттіріп қоюды өрескелдік санамайтын өркөкірек әкімдерді де көргенбіз. Ал Ерік Сұлтанов алқалы жиындарды белгіленген уақытында, немесе сәл де болса бұрын бастауды әдетке айналдырыпты. Осылайша жұрттың уақытын қадірлей білетін өңір басшысы өз уақытын да қадірлей біледі екен: жиналыс атаулыны ұзаққа созбай, мүмкіндігінше қысқа қайыруды құп көретіндігі байқалып жүр.

Кішіпейілділік деген сөздің баламасы – кеңпейілділік. Ерік Хамзаұлы – алды кең, мінезі ақжарқын басшы.

Облыс әкімі болып тағайындалғанына екі жылға қараса да, өңірдегі басшы кадрларды ауыстырғаны шамалы. «Мешкей деген – жақсы атақ емес» дегенді ескергені шығар, үстінен кәсіпкерлер мен мәслихат депутаттары топтаса арыз айтып келген бір жоғары лауазым иесін орнынан босатып, тек соған ғана басқа жауапты қызмет ұсынбапты. Ал «әлі келмейтін шокпарды беліне байлап, көтере алмай жүрген» бірер басшыны жұмыссыз қалдырмай, жеңілдеу қызметтерге орналастырды.

Ерік Сұлтанов «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы ретінде ай сайын қоғамдық қабылдау өткізіп, өзінен әділдік пен араша іздеген, қолдау мен көмек күткен адамдардың мұң-мұқтаждарын мұқият тыңдап, бәріне де жанашырлық білдіріп, қолынан келгенінше жәрдем беріп жүр.

Іскерлік жайына келсек, Ерік Сұлтановтың бас-тамасымен облысымызда тұңғыш рет өткізілген «Қызылжаринвест – 2014» Халықаралық – инвестициялық форумы бәрінен бұрын ойға оралады. Өйткені, осыған дейін Қызылжар өңірінің табиғаты қатал – қысы суық, жазы салқын болғандықтан, инвесторлар қызықпайды деген теріс пікір қалыптасқан еді. Аталмыш форум сол қасаң көзқарастың тас-талқанын шығарған сияқты. Оған 15 шетелдің өкілдері қатысты. Қызылжар өңіріне көршілес Ресей мен Қытайға қоса, әлемдегі ең мықты дамыған отыз мемлекеттің қатарына енген Жапония, Сингапур, Аустралия, Германия, Бельгия, Финляндия, Израиль сияқты шалғайдағы дәулеті шалқыған елдер де қызығушылық танытты. Осы бағыттағы ұмтылыс оң нәтижесін бере бастады: былтыр Петропавлдағы бұрынғы шағын литражды қозғалтқыштар зауытының негізінде «Самұрық – Қазына Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің және Финляндия мен Польшаның беделді компанияларының

қатысуымен «ҚазТехМаш» машина жасау зауыты ашылды. Онда жоғары сыныпты астық жинау комбайны, шөп шабатын машина, тырнауыш, тіркеме мен жемшөп таратқыш сияқты ауылшаруашылығы техникалары шығарылады. Ал инвестиция тарту қарқыны бойынша Солтүстік Қазақстан облысы былтыр республика өңірлері арасында бірінші орынға шықты. «Жүрген аяққа жөргем ілінеді» деген осы.

Ерік Сұлтанов Қызылжар өңіріне инвестиция тарту мақсатымен туризм саласындамытуды датабандылықпен қолға алды. Бұл бағытта, әсіресе, «Көкшетау» ұлттық мемлекеттік табиғат саябағының аумағына кіретін, көрікті Айыртау өңірінің әлеуетін пайдалануға ерекше назар аударылып отыр. Сондағы суы мөлдір Шалқар және Имантау көлдеріне жаз сайын көршілес Ресейден ағылатын туристер санын көбейту үшін, ең алдымен, Айыртау ауданына баратын тозығы жеткен, кедір-бұдыр автомобиль жолдары күрделі жөндеуден өткізілді. Бұған қоса, курортты аймақта жаңа демалыс орындары пайда болып, тіпті «Солнечный VIP» демалыс базасында тынығушыларды бұғының мүйізінен жасалған дәрімен емдейтін шағын пантаорталық пен марал фермасы ашылды.

Елордада көп жыл жауапты қызметтер атқарған Ерік Сұлтанов республикалық деңгейдегі басшылардың қайсысымен болсын тікелей хабарласып, туындаған мәселелерді созбаққа салмай, тездете шешуге күш салып келеді. Мәселен, өңір басшысы алдыңғы жылғы шілде айында шалғайдағы Уәлиханов ауданы әкімінің Кішкенекөл ауылында болған тұрғындар алдында есеп беру кездесуіне қатысқанында жергілікті ақсақалдар «Астана – Қызылту станциясы» бағытындағы пойыздың екі вагоны жолаушыларға аздық қылып жүргендіктен, оған үшінші вагон қосуды сұраған өтініштеріне ешкім

құлақ аспағандығын айтып, шағымданған еді. Соған орай Ерік Хамзаұлы дереу «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясының басшыларымен телефон арқылы сөйлесіп, уәлихановтықтардың проблемасын бір айдың ішінде шешіп берді. Ал былтырғы жылы өңір тұрғындарының өтініштеріне орай Астана – Қостанай бағытында қатынайтын жүрдек «Тұлпар – Тальго» пойызының Айыртау және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандардың тұрғындары қалың, ірі орталықтары – Саумалкөл мен Новоишимка ауылдарындағы теміржол станцияларына тоқтап, жергілікті жолаушыларға қызмет көрсетуі мәселесін де оңынан шешкізді.

Ерік Сұлтанов облыстағы ірі зауыттарға ұлттық компаниялардың тапсырыстарын бергізуге де барынша ықпалын тигізіп жүр. Соның нәтижесінде былтыр өңір өнеркәсібінің жетекші саласы – машина жасауда 18 проценттен астам өсім қамтамасыз етілді. Облыс басшысының ұдайы көңіл бөліп, қажет жерінде ұтымды шаралар қолдануының арқасында өткен жылы облыс экономикасының барлық саласында негізгі көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді. Мұның өзі облыстық бюджетке түсетін өзіндік табысты алдыңғы жылғымен салыстырғанда 5 миллиард теңгеге арттырып, оның көлемін 32 миллиард теңгеге дейін жеткізуге мүмкіндік берді. Яғни, 18 проценттік өсім қамтамасыз етілді. Бұл – біздің агроөнеркәсіпті өңір үшін бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіш.

Қызылжар өңіріндегі өзекті мәселелердің бірі – жергілікті маңыздағы автомобиль жолдарының денінің тозығы жеткендігі. Әсіресе, облыстың солтүстік бөлігіндегі бірқатар ауылдарға баратын грейдер жолдар жаздың қалың жаңбырларында мидай езіліп, көлік жүре алмай қалады. Бұл, әрине, олардың тұрғындарының титығына тиіп, орынды реніш-шағымдарын туғызып

жатады. Осыны ескерген Ерік Сұлтанов облыс әкімі болып тағайындалысымен жол жөндеу ісін өзінің алдағы қызметінің басым бағыттарының бірі етіп ұстанатындығын мәлімдеген-ді.

Жол саласының тәжірибелі маманы болып саналатын өңір басшысы Қызылжардың жергілікті маңыздағы шұрқ тесік жолдарын жөндеуге құны арзан болғанмен, сапасы жоғары жаңа технологияларды біртіндеп енгізуге кірісті. Бұл эксперимент сәтті жүзеге асырылды: егер 2013 жылы республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген 5 миллиард теңгеден астам қаржыға небәрі 134 шақырым жол жөнделген болса, осынша қаржыға 2014 жылы – 290 шақырым, 2015 жылы 260 шақырым жол қалпына келтірілді. Ал биылғы меже – 360 шақырым.

Петропавл қаласында жергілікті спортсүйер қауым бірнеше жылдан бері қолқалап сұрап жүрген мұз айдыны бар Спорт сарайын салу ісі де 2014 жылы Ерік Сұлтановтың басшылығымен тиянақты қолға алынып, жедел бой көтерді. Ол өткен күзде толық аяқталып, пайдалануға берілді.

Облыс орталығындағы балабақшаға орналасу кезегінде 11 мыңнан астам бүлдіршін тұрғанын, мұның өзі қалалықтардың «бас ауруына» айналғанын анықтап білген облыс әкімі бұл проблеманы шешуді де өз қолына алды. Осы игі іске мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша жергілікті кәсіпкерлер тартылып, олардың өз бизнестерінің аясын кеңейте түсулеріне барынша жағдай жасалды. Сөйтіп өткен жылы Петропавлдағы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің желісі 1000-ға жуық орынға кеңейтілді. Бұл – өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы экономикалық дағдарыс кезінде жаппай жабылып қалған балабақшалар жүйесін қалпына келтіруде алғаш рет қол жеткізілген елеулі

жетістік. Сөйтіп облыста балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көрсеткіші 97 процентке дейін өсірілді.

Мейірімділік пен қайырымдылық – егіз ұғымдар. Осы орайда біз Ерік Сұлтановтың өз қызметін бір иманды істен бастағанын жақсылыққа жорығанбыз. Атап айтқанда, ол облыс әкімі болып тағайындалған соң Халықаралық балаларды қорғау күні Петропавл қаласындағы отбасылық үлгідегі Балалар ауылына ат басын тіреп, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бейкүнә бүлдіршіндердің жағдайымен танысты. 4 үйде бір-бір отбасы болып тұрып жатқан 6 жастан 18 жасқа дейінгі 36 бала мен жасөспірімге мерекелік сыйлықтар ұсынып қана қоймай, Балалар ауылының жанында бос жатқан жер телімін көріп, мұнда тез арада тағы 2 үй салғызып беретінін айтты. Олардың құрылысына жергілікті бюджеттен ешқандай қаржы бөлгізбей, демеушілер іздестіріп тапты. Осылайша бас-аяғы бір айдың ішінде салынған жаңа да жайлы қоныстарға қала іргесіндегі Архангелка ауылындағы Балалар баспанасында тұрып жатқан 18 жеткіншек ауыстырылып әкелініп, екі отбасыға бөлініп орналастырылды. Олар өздерінің бұдан былай облыс орталығында өмір сүріп, қаланың озық мектептерінде оқитындықтарына қуанып қалды.

Сол жылғы жазда Ерік Сұлтанов облыстың шалғай шетіндегі Тимирязев ауданындағы жалғыз қазақ ауылы – Жарқынға да барған болатын. Іргесі бұзылмай, орта мектебі оқушыларға толып отырған елді мекеннің болашағы бар екендігіне көз жеткізіп, жарқындықтардың қандай өтініш-тілектері барын сұрап білген. Жастардың: «Ауылымызда клуб та, спорт залы да жоқ. Кешке қайда барарымызды білмейміз...» – деген ренішін естіген соң: «Өздеріңдей жастары бар Жарқын ауылының болашағы да жарқын деп санаймын. Сондықтан, алдағы уақытта сіздер үшін дене

шынықтыру-сауықтыру кешенін салдырып беремін», – деп уәде берген. Көп ұзамай, қазан айының басында ауылға құрылысшылар келіп, жергілікті орта мектеп жанындағы бос жерге жалпы аумағы 800 шаршы метр, екіқабатты дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға кірісіп кетті. Оның құрылысы бес айдың ішінде аяқталып, былтырғы наурыз айының басында пайдалануға берілді. «Бұл кешенге бюджеттен ешқандай қаржы бөлінбей, Ерік Хамзаұлының өзі іздестіріп тапқан демеушілер берген 55 миллион теңгедей қаржыға салынды. Қазір ауыл жастары бос уақыттарын сонда өткізіп, спортпен айналысады. Тіпті ауылдағы көп кісі жиналатын той-томалақтар да сол кешенде өткізіліп жүр», – деді Жарқын ауылы қарайтын Дмитриевка ауылдық округінің әкімі Талғат Есләмов бізбен кездескенде.

Шындығын айтсақ, біздің өңірде ата-ана қамқорлығынан ерте айрылған қамкөңіл балалар мен қиян түкпірдегі ауыл жастарына осындай жақсылықтар облыстың бірінші басшысы қозғау салған демеушілер есебінен бұрын-соңды жасалмапты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылғы қыркүйек айында Қызылжар өңіріне қызмет бабындағы сапары кезінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалғанына үш ай болған Ерік Сұлтановтың қолға алып жатқан істері жайлы есебін тыңдап, құптау білдірген соң жиналған жергілікті азаматтарға қарап: «Сіздерге жақсы, тәжірибелі әкім тауып бердік, әрі ол – өздеріңіздің жерлестеріңіз. Оның қолынан бәрі келеді деп ойлаймын», – деген еді. Біздің әкім Мемлекет басшысының сол жолы өзіне берген биік бағасы мен көрсеткен зор сеніміне лайықты екендігін арада өткен аз ғана уақыт ішінде атқарған игілікті істерімен дәлелдей білді.

2016 жыл

«БІР ВАГОН ЖІГІТКЕ ТҰРАТЫН АЗАМАТ»

Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігінен Даниал Ахметов Астанаға қызметі өсіп кетіп, оның орнына Қажымұрат Нағманов жаңа тағайындалған кез. Ол бір күні облыстық әкімдікте жергілікті журналистердің басын қосып, өзінің алғашқы баспасөз мәслихатын өткізді. Ортамызда «Егемен Қазақстанның» кімнің алдында тұрса да, именуді білмейтін азулы да атақты меншікті тілшісі Мәлік Мұқанов бар еді. Сол кісі әңгіме қыза бастаған сәтте өзіне тән мінезімен түйеден түскендей ғып дүңк еткізді:

– Бұрынғы әкіміміз Павлодардан бір вагон ғып өз командасын әкеліп еді, Сіз сырттан неше вагон кадр әкелесіз?

Жұрттың көкейіндегі сауалды осылай өткір қойғанына іштей разы болғанымызбен, «Жаңа басшы не жауап қайтарар екен, мұның арты қалай болар екен?» деген оймен, аңтарылып қалдық. Қажымұрат Ыбырайұлы сасқан жоқ:

– Мен бір вагон жігітке тұратын бір-ақ азаматты әкелемін. Оны кейін білесіндер, – деп келтесінен қайырды.

«Бір вагон жігітке тұратын азамат» деп әсірелей мақтауына қарағанда, шынында да, бір мықты болар», – дестік. Арада көп өтпей Қажекең облыс активіне өзінің жаңа орынбасары етіп тағайындаған керекулік Қуат Есімхановты таныстырды. Бір көргеннен-ақ кесек тұлғасына, кесек сөзіне қарап, «Қажекең ана жолы айтқан азамат осы болар» деп ұйғардық.

Қуат Есімханұлы бастапқыда шағын және орта бизнесті, ұқсату өнеркәсібін дамыту, көлік жолдарын

жөндеу және елді мекендерді көркейту мәселелерімен айналысқандықтан, біздің онымен тікелей араласуымыз сирек болды. Әйткенмен, оның іскерлігі, бастамашылдығы бірден ауызға ілініп, тез арада елге жайылды. Қажекең өзіне ертіп ала келген жалғыз адам болғандықтан, облыс әкімінің орынбасарларының арасындағы оның орны ерекше екендігі байқалып-ақ тұратын. Кезінде Даниал Ахметовке ілесіп Павлодардан келген орыс жігіті ресми бірінші орынбасар атанғанымен, іс жүзінде Қуат Есімхановтың атқаратын рөлі одан күштірек екендігі, көп мәселені сол кісі шешетіндігі жайлы сыбыр-күбір әңгімелер құлағымызға жетіп жатты. Оның өресі жоғары, тәжірибесі мол, әсіресе, ұлттық намысы биік, таным-түсінігі кең басшы екендігі облыстық әкімдікте өткізіліп жататын алқалы жиындарда анық аңғарылатын.

Қажымұрат Нағмановтың тұсында Қызылжар өңірінде атқарылған бір үлкен шаруа – тұрғындардың өздерінен артылған басы артық өнімдерін қолма-қол ақшаға сатып алып, ұқсатуды ұйымдастыру болды. Ал осы игі бастаманы тікелей жүзеге асырған Қуат Есімханұлы еді. Бұл істің мән-маңызы қаншалықты екенін, әрине, сол жиырмасыншы ғасыр соңындағы ауыртпалықтарды бастарынан өткерген көптеген ауыл адамдары жақсы біледі.

Бұл тоқсаныншы жылдары кеңшарлар тарап, мал-мүлкі талан-таражға түсіп, бір кезде қоғамдық малды бағып, егін өсіріп, отбасыларын асыраған талай ер азаматтар екі қолдарына бір күрек таба алмай, үйлеріне тығылып, шаңырақтың негізгі салмағы әйелдердің иығына түскен қилы заман еді ғой. Ауылдағы апа-қарындастарымыз, жеңгелеріміз бен келіндеріміз жазғы жауын-шашынға, қысқы боран мен аязға қарамай, таңертеңмен жолға шығып, өз бала-шағаларынан артылған майы мен сүтін аудан мен облыс орталықтарына,

тіпті пойызға отырып, сонау Ресейдің өндірісті қалаларына дейін апарып сатып, кейде санэпидстанция қызметкерлері мен милиционерлер тарапынан нелер ит-қорлықты көріп, бәріне төзіп, көз жастарын көл қылып төгіп жүретін. Сондағы бар мақсаттары – сатқан азық-түлігінен түскен шамалы қаражатқа балаларына киім-кешек, кітап-дәптер алу болатын. Қайран аналар!..

Міне, сондай сори қалың аналардың бағына облыс аудандарының бәрінде сүт өнімдерін қолма-қол ақшаға сатып алып, жинайтын кәсіпкерлер пайда болып, ауыл әйелдері күнкөріс қамымен базар жағалаған бұрынғы сергелденнен құтылып, қуанып қалды. Сөйтіп қаншама шаңыраққа қайтадан береке кірді десеңізші?! Жеке меншіктегі мал басы да біртіндеп көбейе бастады. Шал ақын ауданының орталығы – Сергеевка қаласында тоқсаныншы жылдардағы экономикалық құлдырау кезінде жабылып қалған сүт зауыты қайтадан қалпына келтіріліп, нарық заманының сұранысына сай құрғақ сүт шығара бастады. Ол да осы төңіректегі бірнеше аудан тұрғындарының басы артық сүтін күнбе-күн жинап, жақсы бағамен сатып алатын болды. Бұл зауыттың қайта ашылуы да Қажымұрат пен Қуат ағаларымыздың елге жасаған бір жақсылығы екендігіне талас жоқ.

Қазір Қызылжар қаласының бас көшесі – Қазақстан Конституциясын жергілікті тұрғындар Мәскеудің атақты Арбатынан артық көрмесе, кем көрмейді. Автокөлік жүрмейтін, ақшылт өрнектас төселген кең көшеде алаңсыз қыдырып жүрген қалалықтар легі күніге бір үзілмейді. Қалалық әкімдік алдындағы мерекелік шаралар өтетін үлкен ақ алаң да өрнектаспен көмкерілген. Көше бойына әр жерге әдемі орындықтар қойылған. Әсіресе, қарт адамдардың замандастарымен кездесіп, әңгіме-дүкен құрып, демалып отыруына ыңғайлы. Қазір қаладағы көптеген көпшілік орындардың

бәрі дерлік осындай өрнектаспен өрілген. Бұл да – Қажымұрат пен Қуат ағаларымыз бірлесіп тындырған игілікті істердің бірі. Басында көшедегі тозығы жеткен асфальт қабатты қопарып алып, оның орнына өрнектас төсеуді қолға алғанда әртүрлі пікір айтып, жаңаға жатырқай қараған кейбір қызылжарлықтар қазір өздерінің қателескендіктерін мойындап, сол кездегі облыс басшыларының есімдерін ризашылықпен еске алып жатады.

Даниал Ахметов Қызылжардағы қазақ зиялыларының өтінішіне орай Николай Погодин атындағы орыс драма театрының жанына қазақ труппасын ашып беремін деген уәдесін орындап үлгермей, қызметі жоғарылып кеткендіктен, «Енді қалай болар екен?» деген сауал көкейімізде жүрген еді. Қажымұрат Нағымановтың алғашқы баспасөз мәслихатында жаңа әкімімізге осы сұрақты көпшілік атынан мен қойған едім.

– Қазақта «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деген сөз бар. Екі театрға бір ғимарат тарлық қылады. Қазақ театры өз алдына бөлек шаңырақ құрады, – деп бірден кесіп айтқан Қажымұрат ағамызға қатты риза болып қалғанбыз. Сол уәдені жүзеге асыруға белсене атсалысқандардың бірі – Қуат Есімханұлы еді. Кейін ол әлеуметтік саланы да өз қарауына алған кезде жас театр ұжымына тікелей қамқорлығын аяған емес. Алматыдан шақыртылған жас әртістердің бәріне тұрғын үй беріліп, жергілікті биліктің қолдауынан еш кемдік көрген жоқ.

Жалпы, Қуат ағамыз өнерге өте жақын адам болып шықты. Оның кеңшар директоры кезінде ауылдағы мәдениет ошақтарына жасаған жанашырлығы үшін «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын алғандығын кейінірек естіп, қайран қалғанымыз бар.

Қуат Есімханұлы сөзге жүйрік, мақал-мәтелге жетік, сөйлегенде арқа бітіп, шабыттанып кететін нағыз шешен кісі екен. Бәрімізді ақжарқын мінезімен, орынды әзіл-қалжыңымен баурап алды. «Алды кең азамат екен!» деген, сирек айтылатын сөзді қызылжарлықтар Қуакең жайлы жиі айтатын.

Қызылжар қаласындағы қалпына келтірілген ғажап мұражай кешені – Абылайдың ақ үйін көрген сайын да менің есіме Қуат аға түседі. Өйткені, ол осынау игі істің басында тұрған ұлтжанды азаматтардың бірі екендігін ұмытуға болмайды.

Әлі есімде, жаңылмасам, 2002 жылдың көктемі болатын, бір күні облыс әкімінің орынбасары Қуат Есімханов Абылайдың ақ үйіне байланысты өлке-танушы азаматтарды, облыстық газет пен теледидардың басшыларын жинап, арнайы кеңес өткізді. Оған түрткі салған белгілі журналист Жақсыбай Самрат болып шықты. Біреулер «Қызылжарда Абылайдың ақ үйі болды деген сөз – құр аңыз ғана...» деген пікірді ұстанып, күмән туғызып тұрған шақ еді. Арамыздағы қазақ қарияларының ішінде де осындай пікір жетегінде жүргендер барлығы байқалып қалды. Бірақ, Жақсыбай өз көзқарасынан танбай: «Қызылжарда Абылайдың ақ үйі болғандығы анық, тек ол туралы тарихи құжаттарды Ресей мұрағаттарына әдейілеп барып, іздестіру керек», – деп қасқайып тұрып алды. Оның мұндай «қыңырлығы» талайларға ұнамай тұрғандығы сол арада анық сезілгенімен, Қуат Есімханұлы жиын соңында ұлтжандылығына басып, Жақсыбайдың жағына шығып, оған:

– Сен өз пікірінде қалсаң, онда Мәскеу мен Санкт-Петербургтің мұрағаттарына іссапарға барып қайт. Сол жақтан бір дерек табылып қалар. Қасыңа облыстық мұрағаттың директорын қосып жіберейін. Жолақыларыңды

өзім тауып беремін, – деп тұжырымдады. Көп кешікпей Жаксыбайлар Ресейге сапар шекті. Осылайша іздестіру жұмыстары басталып, ақыры Ресей мұрағаттарына ресми сұрау салу нәтижесінде Қызылжарда Абылай ханға арналған ағаш үй тұрғызылғандығы нақтылы тарихи құжаттармен айғақталды. Әрине, Жаксыбай ініміздің жақсы бастамасына дер кезінде Қуат ағамыз қолдау білдірмеген болса, бұл игілікті істің нешеме ай мен жылға кешеуілдеуі әбден мүмкін еді.

Сөз қадірін білетін Қуат Есімханұлы жергілікті қаламгерлерге айрықша ілтипат білдіріп, қашанда қолдап-қорғап жүретін. Белгілі журналист, «Егемен Қазақстанның» облысымыздағы меншікті тілшісі Мәлік Мұқанов мезгілсіз дүние салғанда әріптестеріміз марқұммен қоштасуды Қызылжардың орталығындағы әдетте облыс деңгейінде басшылық қызметтер атқарған, елге кеңінен танымал азаматтарды ғана ақтық сапарға айрықша құрмет рәсімімен шығарып салатын орын – бұрынғы облыстық партия комитетінің саяси ағарту үйінің үлкен ғимаратында ұйымдастыруды ұсынды. Осы жөнінде билік басындағы қайсыбір шенеуніктер әлдене деп күңкілдеп, онша құптай қоймағандарымен, кесімді сөзді Қуат Есімханов айтып, қаламгерлер өтінішін орынды деп тапты. Онымен шектелмей, батыр мінез Мәлік ағаны ерекше сыйлайтынын байқатып, барлық жерлеу, ас беру жабдықтарына өзі бас болып, үлкен жәрдем берді. Қайраткер журналистің артында қалған қаралы отбасына еш салмақ түсірмеуге тырысты. Қуакеннің осындай азаматтығына, адамгершілігіне тәнті болмаған кісі жоқ сол жолы.

Қуат Есімханұлының қазақ тілінің шын жанашыры ретінде де атқарған істері аз емес. Қала мен аудандарды аралаған сапарларында нелер беделді кеңселердің маңдайшаларындағы мемлекеттік тілде жазылған

атауларынан кате көрсе, қабағы түйіліп, қатты сынап, дереу тақтайшасын жұлғызып алдыртып, түзеткізгенін жұрт ризашылықпен әңгіме етіп, айтып отырады. Орынды жерінде қазақша бірауыз сөз білмейтін талай қазақ шенеуніктерінің де ондырмай «сыбағаларын» беріп, ұяттан жерге кірердей қылғанын көзімізбен көрдік. Қызылжардың барлық мекемелерінде апта сайын бір күн – қазақ тілі күні болып белгіленіп, сол күні елдің бәрі мемлекеттік тілімізде сөйлеуге тырысатын жаңа дәстүр пайда болған еді. Басқармалардың бастықтары облыс әкімі Қажымұрат Нағмановтың алдында қазақ тілінен сынақ тапсыра да бастап еді...

Қуат Есімханұлы Омбы қаласындағы Мағжан Жұмабаев оқыған педагогикалық училищенің қабырғасына ұлы ақынға арнап мемориалдық тақта қоюға тікелей ұйытқы болды. Осы шаһарға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жасаған үлкен сыйы – даңқты жерлесіміз, ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов ескерткішін орнатуға да жанын сала атсалысты. Қызылжардың ортасындағы көк күмбезді жаңа мешіттің алғашқы қадасын Қажымұрат пен Қуат ағаларымыз қақтырғаны да есімізде.

Кішкентайынан жетімдіктің ащы дәмін татып, қиындықта қиналса да, сыр бермей, қасарыса күресіп, намыс пен жігерін қатар шыңдап өскен қайсар жігіт өз бойына адами асыл қасиеттерді ақ сүтімен дарытқан қос анасын (Қуат аға өз шешесін де, әжесін де «аналарым» деп сөйлейді) әркез аузына алып, аруақтарына тағзым етіп, жан-жүрегі елжірей еске алып отырады екен. Оның өз аналарына деген перзенттік сүйіспеншілігі мен сағынышына толы әңгімесін теледидарға жазып алып, Қуат Есімханұлының елуге толар мерейтойы қарсаңында эфирге шығарғанымда сол хабарды көрген адамдардың тебіренбегені жоқ шығар. Аналар рухы алдындағы

нағыз перзенттік тағзым өнегесіндей еді сол хабар. Оны көріп, тындап отырып, «Қазақтың бар асыл қасиетін бойларына жиған Киелі Аналарының тәрбиесін көрген ұл ғана осындай Текті Азамат болып өсетін болар» деген ой түйгенмін.

Қуат аға Қызылжарда төрт жылдай табысты еңбек етті. Осында кеудесіне «Құрмет» ордені тағылды. Елбасының бұл марапаты Қызылжар елінің Қуат Есімханұлына деген ықылас-пейілін де дәл білдіргендей әсер еткен еді бізге.

Облысқа жаңа әкім келген 2004 жылдың басында Қуат аға әкімдікке бір шаруаммен келген мені көріп, кабинетіне кіріп сөйлесуге шақырды:

– Кетуге бел будым. Айғайласпай, жұлқыспай, абыроймен кетуді жөн көрдім... – деді бір терең толғаныспен. Ешкімге ұқсамайтын өз мінезі, ой-пікірі бар, өзінің азаматтық биігінен ешқашан төмендегісі келмейтін, ешкімнің алында иіліп-бүгілуді білмейтін өр тұлғалы жігіттің жеті рет өлшеп, бір рет кескен түпкілікті шешімі еді бұл.

Келесі күні «Бір вагон жігітке тұратын азаматпен» қимай-қимай қоштасуға тура келді. Жалғыз мен ғана емес, күллі Қызылжар елі өзінің туған ұлындай көріп кеткен Қуатын қимағаны анық.

ӘДІЛЕТТІҢ АҚ ЖОЛЫМЕН

«Сегіз ұлым – бір төбе, Ертөстігім – бір төбе» демекші, мен Қызылжар өңіріндегі бұқаралық ақпарат құралдарында басшылық қызметтер атқарған он сегіз жылдан астам уақытта облыстық сотты басқарған бірталай азаматтармен таныс-біліс болғандықтан, олардың арасында, әсіресе, Мұратғали Әкетайдың орны бөлек, шоқтығы биік деп санаймын.

Осындай тұжырым жасауыма дау тудырмас дәлелді негіз ретінде Солтүстік Қазақстан облыстық соты өз тарихында тұңғыш рет Мұратғали Абрарұлының тікелей басшылығымен 2014 жылдың қорытындысы бойынша республикалық конкурстың жеңімпазы атанып, еліміздің ең үздік соты атанғандығын айту жеткілікті сияқты. Содан бері де солтүстікқазақстандық судьялар сот төрелігін атқаруда көш басынан көрініп, мерейге бөленіп келеді.

Өңір судьяларына басшылық жасаған екі жарым жыл уақыт ішінде Мұратғали Абрарұлы ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын мемлекетшіл тұлға, алдына үлкен мақсат қойып, оған қол жеткізе білетін, өршіл де алғыр, ұйымдастырушылық қабілеті зор, жанашыл басшы, үлкенге де, кішіге де ілтипатты, жанашыр азамат ретінде танылды. Өз басым оны әділдік деген қасиетті ұғымды айрықша қастер тұтқан нағыз судья – қара қылды қақ жарған бүгінгі билердің бірі деп білемін.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетін аяқтағаннан кейін құқық қорғау органдарында еңбек жолын қатардағы қызметкер болып бастап, мансап сатысының баспалдақтарымен біртіндеп көтеріліп, әбден шыңдалған, әрі өзі

таңдаған салада мол тәжірибе жинақтап қана қоймай, одан тағылым аларлық, парасатты пайымдар түйіп, кандидаттық диссертация қорғаған заңгер-ғалым азамат 2013 жылдың соңында, «қамал алатын» 44 жасында Елбасы Жарлығымен Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы болып тағайындалған еді. Өзіне сеніп тапсырылған қай істі болсын намысқа тырысып, мінсіз-мүлтіксіз атқаруға ұмтылатын қанына сіңген қасиетімен солтүстікқазақстандық судьялардың үлкен ұжымын басқаруға да жанын сала, жалындай кіріскен іскер басшы алғашқы жылы-ақ айды аспанға шығарып, үздік нәтижелерге қол жеткізіп, Солтүстік Қазақстан облыстық соты республика соттарының ішінде бірінші орынға көтерілді. Мұндай жетістіктің сыры облыстық сотта моральдік-психологиялық ахуал жақсартылып, судьялардың сот төрелігін әділ атқарып, заңның үстемдігін қамтамасыз етуі үшін қажетті барлық жағдай жасалуымен қатар, оларға жоғары талап қойылғандығында еді. Ең бастысы – Мұратғали Әкетай басшылық жасаған уақыт ішінде облыстық соттың бірде-бір судьясы заңнан аттап, «бармақ басты, көз қысты» қылыққа ұрынғандығы үшін әшкереленіп, «парақор» деген жаманатқа ілінген жоқ. Ал облыстық сот ғимаратының табалдырығынан араша іздеп, жыламсырап аттаған талай адам одан бұл өмірде әділдік барына көз жеткізіп, жүзі жадырап, қуанып шықты. Бұл сөзіме айғақ болар нақты мысалдар аз емес.

Мәселен, бірде Мұратғали Абрарұлының қабылдауында болған петропавлдық жалғызбасты әйел өзіне облыстық деңгейдегі басшылардың бірі қиянат жасағандықтан, отбасын асырап отырған кәсіпкерлік қызметі заңсыз тоқтатылғандығын айтып, шағыныпты. «Жел болмаса, шөп басы қимылдамайды» дегендей,

тексере келгенде, қолында билігі бар шенеунік өзінің жақын адамына бәсекелестік туғызып отырған кәсіпкер келіншектен құтылу үшін нешетүрлі құйтырқыға барған болып шықты. Ақыры, оның заңды құқығы облыстық сот тарапынан қалпына келтіріліп, осыған дейін айналысып келген кәсіпкерлік қызметін одан әрі жалғастыратын болып шешілді. Осы жайлы естігенімде менің есіме тағы бір жайт түсті:

Бұдан бірнеше жыл бұрын облыстық туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігерінің орынбасары болып істейтін әйелді сол кездегі денсаулық сақтау басқармасының басшысы мен өзінің тікелей бастығы екеуі жабыла қудалап, заңды белінен баса отырып, қызметінен кетіріп тынған-ды. Бірақ, сол қарындасымыз, бәлкім, белгілі журналист болған марқұм әкесіне тартқандығынан шығар, өзіне жасалған қиянатқа төзбей, шындық іздеп шырылдап, сотқа шағымданған. Алайда, Абайдың сөзімен айтқанда, «күштілер сөз айтса, шыбындап бас изейтін» жергілікті соттардан әбден түңіліп, ақыры Жоғарғы Сотқа дейін шағымданып, әділдікті Қызылжардан емес, Астанадан тапқан еді. Тіпті Жоғарғы Сот Төрағасы мен облыстық соттың жаңа төрағасы одан ресми түрде кешірім сұрағандығы да жадымызда. Ал осы әділетсіздікке жол берген облыстық соттың бұрынғы басшысы бұдан басқа да заңсыздықтарға көзін жұма қарағандығы үшін қызметінен босатылған болатын...

Әрине, ықылым заманнан бері «алтын көрген періштелер жолдан тайып жататын» өмірде аңыздағы Аяз бидей әділ болу – айтуға ғана оңай іс. Мұратғали Абрарұлына да «ықпалды» кісілерді салып, өздері қолындағы байлығы мен жоғары жақтағы тіректеріне сеніп, заңды белден басқандықтары үшін жазадан сытылып кетуге тырысқандар да бар. Алайда, ондайлар

өз «өтініштеріне» құлақ аса қоймаған Мұратғали Әкетайды сыртынан «айтқанға көнбейтін адам екен» десіп, ұнатпай жүрген көрінеді. Әрине, төрағасы осындай «айтқанға көнбейтін адам» болмаса, Солтүстік Қазақстан облыстық соты еліміздің ең үздік соты, һәм ең әділ соты атанар ма еді, атанбас па еді?!.

Мұратғали Абрарұлының басшылық жұмыс стилінің бір ерекшелігі – ол өз қарамағындағы қызметкерлерді ынталандыру шараларын ортақ табысқа жетелейтін маңызды тетік ретінде санап, оған жете мән беріп отырады. Өткен екі жыл ішінде облыстың 57 судьясы мен 27 сот маманы мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталғандығы – соның айғағы.

Облыстық соттың төрағасы ретінде ол соттардың материалдық-техникалық жабдықталуын және судьялар мен сот мамандарының тұрмыстық жағдайларын жақсартуға да айрықша назар аударды. Соның нәтижесінде Астана күнінде соттарға – жаңа автомобильдердің, ал сот қызметкерлеріне жаңа пәтерлердің кілтін табыс ету игі дәстүрге айналды. Мұндай қуанышты сәттер басқа салтанатты шаралар кезінде де жалғасын тауып жатты.

Судья кадрларын дұрыс іріктеудің мән-маңызы зор, мұның өзі, сайып келгенде, кез келген сот қызметінің табыстылығының басты кепілі екендігін ескерген Мұратғали Абрарұлы осы бағытта облыстық сот жанынан құрылған соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі Кеңес жұмысына тиісінше мән бере білді. Құрамына Қызылжар өңірінің танымал тұлғалары – Парламент Мәжілісінің бұрынғы депутаттары, беделді заңгерлер мен журналистер, қоғам қайраткерлері енген аталмыш Кеңес мүшелерінің «батасын алмайынша» бірде-бір үміткер судьялыққа тағайындалмайтын болғандығы облыстық сот төрағасының бұл мәселедегі бұлжымас

ұстанымын көрсеткен-ді. Екі жарым жыл ішінде осындай «сүзгіден» сүрінбей өткен 10 солтүстікқазақстандық судья мантиясын киді. Олардың бәрі де – сот жүйесінде кеңсе меңгерушілері мен мамандар болып талай жыл жұмыс істеп, адал қызметімен дараланған лайықты заңгерлер.

Ұлы Абай елінде өсіп, қазақ тілінде тәлім-тәрбие алып өскен азамат мемлекеттік мәртебе алған ана тіліміздің өрісін кеңейту ісіне де ұдайы жанашырлық танытып отырды. Әсіресе, өзі басшылық еткен облыс соттарында сот ісін қазақ тілінде жүргізуге жете көңіл бөлді. Соның нәтижесінде өткен жылы өңіріміздің мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы «Мемлекеттік тілдегі үздік сот отырысы» республикалық конкурсының жеңімпазы атанды.

Мұратғали Әкетайдың тұсында облыстық соттың жұмысының барынша ашықтығы қамтамасыз етіліп, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен сындарлы байланыс орнатылды. Облыс соттарының жұмысын үздік жазып көрсетуге арналған конкурстар ұйымдастырылып, олардың жеңімпаздарына, «Орамал тон болмайды, жол болады» дегендей, мүмкіндігінше сый-құрмет көрсетілді. Осы ретте Мұратғали Абрарұлы әсіресе, қазақтілді журналистердің еңбектері елеусіз қалмауын мұқият ескеріп, солтүстік өңірдегі талай басшының бойынан табыла бермейтін ана тілімізге жанашырлығын танытқандығына кезінде талай мәрте ризашылық білдіргенбіз.

Ол облыстық соттың төрағасы ретінде қоғам назарына ілінген дау-дамайлы істердің барлығы туралы баспасөз хабарламаларын дайындатып, оларды облыстық соттың ресми сайтына салуды жолға қойды. Мұның өзі кейбір түймедейді түйедей қылып көрсетуге құмар әріптестеріміздің болған оқиғаларды бұрмалап

жазуларын тыюға мүмкіндік берді. Осындай ұтымды ұйымдастырылған жұмысы үшін облыстық соттың баспасөз қызметі былтыр Жоғарғы Сот басшылығынан жоғары баға алып, Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мұратғали Әкетайдың бастамасымен облыстық сотта өзге өңірлер соттарының ешқайсысында жоқ Баспасөз орталығы мен Оқу орталығы ашылып, олар осызаманғы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, осында тамаша безендірілген тарихи музей де ашылып, оған облысымыздың сот жүйесінің шежіресінен сыр шертетін ондаған жәдігерлер қойылды.

Мұратғали Әкетай облыстық сот ғимаратының аумағын көркейтуге де ерекше ықылас қойып, әдемі жасыл шыршалар орнатқызып, көздің жауын алатын әсем гүлдер еккізді. Облыс орталығының көпшілік серуен құрып жүретін басты көшесі – Қазақстан Конституциясы көшесінде орналасқан облыстық сот ғимаратының маңы бүгінде қала көркіне өзгеше сұлу рең беріп, құлпырып тұр.

Қазіргі алмағайып заманда жайбарақаттыққа бой алдырмауды жөн көріп, судьялардың, сот қызметкерлерінің және сот процестеріне қатысушы азаматтардың қауіпсіздігін ойлаған басшы жергілікті атқарушы органдармен келісе отырып, облыстық сот ғимаратының алдына полицияның тұрақты бекетін орнатқызды. Оның іші жайлы, қыста электр қуатымен жылытылады. Тыныштық сақшылары арнайы техникамен, радиотелефонмен жарақтандырылған.

Мұратғали Абрарұлының қайда барса да тастамай, портфеліне салып алып жүретін, ал қызметтік кабинетінде отырғанында үнемі жұмыс үстелінде тұратын бір керемет қадірлі нәрсесі бар. Ол – Абай Құнанбаевтың төбеби болып сайланған кезінде жазған «Қармола ережесі» жарық көрген «Абай» журналы. Бір сәті

түскенде осы жайлы сұрағанымда: «Әкем – Абайды көп оқыған адам. Заң факультетінде оқып жүрген кезімде, 1992 жылғы наурыз айында шыққан осы журналды қолыма ұстатып тұрып: «Данышпен Абайдың «Қарамола ережесінде» бәрі айтылған. Осыны оқып, ойыңа тоқып жүрсең, ешқашан әділеттің ақ жолынан жаңылып, жаза баспайсың, балам!» – деген еді. Әуелі Алла тағалаға, одан кейін әкеме разы перзент болғандықтан, оның айтқанын жадымнан шығарған емеспін. Өмірде қолым жеткен жетістіктерімнің бәрі де – әкемнің берген тәлім-тәрбиесінің арқасы», – деп ағынан жарылған еді Мұратғали Абрарұлы.

Ұлы Абайдың ұлағатын ұлықтап, асыл әке сөзін қастер тұтқан ол өмір бойы әділеттің ақ жолымен жүріп, адамдардан алғыс қана естіп келеді. «Жаңбырмен жер көгереді, алғыспен ер көгереді» емес пе? Жуырда Елбасы Жарлығымен Мұратғали Әкетай Ақтөбе облыстық сотының төрағасы болып тағайындалды. Аталмыш өңірде белгілі себептерге байланысты қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайдың ерекшелігін ескерсек, бұл тағайындау оған көрсетілген айрықша сенімнің белгісі екендігі анық. Сол сенімнен туындайтын орасан зор жауапкершілік жүгін нар тұлғалы азаматтың абыроймен көтеретіндігіне кәміл сенемін.

...Баяғы заманда дана бабаларымыз: «Елге бай – құт емес, би – құт», – деген екен. Қандай терең мағыналы сөз десеңізші?!

2016 жыл.

ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШІН ЖАРАЛҒАН ЖАН

Ата-анасы баласына азан шақырып жақсы ат қойса, ол өз атына лайық болуға тырысып өсетін тәрізді. Әріптес інім Жақсыбай Самратқа қарап, осындай ой түйдім.

Оның негізгі мамандығы – экономист болғанымен, бүйрегі сөз өнеріне бұра берген соң Евней Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде сырттай оқып, білімін жетілдірген. Петропавл қаласындағы автокөлік басқармасында экономист болып істей жүріп, облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетіне әңгімелер жазып, қаламының қарымын байқатқан. Күндіз есеп-шотпен әуре боп машақаттанса, кешкілік қолына жүйрік қаламын алып, шабыт құшағына берілген. «Кішкентай шаппашот» атты алғашқы әңгімелерінің біріне алғысөз жазып, балалар мен жасөспірімдердің «Ұлан» газетіне жариялануына себепші болған, былайша айтқанда, батасын берген – балалар жазушысы Толымбек Әбдірайым. Ол екеуінің шығармашылық достығы күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқандығы да – көңіл сүйінерліктей өнеге екендігін айта кетсек, артықтық етпес.

Тумысынан адалдықты ардақтап, әділдікті жақтап өскен Жақсыбай Қызылжар азаматтарының ар-намысы сынға түскен талай тағдырлы сәттерде бәз біреулерше бой тасалап, бұғып қалмай, саясат сахнасына білегін түре белсеніп шықты. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяғы – тоқсаныншы жылдарының бас кезінде теріскей өңірде ушығып тұрған ел мен жер, тіл тағдыры сияқты аса күрделі де шетін мәселелерде

қайраткерлік танытқан көрнекті көсемсөзші, жалынды журналист Мәлік Мұқановтың қасынан табылып, оған сенімді серіктес бола білді. Ұлттық намыстың жалауын желбіретіп өткен сол бір арыс ағамыздың қолдауымен Петропавл қалалық «Қазақ тілі» қоғамының хатшысы болып сайланып, саяси бағыт-бағдарын айқындады. Қазақстанның тәуелсіздігін көре алмай, қосазаматтық, қостілділік мәселелерін айқайлай көтеріп жүрген казактардың жиындарына қатысып, қарсы сөз айтып, пікірсайысқа түскен көзі ашық, намысты азаматтардың бел ортасында жүрді. Жергілікті ұлт өкілдерінің үлес салмағы өте аз өлкеде өзгелердің үстемдігін бала күнінен көріп, көңіліне түйіп, намыстанып өскендіктен болар, сол кезде ордабұзар отыздың ішіндегі Жақсыбай қажет жерінде басын бәйгеге тігуден тайсалмайтын ұлтжандылығымен, турасын тіліп айтар бірбеткей мінезімен танылған еді.

Сол жылдары қалалық «Қазақ тілі» қоғамының жанынан әдебиет, мәдениет және өнер халық университеті құрылып, оның жұмысын Жақсыбай Самрат жүргізді. Мұндағы мақсат Кеңес өкіметі тұсында ұлтсыздандыру саясатының құрбандығына шалынып кете жаздаған Қызылжар қазақтарының ұлттық сезімдерін ояту, олардың арасында ұмыт болуға айналған ұлттық құндылықтарымызды насихаттау болатын. Жақсыбайдың ұйымдастыруымен ұлы Абай, Мағжан, Бауыржан Момышұлы, жергілікті ақын Мүтәллап Қанғожин және басқа дарын иелерінің шығармашылығы туралы айына екі рет дәріс оқылып, кездесулер өткізіліп тұрды.

Осылайша Қызылжардағы ұлт мүддесі жолындағы мылтықсыз майданның алғы шебінде болған жас қайраткер Жақсыбай Самрат өзінің «Бітеу жара», «Өзгеленді бұл ғалам» атты деректі романдарына өмірлік

тәжірибе тұрғысынан алғанда үлкен дайындықпен кірісті.

Кезінде мәңгілік мызғымас қамалдай көрінген Кеңес одағын дүр сілкінткен Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі бір сәттік ашу-ызамен бұрқ ете қалған наразылық акциясы емес, ол ғасырлар бойы бодандықта болған бостандықсүйгіш халықтың бойындағы сырт көзге білінбейтін, бітеу жараның әбден ушыққан тұста кенеттен жарылуы еді. «Қаңғып келген шүрегей» бейнесімен шежіремізге енген Геннадий Колбиннің күтпеген жерден Қазақстан басшылығына тағайындалуы – сол бітеу жараның аузына әдейілеп ине сұққандай болғаны аян.

Бас кейіпкер – Еламандай ұлтжанды жастың жеке тағдыры арқылы тар жол, тайғақ кешуді басынан өткерген Қазақ елінің қасіретті шежіресінде қанды әріптермен жазылып қалған Желтоқсан көтерілісі туралы роман оның авторы – Жақсыбай Самраттың жазушылық батылдығының айғағы. Өйткені, бұған дейін қазақ әдебиетінде Дінмұхаммед Қонаев, Геннадий Колбин сынды республика басшыларының көркем образдары сомдалмағаны мәлім.

Петропавлда 2000 жылы жарық көрген «Бітеу жара» деректі романының үзіндісі сол жылы «Жұлдыз» журналында жарияланып, 2007 жылы Алматыда қайтадан басылып шықты. Кезінде аталмыш роман жайлы көрнекті ақындар, қоғам қайраткерлері Кәкімбек Салықов пен Мұхтар Шаханов және басқалар жақсы пікір білдірген.

Жазушының «Өзгеленді бұлғалам» романы – «Бітеу жарада» көтерілген тақырыптың қисынды жалғасы, Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуын Қызылжар өңіріндегі тарихи өзгерістерді тілге тиек ете отырып, шынайы баяндаған шығарма. «Шығарманы

оқу барысында мен оның басты кейіпкері Ифхат Ходжаевтай су жұқпас жылпостың болғанына көңілім сәл толмаған еді, бірақ оны толық аяқтағанда автордың бұл шешімінің өте дұрыстығына көз жеткіздім. Шынында да, тәуелсіздік алғаннан кейін рыноктық жүйедегі ашық экономика құру барысында әртүрлі формадағы жылпостар белсенді аренаға шыққан еді ғой. Капиталды қордаландырудың алғашқы кезеңінде сондай «азаматтардың» жолы болатыны бұрынғы тарихтан да белгілі. Ендеше, автордың рыноктық жүйенің қалыптасу кезеңін көркем баяндауда басты кейіпкері етіп жылпос жанды алғаны заңдылық сияқты...» – дейді романға алғысөз жазған, тарихшы ғалым Бүркітбай Аяған. Күйреген коммунистік идеологияның босаған орнын дүниеқоңыздық дерті жайлап, жеті басты айдаһардай жемқорлық аранын ашқан өтпелі заманда өзгенің басты кейіпкер болып жарытпасын, ойдан шығарылған ертегі оқырманды иландырмасын жазушы Жақсыбай жан-жүрегімен сезінген секілді...

«Өзгеленді бұл ғалам» романы сонысымен – шыншылдығымен құнды. Жұрттың көбі бүгінгі күн тақырыбын қозғауға жүректері шайлығып, көне тарихты қаузалап кеткен қазіргі кезеңде бұл роман – жазушы Жақсыбайдың тәуекелшіл мінезін тағы бір аңғартатын батыл туынды. Сондықтан да, оны Қазақстан Жазушылар одағының «Жұлдыз» әдеби журналы жерден жеті қоян тапқандай қуана жариялап жіберді.

– Кітаптың аты Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңінен алынды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары туған өңірімізде бастан кешкен қиындықтарды боямасыз, шынайы көрсетуге тырыстым. Өзіміз білетін елге ардақты тұлғаларды да осы шығармама арқау еттім. Бұл – менің асыл ағаларыма көркемсөзден тұрғызған

ескерткішім, – деп ағынан жарылған еді Жаксыбай Баянұлы романның Қызылжарда өткен тұсаукесері үстінде.

Аллаға шүкір, еліміз тәуелсіздік алғалы өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, рухани өмірімізде зор серпіліс жасалды. Ел басқарған хандарымыз бен қол бастаған батырларымыздың есімдерін түгендеп, «халық жауы» атанған арыстарымыздың артында қалған өшпес мұраларын уақыт шаңынан аршып, олардың асқақ рухымен, асыл шығармаларымен қайтадан қауышып, рухани өрлеу үстіндеміз.

Жаксыбай Самрат пен Абылайдың ақ үйінің жай-жапсарын жаксы білетін ақсақал – Кенжебек Әбішев тарихи деректерге сүйене сұхбат беріп, орынды мәселе көтерген алғашқы ақпараттық сюжетті облыстық телерадиокомпанияның тілшісі Роза Шәкенова дайындап, облыстық телевидение және «Қазақстан» ұлттық арнасы арқылы барша еліміздің телекөрермендерінің назарына ұсынған болатын. Облыстық телевидениенің басшы-қосшысы түгел сол сюжетке айрықша мән-маңыз беріп, ақ жол тілегеніміз – журналистік өміріміздегі ұмытылмас сәт ретінде есімізде сақталып қалыпты.

Жаксыбайдың 2003 жылы жазған «Абылайдың ақ үйі. Аңыз емес – ақиқат» атты мақаласы «Егемен Қазақстанның» бірінші бетіне жарияланып, үлкен қоғамдық пікір туғызды. Өзгелер ғана емес, өз ішіміздегі кейбір ағайындар да жалған намысқа басып, Қызылжарда Абылайдың ақ үйі болғандығына республикалық баспасөз арқылы дау айтып, сенімсіздік білдірген шақта тағы да ақиқатқа араша түсіп, қаламымен қарсы майдан ашқан Жаксыбай Самраттың өзі болатын.

Сөйтіп, тарихи әділдікті қалпына келтіру жолында «қисық-қыңыр мінезді жігіт» атанудан арланбаған

Жақсыбайдай қайраткер ініміздің ізденісімен қолға алынған бұл игілікті іс бірнеше жылдан соң сәтімен аяқталып, 2008 жылдың 21 тамызында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Петропавлдағы «Абылайдың ақ үйі» мұражай кешенін өз қолымен ашқаны белгілі. Осынау тамаша істің бастауында Жақсыбай Самрат тұрғаны – тарихта қалар тағылымды ақиқат, ал Жақсыбайдың өзі үшін кеудесін кернеуге де, керуге де лайық мақтаныш. Бұл – мойындамасқа болмайтын шындық!

Жақсыбай өзінің туған аулының қызғылықты тарихын, ауылдастарының өмірін әңгімеге арқау еткен «Тауағаш деген ел едік» деген кітап жазды. Тауағашта жер дауы шыққанда ауыл тағдырына жан ұшыра араласты. Туып-өскен жерін дақпырты дүрілдеп, дәурені жүріп тұрған «Голден Грейн» атты инвестор компания меншіктеп алып қойған кезде айдың-күннің ааманында басты байлығынан айрылып қалған өз ағайындарының аңқаулықтарына күйініп, жан-жүрегі езіліп, қатты қамықты. Қаладағы үйінде қол қусырып қарап отыруды құп көрмей, кейін өз-өзінен күйреп, құрып тынған инвесторсымақтың алдап-арбауына түсіп қалған ауылдастарының арасына барып, мәселенің мән-жайын түсіндіріп, іс насырға шапқанын айтып, сотқа жүгіндірді. Сот үдерісінің басы-қасында жүріп, арызданушылардың өкілі де, қорғаушысы да өзі бола білді. Ақыры, Тауағаштың жерін байырғы иелеріне қайтарып тынды. Иығынан бұл жалған дүниедегі ең бір ауыр жүк түскендей сезінді өзін сол жолы. Кіндік қаны тамған, ата-бабалары мәңгілік мекен еткен қасиетті туған жер алдындағы парызын ақтай алғанына балаша мәз боп, қатты қуанды. Түсіне білгенге бұдан зор қуаныш та жоқ шығар, әрине!

Жақсыбай бір жолы жұмыс орнындағы тікелей бастығының тәлкегіне ұшыраған оралман қарындасына да араша түсіпті. Ресейден көшіп келіп, элеваторға жұмысқа орналасқан жас бойжеткен қыз зорлықшының құшағынан сытылып шыққан қалпы, күн демей, түн демей, жаяулап-жалпылап қаша берген екен. Жоғалған қызын жанталаса іздеп, әрең тауып алған ата-анасы мән-жайды білген соң әділдігімен аты шыққан қайраткер азамат, шыншыл журналист ретінде танылған Жақсыбай Самратқа шағым айта келіпті. Жақсыбайдың араша түсуінің арқасында элеватор басшысы арызданушы қыздан кешірім сұрап, осыған дейін баспанасыз жүрген оралмандар отбасына үй сатып алуға ақша ұсынып, зорға құтылған екен. Жамандыққа жаны қас Жақаңның азаматтық тұлғасын айшықтай түсетін мұндай мысалдар аз емес.

Біздің Жақаң – міне, осындай әділдік жолында шыбын жанын шүберекке түйген, бастаған ісін соңына жеткізбей тынбайтын, қайтпас күрескер жан. «Қадалған жерінен қан алатын журналист» деген, сирек айтылатын мінездеме сөз де Жақаң сынды алған бетінен қайтпайтын алғыр да ақиқатшыл, табанды да тегеурінді әріптестерімізге қарап айтылған сияқты.

Шындық іздеп шындалған, қарымды қаламгер Жақсыбай Баянұлы 2004 жылы қазақ баспасөзінің қара шаңырағы – «Егемен Қазақстанның» шолушысы болып шыға келді. Жаңа қызмет, жаңа шығармашылық орта оның «екінші тынысын» ашып, шабытына қанат бітірген тәрізді. Қаламы ұшқыр журналист жерлесіміз бүгінде Елбасының, Үкімет басшысының қасына ілесіп, жержүзін шарлап, жолсапар материалдарын бұрқырата жазып жүр. Осындай сапарлар барысында қолы қалт еткенде барған жерінің тарихына үніліп,

айтулы тұлғаларына назар аударып, құлшына қалам тербейтіндігі де тәнті етеді. Жаксыбай көп журналистің көзіне іліне бермейтін керемет тақырыптарды кенеттен тауып алатын алғырлығымен де ерекшеленеді. Мәселен, ол Қызылжардың төл тумалары, Ұлттық ғылым академиясының бір отбасынан шыққан қос президенті болған ағалы-қарындасты Айтқожиндер туралы тамаша мақала жазып, орынды мәселе көтергені есімізде.

Шаршап-шалдығуды білмес ізденімпаздығының, еріну білмес еңбекқорлығының арқасында Жаксыбай Баянұлы 2008 жылы Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ие болып, өзінің жүзден озған жүйрік, мыңнан озған тұлпар екендігін тағы бір айғақтады.

...Иә, ол Жаксыбай десе, дегендей, жұртқа жаксылық жасау үшін жаралған жан деп білемін.

2010 жыл



Қазір бүкіл дүниежүзінің, соның ішінде өз еліміздің де басына орнаған алмағайып заманда біздің патриотизм жайлы жиірек айта бастағанымыз бекерден-бекер емес. Өйткені, даналардың данасы – тарих кез келген мемлекет сын сағатта, көне аңыздағы жер шарын көтеріп тұрған үш кит тектес өз патриоттарына ғана арқа сүйей алатындығын ақиқат ретінде баяғыда-ақ айғақтаған.

Жақында еліміздің патриоттарының форумы сегізінші рет «Мәңгілік Ел – болашағы біртұтас ел» тақырыбымен өткізілді. Оған Солтүстік Қазақстан облысы делегациясының құрамында мен де қатыстым. Осы салтанатты шара өткен елорданың «Қазақстан» Орталық концерт залында Отанға сүйіспеншілік жайлы шын жүректен шыққан, жан тебіренерлік сөздер айтылды. Бәріміз «Жыл патриоттары» байқауы жеңімпаздарының ерлікке пара-пар іс-әрекеттеріне тәнті болдық. Олардың арасынан солтүстікқазақстандықтарды көре алмағаныммен, сол сәтте менің жадыма осындай құрметті атаққа әбден лайықты жерлестерімнің есімдері еріксіз оралды...

...Облыстық «Солтүстік Қазақстан» газеті редакциясының басшысы ретінде маған кейде жұрт «қызыл директорлар» деп атайтын, бұрынғы шаруашылық басшыларының дос-жарандары келіп, олардың мерейтойларының құрметіне мадақтама мақалалар жазу жөнінде өтініш білдіріп жатады. Сондайда мен өзім үшін жаттанды болған: «Ол кісі Қызылжар ауданындағы Қазақстанның Еңбек Ері Геннадий Иванович Зенченко, немесе Ғабит Мүсірепов атындағы аудандындағы Солтүстік Қазақстан облысының

құрметті азаматы Серік Тәтібайұлы Малаев сияқты өз кеңшарын сақтай алды ма?» – деген қарсы сауалымды қоюдан жалықпаймын. Алайда, әлі күнге оған бірде-бір рет оң жауап естіп көрмеппін. Өйткені, ондай «қызыл директорлардың» көпшілігі сонау өткен ғасырдың елге үлкен ауыртпалық әкелген, тағдыршешті тоқсаныншы жылдарында өздеріне сеніп тапсырылған шаруашылықтарды нарықтық қатынастар жолына дұрыс түсіре алмай, ақыр-соңында оларды, жұрт мысқылдап айтатындай, «тек өздері үшін пайдалы түрде» банкротқа ұшыратып тынған болып шықты. Есесіне өз отбасыларының мүшелері үшін Петропавл мен Көкшетау сынды облыс орталықтарынан кең сарайдай үйлер сатып алып, «ел игілігі жолындағы ерен еңбегімен» жинаған қымбат дүние-мүліктерін жұрт көзінен жасыра, қараңғы түн ішінде бес-алты «КамАЗ-ға» тиеп алып, артынып-тартынып көшіп, талай жыл құтты қоныс еткен ауылдарынан табандарын жалтыратқан. Бірсыпырасы кейін аяқтастынан кәсіпкер болып шыға келген. Алайда, ондайлардың бизнесмен болып жарытқандары да шамалы. «Алтын алма, алғыс ал» деген аталы сөзге тоқтамай, өздері қиын кезде тағдыр тәлкегіне тастап кеткен ауылдастарының қарғысына ұшыраған, арсыз жандардың бастаған ісіне Алла тағала қайдан береке берсін?!. Ал Геннадий Зенченко мен Серік Малаев сияқты басшылар ешкімнен мақтау-мадақтау тілемейді, оларды шынайы даңқтың өзі іздеп табады. Біз, журналистер де солар сынды бейбіт күннің нағыз қаһармандарын өздеріміз іздейміз.

Сонау 1997 жылы республикалық акпарат құралдарында қызмет істейтін әріптестеріммен бірге «Зенченко және К» коммандиттік серіктестігінде болғаным әлі есімде. Сол жолы бізге өзі басқаратын

шаруашылықтың өндірістік бөлімшелерін аралатып, таныстырған Геннадий Зенченко еденінде бұрын қолданыста болған, қуаты шағын электр қозғалтқыштар қатар-қатар тізіліп жатқан кішкентай қойманы да көрсеткен еді. «Мен бұл қозғалтқыштарды өздері басқарған кеңшарлардың мал-мүлкін арсыздықпен талан-таражға салып, ұрлап-қарлаған өзімнің бұрынғы әріптестерімнен – директорлардан мүлдем арзан бағамен сатып алдым. Олар бүгінгі күнмен ғана өмір сүретін, уақытша жүрген жандар еді. Мен оларша істей алмадым. Өйткені, бұл қасиетті жерде менің туған әкем өмір бойы еңбек етті. Оның игілікті ісін жалғастыру – менің мойнымдағы перзенттік парызым. Сондықтан да еш жаққа көшіп кетпеймін. Мына ұсталынған моторшаларға келсек, олар кейін біздің мал фермамыз үшін қажет болады...» – деген еді Геннадий Иванович. Мен оның жүрекжарды сөздеріне ризашылығымды білдіріп, шаруаға тән қайратты қолын қысқанмын.

Геннадий Зенченко қазір де бірінші басшысы болып табылатын командиттік серіктестік – еліміздегі ең үздік шаруашылықтардың бірі, әрі Кеңес заманындағысымен салыстырғанда әлдеқайда бай екендігі де талас тудырмайды.

Ал Серік Малаевты мен оның осыдан отыз жылдай бұрын сол кездегі Көкшетау облысына қарасты Чистополь ауданындағы «Ковыльный» кеңшарына (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының «Ақселеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС) директор болып тағайындалған кезінен бастап білемін. Бергінде оған жолығып әңгімелескенімде Серік Тәтібайұлы жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің өтпелі кезеңіндегі қиындықтарды есіне ала келіп:

– Тоқсаныншы жылдардың басында мен шаруашылық басшысы ретінде ескі «УАЗ» машинасын мініп жүрдім. Ал менің көптеген әріптестерім сол кезде-ақ жаңа шетелік автомобильдерде шалқып жүретін. Әрине, оларды көргенде мен де пенде болған соң, өзімді іштей олқысынып, намыстаныңқырап қалатынмын. Сондықтан да бір ауа райы жайлы жылы жақсы астық жинап, тәуір табыс алғаннан кейін еңбеккерлердің жалпы жиналысын өткізіп, олардан өзіме шаруашылық директоры ретінде жаңа «Волга» сатып алуға рұқсат сұрадым. Ұжымым менің өтінішімді бірауыздан қолдады. Бірақ, үйге келгенде ауылымызда әлі күнге диірмен мен наубайхана жоқтығы есіме түсіп, райымнан қайттым. Шынымды айтсам, мұндай қадамға ішкі ар-ұятым жібермеді. Сөйтіп жаңа «Волганың» орнына диірменге қажет жаңа жабдықтар сатып алып, наубайхана да аштық. Қосымша төрт жұмыс орны құрылды. Бұған кемінде төрт адам қуанып қалды. Олармен бірге өзім де қуандым...

Бүгінде «Ақселеу» ЖШС-гі – Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның «чистополь» аймағындағы бейне бір құт-береке аралы іспетті. Онда бұрынғы әлеуметтік нысандар түгел сақталып қана қоймай, бәрі де адам танымастай жаңартылған. Серіктестіктегі орташа жалақы – облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы ең жоғарылардың бірі. Ал шаруашылық директоры осыдан бірнеше жыл бұрын тағы да өз еңбек ұжымының келісімін сұрап, жол таңдамайтын жаңа да жақсы көлік сатып алды. Өкінішке қарай, көршілес ауылдар қолдарында билігі барында өз құлқындарының қамын ғана күйттеп, мемлекеттік меншікті талан-таражға салған «қызыл директорлардың» шапқыншылығынан естерін әлі толық жинап болған жоқ...

Жоғарыда аталған форумның мінберінен КСРО күйрегеннен кейін бұрынғы одақтық мемлекетіміздің қиандысында қалған туған елімізді халқымызбен бірге көтеріп, өзінің игі істерімен қарапайым адамдардың зор құрметі мен шынайы ризашылығына бөленген нағыз патриот ретінде Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына көптеген жылы лебіздер айтылды. Ал, менің көзқарасым бойынша, Президентіміздің ең жарқын патриоттық ерлігі – елорданы Алматыдан қазіргі Астанаға көшіргендігі. Өйткені, жер жаннаты – Жетісу өңірінде туып-өскен азаматқа ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы өте қиын дағдарысты бастан өткеріп отырған сын уақытта осы, жас мемлекетіміздің тағдыры үшін аса маңызды саяси шешімді қабылдау әсте де оңайға соқпағандығы сөзсіз. Мемлекет басшысын осы үшін сол кезде өзінің кейбір жерлестері қалай өткір сынға алғандығы, тіпті бұрынғы серіктерінің қайсыбірі аяқ астынан оппозиционерге айналып шыға келгендігі жадымызда. Елбасының саяси даналығының және азаматтық ерен ерік-жігерінің арқасында қазір Астана еліміздің барша тұрғындарының айрықша мақтанышына, дүниеге жақсылық пен ізгілік нұрын шашып тұрған Еуразияның жүрегіне айналды. Бүгінде «Қазақстан», «Астана» және «Нұрсұлтан Назарбаев» деген сөздер – біз, қазақстандықтар үшін ғана емес, барша әлем жұрты үшін бір-бірінен ажырағысыз ұғымдар.

Мемлекет басшысының осындай жеке өнегесін көре отырып, өз бойындағы осалдықтар мен өмірге көзқарасыңдағы кейбір жаңсақтықтар жайлы ойланып, рухани тұрғыдан биіктеп, тазара түсесің. Алайда, өкінішке қарай, еліміздің барлық

азаматтарының бәрі бірдей, тіпті Нұрсұлтан Әбішұлының үлкен сенім артқан командасының кейбір мүшелері де өз Президентіне қарап бой түзей қоймағандығы жасырын емес. Бұған сыбайлас жемқорлыққа қатысты у-шулар тыйылмай, кейбір облыс әкімдерінің, министрлердің, агенттіктердің төрағаларының, ірі республикалық ведомстволардың басшыларының және басқа жоғары лауазым иелерінің үстерінен қылмыстық істер қозғалып жататындығы айғақ. Ал ел қазынасына қол сұққандарды халық «Арсыз адамдар» деп атайды.

Әрине, ірі шенеуніктеріміздің бәрі бірдей басты адамшылық қасиет – ар-ұяттан ада деп кінәлау әділдікке жатпайды. Олардың арасында да таза адамдар баршылық. Бұған біз олардың әдемі сөздеріне емес, атқарған игі істеріне қарап, көз жеткізіп жүрміз.

Мәселен, өз басым, біздің облыстың әкімі Ерік Сұлтановтың бастамасымен ондаған миллион теңге демеушілік қаражаттың есебінен былтыр Петропавл қаласындағы Балалар ауылында қосымша екі үй салынып, пайдалануға берілгендігін, ал биыл шалғайдағы Тимирязев ауданының Жарқын ауылында жергілікті жастардың өтінішіне орай үлкен дене шынықтыру – сауықтыру кешені ашылғандығын естігенімде таңғалдым. Басқа өңірлерді қайдам, біздің облыс үшін бұл – бұрын-соңды көрсетілмеген жомарттық. Ал табысты кәсіпкерлерден әртүрлі себеппен «жылу» жинауды білгендерімен, оны игілікті істерге жұмсай қоймайтын ықпалды шенеуніктер, соның ішінде әкімдер де болатындығы еш құпия емес қой...

«Адамдық ар адамды жақсылық іздеуге жетелеп, кейде оның жайлы да жанға жағымды болғанымен, күні өтіп, іріп-шіріп бара жатқан ескі атаулыдан бас

тартуына, сөйтіп басында жайсыз да жанға жақпайтын болып көрінгенімен, жаңаша өмір сүруге жол ашатын жаңа атаулыға ден қоюына жәрдемдеседі», – деп жазған екен ақын Александр Блок. Қалай күшті әрі терең айтылған сөз десеңізші?! Ал біздің көбімізге сонау кеңес заманындағы қалалық автобустардың салондарында көрнекі етіп ілініп қойылған: «Ар – ең жақсы бақылаушы» деген жазу жақсы таныс. Міне, соны енді бүгінгі өмір шындығына сәйкес «Ар – ең жақсы патриот» деп өзгертіп алып, кәдемізге жаратсақ, еш артықтық етпейтін тәрізді...

2015 жыл

ЕР ЖҮРЕГІ «ЕЛІМ!» ДЕП СОҚСА...

Қызмет бабымен Қызылжар өңіріндегі елді мекендерді аралап, жұртшылықпен кездесулер өткізіп, оларға Елбасымыздың жыл сайынғы Жолдаулары, туған еліміздің тәуелсіздік жылдары қол жеткізген табыстары және алда тұрған міндеттер жайлы әңгіме қозғап, пікір алысып жүремін. Сондайда ауылдар тұрғындарының еңселері түзу, көңіл күйлері жаман емес екені, әсіресе, зейнетақылары мен еңбекақылары жылдан-жылға көбейтіліп келе жатқан ардагерлердің, мұғалімдер мен медицина қызметкерлерінің бүгінгі өмірге ризашылықтары сезіліп тұрады. Халықты теңгермешілікке, жалқаулық пен масылдыққа үйретіп кеткен кешегі Кеңес өкіметі құлап тынғаннан кейін тығырыққа тіреліп, рухани күйзеліс пен тұрмыстың тауқыметін бастан өткерген жұрттың баяғы жоғары жақтан жәрдем күтіп, жаутаң қағатын мінез-құлқы мүлдем өзгеріп, әрқайсысы өзінше тірлігін жасап, күн көруге көшкені де байқалады. «Өлмеген адам тірлігін жасайды» деген осы.

Әрине, әр ауылдағы жағдай әркелкі. Іргесі сөгілмек түгіл, жаңа үйлер салынып, жылдан-жылға көркейе түскендері де бар, сонымен қатар, жұмыссыз қалған жастары қалаға ауып, олардың соңдарынан ата-аналары да бала-шағасымен шұбыра көшіп кетіп жатқандықтан, оқушыларының саны күрт кеміген мектептері қысқартуға ілініп, бастарына бұлт үйіріліп тұрғандары да аз емес. Неге бұлай?

Әлі есімізде, тоқсаныншы жылдардың басында еліміздің экономикасы нарықтық қатынастарға көшіріліп жатқан тұста Тұңғыш Президентіміз

Нұрсұлтан Назарбаев республикалық деңгейдегі үлкен жиындарда кеңшарлар мен ұжымшарлардың басшыларына сенім артып, оларды ортақ мүлікті жекешелендіру жолымен жаңа да тиімді ауылшаруашылық құрылымдарын құруға шақырған еді. Сөйтіп күні өткен жоспарлы шаруашылық жүйесі бойынша жұмыс істеп келген директорлар бірден керексіз етіліп, қызметтен қуылмай, бәріне адамшылық жасалып, олардың өндірісті жаңаша ұйымдастырып, өз іскерліктерін жаңа қырынан көрсетуіне қолайлы мүмкіндік берілген. Алайда, бұрынғы басшылардың бәрі бірдей жаңа экономикалық қатынастар жағдайында жемісті жұмыс істеуге қабілеттілік таныта алмады. Талайы жеке басының қамын күйттеген, қу құлқынының құлы боп шықты. Ондай басшысымақтардың көпшілігі өздері басқарған шаруашылықтардың малы мен техникасын қомағайлықпен талан-таражға салып, түгел құртып бітірген соң өздері де бір-ақ күнде, көбінесе түн жамыла, артынып-тартынып басқа жаққа тайып тұрғандықтары белгілі. Ауылдастарының қарғысына қалған олардың содан байып, көгеріп кеткендері де шамалы шығар, сірә?!.

Есесіне ел-жұртының ертеңін ойлап, өтпелі кезеңнің қиындықтарын көппен бірге көрген ұлы тойдай көріп, бәрін ақыл-қайратымен жеңіп, өзіне сеніп тапсырылған мемлекет мүлкін көзінің қарашығындай сақтап, ұтымды пайдаланудың жолын таба білген шаруашылық басшылары да баршылық. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, бір кезде Қазақстанның Еңбек Ері Геннадий Зенченконың қарамағында қызмет істеп, мол тәжірибе жинақтаған Еркебұлан Мәмбетов Мамлют ауданында «Мәмбетов және К» командиттік серіктестігін құрып, елеулі

табыстарға қол жеткізді. Осы серіктестікке қарайтын Меңгесер, Бексейіт ауылдарының бақтары жанып, көршілес елді мекендерге қарағанда түтіндері түзу ұшып отыр. Еркебұлан Нұрмағамбетұлы өзінің іскерлік, қайырымдылық қасиеттерінің арқасында еліміз бойынша «Жыл адамы» атанғаны да жадымызда.

Аққайың ауданындағы Дайындық ауылын айнала төңіректе болып жатқан күйзеліс пен бүліншіліктен сақтап қалған осы елдің тумасы – Біржан Шаймерденов екенін жергілікті жұрт аса ризашылықпен айтып отырады. Қаладағы әжептәуір табысты қызметін тастап, туған ауылына оралып, шаруашылықты тірелген тұйықтан шығаруға қажет бастапқы қаржы үшін өзі мініп жүрген жалғыз «темір тұлпарын» аямай сатып, жаяулап-жалпылап қалса да, еш арланбай, іс тетігін таба білген елжанды азаматтың осы бастамасы кімге болса да, ой салғандай-ау. Қазір Дайындық ауылының әсем ажары мен дүрілдеген даңқына дос сүйініп, дұшпан күйінгендей.

Міне, осындай жалқы мысалдардан мынадай жалпы ой түюге болады: әмәнда жүрегі «Елім!» деп соққан ерлер ғана тірелген тұйықтан шығар жол тауып, жұртты жақсылыққа бастайды. Өйткені, оларды өзгелерден ерекшелендіріп тұратын бір ортақ қасиет – кеуделеріндегі ар-намыс, үлкен адамгершілік, терең ақыл– парасат, шынайы отаншылдық сезім екендігі анық. Жоғарыда есімдері аталған және басқа ел қамқоры атанған абзал азаматтар – қазіргі заманның нағыз қаһармандары десем, артық айтқандық емес. Әрине, олардың елге сіңірген еңбектеріне біреулері бүгінде алып үлгерген, ал екіншілері әлі ала қоймаған атақ-марапаттарды өлшем ету әділдікке жатпас. Олар үшін ең бастысы – өздері басқаратын ұжымдарының

ризашылығы және жақсылық-шарапаттары тиген ауылдастарының алғыстары мен ақ баталары болса керек. «Жақсының аты өлмейді...» деген емес пе?!

Тәуелсіздік жылдарында көз алдымызда болған осы өмір шындығынан түйер тағылым біреу: асыл адамгершілік қасиеттерімен танылған іскер азаматтар ғана елге тірек, көпке пана бола алады.

2009 жыл





«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді»



ҚАН ТАМҒАН ҚОЛЖАЗБАЛАР

жауыздық пен жалғандық табанында тапталған сорлы
шындықтың соңғы аласұруының айғағы іспетті

Әбілқайыр Досов туралы

Көкшеден шыққан белгілі революционер-большевик Әбілқайыр Досовтың сталиндік қуғын-сүргін кезінде қандай жаламен «халық жауы» атанып ұсталып, ату жазасына кесілгендігі жайлы бұған дейін мардымды ештеңе біле алмай, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МҚК) архивтерінің бірінің тас қараңғы түкпірінде аса құпия сақталып жатқан жеке ісін жалғанның жарығына шығарар күнді көксеуші едік. Сол күн де туды, міне.

МҚК-нің Көкшетау облысы бойынша басқармасының бұрынғы бастығы Мірхайдар Раманқұловтың ұзақ іздестіруі нәтижесінде Ә. Досовтың төрт томдық жеке ісі табылып, оқып-танысудың сәті түсті. Оның екі томы 1937 жылы Әбілқайырдың үстінен қозғалған қылмыстық іс, үшіншісі 1956 жылғы ақтау құжаттары, төртіншісі – тергеушілерге өз қолымен жазып берген көрсету жазбалары екен. Бір ескерерлігі – оның жазбаша көрсетулері қылмыстық іске қосылмай, бөлек сақталғандықтан, кейін істі қайта қарау кезінде ғана табылған болып шықты. Сол қалың томды ақтарып отырғанымда талай парақтарынан тамып түскен, шашыраған, саусақ таңбалары түрінде қалған қан дақтарын (Ә. Досовтың жеке ісінің 4 томының 22-ші, 52-ші, 183-ші, 184-ші, 158-ші, 189-шы, 204-ші, 233-ші, 267-ші беттері – К. М.) көріп, қатты күмәндандым.

Тергеушілердің оны сот алдына баратын қылмыстық іске қоспай, жеке сақтауының сыры осында сияқты.

НКВД жендеттерінің тас түрмеде қазақ азаматын қанға боялғанша ұрып-соғып, неше түрлі зорлық-зомбылық жасап, өздері ойдан шығарған қылмыстарды мойындатып, жалған жауаптар беруге мәжбүр еткендігі көзге елестеп, зығырданың қайнап, тұла бойың түршігеді... Біреулер осыған дейін «Әбілқайыр тергеу үстінде шыдамай кетіп, тергеушілермен төбелесіп, оны сол жерде «үндеместер» үкімсіз атып тастаған көрінеді» деген жорамал айтып жүруші еді. Бекер сөз екен.

Бәрін де «мойындаттырыпты». «Халық жауы» екенін, антикеңестік ұлтшылдық ұйым дейтіннің басшыларының біреуі болғандығын, сол ұйым орталығының мүшесі деген жала жабылып ұсталған БОАҚ хатшысының орынбасары Н. Нұрмаков пен Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы О. Исаевтан Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс әзірлеу, партия, Кеңес активіне террорлық актілер жасау, диверсиялық-бүлдіргіштік әрекеттерді өрістету жөнінде тапсырмалар алғандығын, Қазақстанның идеологиялық-мәдени майданында контрреволюциялық қазақ ұлтшылдығы идеяларын уағыздағанын, халық шаруашылығында орасан зор бүлдірушілік жұмыс жүргізгенін... бәрін-бәрін «мойындапты».

Ә. Досовтың осындай «күнәларын» мойындатқан НКВД қызметкерлері кімдер екені де белгілі. Оны тергеген Володько мен Павлов қылмыстық істерді өз ойларынан шығарып, қолдан жасағандықтары үшін 1939 жылы сотталып, Костылев пен Сурпин органнан қуылған. Қазақ КСР НКВД-сының бөлім бастығы болып істеген Н. А. Павлов 15 жылға бас бостандығынан айырылған. Ол сот үстінде өзінің «Казахстанская правда» газетінің бұрынғы жауапты редакторы

Верховскийді кабинетте қолына қолғап киіп сабап, республика басшысы Мирзоянға қарсы көрсету алғанын мойындаған. Сондай-ақ, оның Жандарбековтерге, Байсейітовтерге, Ғ. Мүсіреповке айып тағу үшін домалақ хат ұйымдастырғандығына тұтқынға алынған Қазақ КСР прокуратурасының іс басқарушысы С. Жақсыбеков куә болған.

Ал Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариаты сегізінші бөлімінің бұрынғы қызметкері К.А.Мавлютовтың куәландыруынша, халком Залиннің кезінде тұтқындардан жауап алуда конвейерлік жүйе енгізілген. Яғни, тұтқын қашан бәрін мойнына алғанша оны тергеушілер ауысым бойынша кезектесіп тергеген. Тіпті, бір тәулікке шейін бір үзіліс жасамай, тұтқындарға ешбір демалыс пен ұйқы бермей қинаған жағдайлар жиі кездескен. Егер тұтқын екі-үш тәуліктің ішінде тергеушілерге қажетті жауапты бермейтін болса, онда оны бүкіл денесі күп болып ісініп кеткенше аяғынан тік тұрғызып қойып, ақыры өз айтқандарына көндіретін болған. Мәселен, Мирзоянды көрсеттіру үшін профессор Шонановты дәл осылай азапқа салған (3-томның 152 – 153-ші беттері).

Мұндай тамұққа кім төзсін?! Оны енгізген Л.Б.Залиннің өзі де төзбеген екен. 1938 жылы шетел барлауының агенті ретінде ұсталғаннан кейін жабық сот мәжілісінде өзінің тергеу барысында күштеп қысым көрсетудің салдарынан жалған жауаптар беруге мәжбүр болғандығын айтып ақталуға тырысқан.

Сол Залин 1937 жылғы 26 қарашада Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ә. Досовты обком пленумының үстінде бұдан бұрын ұсталған бір топ «халық жауларының» көрсетулері бойынша айыптап сөз сөйлеп, тұтқынға алып, шұғыл

түрде арнаулы конвоймен Алматыдағы НКВД-нің тергеу түрмесіне айдатып апарып қамаған.

Әбілқайыр сол жылғы 1 желтоқсаннан бастап 1938 жылдың 28 қаңтарына дейін жазбаша көрсетулер берген. Алайда, олардың мазмұны тергеушілер толтырып, тасқа басып, Ә. Досовтың қолын қойғызып алған тергеу протоколдарында бұрмаланып, айыпталушының кінәлары қоюлатылып жазылғандығы анық байқалады. Тергеуге қатысқандардың бірі – Э. В. Сурпин кейін істі қайта қарау кезінде НКВД тергеушілерінің Ә.Досовтың жазбаша көрсетулерін оның өзі жоқта протоколға өзгертіп жазғандықтарын, сосын оларды әдейі бөлек тіккендіктерін куәландырған. Ол, сондай-ақ, өздерінің Досовты ұрып-соққандықтары туралы ештеңе айтпағанымен, таққан кінәны мойындамаған өзге тұтқындарды соққыға жығу, ұйқы мен тамақтан айыру әдістері қолданылғандығын растаған (3-том, 161 – 164-беттер).

Осы жағдайларды ескере келіп, Ә. Досовтың қолжазбалары ақтаңдақтар ақиқатын толық ашпағанымен, тергеу хаттамаларындағы жауаптарына қарағанда, шындыққа сәл де болса, бір табан жақынырақ десек, жаңылыспаспыз. Меніңше, ол көрсеткен кейбір фактілердің анық болуы да ықтимал. Тек оларға тергеу кезінде саяси баға беруде Ә. Досов қысымның күштілігінен бұрынғы айқындамасынан айнуға мәжбүр болғанға ұқсайды. Өзі жазғанындай, оған «Мен осы шынында да, қателескен екенмін. Халық жауларының құрған қақпанына аңдамай түсіп қалыппын» деген ой келуі де, немесе «Неде болса, бәрін мойныма алайын. Бәлкім, сол үшін жазамды жеңілдетіп, тірі қалдырар...» деген алдамшы үміт ұялауы да мүмкін-ау.

Әйтеуір, оның қаны тамған қолжазбалары жауыздық пен жалғандықтың табанында тапталған сорлы шын-

дықтың соңғы аласұруының айғағы іспетті... Енді, солардағы кейбір деректерді сөйлетейік.

Голощекиннің асыра сілтеуі кезінде Мәскеуде істейтін қазақ қызметкерлерінің не қарекет қылғандығы хақында

...1929 жылы Мәскеудегі марксизм курсына Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің бұрынғы Төрағасы Нығмет Нұрмақов оқып жатты. Мен ол кезде БОАҚ президиумының мүшесі әрі хатшысының орынбасары болып істеймін.

Нұрмақовпен айына екі-үш рет кездесіп тұрдым. Көбінесе оның үйіне мен баратынымын. Себебі, менің Алматыда істейтіндердің ешқайсысымен жеке байланысым болмағандықтан, біздікіне ешкім келмейтін. Ал оның үйінде қашан болсын Қазақстан қызметкерлерінің біреу-міреуін, тіпті Мәскеуге жолсапармен келген халкомдарға шейін кездестіруге болатын.

1930 жылдың қаңтарының аяғында болған бір кездесуде Нұрмақов Қазақстанда масқара асыра сілтеушіліктер, бассыздықтар орын алуда деді. «Аудандардағы қазақтар ашаршылықтан шыбындай қырылып жатыр. Оңтүстікте және Алматы облысында іс мынаған дейін жеткен. Қыстыгүні қазақтарға бір мыңдай киіз үй тіктіріп, бәрін нөмірлеп, әр көшеге партия көсемдерінің, соның ішінде Голощекиннің, Құрамысовтың, Исаевтың есімдерін бергізген», – деді. Осыны естігенде ашуға булығып, партияның Орталық Комитетіне (ОК) хабарлайық деген ұсыныс айттым. Нұрмақов мырс етіп күлді де: «Одан ештеңе шықпайды. Саған сене қояр деймісің. Егер ОК-ға жазсаң, ондағылар

әуелі Голощекиннен сұрайды, ал ол қазақ эмигранттары біздегі қиыншылықтарды әсірелеп көрсетіп отыр, жұмыс істеуімізге кедергі келтіруде деп жауап береді де, тағы да кемінде жарты жыл қызмет істейді», – деді. Бұған қоса, Қазақстандағы заңсыздықтар мен зорлық-зомбылықтар туралы фактілерді жинастырып жатқандығын, жинап болған соң ғана ОК-ға хабарлауға болатынын айтты. Мен онымен келістім. Кешікпей мені Башкирияға ұзақ жолмерзімді жолсапарға жіберді.

Содан сәуір айында бір-ақ оралып, Мәскеуге келісімен тағы бір кеште Нұрмақовтың үйіне барып жолықтым. «Фактілер жинап қойдың ба?» – деп сұрадым. Ол: «Иә, артығымен жетеді. Бірақ, ОК-ға жазуды қажетсіз деп санаймын» – деді. Сосын өзінің менімен көптен бері сөйлескісі келіп жүргенін айтып, әңгімені Мәскеудегі қазақ қызметкерлері Қазақстанға қайтып оралуы қажет деген сөзден бастады. «Бұл тек Голощекин бастаған өлкелік басшылық коллективтендіру, астық, ет дайындау мәселелерінде ірі саяси сәтсіздікке ұшыраған жағдайда ғана мүмкін болмақ. Тек сонда ғана ОК оларды орындарынан алып, бізді жібереді. Ал біз барған соң жағдайды түзетеміз», – деді. «Қазақстан шаруашылық және мәдени құрылыста көршілес республикалардан көп артта қалып қойды. Қазақтардың бар байлығы саналатын мал тұяғы қалмауға айналды», – деп бірсыпыра мысалдар келтірді. Солардың ішінен есімде қалғаны: жуырда Алматыда өзіне таныс бірнеше артисті аштықтан бір мекеменің аттарын ұрлағандықтары үшін қамауға алыпты.

Нұрмақов екеуміздің арамызда бұрынғы қазақ қызметкерлерінің билік басына келу әдісі турасында келіспеушілік болды. Мен мәселені былай қойдым: «Елге оралуымыз үшін саяси, шаруашылық сипаттағы бүлдірушілікпен айналысуымыз қажет пе?» – дедім.

Екіншіден, қателіктерді шұғыл түзетудің орнына одан сайын ұлғайту халықтың Кеңес өкіметіне, колхоз құрылысына наразылығын туғызбай ма? Үшіншіден, халықты бұрынғыдан бетер қайыршыландырамыз. Осылардың салдарынан көтерілістер бұрқ ете түсуі мүмкін, ал оларға жол беруге болмайды», – дедім. Нұрмақов мені былайша иландырды: «Бәрібір, асыра сілтеушіліктер орын алды. Не айтсаң да Голощекин оған құлақ аспайды. Ауылда ет дайындау жоспарын орындауға мал басы жетіспейтінін, ал Шет ауданының өмірі егін егіп көрмеген көшпелі қазақтарына астық салығын салып отырғандықтан, олар қолдарындағы бар малын арзанға сатып, түскен пұлына астық сатып алып, мемлекетке өткізуге мәжбүр болғандығын айтып көрші, онда бұл есерсоқтар сені партиядан шығарып, оңшыл троцкистерге жатқызып, онымен де қоймай, түрмеге апарып тығады. Шындықты айтқан адамдарды, аупарткомдардың хатшыларын осылайша топ-тобымен партиядан шығарып жатыр. Халықтың ашынуына келсек, жаяу қалған, аш-жалаңаш жұрт көтеріліс жасай қоймас, ал егер кей жерлерде ондай бас көтерулер бола қалса, онда олар туралы ОК біліп, қазіргі өлкелік басшылықты біздермен алмастырады», – деді. Маған оның пікірі дұрыс көрінді (4-том, 1-4, 14-21-беттер).

...1932 жылы сәуір айының шамасында мен тағы да жолсапардан келісімен кешке Нұрмақовтың үйіне бардым. М.Орынбаев, Ә.Лекеров, Ғ.Тоғжанов, М.Тәтімов, Ә.Өтекин жиналып отыр екен. Дәлізде шешініп жатқанымда Нұрмақовтың: «Оңбаған неме, оның қандай шаруасы бар еді?» – деп жекігенін естідім. Байқасам, отырғандар тәп-тәуір ішіп, қызып алғанға ұқсайды. Орынбаевқа: «О не?» – дедім. Ол: «Нұрмақов Төреғожинді сөгіп жатыр», – деді. Сөйтсем, Алматыда

ет дайындау жоспарына байланысты өлкелік комитет мал санын анықтау жөнінде Исаев басқарған комиссия құрыпты. Осы комиссияға 3. Төрегожин Қазақстанда қазір шамамен 4 – 4,5 миллион ғана мал қалды деген мәлімет әкеліпті. Ал Исаевтың комиссиясы әлі де 14 – 15 миллионға жуық мал бар деп көрсеткен. Осыған орай Төрегожин Исаевқа: «Бұл қалай?...» – деген екен. Ол сасыңқырап қалып: «Өлкелік комитеттің анықтап отырған цифры одан да үлкен, 21 миллионға жуық», – депті. Сосын бюрода өзінің комиссия мәліметін баяндайтынын айтып, Төрегожинге: «Сен өз цифрынды айт», – деп кеңес беріпті. Бюрода Төрегожин мықтап таяқ жепті.

Орынбаев өлкелік комитеттің бюросында не әңгіме болғандығын егжей-тегжейлі әңгімелеп берді. Лекеров оның Алматы облысының бір ауданында болған көтерілісті басуға қатысып, өрескел қателік жасағаны үшін кінә тақты. Ол есімін ел білетін қазақ қызметкерлері көтерілістерді басуға қатыспауға тиісті, мұндай жағдайларда Жангелдин, Сейфуллин, Мендешевтер сияқты ара ағайын рөлін атқарғаны жөн деді. Орынбаевты бәріміз де кінәладық.

Нұрмақов Алматыдағы қызметкерлер өлкелік комитетті саяси беделден айыру бағытын ұстанып, ОК алдында абыройсыздыққа ұшырату үшін мынадай шараларды қолдануын ұсынды:

1. Өлкелік комитеттің өзі ұсынып отырғанындай, коллективтендіруді күшейту керек. Оған қарсыласудан еш пайда жоқ.

2. Елден ауа көшу көбейіп барады. Халық көршілес облыстарға қарай босып жатыр. Ал халық бостан-бос қырылмауы және оларға Мәскеуде назар аударуы үшін босқындарға Сібір, Самара, Саратов, Сталинград губернияларына, Орал жаққа қарай бағыт алуға кеңес

беру керек. Біріншіден, бұл жерлерден олар нан таба алады. Екіншіден, көршілес облыстардағылар көңіл аударады. Нұрмақов Калининнен Самара обкомының хатшысы Әйхенің ОК-ға Қазақстандағы жағдай туралы хат жазғандығын естіпті.

3. Қазір асыра сілтеуге қарсыласудан келер еш пайда жоқ. Кадрлардан текке айырылып қаламыз, оларды партиядан шығарып жібереді. Мәселен, Төреғожиннің айтқан сөзін тыңдаған кім бар? Олай істесек, бізді де ақымақ қылады.

4. Ең бастысы – халықты сақтау болмақ. Қазақтар көтеріліске шыққан жерлерде қазақ қызметкерлері бітімші болып, ірі оқиғаларға жол бермеуі керек. Себебі қан текке төгіледі.

Тәтімов екеуміз Нұрмақовқа қолдау білдірдік. Лекеров: «Қазақтар Ресейде босқа құриды, одан да оларды Өзбекстан мен Қырғызстанға қарай көшіру керек. Тектес халықтар емес пе, күнкөрістері жеңілдеу тиер. Ал Самараның мұжығы аш қазақ ұрлықпен айналысса, желкесінен түймей ме?» – деді. Тәтімов Степнякта күн сайын жиырма-отыздан аштан өліп жатқан қазақтар қоқыстағы қалдықтарды теріп жүретіндігін, асханалардың жуынды төгетін жерлерінде тізіліп кезекте тұратындығын хабарлады.

Орынбаев Нұрмақов пен маған: «Мәскеуде отыр-сыңдар, үлкен адамдармен араласып жүрсіндер, бірақ, солардың біреуін Қазақстандағы жағдайды барып көруге жіберуге шамаларың келмеуі қалай?!» – деген кінә тақты.

«Ауа көшу бағытын қалай жүзеге асырамыз?» деген сауал түсті. Елге барып өзіміз ұйымдастыру мүмкін болмағандықтан, екі жолды таңдадық. Біріншісі – аудандық қызметкерлер арқылы. Екіншісі – халық жиналып қалған станциялардан өтіп бара

жатқанда қай-қайсымыз болсын жұртқа Ресейде нан арзан екен, солай қарай көшіндер деп кеңес беруіміз қажет. Ол жаққа, әсіресе Семей, Петропавл, Қостанай, Орал губернияларының қазақтарын жіберу аса қиынға соқпайды.

Содан кейін отырысқа қатысушылар маған ОК аппаратында (1930–1933 жылдары Ә. Досов БК (б) П Орталық Комитетінің жауапты нұсқаушысы болып істеген – К. М.) ұлты басқа нұсқаушылар арқылы Қазақстандағы жағдай жайлы пікір туғызуды тапсырды. Нұрмақов бұған пессимистік тұрғыдан қарап, бізге бәрібір сенбейді деді. Мен бұл тапсырманы табандылықпен орындадым. Сольцтің Қазақстанға бару сапарына ОК мен Орталық Бақылау Комиссиясының аппаратында қалыптасқан қоғамдық пікір елеулі әсер етті.

Бір жолы, 1932 жылдың басында, Нұрмақовқа кеше Сәбит Мұқановты көргенімді, одан Шығыс Қазақстан облысында адам жеу оқиғалары болғандығын естігенімді, соған орай бұл факті туралы ОК-нің кадр бөлімінің меңгерушісі Ежовқа хабарлап, Кагановичтің атына Қазақстандағы жағдай, жаппай көшіп кетушілік, аштық, асыра сілтеу туралы баяндаған тілхат жазып тапсырғанымды айттым. Нұрмақов: «Бекер істеген екенсің, бұдан ештеңе де шықпайды», – деп бір-ақ кесті. Лекеров мені қолдады. «ОК-ға дәл қазір жазу керек. Оған қоса, жергілікті жерлердегі аудандық қызметкерлер мен колхозшылардың, тұрғындардың атынан Сталин, Каганович, Молотовтардың атына арыз ұйымдастыру керек», – деді. Сол жерде біреу Орджоникидзенің атына жазу керек деді. Тоғжанов па, әлде Өтекин бе, қайсысы екені есімде жоқ. Мәскеудегі қазақ студенттерінің көңілкүйлері жоқтығын, елдегі ата-аналарынан хат алып, кейбіреулері оқуларын

тастап кетіп жатқандығын айтып, солардың атынан да арыз ұйымдастыру керек деді.

1932 жылғы қарашада Нұрмақовтың үйінде болып, жағдайды сұрағанымда ол негізгі мақсат орындалды деуге болатынын, қазақтардың қазір Самарада ғана емес, Ленинградта да кездесетіндігін мәлім етті. Бірақ, біздің адамдар орындарында қала алмауда. Белгілі Токжігітовты партиядан шығарып, түрмеге отырғызды деді (4-том, 23-36, 313-беттер).

Қазақ қызметкерлерінің бірлігі жайында

1933 жылы көктемде менің Мәскеудегі үйіме соңғы рет қонақ шақырылып, сауда академиясында оқитын Әлкей Өтекиннің үйлену тойы болды.

Тойға Нұрмақов, Рысқұлов, Құлымбетов, Исаев келді. Біраз ішкеннен кейін әрбір адам сөз сөйледі. Бірінші болып Құлымбетовке сөз берілді. Ол: «Қазақстан жаңа жолға түсті, – деп мәлімдеді. – Ендігі міндет – бірігуде. Қазір Қазақстандағы қазақтар және Қазақстаннан шеттегі қазақтар деп бөлінудің қажеті жоқ. Өйткені, Қазақстанның жағдайы өте қиын. Сондықтан, бұрынғы қазақ қызметкерлері (Мәскеудегілерді солай атаған көрінеді – К. М.) Алматыға оралуға, білек біріктіре жұмыс істеуге, топшылдық және өзімшілдік пиғылдарды ысырып тастауға тиісті. Осындай ниет болса, елге оралу жөнінде қашан болсын келісуге болады». Оның сөзіне жұрт қостау білдірді.

Сосын Исаевқа сөз берілді. Ол Құлымбетовтың пікірін құптап: «Біздің ақсақал Қазақстанның алдында тұрған қиыншылықтарды жеңу жолында бүкіл қазақтар бірігуі қажет», – деді. «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дер, өспес елдің баласы бірін-бірі қатын дер». Әлі күнге біздің арамызда бір-бірімізді түсініспеушілік

бар. Қазақ халқының кейбір кезеңдерін бағалауда жаңылысып жүрміз. Бұл біздің кез келгенімізге тән болуы мүмкін. Бірақ, басты мәселе – Қазақстанның өткенінде емес, келешегінде екендігі бәрімізді де толғандыруға тиіс. Қытайды бірлігі болмағаны үшін ғана бәрі ренжітеді. Өйткені, онда лидерлер көп, провинциялық сұмпайы топтар көп. Біз қытайлықтар емеспіз, бізге жекелеген сұмпайы топтарға бөлінудің қажеті жоқ. Асыра сілтеу, ауа көшу, ашаршылық біздің бәрімізді біріктіруге тиіс. Бүгін тек ынтымақтасуға ықылас білдіру ғана керек. Ал мен оған дайынмын», – деді. Жұрт оған қол соқты.

Содан кейін Рысқұлов сөйледі. Ол: «Исаев дұрыс айтады. Біз қытайлықтар емеспіз. Біздің халқымыз қытай емес. Біздің арамыздағы бүгінгі жақындасу алдағы ынтымақты жұмысымызға жол ашуға тиіс. Мен қазақ халқының игілігі үшін барлық күштерді біріктіруді жан-тәніммен жақтаймын», – деп мәлімдеп, Қазақстанда және Қазақстаннан тыс жерлерде жұмыс істейтін бүкіл қазақтардың бірлігі үшін тост көтерді.

Рысқұловтан кейін Нұрмақов сөйледі. «Бірігу туралы ой әр кезде менің идеям болды. Бірақ, кейбір тұлғалардың кінәсінен кешігіп қалдық. Сол үшін күллі қазақ халқы шеккен зардап аз емес. Әйткенмен, ештен де кеш жақсы. Ең алдымен, біз өзімізді күйзеліске ұшыраған қазақ халқының мұң-мүддесі біріктіретіндігін есте ұстауымыз шарт. Ал өзгесі – екінші кезектегі мәселе деп білемін», – дей келіп: «Тек қана біздің қырсығымыздан зардап шеккен қазақ халқы үшін», – деп тост көтертті.

Осы арада менің қасыма Өтекин келді. Мен оған: «Сенің үйлену тойың бүкілқазақстандық саяси үйлену тойына айналды ғой, тек кімнің күйеу жігіт, кімнің

қалыңдық екенін түсінбей отырмын», – деп әзілдедім. Өтекин: «Ал қайсысы құда?» – деп қоса қағытты. Қалжыңымызды Исаевтың құлағы шалып қалып, бізге бұрылып: «Немене, біздің сыбағамызды беріп жатырсыңдар ма?» – деді. Мен Исаевқа арамызда отырған екі орысты – бір әйел, бір еркекті – Өтекиннің қалыңдығының туыстарын нұсқап: «Бұлардың және Өтекиннің алдында ыңғайсыз емес пе, сыпайылық үшін болсын соларға арнап біреу-міреу тост көтерсе ғой», – деп құлаққағыс қылдым. Исаев іле орнынан тұрып, күйеу мен қалыңдық үшін тост көтеруді ұсынды.

Содан кейін бәріміз ескі ауылды, ертедегі үйлену тойларын, тағы басқа жайларды еске алдық. Осы мезетте Нұрмақов Құлымбетовке қарап: «Ұзеке, 21-ші жылы юстиция халкомы болып тұрған кезімде сені қалай құтқарып қалғаным есінде ме, әлде, ұмыттың ба?» – деді. Сол-ақ екен, екеуінің арасында жанжал туды. Құлымбетов: «Онымен не айтқың келеді?» – деп Нұрмақовқа тап берді. Рысқұлов Нұрмақовтың қылығына реніш білдіріп, бірден кетіп қалды. Исаев екеуміз Нұрмақов пен Құлымбетовты сабырға шақырып, үгіттей бастадық. Келесі күні Өтекиннен жанжал басылғанын, ақыры Нұрмақов Құлымбетовтен кешірім сұрап құтылғанын естідім (4-том, 37 – 40-беттер).

Асылбеков айтқан қазақтың саны:

...Асылбеков Қазақстанның болашағына сенбейтінін білдірді. «Мирзоян келді деп бекер қуанасыңдар. Голощекин келгенде де қуанғанбыз... Қазақ халқының шашылып қалған сүйегінің үстінде отырып несіне мәз боласыңдар?! Халық күйзеліске ұшырап, 6 миллион қазақтың тең жартысы қалды. Өлгендерді ешқандай басшылық тірілте алмайды. Осының бәріне тек

Голощекин мен Құрамысов кінәлі ме? Мұнда Мәскеудің өкілдері бастағы шаштан да көп қой», – деді. (4-том, 185-бет).

Голощекиннің Петропавлда болуы жөнінде

1929 жылдың аяғында Нұрмақовтың үйінде болғанымда мынадай әңгіме естідім. Голощекин жуырда Петропавлға барып, активті жинапты. Онда жергілікті қызметкерлер үндемей отырыпты. Голощекиннің баяндамасы бойынша Қазақстанға жұмысқа келген орыс қызметкерлері – «мыңшылар» сөз сөйлепті. Олар өлкелік комитеттің саясаты өздеріне түсініксіз екендігін, ешқашан егін егіп көрмеген қазақтарға астық салығы неліктен салынатындығын сұрап, аштық туралы айтыпты. Сонда Голощекин: «Елге астық керек, ал қиыншылық кезде құрбандықсыз болмайды», – депті (4-том, 41-бет).

Исаев және бесеудің хаты хақында

Нұрмақов: «Ж. Сәдуақасов азамат екен. Ол Кахяниді жақсылап үгіттеп, өлкелік комитет бюросы ішіне сына қақты. Исаевта да жақсылық жағына қарай толқу бар. Қазір оны Сәдуақасов Кахянимен бірлесіп қимыл жасауға итермелеуде. Негізінен, Исаев бұрынғыға қарағанда дұрыс ойлайтын болыпты. Бірақ, батылы жетпей, балалар арқылы әрекет етуде. Оның көмекшісі және бірнеше жастар өлкелік комитет бюросына хат жолдапты. Оны құрастырып, өңдеген Исаевтың өзі екен. Голощекин осы жайлы Исаевқа күдікпен қараса да, жанжалдасуға бара алмаған көрінеді», – деп Исаевтың айқындамасына үмітпен қарайтындығын білдірді. (4-том, 36-бет).

...1935 жылы мен «Социалистік Қазақстанның» редакторы Ғ. Мүсіреповпен әңгімелестім. Ол біздің Ақтөбеге (бұл кезде Ә. Досов Ақтөбе обкомының бірінші хатшысы еді. – К. М.) көктемгі егіс науқанына өкіл болып келген еді. Қостанайдан шығып, Торғайға бара жатқан жол үстінде ол өзінің қазақ жастары тобы дейтіннің мүшесі болғандығын, өзі, Қуанышев және біреулер (аты-жөндері есімде жоқ) ауылдардағы 1931 жылғы жағдай туралы өлкелік комитетке өтініш (әйгілі бесеудің хаты екендігі кәміл – К. М.) түсіргендіктерін айтты.

Соның алдында олар Исаевпен бірнеше рет сөйлесіпті. Өздері жазған өтінішті Исаевқа апарып көрсеткенде ол алғашқы тексін жарамсыз деп санап, бірқатар түзетулер енгізіпті. сосын бұлар өтінішті тапсырмас бұрын Исаевтың алдына өздеріне зардап тию-тимуе мәселесін қойыпты. Исаев: «Сендерге ешқандай қатер төніп тұрған жоқ», – деп кепілдік беріпті (4-том, 262-бет).

* * *

Революциядан кейін өрістетілген тап күресінің қайнаған ортасынан шығып, компартия идеяларына шексіз берілген большевик Ә. Досовтың қазақ халқына сіңірген еңбектері жайлы бұған дейін талай жазылды. Алайда, Әбілқайыр өз партияластарымен бірге Сталиннің өктемдік саясатының сойылын соғысып, талай қателіктерге ұрынғандығы да анық. Мәселен, ол өзінің тергеуде көрсеткеніндей, БК(б)П Орталық Комитетіне ұсынылған байларды тәркілеу жобасының алғашқы авторы болғандығын мақтаныш еткендігі байқалады (4-том, 241-бет). Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысында «халық жауларын» әшкерелеу

науканына білек сыбана кірісіп, обкомның екінші хатшысы Таганскийдің қарсылығына қарамастан, әсіресе, қазақ қызметкерлерін жаппай қуғын-сүргінге салған. Оларды арашалауға тырысқан Таганскийдің өзін Мирзоянға айтып, орнына алуға әрекеттенген (4-том, 290-291 беттер). Ақыры Сталиннің қанды құрығына одан бұрын іліккен.

1938 жылғы 8 наурызда Алматы қаласында болған КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының жабық сот мәжілісі Ә. Досовтың қылмыстық ісін небәрі он бес минут уақыт ішінде қарап бітіріп, оған соңғы сөз берген. Әбілқайыр соңғы сөзінде өзінің «халық жауы» Нұрмақовтың қақпанына түсіп қалғанын айтқан және сотқа Исаевты контрреволюциялық ұйымның мүшесі деп есептейтіндігін мәлімдеген. Әзәзілдер: «Исаевты көрсетсең, тірі қаласың...» – деп азғырды ма екен, кім білсін. Бірақ, Әбілқайыр өзінің ату жазасына кесілгендігін сот үкімі оқылғанда бір-ақ білген тәрізді. Үкім сол күні орындалған. Көп кешікпей, 31 мамырда О. Исаев та тұтқынға алынған...

Осылайша зұлымдық империясы талай қазақ большевиктерінің де басын жұтып тынды. Әлде, оларды кезінде өз қолдарымен ұстап берген нелер арыс заматтардың аруағы атты ма екен?.. Мәселен, Ә. Досов өз өмірбаянында жазғанындай, 1921 жылы Омбыдағы қазақ комитетін күшпен қуып таратып, оның белді мүшесі болған ақын Мағжан Жұмабаевты тұтқындауға қатысқан екен. Ал Мағжан соның алдында оларды «Сендер қазақ халқын сатып кеттіңдер» деп айыптаған екен...

...Бәрі де қазақтың басы бірікпегендігінің қырсығы да...

Жоғарыда келтірілген деректердің қаншалықты дәлдігін тарихшылар таразылай жатар. Біздіңше, бұл үшін қуғын-сүргін жылдарында нақақтан күйдірілген көрнекті қазақ зиялыларының, белгілі мемлекет қайраткерлерінің, партия, Кеңес қызметкерлерінің Мәскеудегі МҚК архивінде сақталып жатқан жеке істерінің барлығын кешеуілдетпей Алматыға алдырып, Қазақстан Ғылым академиясына тапсыру қажеттігі сөзсіз. Олардың тәуелсіз Қазақ елінің шынайы шежіресін жазу ісіндегі мән-маңызы айрықша болмағы күмәнсіз.

1992 жыл



КЕҢ БОЛСАҚ, КЕМ БОЛМАЙМЫЗ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының жақында болған XV сессиясында жасаған «Ұлттық бірлік – біздің стратегиялық таңдауымыз» деген тақырыптағы баяндамасында:

«Ұлыстың ұйытқысы болған қымбатты қандастарым, құрметті қазақ бауырларым!

Бүгінде дүниежүзінде 200-ге таяу мемлекет бар. Ал 3 мыңға жуық этностың өзіндік ұлттық мемлекеті жоқ. Біз ата-бабаларымыздың аңсар-арманына қол жеткізіп, мыңжылдықтың түйіскен тоғысында тәуелсіз мемлекет құрдық.

Біз, қазақтар, араға ғасырлар салып өз жерімізде алғаш рет еркін тыныстап, еңсе тіктедік. Қазақ тілі өркен жайып, балаларымыз ана тілінде тәрбие алып келеді.

Тағдырдың жазуымен, тарихтың талқысымен қазақ жерін паналаған түрлі этнос өкілдерімен бірге ортақ Отанымызды көркейту жолында аянбай тер төгудеміз. Олар біздің қиын кезеңде, сын сағатта көрсеткен қамқорлығымызға риясыз алғысын айтып келеді.

Дәуір алмасып, заман өзгерді. Қазір байырғы қазақ жерінде жаңа азаматтық қоғам қалыптасуда. ХХІ ғасырда қазақтар мемлекет құраушы ұлт ретінде жаңа белеске көтеріліп, Қазақстан халқының берік өзегіне, сенімді дінгегіне айналуға.

Бұл ретте тағы бір айта кететінім – Қазақстанның тәуелсіздігінің болашағы үшін, өсіп-өркендеуі үшін, нығаюы үшін қазақтың – өзіміздің ұлттың бірлігі керек. Егер бәріміз жармасайық билікке деп жан-жаққа кететін болсақ, осы тәуелсіздіктен, еркіндіктен айырылатын боламыз. Мен мұны әдейілеп айтып отырмын.

Қазақ халқы өзіне жүктелген аса маңызды жауапкершілікті сезіне отырып, бұл тарихи миссияны абыроймен атқарып шығады деп сенемін», – деп, бізге, қазақ ұлтына айрықша сөз арнады. Қазіргі әлемдік дағдарыс бұлты әлі сейілмей, түнеріп тұрған қилы заманда бекерден-бекер айтылмаған, терең мағыналы сөз бұл. Ол туған еліміздің бүгінгі бейбіт те берекелі тірлігі баянды, болашағы бұдан да бақуатты болсын деп тілейтін саналы азаматтарды ойландырмай қоймайды.

Бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығаратын бірлік біздің Қызылжар өңіріндегі қатары онша қалың емес қандас ағайындар үшін де ауадай қажет. Өйткені, Елбасымыздың айтқанындай, дәуір алмасып, заман өзгергенін, қазақтардың қазір өз елінде мемлекет құраушы ұлт болып отырғанын әлі де болса бәріміз бірдей жете түсіне бермейміз. Баяғы Кеңес өкіметі тұсындағы, өз елі мен өз жерінде отырып, өзін зор санамай, қор санаған ескі отарлық көзқарастың салқыны әлі де оқта-текте сезіліп қалады.

Мәселен, менің қала мен ауылдағы ағайындармен кездесулерімнің барысында Петропавлдың атауын Қызылжар етіп өзгерту, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, қазақ мектептері мен сыныптарын ашу төңірегінде өткір сұрақтар қойылып, кейде тіпті ұшқары пікірлер де айтылып жатады. «Қаладағы орыс мектептерінде қазақ сыныптарын ашқанша, орталықтағы бір орыс мектебін мүлдем жауып тастап, оның ғимаратын пайдаланып, жаңадан тағы бір таза қазақ мектебін неге ұйымдастырмасқа? Қашанғы басқаларға жалтақтай бермекпіз?» – деушілер де кездесіп қалады. Осылайша қызбалыққа салынған қандастарымызды ұдайы сабырға шақыруға тура келеді.

Расында да, «Сабыр түбі – сары алтын» екендігін ел тәуелсіздігі қолымызға тиген 18 жылдай мерзім соқырға

таяқ ұстатқандай ұғындырды емес пе?! Қай саланы алсақ та, Елбасының жүргізіп келе жатқан мемлекеттік саясатының, еліміздегі этносаралық татулық пен ынтымақ-бірліктің арқасында тоқсаныншы жылдардағы құлдырауды тоқтатып, қайтадан өркендеу жолына түскеніміз аңғарылады. Президентіміз келешекті көрегендікпен болжап, дер кезінде құрған Ұлттық қор қазіргі әлемдік қаржы дағдарысы кезінде ел игілігіне жұмсалып, уақыт сынына сыр бермей, сүрінбей алға ұмтылып, көңілге үміт ұялататын соны жоспарлар құруымызға, жаңа индустрияландыру бағытына бет түзеуімізге қажетті мүмкіндік берді. Үстіміздегі жылғы «Жол картасы» бағдарламасының шарапаты көптеген қалалар мен ауылдарға тиіп, олардағы тозығы жеткен әлеуметтік нысандар жөндеуден өткізіліп, талай кедір-бұдыр жолдар түзетілді, мыңдаған адам жұмысқа орналасып, қосымша табыс тапты. Осындай орасан зор ауқымдағы жұмыс келесі жылы жалғасын табатындығы да сүйінішті жайт.

Кеңес өкіметі тұсында кілең басқа ұлт өкілдері басқарып келген Солтүстік Қазақстан облысындағы билік тізгіні Тәуелсіздік жылдары тұңғыш рет қазақ азаматтарына да берілді. Бұған қоса, жергілікті өкімет органдарын басқарып жүрген білімді де билікті қазақ азаматтары аз еместігін де айтқан жөн. Кеңес өкіметі тұсындағымен салыстырғанда кадр саясатындағы жағдай түбегейлі өзгергені сөзсіз. Әрине, қолдарынан іс келетін басқа ұлттардың өкілдері де биліктен шеттетіліп жатқан жоқ. Осыған қарап-ақ заманның түзелгендігін байқауға болады. Алайда, билік қолымызға тиді екен деп, заңды белден басып, баяғы большевиктерше революциялық өзгерістер жасасақ, үлкен даудамайға, этносаралық кикілжіңдерге ұрынуымыз ықтимал. Көршілес кейбір елдерде орын алған қанды

қақтығыстардан Қазақстанымызды Құдай сақтасын деп тілейік. Сондықтан да, барлық мәселені асығып-аптықпай, заңды жолымен біртіндеп шешкеніміз абал. Солай шешіп те келеміз.

Тәубе дейік, Қызылжар өңірінде бір кездегі коммунистік идеологияның асыра сілтеушілігінің салдарынан бітеліп қала жаздаған ана тіліміздің бұлағының көзі қайта ашылып, арнасы жылдан-жылға кеңейіп келеді. Петропавл қаласында Тәуелсіздікке дейін небәрі бір-ақ қазақ мектеп-интернаты қызмет істеген болса, қазір алты білім ордасы балаларымызды ана тілінде оқытып жатыр. Оларда орын жетпегендектен, облыс әкімінің тапсырмасымен былтырдан бастап қаладағы 6 орыс мектебінде қазақ сыныптары ашылды. Ал «Бір орыс мектебін жауып, оның орнына таза қазақ мектебін ашқан дұрыс еді», – деген ұшқары пікір айтушылар осыны айтпас бұрын өздерін бір сәтке сол мектепте баласы оқитын ата-аналардың орнына қойып, ойланып көрулері керек еді. Кім өзін біреудің күштімсініп ығыстырғанын, құқығын аяққа басқанын ұнатады? Қазақстан Конституциясы бойынша барлық азаматтар тең құқылы ғой. Оны бұрмалауға Ата заңымыздың кепілі – Елбасымыздың ешқашан жол бермейтіні аян. Сондықтан, алдағы уақытта да этносаралық қатынастарды шиеленістіріп жіберетін шалыс қадамдар жасауға итермелеушілер шыға қалса, ондайларды дереу ақылға шақырып, сабаларына уақтылы түсіріп отырғанымыз жөн.

Өңіріміздегі жер-су атаулары да тарихи әділет, бүгінгі жаңа заман талабына сай ың-шыңсыз өзгертіліп жатыр. Былтыр тоғыз елді мекеннің, биыл тағы он ауылдың атауы қазақшаланды. Дегенмен, күні өтіп ескірген, бір кезде бұрмаланып жазылып кеткен атаулар әлі де жетерлік. Бірақ, олардың бәрі бір күнде бір-

ақ бұйрықпен шешілмейтінін, қолданыстағы заңға сәйкес демократиялық тұрғыда, көпшілік ұйғарымымен шешілетінін ескергеніміз ләзім. Мәселен, қазақ зиялылары, әсіресе, ана тілімізде шығатын республикалық басылымдар Петропавлдың атауын Қызылжар етіп өзгерту қажеттігі жөнінде дүркін-дүркін сөз қылып, біздің намысымызды қамшылап, сынмен түйреп жүргені мәлім. Осы орайда Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада өткен жылғы 29 мамырда бір топ қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларымен болған кездесуінде: «Еліміздің зиялы қауымы біраздан бері Петропавл, Павлодар секілді кейбір қалалардың атауларын да өзгертсек деген ұсыныстар айтып жүр. Ленинграл, Сталинград, Ульяновск секілді қалалар, басқа да жер аттары өзгеріп жатқанда бұл да орынды ұсыныс шығар. Жергілікті әкімдіктермен, мәслихат депутаттарымен ойласып көру керек. Бұл да елмен бірлесіп, ақылдасып шешетін мәселе», – деп өз пікірін білдірген болатын («Егемен Қазақстан» газеті, 31 мамыр, 2008 жыл). Президентіміздің атап айтқанындай, бұл зиялы қауым, жергілікті билік басындағы азаматтар, халық қалаулылары, жұртшылық өкілдері бірлесіп ақылдасып шешетін мәселе.

Бұл ретте қызылжарлық зиялы қауым, басшы қазақ азаматтары түк бітірмей отыр деп кінә тағуға болмас. Айталық, ондаған мың жанкүйері бар жергілікті футбол командасының аты биыл «Қызылжар» деп өзгертілгені белгілі. Облыстық теледидарда «Сәлем, Қызылжар!» бағдарламасы бірнеше жылдан бері жүріп жатыр. Қалалық қазақ газетінің атауы – «Қызылжар нұры». Бұрынғы «Краснояр» ансамблі – қазір «Қызылжар» ансамблі... Қызылжар атауы осылайша жан-жақты насихатталып жатқанын жақсылық нышанына жорыық. Оның үстіне 1925 жылы Петропавл қаласының атауы

Қызылжар болып өзгертілгені, оны Қазақ Орталық Атқару Комитеті бекіткені, сөйтіп бірнеше ай бойы қала ресми түрде Қызылжар атанғаны тарихтан белгілі. Алайда, кейін осы жөніндегі ұсынысты Мәскеудегі Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті әкімшілік комиссиясының қызметкерлері қолдамай, әрі қарай бекітуге жібермей, жолын кесіп тастағаны мәлім. Демек, облысымыздың орталығының қазіргі тәуелсіз де зайырлы мемлекетімізге жараспайтын діни атауы күндердің күнінде тағы да қаралып, Қызылжар болып қайтадан өзгертілетінінен үміт үзбелік. Тек осы көп болып ақылдасуды қажет ететін мәселені шешуде де тым асығыстық жасамай, сабыр сақтай білейік, ағайын! Өйткені, ерте ме, кеш пе – әр нәрсенің өз уақыты, өз сәті болады.

Халқымыз «Кең болсаң, кем болмайсың» дейді. Қазақтың кеңпейіліне сай Алла тағала біздің елімізге кең-байтақ жер, сол жердің асты-үстіне өлшеусіз зор байлық бергені аян. Біздің ата-аналарымыз сталиндік репрессия жылдарында Қазақстанға жер аударылып келген ондаған ұлтар мен ұлыстар өкілдеріне еш қызғаныш пен іштарлық көрсетпей, бәрін де бауырға тартып, бір үзім нанын бөліп жесіп, нағыз қайырымдылық өнегесін танытқан. Осындай мәрт мінез бүгінгі ұрпақ – біздің бойымыздан да табылса игі. Жай емес, мемлекетқұраушы ұлт екенімізді әрдайым есімізде ұстап, өзгелердің құқығына құрметпен қарауға, ешкімді кемсітпей, бәрін де өзімізбен тең ұстауға тиіспіз. Сонда ғана қасиетті жерімізден құт-береке арылмай, тату-тәтті тірлік кеше береріміз хақ.

Ассамблея мәжілісінде сөз сөйлеген Қазақстан корейлері ассоциациясы президентінің орынбасары, тарих ғылымының докторы Георгий Кан: «Токиода болған бір сапарымда маған: «Қазақстанда 130 этностың

тату-тәтті өмір сүруінің себебі неде?» – деген сұрақ қойылды. Мен ол сұраққа Қазақстандағы қазіргі өмір сүріп жатқан этностардың көбісі зорлықпен көшіріліп әкелінген, сөйтіп, этностық құрам түрлі стрестік жағдайлардың себебінен құралған. Сол кездерде қазақ халқы өзіне тән жылы шырайы мен кеңпейілін көрсетіп, бәріне де көмек қолын созған, бәрінің де тірі қалуына көмектескен дедім. Осы жауаптан кейін сұрақ берушілер маған: «Бәрі де түсінікті», – дейтін болды. Міне, біз осыны ұмытпауымыз керек. Біз қазақ халқына ризамыз, өте ризамыз! Осыны қайталаудан біз шаршамайық, қайталаудан намаз бұзылмайды, сенім күшейе түседі», – деді.

Қай ұлттық диаспораны алсаңыз да, араларында Георгий Канша ойлайтын азаматтар жетерлік бүгінде. Солардың бірі – Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Елена Косенкова қаладағы орыс мектебін бітірген соң қазақ филологиясы факультетіне оқуға түсіп, болашақ ғұмырын біздің ана тілімізге арнапты. Ол Ассамблеяда орыс-қазақ тілдерінде бір мүдірмей сөйлеген сөзінде еліміздің жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқытуды төменгі курстармен шектемей, оқу соңына дейін үзбей үйретуді ұсынды. Сонда ғана қазақ тілінің тілдік ортасы қалыптасады деп түйді өз сөзін Елена.

«Еңкейгенге еңкей – әкеңнен қалған күл емес...» дейді халқымыз. Міне, осындай түрі басқа болса да, тілегі бір парасатты азаматтарды ардақтай, өзімізге де, өзгелерге өнеге тұта білуіміз қажет. Олар барда еліміздегі этносаралық сыйластық пен ынтымақтастық тіні үзілмесі анық.

ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫН ЖАҢҒЫРТА БАСТАДЫ

Жуырда Қазақстан халқы Ассамблеясы Астана қаласында өткізген Қоғамдық келісім кеңестерінің қызметін үйлестіруге арналған республикалық семинардан көкейге біраз ой түйіп оралдым. Мәселен, аталмыш жиында сөз алған Қазақстан халқы Оңтүстік Қазақстан облыстық ассамблеясының өкілі түстік өңірде Қоғамдық келісім кеңестері ауылдық жерлерде билер алқасы түрінде құрылып, ойдағыдай қызмет істеп жатқандығынан жан-жақты хабардар етті. «Осыдан біраз уақыт бұрын бір ауылда тұратын бауырлас екі этнос жастарының арасында тұрмыстық негізде жанжал шығып, соңы төбелеске ұласқандықтан, жарақат алып, ауруханаға түскендер болды. Бұл аяқастынан туындаған кикілжіңге жергілікті билер алқасының мүшелері дереу араласып, екі жақты тез арада бітімге келтірді. Кінәлілер ат-шапан айыптарын төлеп, кешірім сұрап, татуласып тынды. Әйтпегенде, полицияға арыз жазылып, жастық қызбалықпен бір-біріне жұдырық ала жүгіргендер сотталып кететін еді. Мұның өзі, әсіресе, оң мен солын әлі жете танып үлгермеген жеткіншек балалары түрмеге тоғытылған ата-аналардың жүректеріне ауыр қайғы салып, этносаралық араздық одан сайын шиеленісе түсуі мүмкін еді. Билер алқасы, міне, осындай үлкен қауіптің алдын алып, баяғының билерінше ара ағайындық міндетті абыроймен атқары білді», – деді ол. Сосын оған: «Ауылдарыңыздың билері аудандық мәслихаттардың депутаттары мен ауылдық округтердің әкімдері белгілі себептермен өз аудандарының басшыларына тура айтудан тайсақтайтын өзекті мәселелерді көтере алып

жүр ме?» – деген «құйтырқылау» сауал қойылып, іле: «Әрине! Мысалға, біздің бір аудандағы сумен қамтамасыз ету жүйесі кезінде жекешелендіріліп кеткендіктен, оның жұмысы жұрт көңілінен шықпай, реніш көбейіп тұр еді. Осы мәселені өзге емес, билер алқасы аудан әкімінің алдында батыл көтеріп, соның нәтижесінде тұрғындарды сумен қамтамасыз ететін мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын құрылды», – деген нық жауап естідік.

Иә, ана тіліміз бен ата салт-дәстүріміздің қаймағы бұзылмай сақталған, қазағы қалың қасиетті өңір – Оңтүстік Қазақстан облысында билер алқалары құрылып, баяғы замандағы дала демократиясын жаңаша жаңғыртып жатқан сияқты. Осынау игі бастамаға ұйытқы болған – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Оның ел өңірлерінде Қоғамдық келісім кеңестерін құру туралы ұсынысына орай оңтүстікқазақстандықтар жергілікті тұрғындардың ділдік ерекшелігін ескере отырып, Қазақ елінің ежелгі халықтық билік органы болып саналатын билер институтын бүгінгі заманға үйлестіре жаңғыртуы – көкейге қонымды өнеге. Билер алқасы мүшелері де, оның төрағасы ретіндегі төбеби де ауылдағы ең беделді адамдардың арасынан таңдалып сайланады екен. Олардың ішінде ақсақалдар мен қарасақалдар да, келешегінен үміт күттіретін жастар да бар болып шықты. Ал қазақтармен қатар, басқа ұлттық диаспоралар да қоныстанған елді мекендерде билер алқасының құрамында барлық этностардың өкілдері болуы қажеттігі де ескерілетін көрінеді. Сондықтан да «Барлық ауылдық округтерде ардагерлер кеңестері жұмыс істейтіндіктен, мұндай қоғамдық құрылымның қажеті қанша?» деген пікір – жаңсақтық. Шынтуайтында, ардагерлер кеңестеріне қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға атсалысу сияқты бірталай маңызды жарғылық

міндеттер жүктелгенімен, күнделікті тіршілікте олардың атқаратын негізгі шаруасы – мұқтаждық көріп жүрген қарттарға қамқорлық жасау екендігі мәлім. Елге беретінін беріп, бүгінде құрмет төрінде отырған ақсақалдардан ауылдағы ірілі-ұсақты мәселелердің бәріне араласып, кейде жергілікті әкімқаралардың жіберген міндерін беттеріне басатындай айрықша белсенділік күтудің өзі қисынсыз емес пе?! «Қарттық – қуаныш емес» деп орыс халқы айтпақшы, ардагер ағаларымыз өздерінің «базардан қайтқан жандар» екенін кейде сөз арасында мойындап айтып қоятындығын естіп жүрміз. Ал билер алқасының мүшелері «базардың нағыз қайнаған ортасында жүргендер» болып табылатындығы шүбәсіз. Сондықтан да барлық деңгейдегі мәслихаттарға «ауыздарына ие бола білетін», «қой аузынан шөп алмайтын момындарды» сайлауды ұнататын жергілікті әкімдердің «сүзгісінен» өтіп барып, сайланған депутаттардың айтуға дәті бармайтын кейбір көкейкесті мәселелерді солардың ғана көтере алатындығына күмән келтіруге болмас. Ал дана халқымыз «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деп бекер айтпаған болар...

Осы орайда ескермей болмайтын бір жайт: жоғарыда айтылған республикалық семинарға арнайы шақырылған белгілі қоғам қайраткері Мұрат Әбенov жуырда ел бойынша жүргізілген арнайы сауалдама оған қатысқандардың басым бөлігін ең әуелі – әлеуметтік әділетсіздік көріністері, сосын – сыбайлас жемқорлықтың кемімей тұрғандығы толғандыратындығын, ал өздерінің әл-ауқатының жағдайын үшінші орынға қоятындықтарын көрсеткендігін жария етті. «Біз керісінше болатын шығар деп күткен едік», – деді ол. Осы ретте Оңтүстік Қазақстан облысындағы билер алқалары сияқты Қоғамдық келісім кеңестері қоғамымызда әлеуметтік әділдік орнатуға, сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейтуге өзіндік ықпалын тигізбей қоймасы кәміл.

Семинарға қатысушылар алдында сөз сөйлеген Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов:

– Қазақстан халқы Ассамблеясын және оның облыстық бөлімшелерін құрған кезде «Осындай құрылымның қажеті бар ма? Әсіресе, қазағы қалың өңірлерде оның қажеті қанша?» – деген сын айтып, қарсы шыққан зиялы қауым өкілдері, тіпті есімдері елге белгілі профессорлар да болған еді. Арада өткен уақыт Елбасымыздың көрегендігін айғақтап берді. Қазір Ассамблеяның атқарып отырған рөлін ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл жөнінде қазір қоғамымызда толық түсіністік бар деуге болады. Кейінгі бір жарым жыл уақыт ішінде ғана бізге 20 мемлекеттің делегациялары келіп, еліміздегі этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтауда жинақтаған тәжірибемізбен танысқандығы да соның айғағы. Сол сияқты, алдағы уақытта Қоғамдық келісім кеңестері де өздерінің өміршендігін көрсететіндігіне сенімдіміз. Алайда, олардың маңызын әзірше өңірлердің бәрі бірдей жете түсініп болған жоқ, – деп ашық айтты. Расында да, семинарға қатысушылардан сұрастырып білгенімізде Қоғамдық келісім кеңестерінің жұмысына барлық жерде бірдей тиісінше мән беріліп отырмағандығы аңғарылды. Кей облыстарда, соның ішінде біздің Қызылжар өңірінде де облыстық ассамблея жанынан ғана Қоғамдық келісім кеңесі құрылған болып шықты. Ал кей облыстарда, керісінше, аудандық Қоғамдық келісім кеңестері ғана бар көрінеді. Олардың ішінде қағаз жүзінде болмаса, іс жүзінде ештеңе тындыра қоймағандары барлығы да жасырын емес...

Бүгінгі алмағайып заманда жан-жағымызда және өз ішімізде не болып, нендей теріс үрдістер белең алып бара жатқанын пайымдап қарасақ, Қоғамдық келісім кеңестері әр облысқа ғана емес, әр аудан мен ауылдық округке де керектігіне көз жеткізу қиын емес. «Ауруын жасырған өледі» демекші, 130 этнос өкілдері тұратын, тіпті таза қазақ ауылдарының өздерінде руға, одан қалды атаға бөлінушілік дерті бар елде өмір сүріп жатқанымызды жасырудың еш қажеті жоқ. Осындай нақты өмір шындығымен санасып, алыстағы ауылдан бастап, барлық деңгейде әділдік пен теңдікті сақтауға тырыссақ, мұның өзі, түптеп келгенде, тұтастай ел бірлігін нығайтуға өлшеусіз үлес болып қосылары даусыз.

2014 жыл



Бірін-бірі сүйіп қосылған жастарға үйлену тойы үстінде үлкендер жағы ақ тілектерін ақтара келіп: «Үй болған соң шыныаяқ сылдырламай тұрмайды. Сондықтан бір-біріңе кешірімді болындар!..» деп жатады. Байыбына барсақ, өмір шындығынан алынған даналық сөз бұл. Түйткілі таусылмайтын тұрмыстағы сәл-пәл нәрсеге бола ерлі-зайыптылар бір-біріне қабақ шытысып, өзара ұрсысып-керісіп жатса, ондай отбасында береке бола ма?! Жас жұбайларға сабыр мен төзім жетіспесе, талай шаңырақтың ортасына түсетінін көріп жүрміз. Ал кез келген мемлекет те бір үлкен шаңырақ іспетті емес пе? Оның үстіне Алланың жазуымен көптеген этностар өкілдері ортақ мекен еткен қара шаңырағымыз – Қазақстанның жағдайында халықтың бірлігі мен ынтымағын нығайтып, бүгінгідей қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнату – айтуға ғана оңай ұлы іс. Бұл орайда Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының және оның өңірлік құрылымдарының аткарып келе жатқан алуан қырлы қызметінің мән-маңызы зор.

Әділдік пен теңдік бар қоғамда ғана тұрақтылық пен орнықты даму болатындығы – әлмисақтан белгілі ақиқат. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп!». Осындай мағынасы терең өсиет қалдырып, ұлтымызды әлемдік ауқымдағы кеңпейілділікке үндеген Абай сынды ұлы ойшылын ардақ тұтқан қазақ халқы қилы заманда қанға сіңген мәрт мінезінен танбай, қуғын-сүргінге ұшыраған талай этнос өкілдерін құшақ жая қарсы алып, қолындағы бір үзім нанын бөліп жесіп,

бір шаңырақтың астында тату-тәтті күн кешкен. Ата-бабамыз аңсаған азаттық таңы атқанда да тәубесінен жаңылмай, ел мен жер иесі енді бізбіз деп, «өзінде бармен көзге ұрмай», тар заманда тағдырын сеніп тапсырған Елбасының ешкімді бөліп-жармай, бір атаның баласындай ұйымшылдық пен бірлік танытуға шақырған аталы сөзін қабыл алып, ақыл мен парасат биігінен көріне білді. Мемлекет басшысының елімізді мекендеген ұлт пен ұлыстардың баршасының өз ана тілі мен мәдениетін өркендетуіне мүмкіндік туғызып, оларға тең құқық беру жөніндегі «жеті рет өлшеп, бір рет кескен» түбегейлі шешіміне шынайы түсіністікпен қолдау көрсетті.

Міне, сондықтан да бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы мен облыстық ассамблеялардың қамқорлығы аясында жер-жердегі барлық этнос өкілдері өздерінің этномәдени бірлестіктерін құрып, ана тілдерін үйреніп, ұлттық салт-дәстүрлерін қайтадан жаңғыртып, рухани өсіп-өрлеу үстінде. Барлық этнос арасындағы өзара сыйластық құдіретті күшке айналып, Қазақстанымыздың әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан ойып орын алуына себін тигізді. Енді ең мықты отыз мемлекеттің бірі атанып, «Мәңгілік Ел» болу мұратын көздеп отырмыз.

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады... Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде біз елімізді ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ деп атайтын боламыз», – деп атап көрсетті.

Тәубе: қазақтар саны қазір барлық тұрғындарының небәрі 34 пайызын құрап отырған біздің Солтүстік Қазақстан облысында да көңілге үлкен үміт ұялататын бетбұрыс жүріп жатыр. Оған облыстық білім басқармасынан алынған мынадай деректер айғақ: 1990 – 1991 оқу жылында облыстағы қазақ балаларының 25-ақ проценті өз ана тілінде білім алған болса, қазір бұл көрсеткіш 65 проценттен асты. 94 қазақ ауылында Кеңес өкіметі тұсында жабылып, орыс тілінде оқытуға көшірілген бұрынғы қазақ мектептері қалпына келтірілді. Петропавл қаласында бұрын қазақ тілінде білім беретін жалғыз-ақ облыстық мектеп-интернат болса, қазір облыс орталығында мемлекеттік тілде оқытатын 6 орта білім мекемесі бар. Бұған қоса, тағы 15 орыс мектебінде қазақ сыныптары ашылып, олар аралас мектептерге айналдырылды. Облыс бойынша үстіміздегі оқу жылында басқа этностардың 293 баласы қазақ мектептерінде оқып жүр. Ал осындай, бүгінде мақтанышпен айтуға болатын жетістіктерге қол жеткізу іс жүзінде оңайға түспегенін қазір біреу білсе, біреу біле бермейді.

Сонау 1990 жылы Петропавлда «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті белсенділері қаладағы орыс мектептерінің жанынан алғаш рет қазақ сыныптарын аштырамыз деп бастама көтеріп, сол жылы мектеп табалдырығын аттайтын балалары бар 80 қазақ отбасын тізімге алып, үй жағалап үгіт жүргізген-ді. Сонда жиырма шақты ата-ана: «Қазақ тілі кімге керек? Орыс тілін білмейтін адам ертең нан таба алмай, далада қалады. Біз баламызды орыс тілінде оқытамыз», – деп бір-ақ қайырып, есіктерін тарс жапқан. Рәшит Бәдірленов, Мүтәллап Қанғожин, Мәлік Мұқанов, Зейнолла Әкімжанов, Өмір Есқали, Жақсыбай Самрат сынды есімдері республикаға белгілі журналистердің және

басқа ұлтжанды азаматтардың жанайқайы саналарына сәуле түсірген алпыс шақты ата-ана сол жылы мектепке баратын қарадомалақтарын қазақ сыныбына беруге уәде еткен. Алайда, көпшілігі сөздерінде тұрмай, ақыры күзде 20 мыңдай қазағы бар шаһардан ана тілінде білім алуға шын ықылас білдірген небәрі 15-ақ отбасы табылған. Сөйтіп, қаладағы №3 орыс мектебінің жанынан 15 қазақ баласының басын әрең қосқан алғашқы қазақ сыныбы ашылған еді.

Кейінірек Қызылжар қазақтарының өтінішімен көрнекті жазушы, жерлесіміз Сафуан Шаймерденовтің Үкімет алдында мәселе көтеруінің арқасында Петропавлдың дәл орталығында 360 орындық қазақ классикалық гимназиясының қабырғасы қаланған болатын. 1996 жылы ашылған бұл білім ордасындағы оқушылар саны он шақты жылдың ішінде 1 мыңнан асып, оқу үдерісін екі ауысымға көшіруге тура келді. «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының ұйытқы болуымен аталмыш гимназияға жуырда Үкімет қаулысымен Сафуан Шаймерденов есімі берілді.

Осынау оң өзгерістердің басы-қасында 1989 жылы құрылған «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының белсенділері де болып, ортақ іске өз үлестерін қосып келеді. Филиалдың алғашқы төрағасы болып белгілі ақын, тележурналист Мүтәллап Қанғожин сайланған. 1991 жылы ол өзінің денсаулық жағдайына байланысты бұл қоғамдық ұйымның басшылық тізгінін Қызылжар өңіріне танымал басшылардың бірі болған Қ. Омаровқа тапсырған. Қосыл Әбдірахманұлы филиалды 14 жылдай басқарып, өтпелі кезеңнің қиын жылдарына қарамастан, облыста ана тіліміздің өрісін барынша кеңейтуге аянбай атсалысты. 2005 – 2007 жылдары филиал төрағалығы міндетін

белгілі қоғам қайраткері, жазушы, журналист, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Жарасбай Сүлейменов атқарды.

1993 жылы облыстық әкімдіктің жанынан мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік орган – облыстық тіл басқармасы құрылып, жұмыс істей бастағандықтан, «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымының қызметіне өзгеріс енгізіліп, қосарластыққа жол бермеу қарастырылды. Соған орай қоғамдық ұйым ретінде филиалды қаржыландыру тоқтатылды. Дегенмен, «Қазақ тілі» қоғамының белсенділері Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының құрамында өздерінің қоғамдық негіздегі қызметін жалғастырып, Қызылжар өңірінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, ономастика мәселелерін ойдағыдай шешуге оң ықпалын тигізіп, әрдайым қоғамдағы саяси тұрақтылық пен этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға барынша күш салып келеді.

Петропавлдың қазақтары кейінгі кезде тағы бір жаңа орта мектеп салу мәселесін көтеріп жүр. Ал Ғабит Мүсірепов атындағы және Тайынша аудандарының орталықтарында 1991 жылы жабылған компартияның аудандық комитеттерінің тар ғимараттарында ашылған әрқайсысы 110 орындық қазақ мектептерінде қазіргі таңда 400-ден астам оқушы үш ауысыммен оқуға мәжбүр болып жүр. Қызылжар ауданындағы «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша жаңадан салынған Бәйтерек ауылының 320 баласы аталмыш елді мекенде мектеп болмағандықтан, аудан орталығы – Бескөл ауылына арнайы бөлінген автобустармен күнде қатынап оқып, қиындық көріп келеді. Шал ақын ауданындағы Қаратал және Айыртау ауданындағы Бірлестік ауылдарының оқушылары да өте тар мектептерде екі ауысыммен білім алуда. Біздің елімізге де салқынын тигізіп тұрған әлемдік

экономикадағы бүгінгі таңдағы күрделі жағдай түзеліп, қазынамыз молая түскен кезде бұл көкейкесті мәселелер де оңынан шешіледі деп сенеміз.

Иә, біз ұлы Абай айтқандай, ақырын жүріп, анық басып келеміз, еңбегіміз далаға кетіп жатқан жоқ. Елбасымыздың «Алдымен – экономика, содан кейін – саясат» деген ұстанымының көрегендігіне қазіргі алмағайып заман шындығы көзімізді анық жеткізіп отыр. Ең бастысы – ел бірлігі екенін, ал бірлік бар жерде береке де болатынын, бәрі де біртіндеп өз орнына келетінін тәуелсіз еліміздің жиырма үш жылдық тарихы айқын көрсетіп берді. Біздің жолымыз – шынында да, Нұрлы Жол, Мәңгілік Ел жолы.

2015 жыл



«ТІЛ ТАС ЖАРАДЫ...»

Жуырда біздің «Солтүстік Қазақстан» газетінің редакциясына өзім аса құрметтейтін ақсақалдардың бірі келіп, жазған мақаласын ұсынды. Оның мазмұнына қысқаша тоқталып, шымбайына батқан жайды да ашына айтты: баяғыда бір кеңшарда директор болған зейнеткер азамат өз өмірі жайлы жазған кітабында рушылдықты қоздыратын сөздерге барып, әркімге тіл тигізген екен. «Нанбасаң, өзің оқып көр», – деп, сол кітапты үстелімнің үстіне қойды.

– Аға, мына кітаптың таралымы небәрі 50-ақ дана екен. Енді сондағы келеңсіз жайлар туралы Сіздің мақалаңызды мыңдаған данамен шығатын облыстық газетке жариялап, жалпақ жұртқа жаюдың қисыны бар ма? «Қотырды қаси берсе, жараға айналады» деген ғой... Одан да кітапта жала жабылған азаматтардың көзі тірілері мен дүниеден озғандарының балалары – бәріңіз жиналып, авторды сотқа бермейсіздер ме? – дедім. Ағамыз кезінде аудан басқарған, облыста басшылық қызметте болған көшелі кісі еді. Сәл ойланып қалды да: «Сенікі де жөн екен...» – деді.

«Ауруын жасырған өледі» демекші, ел ішінде руға, оның ішінде атаға бөлінушілік баяғыдан бар кесел екендігі белгілі. Президентіміз бұл жөнінде «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында: «Қазақтың ішкі тұтастығын бұзғысы келетін рушылдық, жершілдік әңгімемен ел бірлігін бүлдіргісі келетін күштердің пайда болуы Елбасы ретінде мені алаңдатпай қоймайды. Ондай жымысқы ниеттілердің айқайына құлақ асып, айтағына ілескен жан әр атаның

шежіресін әспеттеп, әр жакқа тартқанын аңдамай қалуы мүмкін.

Ру мен тайпаға бөліну – ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі. Қазақ шежіресінің түпкі мәнін ұмытпау керек, алып дарактың бұтақтары сияқты күллі рулардың түбін қуа келгенде, барлығы бір ғана ұлы тамырға – қазақ деген ұлтқа барып тіреледі.

Қай шежірені алып қарасаңыз да, ол қазақтың бірлігін, тұтастығын әйгілейді. Шежіре – қазақты бөлшектейтін емес, керісінше, біріктіретін ұғым. Барша адамзаттың Адаматадан басталатыны сияқты, бүкіл қазақтың шежіре атаулысы Атам қазақтан бастау алатынын әрбір қазақ жүрегінің төрінде ұстауға тиіс.

Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ», – деп ашық айтты.

Сондықтан да, біз, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, руға, жерге бөлінушілік дертімен көп болып күресуіміз қажет. Мұның өзі бұрын «Бөлшекте де, билей бер» деген қағидат ұстанған отаршыл патшалық Ресей мен Кеңес өкіметінің ел ішіне іріткі салуға тырысқан жымысқа саясатының сарқыншағы сияқты. Мәселен, компартия тұсында республикаға, облыстар мен аудандарға басшылық қызметтерге тағайындалған тұлғалардың қысқаша өмірбаяндарын газеттерге жариялағанда олардың қай облыстың қай ауданы мен ауылында туғанына дейін жазылып көрсетілуші еді. Соған қарап-ақ кімнің қай жүз бен рудан шыққанын шамалай беретінбіз... Ал қазір бас газеттеріміз «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правданың» беттерінде биік лауазымдарға сайланған немесе тағайындалған азаматтардың қысқаша өмірбаяны оқырмандар назарына ұсынылғанда олардың дүниеге келген жылдары

жазылғанымен, қай жерде туғандықтары жазылмайды. Есесіне қандай жоғары оқу орнында білім алғандығы, бұрын қандай қызметтер атқарғандығы және қандай шетел тілдерін білетіндігі көрсетіледі. Өнеге тұтып, ой саларлықтай, қос қолды бірдей көтеріп құптарлықтай жаңа үрдіс емес пе бұл? Бірақ, ол облыстық және аудандық газеттерге әлі толық жете қойған жоқ. Осы орайда облыстық және аудандық әкімдіктердің жаңа тағайындаулар туралы ақпаратты газеттерге дайындап берумен айналысатын кадр және баспасөз қызметтерінің «кұлақтарына – алтын сырға».

Сондай-ақ әріптестеріміздің арасында мақтағанның жөні осы екен деп, газетке жариялауға берген мақала-очерктерінің кейіпкерлерінің шыққан тегі мен руын дәріптеп кететіндер де бар. Бұл да естіген құлаққа түрпідей тиетін, рушылдықты жанамалап насихаттаушылық көрінісі емес пе? «Бәленшекеннің ата-бабалары текті болған» деп әсірелегенше, сол «асылдың сынығындай» азаматтың өз басының тектілігін танытатындай қасиеттерін, қол жеткізген жетістіктерінің сырларын кеңірек ашып, өзгелерге үйренерліктей үлгі етіп ұсынғанымыз жөн болар.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Петропавл қаласында шығарылатын, өздерін «тәуелсізбіз» деп атайтын басылымдардың бірінде әртүрлі этнос өкілдерінен құралған жастардың топтық төбелесін, қандай пиғылмен екені белгісіз, «екі ұлттың жастары арасындағы төбелес» деп жазған материал жарық көріп, оның аяғы насырға шаба жаздағаны бар. Әйтеуір, облыс пен қала басшылығы мен Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының құрамындағы этномәдени бірлестіктердің беделді басшыларының, жергілікті құқық қорғау органдарының бірлесе қимылдауының арқасында журналист жаққан шырпыдан шыққан ұшқын шапшаң сөндіріліп, бір үлкен

өрттен аман қалдық. Кейін анықталғанындай, ол төбелес қызуқанды жастар арасындағы тұрмыстық негіздегі, екі жақтан да бірнеше этнос өкілдері қатысқан, ешқандай ұлттық сипаты жоқ қақтығыс болып шықты. Оның аяғы кінәлі жақтың «ат-шапан айыбын төлеп» дегендей, кешірім сұрап, татуласып-бітісуімен тынған. Бірақ, әлдеқандай себеппен әділдіктен аттаған журналистің тұтанған отқа май күйғандай бір ауыз сөзі қаншама дүрбелең туғызды десеңізші?! Сондықтан да біз, журналистер, өмірде болып жататын әрқилы тәртіп бұзушылықтар мен қылмыстар жайлы жазғанда оларға қатысушылардың ұлтын көрсетуден аулақ болғанымыз абзал. «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген мақал жадымызда жүрсе, игі.

2014 жыл



ЖЕНЯ – ЖАМАЛ ЖЕҢГЕМ

Ол кісіні Болат ағамыз елуінші жылдары Қарағандыда институт бітіріп, ауылға мұғалім болып оралғанында әкесі Есілбайдың шаңырағына келін ғып түсіріпті.

Есімі Евгения болғанымен, бүкіл ауыл еркелете Женя деп атап кеткен, ұлты орыс жеңгеміз Ұлы Отан соғысына қатысып, медбике болған екен. Дәуқараға келісімен алғаш рет медициналық пункт ашып, дәрігері жоқ көршілес ауылдардың тұрғындарына да ем-дом жасап, ел алғысына бөленген. Зейнеткерлікке шыққанға дейін отыз жылдай уақыт бойы медпункт меңгерушісі болып істеді. Оқыста қол-аяғын шығарып, бел омыртқасын тайдырып алып, зар илеп, қиралаңдап әрең жүрген талайлардың денелерін алақанымен сылап-сипап отырып, сүйектерін орнына келтіріп, тән азабынан құтқарған сынықшы да еді. Аяғы ауыр әйелдерді ауылда өзі босандырып, жүздеген сәбилердің «Кіндік шешесі» атанды.

Женя жеңгеміздің «Кіндік балаларының» бірі – өзіммін. Бала кезімде кей мәселеде тым тік кетіп, бір айтқанымнан қайтпаған сәттерімде анам маған:

– Аумаған орыс мінезің-ай осы!.. Кішкентайыңда өз кеудемнен сүт шықпаған соң сенімен қатарлас туған қызы бар Женя жеңгеңнің төсінен талай емізіп ем. Соған тартыңқырап кетіпсің, – деп күліп отырушы еді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын сол Женя жеңгеміз дүниеден озды. Өмірінің соңғы шағын Көкшетауда тұратын балаларының қасында өткізіпті. Қайтар алдында өзін Дәуқара ауылындағы мұсылман зиратына – өмірлік серігі болған Болат марқұмның жанына апарып қоюды

аманат етіпті. Осыған дейін білмей келіппін: қазақ ауылына келін болып түскеннен кейін Женья жеңгеміз қазақша судай ағып қана қоймай, ислам дінін қабылдап, өзіне Жамал деген жаңа есім таңдап алған екен.

Сөйтіп Женья – Жамал жеңгеміздің жаназасы мұсылман жолымен шығарылып, мәйіті ауыл шетіндегі зиратқа қойылды. Елге еңбегі сіңген елеулі адамды ең соңғы сапарға шығарып салуға жақындағы ауылдардан да, алыс жерлерден де келгендер өте көп болды. Орайы келгенде Мәлік Рыспаев деген ағамыз:

– Осы ауылдағы Теміржан деген бала туғанында ешқандай тірілік белгісін білдірмей, ата-анасы оны өлі туды деп жорып, зар жылап отырғандарында сол үйге Женья – Жамал жеңгеміз кіріп келеді. Еш дыбыс шығармай, сұлық жатқан сәбиді «Мен қарап көрейінші» деп қолына алып, көтеріп, өзінше айналып-толғанып, біраз ұстап жүргеннен кейін балаға кенеттен жан бітіп, қол-аяғы тырбандап, қимылдай бастайды, іңгәлаған даусы да шығып кетеді. Сондағы қуанғанымыз-ай! Осылай өз қолымен тірілтіп алған Теміржанды Женья – Жамал жеңгеміз көрген сайын «Бұл менің балам» деуші еді жарықтық, – деп, аса бір ризашылықпен еске алды.

Ас үстінде аяулы жеңгеміз жайлы осындай естеліктер аз айтылған жоқ. Бәрі де оның оқығанынан да тоқығаны көп болғандығын тілге тиек етіп, «нағыз дәрігер еді, білмейтін емі жоқ еді, сынықшылығы да керемет еді» десіп, мақтан тұтып, аруағы алдында тағзым етіп, бас иіп отырды.

Мен жолым түсіп, туған ауылыма соққан сайын зиратқа барып, бақилық болған әке-шешемнің, туған-туыстарымның және көзі тірісінде Қызылжар, Көкше өңірлеріне атағы жайылған, ауылдастарына да шарапаты мол тиген Сүйіндік бақсының қабірлерінің

алдында тізе бүгіп, білгенімше аят оқып, зиярат етіп жүремін. Енді олардың қатарына қазақ жігітіне қимас жар болып, қазақ халқына қалтқысыз қызмет қылып, қазақ тілі мен дінін қастер тұтып өткен қайырымды Женья – Жамал жеңгемізді де қосып, ауылға келген әр жолы оның да бейітінің басына барып, аруағына бағыштап аят оқып жүруді өз мойынымдағы бір парызым деп санаймын.

2016 жыл



ӨЗГЕ ӨНІРЛЕРГЕ ӨНЕГЕ

Жуырда Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімімен павлодарлық Даниал Ахметов пен Қуат Есімхановқа және шығысқазақстандық Ғалым Мұтановқа «Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Даниал Ахметов – аталған облысты басқарған кезінде қыста пәтерлерінде суықтан жаурап отырған, әрі кеш түсе қараңғылық құшағында қалмау үшін шам іздеп әуреленген Қызылжар өңірі тұрғындарының осы өзекті мәселесін іскерлікпен шешіп, оларды жылу мен жарыққа жарытқан әкім.

Қуат Есімханов – облыс әкімінің әлеуметтік салаға жетекшілік жасайтын орынбасары болған кезінде Петропавлда қазақ театрының ашылуына, Абылайдың Ақ үйінің болғандығын растайтын құжаттарды іздестіруге, өлке тарихын зерттеумен айналысатын «Асыл мұра» орталығын ашуға және басқа игі істерге аянбай атсалысқан ұлтжанды азамат.

Ғалым Мұтанов – Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін еліміздегі он үздік жоғары оқу орнының қатарына қосқан, мықты ұйымдастырушы ректор.

Олардың Қызылжардан кеткеніне де талай жылдың жүзі ауған. Енді, міне, олардың облыстың 80 жылдық тарихында қалдырған айшықты іздері ескеріліп, лайықты құрмет көрсетіліп отыр. Ең бастысы – «Олар – біздің Қызылжар өңірінің тумасы емес» деген ешкім жоқ. Кімге болсын ой саларлық өнеге емес пе бұл?!.

2017 жыл

ОМБЫДАҒЫ ТОЙ МЕН ОЙ

Үстіміздегі жылдың маусым айының аяғында Омбы қаласында Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының шекаралас аумақтарының «Достық шынайы да, адал болсын» атты III халықаралық фестивалі болып, оған біздің облыс делегациясының құрамында қатысудың сәті түсті.

Бұл мерекені омбылықтар алғаш рет 2004 жылы өздерінің ең жақын көршілері – солтүстік-қазақстандықтарды қатыстырып өткізген екен. Келесісіне шекаралас Павлодар облысының делегациясын да шақырыпты. Бұған дейінгі екі фестивальдің екеуі де Омбы облысының Қазақстанмен шекаралас аудандарында шағын мейрам ретінде ұйымдастырылыпты. Ал бұл жолғысы Омбы шаһарының өзінде ауқымы зор, мазмұны терең, үлкен мерекеге айналдырылды. Оған Алтайдан Атырауға дейінгі мыңдаған шақырым шекара бойын мекен еткен 9 ресейлік, 7 қазақстандық өңірдің өкілдері қатысты. Ең шалғай шеттегі Атырау облысынан бірнеше күн жүріп, шаршап-шалдығып жеткен ағайындарымыз өз көршілері – астрахандықтарды іздеп таба алмай, «Олар неге жоқ?» деген өкпе-наздарын да эзіл-шынын араластырып, құлаққағыс етіп жатты.

Омбыны біз өткен ғасырларда қазақтың талай даңқты, зиялы перзенттерін, солардың ішінде Қызылжар өңірінен шыққан ұлы тұлғалар – Шоқан мен Мағжанды да бауырына басып, ілім-білім берген, ағартушы қала ретінде қастер тұтамыз. Енді, міне, ол жаңа заманда жүздеген жылдар тағдырлас болған екі халықтың басын біріктіру міндетін мойнына алып, тағы бір тарихи миссияны атқаруға шындап кіріскен сыңайлы. Осы

фестивальді өткізуге қолдау көрсетуші – еңбек жолын өзіміздің Петропавлдағы зауыттардың бірінде бастап, Қазақстаннан қанат қаққан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Елбасымыз тағайындаған Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері, Омбы облысының губернаторы Леонид Полежаев екендігі де бекерден-бекер болмаса керек-ті.

Леонид Константинович Омбы мемлекеттік сазды театрында болған достық фестивалінің ресми ашылу салтанатына қатысып, құттықтау сөз сөйлеп, тереңнен тамыр тартқан қазақ-орыс қатынастарының бүгінгі жаһандану заманында да өзгелерге өнеге боларлықтай дәрежеде екендігін, қазіргі шекарадағы кедендік кедергілердің өзі де екі жақтағы ежелден сыйластығы жарасқан, бауырласып кеткен қарапайым адамдар үшін ешқандай бөгет бола алмайтындығын тебірене толғады. Қазақстан Республикасының Омбы қаласындағы консулы Асхат Нұсқабай оқып берген еліміздің Ресейдегі елшісі Нұртай Әбіқаевтың құттықтау сөзінде де көршілес екі мемлекеттің тарих сынынан өткен тату көршілігі мен мызғымас достығына ешқашан қылау түсірілмеуге тиістігі атап айтылды.

Содан кейін сазды театр сахнасына екі елдің шекаралас өңірлерінің өнерпаздары кезектесе көтеріліп, орыс пен қазақтың ғана емес, Ресей мен Қазақстанды қоныс қылған басқа ұлттар мен ұлыстардың да өзіндік өнерінің інжу-маржанын тойға тарту етті. Біздің ел жағынан бірінші болып сахнаға шығу құрметі солтүстікқазақстандықтарға көрсетіліп, Жамбыл ауданындағы «Мерей» ансамблінің әншілері «Туған жер» әнін әл-қадерлерінше, қосыла шырқап берді. Ал өзге өңірлер бұл фестивалге ең үздік өнер ұжымдарын жіберген екен. Әсіресе, Павлодардың жезтаңдай әншісі, Атыраудың ару бишісі, Шығыс Қазақстанның еврей

әнін сан дауысқа салып, егілген қыздар хоры, Түмен татарларының тамылжытқан әндері, Волгоград казак би ансамблінің керемет биі көрермен көкейінен көпке дейін кетпесі анық.

Бір күні кешкілік Ертіс өзенінде теплоходқа мініп, саяхат жасағанда да фестивальға келген өнер иелері топ-топ болып, әуелете ән шырқап, қала аспанын думанға бөлеп, ұмытылмастай әсер қалдырды. Бейресми ахуалда өзара әңгіме-дүкен құрған меймандар ортақ тіл табысып, танысып, білісіп жатты.

Фестиваль аясында ұйымдастырылған ресми шараларда да әдеттегі өзіндік есеп беру сарыны азырақ естіліп, есесіне достық рәуіштегі өзара пікір алысу көбірек болды. Мәселен, А.С.Пушкин атындағы Омбы облыстық ғылыми кітапханасында «Шекаралас өңірдегі этномәдени саясат. Даму келешегі» тақырыбында өткізілген «дөңгелек үстел» басындағы сұхбатта сөз алған мемлекеттік органдардың өкілдері мен қоғамдық ұйымдардың, ұлттық-мәдени орталықтардың жетекшілері өз өңірлеріндегі ұлтаралық қатынастарды жетілдіруде қолға алынған жақсы бастамалар жайлы ойларын емін-еркін ортаға салды. Әсіресе, Түмен мемлекеттік университеті гуманитарлық зерттеулер институтының сектор меңгерушісі, тарих ғылымының докторы Александр Ярковтың келесі фестивальға екі елдің де білікті ғалымдарын шақырып, ұлтаралық, дінаралық қатынастарда бүгінгі таңда туындап отырған кейбір көкейкесті мәселелерді талқылау және оларды шешу жолдарын бірлесіп қарастыру қажет деген ұсынысы көпшілік көңілінен шықты. «Жасыратыны жоқ, талқылауға тұрарлықтай проблемалар бар. Мысалға, казачествоның таза Ресей республикасын

құру идеясын қозғап жүргені белгілі. Ал бұл идея, ең алдымен, Ресей мемлекетінің өзі үшін өте зиянды. Осыны біз ашық айтуға тиіспіз» – деді түмендік ғалым. Ресейде, міне, осындай демократтық бағыттағы зиялылар барына көзіміз жетіп, оған ішіміз жылып қалды. Александр Ярков сынды оқымыстылардың озық ойлары Қазақстанда да, әсіресе, біздің теріскей жақта айтылып, естіліп жатса, артық болмас еді-ау деп түйдік. Осы ретте келесі достық фестивалін өткізуді Қазақстанның бір облысы өз мойнына алса, құба-құп болар еді деген ұсыныс жасалғандығын да айта кеткен жөн. Мұны айтқан, әрине, ресейліктер емес, өз жағымыздан барған делегациялар мүшелерінің бірі. Бірақ, кім айтса да, қолдайтындай ұсыныс сияқты.

Мұндай фестиваль өткізу үшін, сөз жоқ, қыруар қаржы шығындау қажет. Оның үстіне біздің кейде қазақы қонақжайлығымызды көрсету үшін шашылып-шабылып жататынымыз да бар. Ал омбылықтар достық мерекесін ұйымдастыру мәселелерінің бәрін де бюджеттен бөлінген шектеулі қаржыға үнемді мөлшермен, қарапайым түрде шешкенін аңғардық. Ешқандай аста-төк ысырапшылдық, даурықпа-даңғазашылық болған жоқ. Бәрі де бірқалыпты. Артық та емес, кем де емес. Орыс мәдениеті деген, міне, осы шығар.

Омбыдағы А.С.Пушкин атындағы кітапхана ғимаратында шекаралас өңірлердің Достық үйлері мен ұлттық-мәдени орталықтарының басшылары ақпарат алмасып, екі жақты, мүдделі әңгіме өрбіте келіп, өзара ынтымақтастықты нығайту жөніндегі игі ниет хаттамалары мен келісімдерге қол қойды. Осы арада бізге жолыққан Омбы қазақтарының мәдени-ағарту қауымдастығының төрайымы Кампара Біржанова өзінің «Аманат» шығармашылық бірлестігі арқылы он бес қабілетті қазақ баласының басын қосып,

домбыра үйірмесін ашқанын, Сәния Исабекова мен Дамир Жантілесов деген екі шәкірті жақында «Испан фиестасы» халықаралық байқауында қазақ күйлерін тартып, ерекше көзге түскенін сүйінішпен айта келіп, бір бұйымтайы барын да жасырмады. Қаладағы бір кезде Мағжан білім алған, қабырғасына ұлы ақынға арналған мемориалдық тақта орнатылған педагогикалық колледждің қазақ бөлімінде оқып жатқан жүз шақты оқушыны қажетті оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесі жеткілікті шешімін таппай келеді, деп қынжылыс білдірді Кампара Зайноллақызы. Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктер, әдістемелік әдебиеттер, тіпті Абай мен Мағжанның кітаптары сияқты көркем әдебиет жағы да тапшы деді ол. Домбыра үйренушілерге керек әдістемелік және нота кітаптарын тауып беруімізді де өтініп қалды. «Тікелей педколледждің өзіне тапсырмасаңыздар, немесе мен арқылы беріп жібермесеніздер, ондағы оқушылардың қолына тимей, басқа біреулер олжаланып кетуі мүмкін», – деп тағы бір сырдың ұшын шығарып, тиянақтай тапсырды. «Қайран қазекем-ай, елдің іші түгіл, сыртында да әлі осындай екенсің ғой» деген ой келді...

Үшкүндік фестивальдің соңғы күнінде Омбы облысының Павлодар жаққа шығар жолы үстіндегі Нововаршавка ауданына сапар шектік. Ондағы жиырма сегіз мың тұрғынның он сегіз проценті, яғни бес мыңдайы қазақтар екен. Мұнда қандас ағайындарымыз шоғырлана түтін түтетіп отырған төрт ауыл бар болып шықты. Тек олардағы мектептердің бәрі де орысша болғандықтан, қазақ тілі факультатив ретінде оқытылатын көрінеді. Соған қарамастан, нововаршавкалық қазақтар өздерінің ана

тілінде қауқылдасып, сөйлесіп жүргенін құлағымыз шалып, қуанып қалдық. Жалпы, осы сапарымыздың барысында өмір бойы орысша оқыған омбылық бауырларымыздың бізге жолыққандарының қайсысы болсын қазақша қиналмай сөйлескенін көріп, іштей сүйіндік. Петропавлдың қазақша бірауыз сөз айтуға жарамайтын, орыстілді қазақтарына ой салатындай-ақ өнеге.

Аудан орталығы – Нововаршавка ауылындағы мұражайда болып, өңір тарихынан сыр шертетін жәдігерлерге ден қойдық. Онда ежелгі тұрғындар саналатын қазақтар тұрмысы да мүмкіндігінше көрініс тауыпты. Кенет көзім Шешенстандағы соғысқа арналған стендке түсті. Оған суреттері ілінген үш қазақ жігітінің үшеуі де Қап тауындағы қанды қырғында жауынгерлік борыштарын орындау кезінде қаза тапқанын оқып, білдім. Сол сәт Омбыға келгеннен бергі мерекелік көңілкүйім күрт бұзылып, аза бойым қаза болды...

Нововаршавкалықтар аудан орталығына жақын мандағы «Орленок» балалар лагері аумағына аппақ киіз үйлер мен шатырлар тігіп, халықтық серуен ұйымдастырған екен. Бірақ, таңертең басталған қалың жаңбыр нөсерлете құйып, тойдың берекесін қашырғандай болды. Соған қарамастан, фестиваль қонақтары да, жергілікті өнерпаздар да жауын астында сахнаға шығып, ән айтып, би билеп жатты. Облыстардың ресми делегацияларына аудандағы ұлттық-мәдени бірлестіктердің мүшелері жаңбырға қарамай, жандарын сала өнер көрсетіп, ұлттық дастарқандарынан дәм татырып, сыйлап жатты.

Нововаршавка ауданының басшылары: «Құттықонақ екенсіздер, көптен тілеген жауынды ала келдіңіздер, енді егін шығатын болды», – десіп,

күтпеген күні сыр берген табиғаттың құбылмалы мінезін жақсылыққа жорып, жуып-шайып жатты

Сосын омбылықтарға қонақжайлықтары үшін алғысымызды айтып, елге қайтар жолға түстік. Жол бойы көз алдымнан Шешенстанда қыршындарынан қиылған, омбылық үш боздақтың суреттері кетпей тұрып алды... Шіркін, тыныштығы сүттей ұйыған өз елімізге – жержүзі қазақтарының басын қосуға шақырып отырған ата жұртымызға, жан дегенде жалғыз Отанымызға, қасиетті қара шаңырағымыз – Қазақстанымызға не жетсін!

2008 жыл

ЖЕТУҢ ДЕ, КЕТУҢ ДЕ ҚИЫН...

Көнекөздер «іш жақ» деп атайтын көршілес Ресей елінде тірлік кешіп жатқан ағайындарға бүгінде жетуің де оңай емес, жетсең, елге қайтып кетуің де оңай емес...

Жетудің қиындығы – алиментін төлемей, бауыр еті – баласынан безіп жүрген «қашқын» әкелер мен шешелерді және салықтан жалтарып, берешекке белшесінен батқан бизнесменсымақтарды шетелге шығармау мақсатымен олардың тізімдері шекарашыларға берілгелі шекараның бергі жағында ұзын-сонар көлік кезегі пайда болған. Әсіресе, барыс-келіс, алыс-беріс көп Омбы бағытындағы шекарадан әрі өту үшін 3 – 4 сағатқа дейін кезек күтіп, сарылып тұруға тура келеді екен.

Түмендегі туыстар өздерінің жылсайынғы «Құрылтай» мерекесін биыл Сорокин ауданындағы Александровка ауылында өткізетін болып, біздің облысқа да шақыру жіберген соң өңір делегациясының құрамында мен де жолға шығып, «Қызылжар» шекара бекетіне ертелетіп жеттік. Мұнда да шұбатылған көлік кезегі. Шекарашылар әрбір адамның төлқұжатын ғана тексеріп қоймай, аты-жөнін компьютердегі борышкерлер тізімінен іздеп, әуре болып, өздерінің де, жолаушылардың да алтын уақыттарын сарп етіп жатыр. Делегациямыздың басшысы – Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Наиль Салимов шекарашыларға жолығып, сапарымыздың мән-жайын түсіндіріп, қиыла өтініш жасаған соң біз бір сағаттан сәл аса ғана кідірдік. Сөйтіп алдымызда тұрған көліктерді айналып өтіп, кезек тосып тұрғандардың: «Бұлар кімдер өзі? Шекарашылардың тамыр-таныстары

шығар...» – деген күңкіл-сүңкілдерін естуімізге тура келді...

Бір таңданарлығы – Ресей жағындағы шекарада мұндай іш пыстырып, жүйке тоздыратын кезек жоқ. Жолдары да біздегідей кедір-бұдыр емес, теп-тегіс. Сәлеміне: «Неге сонша кешігіп жатсындар, бауырлар?» – деген сауалын да кіргізіп, шекарада құшақ жая қарсы алған Түмен облысы қазақтары ұлттық-мәдени автономиясының президенті Есенғали Ыбыраевтың өзгелерден ерекше – қызыл түсті нөмір таққан жүрдек көлігінің соңына түсіп алып, белгіленген уақыттан кешігіп қалмау үшін «Александровқа, қайдасың?» деп құйғытуға тура келді...

Әйтеуір, шыбын жанымызды шүберекке түйіп, құстай ұшқандықтың арқасында Александровқаға межелі уақытта жетіп, түмендік ағайындардың ыстық ықыласты құшағына күмп бердік. Іле табиғаты өз өлкемізбен ұқсас, көз қызығарлықтай көркем жерде – ақ қайындар шоғының баурайында тігілген әсем киіз үйлер маңындағы сахнаға жергілікті өнерпаздар көтеріліп, Сорокин ауданының 90 жылдығына орайластырылған «Құрылтай – 2014» мейрамы басталып кетті. Тойдың беташары іспетті театрландырылған көрініс қазақ және орыс тілдерінде ілеспе аударма арқылы жүргізіліп, Қазақ елінің құрылу тарихы туралы тамаша аңыздан тамылжыта сыр шертті.

Түмен облысының Ұлттар істері жөніндегі комитеті, қазақтардың ұлттық-мәдени автономиясы және Сорокин муниципалдық ауданының әкімшілігі бірлесіп ұйымдастырған мерекеге мұнайлы өңірдің көптеген аудандарында тұрып жатқан қандастарымыз бен жергілікті тұрғындар жиналыпты. Сахнаға біздегідей мінбер емес, микрофон ғана қойылған екен. Сорокин ауданының басшысы Александр Агеев, Түмен облыстық

Думасы төрағасының орынбасары Николай Корепанов, Қазақстан Республикасының Түмен қаласындағы құрметті консулы Сейілхан Мақаш және басқалар құттықтау сөз сөйледі. Біздің атымыздан Наиль Салимов сөз алып, түмендіктерге игі тілегін білдіріп, Александр Агеевке Елбасы туралы кітапты тарту етті. Ал Есенғали Ыбыраевқа Солтүстік Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының сәлемдемесі – қазақ тілін үйренем деушілерге арналған бір жәшік оқулықтар мен сөздіктер, басқа да пайдалы әдебиеттер табыс етілді.

Бір байқағаным: «іш жақтың» шенеуніктері біздің шен-шекпенділер сияқты қағазға қарап сөйлемейді екен. Және мұндай мерекелерде ешқайсысы мойындарына біз сияқты галстук тағып, шіреніп жүрмейді екен...

Ресей аспанында қазақ әні әуелеп, алаш рухы асқақтап тұрды бұл күні. Түмендік қазақ жастары ұлтымыздың өнерінен кенде еместіктерін көрсетіп бақты. Әрине, бізбен бірге барған «Әдемі-ау» би ансамблінің қыздарының өнері де, оларға көрсетілген қошемет те айрықша болды.

Мереке барысында ұлттық киімдер, тағамдар, қолөнер бұйымдары және «Ұзын бұрым» байқаулары өткізіліп, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Үздік отбасы, үздік ұстаз сияқты аталымдар бойынша да жүзден жүйрік шыққан қандастарымызға лайықты сый-құрмет көрсетілді.

...Сахна жанына барып, өзіне тапсырылған сыйлығы – үлкен телевизорды көтеріп әкете алмай, сәл кідіріп қалған ақ жаулықты әжейді көзі шалып қалған аудан басшысы Александр Агеевтің өзі жалма-жан жүгіріп барып, қарт ананың қолындағы ауыр затты бір қолына алып, екінші қолымен қолтығынан сүйемелдеп, орнына апарып отырғызды. Қандай жарасымды кішіпейілділік?! Мұндайда біздің аудан әкімдерінің

өздері жүгірмек түгіл, қасындағы көмекшісін жұмсаса да, риза болып қаласың...

Түмендік ағайындардың бізге деген ілтипаттары керемет екен. Бәрімізді төрге шығарып қадірлеп, алыстан аңсаған бауырлары келгендей бәйек болып жатыр. Ата-бабалары біздің Айыртау ауданындағы Дәуқара ауылынан шыққан Қазжан Халықов ағамыз «Казанское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін басқарады екен. Есімі үздік меценат ретінде аталып, арнаулы сыйлық алды. Інісі Жанәбілді қасына алып, Түменнің ауыл шаруашылығын өркендетуге елеулі үлес қосып жүрген көрінеді. Екеуі де өз үйлеріне қонаққа шақырып, ата жолынан жаңылмайтын мәрттіктерін танытты.

Аласапыран заманда «іш жаққа» барып паналаған Халық атамыз қартайған шағында бала-шағасымен бірге Дәуқараға көшіп келіп, сонда дүние салған еді. Кейін балаларының бәрі Түменге қайта көшіп кеткен. Қазір Ресейдің ең бай өңіріндегі 15 мың қазақтың қатарында орыс ағайындардың ортасынан ойып орын алып, бақуатты ғұмыр кешу үстінде. Оларға «Атамекенге көшіп келіңдер! Бұл жақта не іздеп жүрсіңдер?..» деп айтуға аузым бармады. Өйткені, Түмен – талай қазақтың қилы кезеңде бас сауғалап, екінші Отанына айналған қасиетті жер болса, олардың сол жерде туып-өскен ұрпақтары үшін нағыз Отанына айналғаны анық. Сондықтан да Ресейдегі ағайындарға жету қандай қиын болса, оларды қиып кету де оңай емес. Қос бауырыңның біреуін сонда қалдырып кетіп бара жатқандай күй кешеді екенсің...

2014 жыл



Мағжан елі — Қызылжар



ЕЛДІҢ ШЕТІНДЕ, ЖЕЛДІҢ ӨТІНДЕ...

Елдің шетіндегі, желдің өтіндегі өңір... Осы бейнелі де астарлы сөз көршілес Ресей Федерациясының Омбы, Түмен және Қорған облыстарымен шектесіп жатқан, жерін Ресей теміржолы көктей кесіп өтетін, әрі Сібірден соғатын салқын желдің өтінде тұрған Солтүстік Қазақстан облысы жайлы еліміздің Тәуелсіздігі жылдары айтылғандығы анық. Кім айтса да, керемет айтқан!..

Жаратушы иеге емес, жеке басқа табынып, өзі де адасып, халықты да адастырып-алжастыра жаздаған кешегі Кеңес өкіметі тұсында Қызылжар өңірі социалистік реализм әдебиетінің көрнекті өкілдерін дүниеге әкелген «Ұлылар елі» атанғанымен, сол ұлылардың ішінде тұтас түркі әлемінің жарық жұлдызы саналатын ақиық ақын Мағжан Жұмабаев есімі мүлдем ауызға алынбаушы еді. «Алашым!» – деп аһ ұрып өткен арысымыздың аруағына одан асқан қиянат болар ма?! Өйткені, қазақ-кеңес әдебиетінің ең көрнекті өкілі, лениндік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Әуезовтің өзі: «...бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін», – деп жазып кеткен еді ғой. Ғұлама жазушының осы сөзінің астарында қандай тұңғыық ой жатыр десеңізші?! Ал Мағжан бабамыз «Сағындым» атты өлеңінде:

*Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер алашым.*

*Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын,*

деп, қылышынан қан тамған кеңестік империяның да күні таусылып, өзі-ақ құлап тынатынын сәуегейлікпен айтып кеткен екен. Ақыры ұлы ақын көрегендікпен болжаған Азаттық таңы атып, әділдік жеңді, өшкен жанды, өлген тірілді. Ежелден Семей өңірін Абай елі деп атап келсек, енді Қызылжарды Мағжан елі дейтін болдық.

Пайымдап қарасақ, Тәуелсіздік жылдары Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кемел басшылығының, қауіп-қатерге толы, сын кезеңде тағдырын сеніп тапсырған, арқа сүйер азаматының соңынан ілесе еріп, сілтеген бағытынан жаңылмай алға басып, «бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығара» білген дана халқымыздың ынтымақ-бірлігінің арқасында Мағжан елі – Қызылжар өңірінде де өтпелі кезеңнің барлық қиындықтары еңсеріліп, тұрмыс түзеліп, ұмыт бола жаздаған ұлттық құндылықтарымыз қайтадан өркен жайып, ұлы ақын рухы жылдан-жылға асқақтай түскендей.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасында Кеңес Одағында жарияланған жариялылық саясатын пайдаланып, саналуан сандырақ ой-пікірлер айтып, саяси ұпай жинауға тырысқан ресейлік кейбір «пайғамбарлар» мен сайқымазақ саясаткерсымақтар Қазақстанның солтүстік өңірлеріне көз алартып, сырттан шоқ тастап тұрған шақта Қызылжар өңірінде айтаққа еріп, ұлт пен ұлыс арасына ши жүгіртіп, қоғамдық-саяси ахуалды ушықтыру пиғылын танытқан арандатушылардың бой көрсеткендігі мәлім. Әйткенмен, сол бір сындарлы кезде республикамыздағы билік тізгінін қолына алған Нұрсұлтан Назарбаевтың халық алдындағы зор беделі, Мәскеу мен Алматыдағы

биік мінберлерден және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы елді ынтымақ-бірлікке шақырған парасатты сөздері, «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай», тұйықтан шығар жолды тура тапқан дана шешімдері және Тұңғыш Президентіне қолдау білдірген қызыл-жарлық зиялы қауымның сабырлы да саликалы іс-әрекеті облыстағы қоғамдық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік берді.

Жеке облыс болып құрылғаннан бергі елу бес жыл ішінде бірде-бір қазақ бірінші басшы болып көрмеген, әрі қатары селдір қандас ағайындарымыздың көпшілігі «коммунизмнің сара жолына» көзжұмбайлықпен түсіп кеткендіктен, ата салт-дәстүріміз бен ана тіліміз адыра қалуға айналған өңірдің өтпелі кезеңдегі ерекшелігін ескерген болуы керек, Елбасы жергілікті басқару жүйесіне әкімдік институтын енгізген соң Солтүстік Қазақстан облысының алғашқы әкімі етіп ұлты неміс азамат – Владимир Гартманды тағайындаған болатын. Ол «горбачевтік қайта құру» әкелген пікір алуандығының жөні осы екен деп, ауызға келгеннің бәрін айтып, әсіре ұлтшылдық танытып, кеуделерін қағып шыға келген кейбір қызба мінез қандастарымыздың еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін тіпті мықтымсып, ойланбай айтып салатын ұшқары сөздерінен шошынып, ертеңгі күндеріне алаңдаған орыстілді қауым мен жергілікті қазақтардың қарым-қатынасында ара ағайындық рөл атқарып, талай өзекті мәселенің түйінін ың-шыңсыз шешуге ұйытқы бола біліпті. Мәселен, 1992 жылы Петропавл қаласындағы Коммунист және 2-нші Коммунист көшелері біріктіріліп ұзартылып, атауы Мағжан Жұмабаев атындағы көше деп өзгертілген. Келесі жылы ұлы ақынның ғасырлық мерейтойы Қызылжар өңірінде республикалық деңгейде тамаша аталып өтіліп,

облыс орталығында оған ескерткіш орнатылған және есімі жергілікті педагогикалық училищеге берілген. Облыс орталығында алғашқы қазақ мектептері мен балабақша да ешқандай у-шусыз ашылған.

Ал 1997 жылғы көктемде Президент Жарлығымен көршілес Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстары қосылып, ірілендірілген өңірдің орталығы болып Петропавл қаласы белгіленді. Бұл бізге, сол кездегі көкшетаулықтарға, оңай соқпағанымен, қилы заманда ел тізгінін ұстаған Елбасымыздың шешімінің дұрыстығына еш күмән келтірген жоқпыз. Оны бұғанасы қатып, буыны бекімеген жас мемлекетіміздің іргесін нығайта түсуге бағытталған қадамдардың бірі ретінде қабылдадық. Көкшетауда билік басында жүрген қазақ азаматтарының басым көпшілігі Қызылжардағы өңірлік басқару органдарына бірінші-екінші басшылар болып ауыстырылып, облыстық және Петропавл қалалық әкімдіктеріндегі, басқармалар мен әртүрлі ведомстволардағы ұлттық кадрлар қатары қалыңдап шыға келді. Ал облыс тұрғындарының құрамындағы қазақтардың үлесі 26 пайыздан 30 пайызға дейін өсті. Сөйтіп еншісін Қызылжардан 1944 жылы бөліп алып, жеке отау – жаңа облыс болып құрылған Көкшетау араға 53 жыл салып, ата шаңыраққа қайтып оралып, ондағы ұлттық рухты көтере түсті.

Сол 1997 жылдың аяғында Елбасы облысқа тұңғыш рет қазақ азаматын – Даниал Ахметовты бірінші басшы етіп тағайындап, оны өңір активіне өзі әкеліп таныстырды. Ол қазақтар да облыс басқара алатындығын ісімен дәлелдеп, барша солтүстікқазақстандықтардың құрметіне бөленді. Одан кейін тұрғындарының ұлттық құрамындағы қазақтардың үлесі ең аз облысты белгілі дипломаттар және онда қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайдың қыр-сырын жақсы білетін жергілікті

азаматтар басқарып келе жатқандығы да Елбасының елдің шетіндегі, желдің өтіндегі өңірге ерекше көңіл бөліп отырғандығын аңғартқандай. Түсіне білгенге солтүстік те – нәзік шаруа...

Аллаға шүкір, Тәуелсіздік жылдарында еліміздің «Солтүстік қақпасы» болып саналатын өңірде ана тілімізді, ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді, асыл дінімізді қайтадан өркендету бағытында атқарылған игі істер көңіл көншітерліктей. Мәселен, 1990 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының қызылжарлық белсенділері Петропавл қаласында алғашқы қазақ сыныбын ашу мақсатымен үй жағалап, үгіт жүргізіп, сол жылы күзде мектеп табалдырығынан алғаш рет аттайтын 15 қазақ баласының ата-аналарын өз ұл-қыздарын ана тілінде оқытуға әрең көндірген екен. Арада бірнеше жыл өткенде облыс орталығында жаңадан бес қазақ мектебі ашылып қана қоймай, қазақша оқуға ынта білдірген оқушылар санының көптігіне байланысты оларды екі ауысымда оқытуға көшіруге тура келді. Бұған қоса, кейін Петропавлдағы 35 орыс мектебінің 15-інің жанынан қазақ сыныптары ашылып, олар аралас мектептерге айналдырылды.

Ал 1991 жылы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның орталығы – Новоишимка ауылы мен Тайынша қаласында таратылған компартияның босап қалған аудандық комитеттерінің шағын ғимараттарында ашылған 110 орындық қазақ орта мектептеріндегі шәкірттер саны уақыт өте келе, 400-ден асып жығылғандықтан, олар үш ауысымда оқытуға көшірілген. Сөйтіп новоишимкалық және тайыншалық қазақ балалары спорт залы мүлдем жоқ мектепте, ауа жетпейтін тар бөлмелердегі тақтаға тым жақын қойылған парталарда көздерін ауыртып, сығылыса отырып оқуға мәжбүр болған. Бұл проблеманы бесінші шақырылымдағы

облыстық мәслихаттың «Нұр Отан» партиясынан сайланған депутаттары бірнеше мәрте көтергендіктен, облыс басшылығы Новоишимкада жаңа 400 орындық қазақ мектеп-интернаты мен Тайыншада 300 орындық қазақ орта мектебін салуға қажетті жобалау-сметалық құжаттарын дайындатып, оларды қаржыландыру мәселесін республикалық билік органдарының алдына қойған болатын. Сәтін салғанда, бұл проблема былтыр Мемлекет басшысының «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында оңынан шешіліп, аталмыш елді мекендерде осызаманғы білім мекемелерінің сәулетті ғимараттары бой көтеріп, үстіміздегі оқу жылы қарсаңында пайдалануға берілді. Сөйтіп, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың еліміздің білім саласына ерекше қамқорлығының арқасында Қызылжар өңірінде ұшауысымды мектептер проблемасы ойдағыдай шешіліп қана қоймай, ана тіліміздің өрісі де кеңейе түсті.

Тағы бір айта кететін жайт – Елбасының «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша шетелдерден атажұртқа оралған отандастарымыз үшін облыс орталығының іргесіндегі Қызылжар ауданының аумағында жаңадан салынған Бәйтерек ауылының 300-ден астам баласы үстіміздегі оқу жылына дейін солтүстіктің қытымыр қысының қақаған аязды күндерінде де көршілес Бескөл ауылындағы мектептерге өздеріне арнайы бөлінген автобустармен қатынап оқыған-ды. Сол себепті күн мен желге тигізбей, мәпелеп өсіріп отырған ұл-қыздарының денсаулығын ойлаған ағайындар Бәйтеректе мектеп салу мәселесін бірнеше жылдан бері көтеріп жүрген. Атамекенді алыстан аңсап келген қандас бауырлар өтінішін қалайда шешуге уәде берген облыс әкімі Ерік Сұлтанов облыстық бюджеттен былтырдан бері 827 миллион теңге қаржы бөлгізіп,

қазақ және орыс тілдерінде оқитын 300 оқушыға арналған осызаманғы білім ордасын бір жылдың ішінде салғызып берді.

Көршілес Өзбекстан мен Ресей Федерациясынан, сондай-ақ Моңғолиядан атажұртқа оралған қандас бауырларымыз тұратын ауылдағы бұл мектеп келешекте таза қазақ мектебіне айналуы ғажап емес. Өйткені, Кеңес өкіметі тұсында болашақта бір-ақ ұлт пен бір-ақ тілді қалдыруды көздеген коммунизмді Қызылжар өңірінде тезірек құрып тастауға білек сыбана атсалысқан кейбір басшы ағаларымыз да өз балаларын орысша оқытып қана қоймай, 94 қазақ ауылындағы ана тіліміздегі мектептерді орыс тілінде оқытуға көшіруге де мұрындық болған көрінеді. Абырой болғанда, олар өз саналарына Тәуелсіздік таңының сәулесі түскен сәтте бұрынғы райларынан қайтып, жіберген қателіктерін түсініп, кезінде өз қолдарымен жабысқан қазақ мектептерінің бәрінің қайтадан ашылуына тағы да білек сыбана атсалысқан. Араларында тіпті Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының нағыз от ауызды, орақ тілді белсенділері болып шыға келгендері де бар...

Қызылжар өңірінде ұлттық рухымыздың көтерілуіне Елбасы Петропавл қаласында 2000 жылы өз қолымен ашқан қастерлі өнер ордасы – Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театры елеулі үлес қосып келеді. Дулат Исабековтың «Өйтпесе, Мағжан бола ма?!» атты драмасын және Баянғали Әлімжановтың Мағжанның «Батыр Баян» поэмасының желісі бойынша жазған пьесасын да сахналап, ұлы ақын рухын айрықша асқақтатқан жергілікті әртістер облыста өткізілетін көптеген мәдени шаралардың да сәнін кіргізіп, мән-мағынасын күшейтіп жүр.

Ал Петропавлда кейінгі кезде екі жылда бір рет өткізіле бастаған «Мағжан көктемi» республикалық өнер фестивалі – жыр пайғамбарының шығармашылық мұрасын насихаттау ісін жаңа деңгейге көтерген, еліміздің мәдени өміріндегі маңызы зор оқиға. Тек осы өнер бәйгесінде жүлде олжалаған, Мағжан өлеңдеріне жазылған тамаша әндерді аталмыш фестиваль сахнасынан қызылжарлықтарға бір-ақ мәрте тыңдатумен шектелмей, оларды жергілікті және республикалық телерадио арналары арқылы қалың бұқараның ортақ игілігіне айналдыруды қолға алсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Елбасымыздың Қызылжардың қақ ортасында көк күмбезі көк тіреген жаңа мешітті салдыруға тікелей жәрдем жасағанын, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Абылай ханның ақ үйін қалпына келтіртіп, оны өз қолымен ашқанын қызылжарлықтар әрдайым аса ризашылықпен еске алып, айтып отырады.

Тәуелсіздік жылдарында Қызылжар өңірінің экономикасы да өсіп-өркендеу жолына түсті. Жаппай қарулану жарысында қуаты сарқылып, ақыры құлап тынған Кеңес одағының бірқатар қорғаныс кәспорындары орналасқан Петропавл қаласындағы ірі зауыттардың көпшілігі өтпелі кезеңдегі қиындықтарды Мемлекет басшысының жан-жақты жәрдемімен еңсеріп, бейбіт өнімдер шығаруға көшті. Орта және шағын бизнес те мемлекеттік қолдауға сүйене, кеңінен өрістетіліп, өзін ғана емес, өзгелерді де тұрақты жұмыспен қамтамасыз еткен кәсіпкерлер қатары көбейді. «Жау жағадан алғанда бөрі етекпен алады» демекші, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы экономикалық дағдарыс кезінде өз құлқындарының қамын ғана ойлап, кеңшарлардың мал-мүлкін талан-таражға салған көптеген «қызыл директорлардың»

қырсығы қоса тиген ауылшаруашылығы да мемлекеттің қолдауымен қайтадан көтеріліп, бұрынғысынша өңір экономикасының жетекші саласына айналды. Бір кезде жусан басып кеткен егін алқаптарының бәріне қайтадан ырыс дәні егіліп, облыс еліміздің астықты ең көп өндіретін өңірлерінің бірі атанды. Төрт түлік мал басы да жылдан-жылға көбейіп келеді. Кейінгі жылдары көптен жөндеу көрмей, тоз-тозы шыққан жергілікті маңыздағы жолдарды қалпына келтіру ісі де қарқын ала түсті. Елді мекендерді таза ауызсумен қамтамасыз ету проблемасы да оңынан шешілу үстінде. Ақ қайыңдар өлкесі атанған, табиғаты тамылжыған өңірде туризмді дамыту да мұқият ойластырылып, тиянақты қолға алынды.

Әрине, Қызылжар өңірінің қай саласында болсын көңіл сүйінтетін оң өзгерістер барлығына және ертеңінен елеулі үміт күттіретін игі бастамалар іске асырылып жатқанына қарамастан, аяққа тұсау болып отырған кедергілер де жоқ емес. Солардың ішіндегі ең күрделісі – демографиялық проблема. 2003 – 2013 жылдар аралағында бала туудың азаюының, сондай-ақ сыртқы және ішкі көші-қонның толастамауының салдарынан облыс тұрғындарының саны 670 мыңнан 570 мыңға дейін, яғни 100 мыңға кеміп кетті. Мұның өзі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ел қазынасынан бөлінетін субвенция көлемінің де қысқартылуына әкеліп соқтырып, қосымша қиындықтар туғызды. Өйткені, аталмыш жәрдем қаражат жан басына қарай қаржыландыру қағидатымен есептелетіндігі белгілі. Соның салдарынан Солтүстік Қазақстан облысы соңғы үш жылда 32 миллиард теңгеден қағылған болып шықты.

Бүгінде облыс басшылығы өңірдегі демографиялық ахуалды жақсартуға барынша мүдделілік танытып,

әсіресе, Елбасының тапсырмасына сәйкес үстіміздегі жылы еліміздің жұмыс күші артық өңірлерінің тұрғындарын жұмыс күші жетіспейтін өңірлерге қоныстандыру басталғандығына үлкен сенім артып отыр. Үкімет бекіткен квота бойынша биыл оңтүстік аймақтағы ағайындардың 100 отбасысы Қызылжар өңіріне көшіп келді. Олардың «түскен жерлеріне тастай батып, судай сіңіп», тез бейімделіп кетуі үшін қолдан келген көмектің барлығы көрсетілуде. Бұған қоса, «Серпін – 2050» әлеуметтік жобасы бойынша жұмыс күші артық облыстардан келіп, Петропавлдағы Манап Қозыбаев атындағы мемлекеттік университет пен бірнеше колледжде тегін білім алып жүрген 1 мыңнан астам студент жастардың да бір бөлігі оқу бітірген соң осында жұмысқа орналасып, отбасы құрып, тұрақтап қалады деген үміт бар. Байырғы тұрғындары – қазақтарының саны да онша өспей, облыс тұрғындарының небәрі 34 пайызын құрап отырған өңір үшін жұмыс күші артық оңтүстік облыстардың тұрғындарын көшіріп әкеліп, жұмысқа орналастырып, баспанамен қамтамасыз етіп, тұрақтандырудың маңызы зор екендігі даусыз. Осыған орай қазірдің өзінде «Қызылорда – Көкшетау» пойызының бағытын Петропавл қаласының теміржол станциясына дейін ұзарту қажеттілігі де туындап отыр. Мұның оңтүстік пен солтүстік өңірлер тұрғындары арасындағы қарым-қатынасты күшейте түсуге септігі тиері сөзсіз. «Орнында бар оңалар» демекші, өзге ірілі-ұсақты мәселе атаулының бәрі қазіргі алмағайып заман түзеле келе, біртіндеп оңынан шешіле жатары кәміл.

...Қазір облыс орталығындағы зәулім де көрікті ескерткіштерде темір жол вокзалының алдында шеттен келген қонақтарды жалынды жырымен қарсы алып тұрған Мағжанның, қаланың басты көшесімен

әрілі-берілі ағылған жұртқа қарап, білек біріктіре, иық тірестіре бірге тұрған Қарасай және Ағынтай батырлардың, қалалық мәдениет және демалыс саябағынан қатарласа шығып келе жатқан Абай Құнанбаев пен Александр Пушкиннің және әйгілі Ақ үйінің жанында арғымағына мініп, қала шетінде орналасқан Әскери институттың курсанттарының жауынгерлік дайындықтарын алыстан көзбен шолып, қолына ұстаған аса таяғымен жөн сілтеп тұрғандай әсер қалдыратын Абылай ханның бейнелері елдің шетіндегі, желдің өтіндегі өңірдегі көп жайдан хабар беріп, үнсіз ұқтырып тұрғандай...

2016 жыл



СОЛТҮСТІКТЕН ЕСКЕН ЖЫЛЫ ЛЕП

Өткен жылы наурыз айының орта шенінде Мемлекет басшысы төрт облыстың әкімдерін тиісті мәслихаттар депутаттарының келісімімен ауыстырғанда әлеуметтік желілердегі парақшаларымның біріне: «Жаңадан тағайындалған төрт әкімнің төртеуі де қоғамдық-саяси жұмыста шындалған, жұртшылықпен жұмыс істей білетін, өңірде де, орталықта да жеткілікті тәжірибе жинақтаған белгілі азаматтар екен. Осыған дейін кейде өңір басшылығына ішкі саясаттан хабары аздау, адамдармен жұмыс істеудің қыр-сырын онша біле бермейтін, әкіреншілдеу ауылшаруашылығы мамандары да тағайындалып, көсегемізді онша көгерте қоймағандығын ескерсек, жаңа әкімдерді жақсылықтың нышаны ретінде қабылдаған жөн сияқты», – деп жазған екенмін. Сол сөзімді бекер айтпағаныма, әсіресе, өзім туып-өскен Қызылжар өңіріндегі жаңалықтарды қалт жібермей қадағалап және жергілікті тұрғындардың пікірлерін де біле жүріп, кәміл көз жеткізгендеймін.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалғанына дейін бірнеше жыл «Нұр Отан» партиясының хатшысы, Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары болып, саяси жұмыстан мол тәжірибе жинақтаған Құмар Ақсақалов өзінің жаңа қызметін тақап қалған Наурыз мейрамын жаңаша өткізуден бастады. Ол, ең алдымен, мерекелік шараларды өткізуге байланысты облыс орталығының кейбір көшелерін жауып тастап, автокөлік жүргізушілерінің наразылығын туғызуды тоқтатуды тапсырды. Сондай-ақ көптенгі дәстүрмен Наурыз тойы Петропавл қаласының басты алаңдарында ғана мерекеленетіндігін қанағат тұтпай, ұлыстың ұлы

күнін шаһардың көппәтерлі үйлерінің аулаларында да кеңінен атап өтуді ұсынды. Бұл ұсынысты бірден қабыл алған отыз шақты пәтер иелерінің кооперативі кездесіп қалғандарында бір-біріне бас изесіп, сәлемдесу ишарасын жасағандары болмаса, басқалай аралас-құраласы жоқ көптеген көршілерді ашық аспан астында жайылған дастарқан басында тоғыстырып, бір-бірімен жақын таныстырып, мәре-сәре қылды. «Пәтерлерімізде ұстайтын иттеріміздің аттарын сұрап білгенімізбен, өздеріміздің аты-жөндерімізді сұрауға қымсынушы едік. Биылғы Наурыздың арқасында көршілеріміздің кім екендігін, қайда қызмет істейтіндігін біліп алдық...» – деп, ризашылық білдіргендер аз емес. «Орталық алаңда өткізілетін Наурыз мейрамына барғанымызбен, қонақтар толып отыратын киіз үйлерге кіріп, наурызкөже ішуге мүмкіндік бола бермеуші еді. Қазақ бауырлардың ұлттық дастарқанындағы тағамдардан дәм татып, мәз болып қалдық. Көршілерімізбен де бірінші рет араласып жатырмыз. Қандай тамаша?!» – деген басқа этнос өкілдері де жетерлік.

Жақсылық хабар жатпайды ғой, былтырғы Наурыз мейрамының осылайша, жаңаша тойланғандығын жергілікті телеарналар арқылы көріп, қызығушылық танытқан басқа көппәтерлі үйлердің тұрғындарына биыл үгіт жүргізудің аса қажеті болған жоқ. Үш жүзден астам көппәтерлі үйдің ауласында Наурыз думаны тілдері басқа болғанымен, тілектері бір көршілерді бір-бірімен таныстырып қана қоймай, табыстыра түсті. «Мың «сіз-бізден» бір «шыж-быж» жақсы» деген осы.

Өңір басшысы үстіміздегі жылғы Наурыз мейрамын облыс орталығында өткізу практикасын одан әрі жетілдіріп, оған аудандардың бұрынғы тәртіппен киіз үйлер әкеліп тігіп, әуре-сарсаңға түсуін доғартқызды. Бұрындары Мағжан Жұмабаев көшесінің орта тұсына

жағалай тігілген ақ шаңқан киіз үйлерді облыс басшылары мен тиісті конкурстың қазылар алқасының мүшелері аралап, олардың әрқайсысында жайылған мерекелік дастарқанның бәрінен дәм татып шыққанша, былайғы жұрт кіргізілмей, реніш туындап жатушы еді.

«Бұрын Наурыз мейрамында тігілген киіз үйлердің есігін іштен жауып алынып, көпбалалы аналарға, ардагерлерге, мүгедектерге ас берілетін. Енді мұны мейрам қарсаңында еңбек ұжымдарында ұйымдастырған жөн ғой деп ойлаймын. Себебі киіз үйлердің есігі келушілердің бәріне ашық болуға тиісті. Олардың іші ұлттық нақышта безендіріліп, халқымыздың салт-дәстүрлері көрсетіліп, насихатталуы керек», – деді Құмар Іргебайұлы облыстың мәдениет саласының басшыларына.

«Аудандардың әкімдері бастаған делегациялардың Петропавлда өтетін Наурыз мейрамына өз киіз үйлері мен концерттік бағдарламаларын әкелетін бұрынғы практиканы да тоқтатайық», – деді өңір басшысы. Сөйтіп аудандардың басшылары бұдан былай Наурыз мейрамын өз аудандарының орталықтарында жергілікті жұртшылықпен бірге тойлайтын болып шешілді. Ал Петропавлдың басты алаңдарында бірнеше киіз үй тігіліп, олардың есіктері қарапайым қалалықтар мен Ресейден арнайы шақырылған қонақтардың баршасы үшін ашық тұрды. Ақ кимешек киген әжелер мен жас келіндер келушілерге “Бесікке салу”, “Қырқынан шығару”, “Тұсау кесу” сияқты ұлттық дәстүрлерімізді көрсетіп, олардың мән-маңызы жайлы әңгімелеп берді. Қызылжарда Наурыз мейрамы осылайша ұлт пен ұлыстардың арасын бұрынғыдан да жақындата түскен нағыз халықтық сипатқа ие болды.

Ал теріскей өңірдің ең өзекті мәселесі – демографиялық жағдайдың күрделілігі. 2003 – 2013

жылдар аралығында бала туудың кемуінің, сондай-ақ сыртқы және ішкі көші-қонның толастамауының салдарынан облыс тұрғындарының саны 670 мыңнан 570 мыңға дейін, яғни 100 мыңға азайып қалған. Одан кейінгі кезеңде бұл теріс үрдіс сәл баяулағанымен, тоқтала қоймай, тұрғындар саны 558,6 мың адамға дейін құлдыраған. Қаншама ауылдың түтіні өшіп, ата-бабаларымыз қас жаулардан ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, кейінгі ұрпақтарына мирас етіп қалдырған қасиетті жеріміздің қыруар бөлігі иесіз құлазып жатыр десеңізші?!. Өкінішке қарай, еліміздің Тәуелсіздігі жылдарында шетелдерден Қызылжар өңіріне көшіп келген ағайындардың тең жартысына жуығы кейін қысы қатты, жазы қысқа өлкені жерсінбей, оңтүстік облыстарға қайтадан қоныс аударып кеткен. Сондықтан да ендігі үміт – Елбасы тапсырмасына сәйкес Үкімет қолға алған бастама – жұмыс күші артық өңірлердің еңбеккерлерін жұмыс күші жетіспейтін өңірлерге қоныстандыру бағдарламасы бойынша ұсынылып отырған қолайлы мүмкіндіктерді мүлт жібермеуде. Соны жете ескерген облыс әкімінің қолдауымен былтыр оңтүстік өңірлерден 188 отбасы көшіп келіп, солтүстікқазақстандықтардың жылдан-жылға сиреп бара жатқан қатары 802 адамға толықты. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылғыдан бір жарым еседей артық. Солтүстік Қазақстан облысы аталмыш әлеуметтік бағдарламаны іске асыруда өзге өңірлерге өнеге көрсетіп келеді десек, артық айтқандық емес. Мұнда үстіміздегі жылы осы игі істің ауқымы барынша кеңейтіліп, жұмыс күші артық өңірлердегі 700 отбасыны көшіріп әкелу, немесе 3 мыңнан астам адамды қоныстандыру көзделіп отыр.

Өңір басшысы қоныс аударушыларды тұрақты жұмыспен, тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін

ұдайы бақылауда ұстап, аудандарды аралаған сапарларында осы маңызды істің орындалу барысын тікелей өзі қадағалап жүр. Бұған дейін оқушылар саны жетіспегендіктен, бастауыш мектептері жабылып, құрып кету қаупі төнген шағын ауылдарға қоныстандырылған күнгейлік ағайындардың арасында тұрақты жұмыс таппай қиналып жүргендер барлығын білген соң іле көшіп келушілерді алдағы уақытта тек жұмыс күші жетіспейтін әрі тұрмыс үшін маңызды әлеуметтік нысандары бар ірі елді мекендерге ғана орналастыру жөнінде тапсырма берді. Осыған орай биыл Үкімет бекіткен квотаға сәйкес Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарынан көшіп келетін еңбеккерлерді қоныстандыру үшін 224 елді мекен таңдап алынды. Оның 106-сы экономикалық өсімнің жоғары әлеуетіне, 118-і орташа әлеуетке ие. Оларда 828 тұрғын үй мен 1282 жұмыс орны жаңа иелерін күтіп, бос тұр. Бұған қоса, облыс әкімі жер алып, бау-бақша өсіргісі келетін қоныс аударушыларға барынша қолдау көрсетуді тапсырды. Қызылжар топырағы, әсіресе, картоп пен көкөніс өсіруге қолайлы екендігін білген кейбір оңтүстіктен көшіп келген ағайындар қазірдің өзінде қапысыз қимылдап, табыс көзін тауып жүр.

Құмар Аксақалов Петропавл қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен бес колледжде «Серпін – 2050» әлеуметтік бағдарламасы бойынша оңтүстік өңірлерден келіп, білім алып жүрген 1114 студентке де үлкен үміт артып отыр. Жуырда олармен кездесу өткізіп, биыл оқу бітіретін түлектерді жұмысқа орналастыру жайлы әңгіме қозғады. «Біз биылдан бастап «Менторлық» жобасын қолға аламыз. «Серпіндік» бір түлекке менің өзім ментор боламын. Оған ақыл-кеңес беріп, жұмысқа орналасуын

бақылауымда ұстаймын», – дей келіп, облыс басшысы осы жиынға қатысып отырған мемлекеттік органдардың басшылары мен кәсіпкерлерді де «Серпін – 2050» бағдарламасының алғашқы 319 түлегіне менторлар, яғни қамқоршы тәлімгерлер болуға шақырды.

«Серпіндіктердің» араларында Қызылжар жерінде махаббатын тауып, шаңырақ көтерген жастар да бар екен. Ондай жас отбасылар осында қалғылары келсе, жергілікті билік тарапынан жан-жақты қамқорлық жасалатын болады. Бұл ретте облыс әкімі: «Қазір біздің өңірдегі ауыл мектептеріне, ауруханаларға, фельдшерлік пункттерге мамандар қажет. Ауылдарға барып, үйленіп, сәбилі болсаңыздар, онда біз сіздерге тегін үй салып береміз. Әрине, ол қызметтік баспана болады. Бірақ, кейін жекешелендіріп алуларыңызға да болатын шығар деп ойлаймыз. Тұрғын үйді жергілікті кәсіпкерлер салып береді. Сіздерге арналған осындай жаңа бастамамыз бар», – деп мәлімдеді.

Өңірден басқа жақтарға көшіп кетушілер легінің әлі де толастамай тұрғандығының тағы бір себебі – ауылшаруашылығы саласында жалақының төмендігі. Бұған өз құлқынының қамын көбірек күйттейтін шаруашылықтардың басшылары кінәлі деп санайды облыс әкімі. Осыған орай ол:

«Жұмыскерлерге мардымсыз жалақы төлеп, қос бухгалтерия жүргізіп, салықтан жалтарып, жаңа жұмыс орындарын ашпай отырғандарға тиісті шараларды қолданатын боламыз. Біз қайткенде де ауылдағы тұрмыс деңгейін көтеріп, адамдардың табысын көбейтуге тиіспіз», – деп, бұл мәселедегі өз ұстанымын көпшілік алдында жария етті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты

білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз», – деп атап көрсеткен болатын. Президентіміздің осы аталы сөзіне бірінші болып құлақ асқан шенеунік Құмар Ақсақалов шығар, сірә да. Ол өткен жылдың аяғында Петропавл қаласында жаңажылдық шыршаларды орнатуға және облыс орталығын мерекелік безендіруге қалалық бюджеттен бір теңге де қаражат бөлмей, бұдан үнемделетін қыруар ақшаны шаһар көшелерін одан әрі көркейту жұмыстарына жұмсауды тапсырды. Қала басшыларына былтыр орнатылған шыршалар мен әртүрлі әшекейлерді қайтадан пайдалануды ұсынды.

Өйткені, Петропавлды жаңажылдық безендіруге кейінгі жылдары қаланың бұрынғы және бүгінгі әкімдерінің «талғампаздықтары» мен «мырзалықтарының» қаншалықты екендігіне байланысты 8 миллион теңгеден 24 миллион теңгеге дейін қаржы шығындалып келген екен...

Құмар Ақсақаловтың Петропавл қазақтарын айрықша риза қылған бір игілікті ісі – былтырғы жылдың аяғында облыс орталығында республикалық бюджет қаржысы есебінен бірден екі қазақ мектебінің құрылысын бастауға қол жеткізгендігі. Бұл – елдің шетінде, желдің өтінде орналасқан өңірде ана тіліміздің өрісін кеңейту ниетінен туындаған үлкен қамқорлық. Өйткені, Тәуелсіздік жылдарында облыс орталығында жаңадан 5 қазақ мектебі ашылғанымен, уақыт өте келе олардың өзі жеткіліксіз болып, оқушыларды екі-үш ауысымда оқытуға тура келген. Ал кейінгі он жылда Петропавлда бірде-бір мектеп салынбаған.

Қызылжар өңірінің мәдени өмірінде де облыс әкімі ұйытқы болып, елді елең еткізген жақсы жаңалықтар жетерлік. Солардың бірі – үстіміздегі жылы облыс

орталығының жаңа «Жас Өркен» шағынауданында Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драмалық театрының 500 орындық жаңа ғимаратының құрылысы басталатындығы. Өйткені, Петропавлдың шет жағында орналасқан бұрынғы энергетиктердің Мәдениет үйінің ғимаратында 2000 жылы ашылған аталмыш театрдың 200 орындық көрермендер залы қазір тарлық етуде. Бұл мәселені жергілікті театрсүйгіш қауым көп жылдан бері көтеріп, облыстың бұрынғы әкімдерінің де «құлақ етін жеп» келген болатын.

Тарих-данадан тағылым алып, өткен мен бүгіннің сабақтастығын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу ісінде музейлердің рөлі айрықша екендігі мәлім. Осыған жете мән берген өңір басшысының ұсынысымен облыстағы барлық музей келушілерге тегін қызмет етуге көшірілді. Соның арқасында облыс орталығындағы музейлерге келушілердің қатары бұрынғы жылдардағымен салыстырғанда 20 процентке артып отыр. Бұған қоса, ауыл мектептерінде үстіміздегі жылы 70 музей ашылған. Оларға тән бір ерекшелік – мән-маңызы зор жәдігерлер білім мекемесінің табалдырығынан аттаған кез келген адамның көзі түсетін көрнекі орындарға орналастырылғандығы. Осы игі бастама одан әрі жалғасын таппақшы.

Жыр пайғамбары – Мағжан елінде ақындық өнерді дамытуға да айрықша ден қойылып, өткен жылдың қыркүйек айында жас ақындар мектебі ашылды. Оның шәкірттері содан бері облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлердегі жыр додаларына қаймықпай қатысып, 18 мәрте жеңімпаз атанып үлгерді. Мұндай мектептерді енді әрбір ауданда ашу жоспарланып отыр. Ал биылғы наурыз айында Петропавлда Сегіз серінің 200 жылдығына арналған “Сал-серілердің серкесі” атты

республикалық ақындар айтысы өткізіліп, оған елімізге белгілі 16 ақын келіп, жырқұмар қызылжарлықтардың айыздарын бір қандырып кетті.

Қызылжарда былтыр тұңғыш рет өткізілген тағы бір тамаша іс-шара – “Гаяһар тас” оркестрлер мен ұлттық аспаптар ансамбльдерінің республикалық фестивалі. Биыл екінші жыл қатарынан өткізілген өнер бәйгесінде еліміздің түпкір-түкпірінен келген оркестрлер солтүстікқазақстандықтарға бірнеше күн бойы өнер көрсетті. Сондай-ақ облыс әкімінің қолдауымен елге әйгілі жерлес әнші-композиторлардың әндерінің жинақтарын дайындау қолға алынды. Әуелі атақты Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай бабаларымыздың әндерінің дискілері шығарылды.

Үстіміздегі жыл – Қызылжар өңірі үшін мерейтойлар жылы. Сегіз серінің екі ғасырлық тойы Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығы, Ақан серінің 175 жылдығы, Қожаберген жыраудың 355 жылдығы сияқты мерейтойларға ұласпақшы. Облыс басшылығы олардың бәрін де лайықты атап өтуді жоспарлап отыр.

Әрине, солардың ішінде түрік дүниесінің жарық жұлдызы – Мағжанның орны бөлек. Соны ескерген Құмар Ақсақалов ТҮРКСОИ Халықаралық ұйымының басшылығымен ақылдаса келе, ақиық ақынның мерейтойын ұйымға кіретін елдерде атап өту туралы шешім қабылданған. Түркі әлемінде 2018 жыл «Мағжан Жұмабаев жылы» болып жарияланып, ол түркі әлемінің мәдени астанасы аталған Кастамону және Анкара қалаларында ақпан айында бастау алды. Оған Солтүстік Қазақстан облысының делегациясы қатысып оралды.

Ұлы ақынның туған күні – маусымның 25-іне қарай Петропавлда «Мағжан көктемі» V республикалық өнер фестивалі, республикалық ғылыми-практикалық конференция, жалпы білім беретін мектеп оқушылары

арасында республикалық «Мағжан оқуы» өткізілмекші.

«Біз, ең алдымен, Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығына баса көңіл бөлуіміз қажет. Осы мақсатпен ұлы ақынның бұрын жарияланбаған өлеңдері енген кітабын шығармақшымыз», – деді Құмар Ақсақалов жуырда Астанадағы орталық коммуникациялар қызметінде болған баспасөз мәслихатында.

Қызылжарда осындай оң өзгерістер бар. Әдетте іргелес жатқан Сібірдің салқыны сезіліп тұратын солтүстік өңірден бүгінде жан жадыратар жылы леп есе бастаған сияқты...

2018 жыл

АБЫЛАЙДЫ АРДАҚТАП, МАҒЖАНДЫ МАҚТАН ТҮТҚАН

Журналистік қызмет бабымен Қызылжар өңіріндегі елді мекендерді ай сайын аралап, жұртпен жүздесіп жүремін. Адамдардың ынтасын теңгермешілікпен тұсап, халықты жалқаулық пен масылдыққа үйретіп кеткен Кеңес өкіметі құлағаннан кейін өтпелі кезеңдегі тұрмыстың нелер тауқыметін бастан өткерген ауылдағы ағайынның бір кездегі жоғары жаққа жәутендеп жәрдем сұраудан басқаны біле бермейтін мінез-құлқы қазір танымастай өзгеріп, әрқайсысы өз тірлігін жасап, өз күнін өзі көруге көшкені аңғарылып тұрады. Бірақ, әр ауылдағы жағдай әркелкі. Іргесі еш сөгілмей, жаңа үйлер бой көтеріп, ірілене түскендері де, тұрғындары қораларын толтырып мал да бақпай, істейтін басқа жұмыс та таппай, қалаға қопарыла көшіп кетіп, орта мектептері негізгіге, негізгісі бастауышқа айналып, бастарына бұлт үйіріліп тұрғандары да бар. Неге бұлай?

Бұл сауалдың жауабын табу үшін еліміздің тарихына үңілмесек болмайды: өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында республика экономикасы нарықтық қатынастарға көшіріліп жатқан тұста Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үлкен жиындарда ұжымшарлар мен кеңшарлардың басшыларына сөз арнап, оларды мемлекеттік мүлікті жекешелендіру жолымен жаңа да тиімді ауылшаруашылық құрылымдарын құруға шақырған болатын. Міне, осылайша күні өткен жоспарлы шаруашылық жүйесі бойынша жұмыс істеп келген «қызыл директорлар» бірден қызметтен қуылмай, бәріне адамшылық жасалып, өндірісті жаңаша ұйымдастырып, өз іскерліктерін танытуларына

мүмкіндік берілген. Өкінішке қарай, бұрынғы басшылардың талайы жеке басының қамын күйттеген, құлқынының құлы боп шықты. Көбі өздеріне сеніп тапсырылған шаруашылықтардың мал-мүлкін талан-таражға салып, түгел құртып бітірген соң басқа жаққа тайып тұрып, іздерін суытқандыры мәлім. Бұған керісінше, қилы заманның қиындықтарын көппен бірге көрген ұлы тойға балап, қоғамдық мүлікті жаңа жағдайда тиімді пайдаланудың тетігін таба білген шаруашылық басшылары да аз емес.

Осы ретте Қызылжар өңіріндегі басқа құс шаруашылықтары өтпелі кезеңдегі қиындықтарға төтеп бере алмай, жабылып тынғанда жалғыз Бескөл құс фабрикасын аман сақтап қалып, табысты кәсіпорынға айналдыра білген Серік Біләловтің кейін бірнеше ауданның әкімі болып тағайындалуы, ал 2007 жылы Елбасының зор сеніміне ие болып, Солтүстік Қазақстан облысының бірінші басшысы атануы қисынды кадрлық шешімдер ретінде жергілікті тұрғындар көңілінен шыққан еді.

Әділін айту керек, Серік Сұлтанғазыұлы облыс басқарған төрт жылдың ішінде өзіне дейінгі өңір басшылары шеше алмай кеткен әрі солтүстікқазақстандықтардың ең көкейкесті мәселелерін шынайы жанашырлықпен шеше білді. Мәселен, Петропавл қаласының шетін басып ағатын Есіл өзенінің арғы бетінде орналасқан Заречный кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындары сонау Кеңес өкіметі кезінен бері қақаған қыста жылуға жарымай, зар илеп келсе де, олардың мұқтажы 2008 жылға дейін түпкілікті шешімін таппады. Сол жылдың басында заречныйлықтармен кездесу өткізген Серік Біләлов бұл проблеманы бірден қолға алуға уәде беріп, сөзінде тұрды: облыстық бюджеттен қыруар қаржы бөлгізіп,

Есіл өзенінің үстінен жылу құбырын тартқызып, кенттегі көпқабатты тұрғын үйлердің бәрін қаланың орталық жылыту жүйесіне қосқызды. Сөйтіп заречныйлықтар Қызылжардың қаһарлы қысының қыспағынан біржола құтылып, ақпанның ақырған аязында да пәтерлерінің желкөзін ашып, таза ауамен желпініп отыратын әдетке көшті. Тимирязев ауданы тұрғындарының да бұрынғы өңір басшыларына айта-айта ауыздары жауыр болған басты мұқтаждығы – облыс орталығына баратын республикалық трассаға дейінгі көлік жүруі қиын қырық жамау, кедір-бұдыр, ұзындығы қырық шақырымдай облыстық маңыздағы жолды жөндеу жөніндегі өтініштері де сол 2008 жылы Серік Біләловтің тікелей араласуының арқасында орындалды. Айта берсек, осындай мысалдар жетерлік.

Қызылжар өңірі елмен бірге жылдан-жылға жаңарып, көркею үстінде. Облысымыз кейінгі жылдары ең астықты өңір атанып, республика бойынша жиналатын дәнді дақылдар өнімінің 25 пайыздан астамын өндіруді дәстүрге айналдырды. Тоқсаныншы жылдардағы экономикалық құлдырау кезінде иесіз қалып, жусан басып кеткен мыңдаған гектар егістік алқаптар жаңа да жанашыр қожайындарын тауып, қайтадан айналымға енгізілді. Сөйтіп дәнді дақылдар алқабы 19 проценттен астамға ұлғайтылып, 3,9 миллион гектарға дейін жеткізілді. Мемлекеттің қуатты қолдауына сүйене отырып, егіншілік мәдениетін арттырудың арқасында солтүстікқазақстандық диқандар үстіміздегі мерекелі жылы дәнді дақылдардан гектар басы 20 центнерден өнім алып, барлығы 8 миллион тоннадай астық жинамақшы. Бұл – бұрын-соңды болмаған ырыздық, рекордтық көрсеткіш. Қыркүйек айының басында Қызылжар өңірінің егінжайларын аралап көрген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев белуардан келетін бітік

егінді көріп, көңілі сүйініп, диқан қауымға игі тілегін білдірді.

Өңірімізде егіншілікпен қатар, малшаруашылығы да өркендеу үстінде. Облысымыз жан басына шаққанда сүт пен жұмыртқа өндіруден республика бойынша бірінші орынды, ал ет өндіруден екінші орынды еншілеп отыр. Бұл орайда өңірімізде кейінгі жылдары жинақталған оң тәжірибелер аз емес. Қызылжар ауданындағы «Зенченко және К» коммандиттік серіктестігінде қанатқақты жоба жүзеге асырылып, Канададан әкелінген 800 бас сиырға арналған сүт кешені іске қосылды. Мұндағы әр сауын сиырдан жылына 7 мың литрдей сүт сауылады. Бұл кешенді Қызылжарға жұмыс сапары барысында Елбасы аралап көріп, «Бұл – болашақтың кешені» деп атап, тың бастаманың табысты іске асырылғанына ризашылығын білдірген-ді. Осыған ұқсас, 1000 басқа арналған озық сүт кешенін Тайынша ауданындағы «Тайынша-Астық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС) де салып, іске қосты. Жаңадан салынған «Баско» ЖШС-нің 50 мың бас шошқа кешені мен қалпына келтірілген Петропавл бройлер фабрикасы да азық-түлік молшылығын жасауға қомақты үлестерін қосуда.

Айта кету керек, Қызылжар өңірінде төрт түлік мал басын көбейтуде Тәуелсіздік жылдарында атажұртқа оралған Жаңабай Пірманов, Төлеу Ахмутдинов сынды іскер азаматтар өзгелерге өнеге көрсетіп жүр. Олар жергілікті биліктің қолдауына сүйеніп, шағын мал фермаларын ашып, өз туыстарын да, ауылдастарын да тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету үстінде.

Өнеркәсіп саласы да тоқсаныншы жылдардағы қиындықтарды артқа қалдырып, ілгері басты. Бұрынғы Кеңес Одағының қорғаныс өнеркәсібінің Петропавл

қаласында орналасқан ірі зауыттары бүгінде бейбіт өнім шығаруға бейімделіп, нарықтық экономика жағдайында жаңаша жұмыс істеуге көшкен. Әсіресе, облыстық мәслихаттың депутаты Игорь Коровин басқаратын «ЗИКСТО» акционерлік қоғамы (АҚ) жаңашылдық танытып, «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы үшін 2008 жылдан бері жүк вагондарын жасап шығарумен айналысуда. Ал белгілі кәсіпкер Марат Әбілмәжінов басшылық жасайтын «Киров атындағы зауыт» АҚ шетелдік серіктестерімен бірлесіп, цифрлық теледидар жабдықтарын жасауға кірісті. Тайынша ауданында 2010 жылы құрылған Қазақстан-Беларусь бірлескен кәсіпорыны – «СП КазБелАгроМаш» ЖШС бұрынғы машина-трактор жөндеу зауытының ғимаратын пайдаланып, жаңадан «Қызылжар – 1300» комбайндарын шығара бастады. Оған «Қызылжар» атауын беруді Елбасының өзі ұсынған еді.

Петропавл қаласы тұрғындарын көкөніспен қамтамасыз ету мақсатында облыстық мәслихаттың депутаты Гюлага Илдырымов жетекшілік ететін «Наурыз – 2030» ЖШС-нің жылыжай кешені жаңартылу үстінде. Өткен жылы осында көкөніс дақылдарының көлемі екі есе ұлғайтылып, тамшылатып суару технологиясы енгізілді. Жоба толық жүзеге асырылғанда мұнда жылына 3,4 мың тонна көкөніс пен 1 мың тонна картоп өндіріліп, қалалықтар дастарқанына қолжетімді бағамен жөнелтілмекші.

Еліміздің Тәуелсіздігінің арқасында Кеңес өкіметі тұсындағы ұлтсыздандыру саясаты айрықша өктемдікпен жүргізілген теріскей өңірде ана тілімізді, ата салт-дәстүрлерімізді, асыл дінімізді қайтадан өркендету бағытында қыруар іс тындырылды. Петропавлда 1991 жылға дейін жалғыз-ақ қазақ мектеп-интернаты жұмыс істеген болса, қазір ана тіліміздегі орта білім

мекемелерінің саны алтыға жетті. Олардың екеуі – 320 орындық классикалық гимназия мен 1100 орындық мектеп-гимназия Тәуелсіздік жылдары салынып, пайдалануға берілген сәулетті ғимараттарға орналасқан. Облыс орталығында 2006 жылы ашылған, дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернатының шәкірттері де мемлекеттік тілді меңгерумен қатар, орыс, ағылшын, түрік тілдерін де үйрену үстінде. Кеңес өкіметі тұсында 94 қазақ ауылында жабылып тынып, орыс тілінде оқытуға көшірілген қазақ мектептері Тәуелсіздік жылдарында түгелдей қалпына келтірілді. Қазақ мектептері бұрын ешқашан болмаған аудан орталықтарының барлығында да ана тілімізде оқытатын орта білім беру мекемелері ашылды. Тимирязев, Мамлют, Жамбыл, Қызылжар аудандарында сәулетті де қазіргі заман талаптарына толық сәйкес жабдықталған жаңа қазақ мектептері мен мектеп-интернаттары салынды. Мемлекеттік тілге осындай бетбұрыстың нәтижесінде қазіргі таңда облыстағы қазақ балаларының 62 проценті өз ана тілдерінде білім алып жүр. Ал бұдан жиырма жыл бұрын бұл көрсеткіш небәрі 25 процент еді.

Жас ұрпаққа сапалы білім берумен бірге олардың денсаулығын нығайтуға жете көңіл бөлінуде. Мектептерде ыстық тамақ ұйымдастырылып, аз қамтамасыз етілген отбасылардың оқушы балалары тегін тамақтандырылады. Бұған қоса, облыс әкімінің бастамасымен соңғы жылдары қосымша «Мектеп сүті», «Мектеп балы» жобалары жүзеге асырылып, төменгі сыныптардың оқушыларына тегін сүт пен бал беру жолға қойылды.

Облыстың денсаулық сақтау саласы да дами түсті. Елбасы бекіткен «100 мектеп, 100 аурухана» жобасы аясында Петропавл қаласында 2009 жылы осызаманғы Қан орталығы, 2010 жылы ауысымына 500 науқасты қабылдайтын жаңа емхана құрылысы аяқталып,

тұрғындарға қызмет көрсете бастады. 2007 жылы Ақжар ауданының орталығы Талшық ауылында күніне 200 адамды қабылдайтын емханасы және 100 төсек-орыны бар, замануи құрал-жабдықтар орнатылған орталық аурухана тұрғындар игілігіне берілді. Мұнда дәрігерлер жетіспегендіктен, сонау Қырғыз Республикасынан қоныс аударып келген айырқалпақты ағайындар – жоғары білімді мамандар да жұмысқа орналасып, жергілікті тұрғындарға қалтқысыз қызмет көрсетіп жүр. 2009 жылы Петропавлдағы №2 аурухананың жанынан кардиологиялық орталық ашылып, онда жергілікті дәрігерлер жүрекке ашық ота жасау ісін қолға алды. Бұл игі іс те науқастар ризашылығын туғызуда.

Солтүстікқазақстандықтар Ресейдің шекаралас облыстарымен өзара ынтымақтастықтың да жемісін көріп отыр. Мұнда еліміздің өзге өңірлерінде жоқ бір тамаша бастама сегіз жылдан бері үзбей жалғастырылып келеді: көршілес Түмен облысының кардиолог-дәрігерлері Петропавлға келіп, Солтүстік Қазақстан облысының туа біткен жүрек ауруларына шалдыққан кішкентай сәбилеріне ота жасауда. Қымбат тұратын отаның құны облыстық бюджеттен бөлінген қыруар қаржы есебінен төленеді. Осылайша 464 баланы ажалдан арашалап қалған түмендік хирургтердің жетекшісі, Түмен облыстық клиникалық ауруханасының бөлімше меңгерушісі, профессор Кирилл Горбатиков солтүстікқазақстандықтардың сүйікті дәрігеріне айналып, Қазақстан Президентінің Жарлығымен «Шапағат» медалімен марапатталды.

Өңірде денсаулық сақтау саласы мамандарының жетіспеушілігі мәселесін шешу мақсатымен арнайы шақырумен келген дәрігерлердің бәріне көтермеақы төленіп, жайлы баспанамен қамтамасыз етіледі. Соның нәтижесінде былтырғы жылы ғана облысымызға 68 жас

маман келіп, жергілікті емдеу мекемелеріне жұмысқа орналасты. Петропавлда өткен жылы медицина кадрлары үшін 80 пәтерлі «Дәрігер үйі» салынып, пәтер кезегінде тұрған ақ халатты абзал жандар қоныстойын атап өтті.

Кеңес өкіметі ұмыттыра жаздаған ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміз де Тәуелсіздік жылдарында қайта өркендеу кезеңін бастан кешіруде. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында аз ғана уақыт қызмет еткеннен кейін жабылып қалып, тек 2000 жылы қайта шаңырақ көтерген қазақ сазды-драма театрына әйгілі жазушы жерлесіміз Сәбит Мұқановтың есімі беріліп, жас өнер ұжымы Қызылжардағы қазақ рухын асқақтата көтеріп, ана тіліміз бен ділімізді, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуші қара шаңыраққа айналды. Бұл өнер ордасының салтанатты ашылу рәсіміне Сәбеңнің 100 жылдық мерейтойына арнайы келген Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, көк лентасын жазушының жары Мәриям апамызбен бірге қиғанын театр ұжымы мақтаныш етеді.

Петропавлдың көне де тар мешітіне діни мейрамдарда сыймай кететін жергілікті мұсылман жамағаты арман қылған жаңа ғибадатхананың салынуына Елбасы жәрдем беріп, діндар қауымның жүрекжарды алғысына бөленді. Бүгінде қаланың ортасында еңселене бой көтеріп, көк күмбезі күнге шағылысып тұрған кең де сәулетті орталық мешіттің маңдайшасында: «Қызылжар орталық мешіті Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев және Сауд Арабиясы Корольдігінің тақ мұрагері ханзада Сұлтан бен Абдель Азиз бөлген қаражатқа салынды. Қараша. 2005 жыл» деген жазу бар.

2008 жылғы 21 тамыз Тәуелсіз Қазақстанның тарихына айтулы күн болып енгендігі күмәнсіз. Сол күні Президентіміз Петропавлға келіп, өзінің тікелей

тапсырмасымен республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қыруар қаржы бөлгізіп, қалпына келтірткен «Абылайдың ақ үйі» мұражай кешенін ашып, жиналған жұртшылық алдында тебірене сөз сөйледі.

«Біз бүгінде өз Тәуелсіздігіміздің арқасында көптеген батырларымыз бен тарихта аты қалған тұлғаларға арнап ескерткіштер салып келеміз. Солардың ішіндегі бірегейі, әрине, Абылай хан резиденциясы екені даусыз», – деді Елбасы. Бүгінде Абылайдың ақ үйі – еліміздің барлық өңірлерінен және шетелдерден келетін қонақтар іздеп барып, тағзым ететін, отбасылық өмір жолына бірге қадам басқан жас жұбайлар бастарын иіп, бата тілейтін қастерлі де қасиетті орын.

Тәуелсіздік жылдары солтүстікқазақстандықтар Кеңес өкіметі тұсындағы саяси қуғын-сүргін құрбаны болған ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың есімін мәңгі есте қалдыру, шығармашылық бай мұрасын кеңінен насихаттау ісіне айрықша көңіл бөлді. «Жыр пайғамбары» атанған бабамыздың 100 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде мерекеленіп, Петропавл қаласы мен Мағжанның туған жері – Сарытомар ауылында ақиық ақын ескерткіштері орнатылды. Кейін бұрынғы Булаев ауданына Мағжан Жұмабаев есімі беріліп, оның орталығы – Булаево қаласында да ақынға ескерткіш тұрғызылды. Облыс орталығының бір кең көшесі мен осындағы гуманитарлық колледж ұлы ақын атында. Серік Біләлов Мағжанның 115 жылдығына орай Сарытомардағы мұражайын жаңартып, өлеңдер жинағын және «Батыр Баян» поэмасын жеке кітап етіп шығаруға, «Батыр Баян» поэмасының желісімен пьеса жаздырып, сахналауға, ақынның орыс тіліне аударылған шығармалары топтастырылған «Исповедь» кітабын

шығаруға ұйытқы болды. Ал Мағжан поэзиясын қастерлеуші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Виктор Шалаев «Суд Мағжана» пьесасын жазып, оны Николай Погодин атындағы орыс драма театры сахнаға шығарды.

Ұлылар өлкесі атанған Қызылжар өңірінде өзге де атақты жазушылардың, аса көрнекті мәдениет пен өнер, ғылым қайраткерлерінің есімдерін мәңгі есте қалдыру шаралары қабылданып, мерейтойлары лайықты аталып өтілді. Шал ақын, Ғабит Мүсірепов есімдері аудандарға берілді. Ал Тимирязев ауданының атауын Сәбит Мұқанов ауданы деп өзгерту мәселесі облыстық деңгейде шешіліп, тиісті құжаттар Астанаға бекітуге жіберілді.

Соңғы санақ мәліметтері бойынша Қызылжар қазақтары облыс тұрғындарының 34 пайызын ғана құрап отыр. Мұндай жағдайда өңірде ана тіліміздің тілдік ортасын қалыптастыру оңайға соқпайтыны аян. Соған орай демографиялық ахуалды жақсарту шаралары да іске асырылуда. Оралмандарды қабылдап, орналастырудың өңірлік бағдарламасы қабылданып, онда атажұртқа ат басын бұрған қандастарымызға жергілікті бюджет есебінен тұрғын үй салып беру қарастырылған. Облыс орталығына таяу жерде кілең алыстан келген ағайындар тұратын жаңа Бәйтерек ауылы пайда болды. Мұнда Президентіміз бекіткен «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша өткен жылы 140 тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді.

Еліміздің «Солтүстік қақпасы» атанған Петропавл қаласының қазіргі ажары көңіл толарлықтай. Тәуелсіздік жылдары мұнда жаңа да көрікті шағынаудандар пайда болды. Бұрынғы Ленин атындағы орталық көше Қазақстан Конституциясы көшесі деп өзгертіліп, бір шетіне Тәуелсіздік стеласы, екінші шетіне Қарасай және Ағынтай батырлар ескерткіші, орта тұсына

Мемлекеттік рәміздерге арналған сәулеттік композиция орнатылды. Өзгекөшелердекөркейтіліп, гүлге оранды. Бертінде орнатылған Абай мен Пушкиннің, Үкілі Ыбырайдың, Ғабит Мүсіреповтің, Евней Букетовтің ескерткіштері де көз тартарлықтай. Бұрынғы НКВД мекемесі орналасқан жерге тұрғызылған саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған монумент те ешкімді бейжай қалдырмайды. Қалалық мәдениет және демалыс саябағы жаңартылып, ішіне үлкен субұрқақ жасалып, қазақ және орыс әдебиеті классиктерінің, Қызылжар өңірінен шыққан тарихи тұлғалардың мүсіндері қойылды. Жергілікті сәулеткерлердің қиялдарынан туған сан алуан шағын мүсіндік бейнелер қаланы тіпті ерекшелендіре түсті. Өткен жылы облыс аудандары Петропавлдың әр тұсында 13 жаңа шағын бақ орнатып, қалалықтарға тарту етті. Биыл қала шетіндегі Пестрое көлінің жағасында «Солтүстік жұлдызы» саябағы жасалып, қалалықтар тынығатын сүйікті орынға айналды. Петропавлдағы бірегей ботаникалық бақ – «Қызылжар оранжереясы» да былтыр «Жол картасы» бағдарламасының көмегімен қайта жаңғыртылып, жайнай түсті.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай облыс әкімінің бастамасымен «20 игі іс» акциясы өріс алып, басшы азаматтар мен кәсіпкерлер, зиялы қауым өкілдері өздерінің туған ауылдарына барып, хал-қадерлерінше көмектерін тигізу үстінде. Серік Біләловтің өзі болса, ұлы Мағжанның Отаны – Сарытомар ауылына барып, өзінің де кіндік қаны тамған атамекенінің ажарын аша түсуге атсалысты.

...Қызылжар өңірінде мені ерекше қуантатын құбылыс – қазақ тіліне деген ықыластың артқаны. Осыдан 20 жыл бұрын ана тіліміздің жанашырларының ұйытқы болуының арқасында Петропавлдағы бір орыс

мектебінің жанынан 15 баланың басын құраған алғашқы қазақ сыныбы әрең ашылған еді. Ал өткен оқу жылында Қызылжар өңіріндегі қазақ мектептерінде ұлты басқа 312 оқушы мемлекеттік тілімізде білім алыпты. Бұл олардың ата-аналары өздерінің жүрек қалауларымен бір қазақ мектебін бірлесіп ашқанмен пара-пар емес пе? Ендеше, қазақ тілінің һәм қазақ ұлтының болашағы жоқ деп кім айта алар?!

Иә, Абылайды ардақтап, Мағжанды мақтан тұтқан солтүстікқазақстандықтардың Тәуелсіздік тойына әзірлеген тартулары толымды.

2011 жыл

ҚЫЗЫЛЖАР ҚАЗАҚЫЛАНЫП КЕЛЕДІ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!» – деп ұран тастағалы қашан?! Ал сынампаздар болса: «Қазақ тілі құрып барады. Қазақ тілінің болашағы жоқ...» – деп байбалам салуларын әлі күнге қояр емес. Ақиқат кімнің жағында екенін білгіміз келсе, тарихқа үңіліп, қазақ тілінің нақты жағдайын көрсететін деректерді салыстырып көргеніміз абзал. Өйткені, өмірде бәрі де салыстыру арқылы танылады емес пе?..

1990 жылы Петропавлда «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті белсенділері қаладағы орыс мектептерінің жанынан алғаш рет қазақ сыныптарын аштырамыз деп бастама көтеріп, үй жағалап үгіт жүргізген екен. Сонда талай қазақтар: «Қазақ тілі кімге керек? Орыс тілін білмейтін адам ертең нан таба алмай, далада қалады. Біз баламызды орыс тілінде оқытамыз», – деп бір-ақ қайырып, есіктерін тарс жауыпты. Рәшит Бәдірленов, Мүтәллап Қанғожин, Мәлік Мұқанов, Зейнолла Әкімжанов, Өмір Есқали, Жақсыбай Самрат сынды есімдері республикаға белгілі журналистердің және басқа ұлтжанды азаматтардың жанайқайы саналарына сәуле түсірген 80 шақты ата-ана сол жылы мектепке баратын қарадомалақтарын қазақ сыныбына беруге уәде етеді. Алайда, көпшілігі сөздерінде тұрмай, айнып шығып, ақыры күзде 20 мыңдай қазағы бар шаһардан ана тілінде білім алуға шын ықылас білдірген небәрі 15-ақ отбасы табылған. Сөйтіп қаладағы №3 орыс мектебінің жанынан 15 қазақ баласының басын қосқан алғашқы қазақ сыныбы ашылған еді.

Кейінірек қызылжарлық тіл жанашырларының өтінішімен көрнекті жазушы, жерлесіміз Сафуан Шәймерденовтің сол кездегі Үкімет басшысы Сергей Терещенкоға барып, мәселе көтеруінің арқасында Петропавлдың дәл орталығында 320 орындық қазақ классикалық гимназиясының қабырғасы қаланды. Сол уақытта облыс әкімі болған Владимир Гартман қалалық оқу бөлімінің бастығы болып істейтін қазақ азаматына: «Түбінде 320 орын тарлық етпей ме? Мүмкін, кеңірек қылып салуымыз жөн шығар», – дейді. Ол болса: «Осыны толтыратын шәкірт табудың өзі оңайға түспейін деп тұр. Бұдан үлкен мектептің қажеті жоқ біздің азғантай қазаққа» – деген екен. 1996 жылы ашылған сол білім ордасында қазіргі таңда 1 мыңнан астам оқушы екі ауысыммен оқуға мәжбүр болып жүр. Бұдан басқа, қалада тағы бес қазақ мектебі бар. Барлығы да оқушыларға лық толы.

Ал қалада соңғы салынған 1100 оқушыға арналған қазақ мектеп-гимназиясы 2007 жылы пайдалануға берілген. Содан кейін әлемдік қаржы дағдарысы килігіп, петропавлдық ата-аналар қолқалап сұрап жүрген жетінші қазақ мектебін салуға қаржы бөлінбей қалды. Осыны ескерген облыс әкімі Серік Біләлов 2008 жылғы мұғалімдердің дәстүрлі тамыз мәслихатында облыстық білім басқармасы мен Петропавл қаласының басшыларына оқушылар саны азайған орыс мектептерінің жанынан қазақ сыныптарын ашу жөнінде тапсырма берді. Соған орай арада өткен екі жыл ішінде қаладағы орыс мектептерінде 6 қазақ сыныбы және 11 мектеп алдындағы дайындық сыныбы мен шағын орталық ашылды. Оларда өткен оқу жылында 400 қара көз бүлдіршін өз ана тілінде білім алды.

Жасыратыны жоқ, жергілікті ағайындар арасында орыс мектептерінде қазақ сыныптарын ашуды онша

қолдамайтындар да кездесіп қалады. «Орыс мектебінде оқитын баланың өз сыныбынан шыққан соң өзгелермен орысша сөйлесуіне тура келеді. Сөйтіп тілдік ортасы орысша болған соң қазақ тілін үйренуі қиындайды», – деген уәж айтады олар. Алайда, мұндай пікірді жақтаушылар, меніңше, Петропавлда қазіргі таңда қалыптасып отырған нақты жағдайды жете ескермейді.

Ал облысымыздың орталығындағы нақты жағдай мынадай: таза қазақ мектептерінде оқып жүрген оқушылардың өздері де сабақтан үзіліске шығысымен-ақ бір-бірімен көбінесе орыс тілінде сөйлеседі. «Бұл қалай?» деп қайран қалатын ата-аналар жағы осы жөнінде талай әңгіме көтеріп, қазақ мектептерінің басшылары мен мұғалімдерін сынап-мінеп жатады. Әйтсе де, мұндай сыннан жағдайдың түзелгені шамалы.

Өйткені, Петропавлға тән осы бір ерекше құбылыстың өзіндік себебі бар. Қаладағы қазақтардың үлес салмағы әлі күнге 20 проценттің шамасында болғандықтан, мұндағы тілдік орта орысша болып қалып отыр. Балаларға мектеп пен отбасынан тыс орындардың бәрінде орыс тілінде қарым-қатынас жасауға тура келеді. Аулаларында араласатын тетелестерінің де дені – ұлты басқа балалар. Оған жас ұрпақты жаппай баурап тұрған Интернет әлемінің тілі де, негізінен, орысша екендігін қосыңыз. Сондықтан, таза қазақ мектептерінде оқитын оқушылар да орыс тілін тұрмыстық сөйлесу тілі деңгейінде, ал қазақ тілін әдеби тіл деңгейінде қатар меңгеру үстінде. Осы тұрғыдан алғанда, таза қазақ мектептеріндегі тілдік ахуалдың аралас мектептердегіден асып тұрғаны шамалы. Демек, жаңа мектеп салуға жаһандық қаржы дағдарысы мүмкіндік бермей тұрған қазіргі жағдайда бос орындар жеткілікті орыс мектептерінің жанынан қазақ сыныптарын ашып, оларды аралас мектепке

айналдырудан ат-тонды ала қашудың қисыны жоқ. Оның үстіне, қазіргі кезде орыстілді оқушылардың да мемлекеттік тілді меңгеруге деген ынта-ықыластары айтарлықтай екендігін де ескермей болмайды. Мәселен, Юлия Маркова, Лариса Зуева, Анастасия Высоцкая, Екатерина Смирнова, Сергей Симоненко сынды білімді жастар тіпті республикалық деңгейдегі қазақ тілі байқауларында талай мәрте жүлделі орындарды еншілеп, бір кезде барынша орыстандырылған өңірде қазір қазақ тіліне айқын бетбұрыс барлығын аңғартып жүр.

– Облысымызда мемлекеттік органдарда іс жүргізу толықтай қазақ тіліне көшірілді. Осы бағыттағы жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында облыс әкімі Серік Біләловтің қолдауымен біздің басқарманың штаты 12 бірліктен 25-ке дейін көбейтілді. Сөйтіп әр ауданға өкілетті бір бас маман бөлінді. Мұндай қамқорлық республика бойынша біздің облыста ғана жасалып отыр. Сондай-ақ, үстіміздегі жылы алғаш рет өңір басшысы бекіткен кестеге сәйкес барлық аудандар мен қала әкімдерінің орынбасарлары, облыстық атқарушы органдардың және аудандық, қалалық бөлімдердің басшылары, аппарат жетекшілері қазақ тілін меңгеруден «Қазтест» жүйесі бойынша сынақ тапсырды. Бұл бастама да басшы қызметкерлердің мемлекеттік тілімізге деген жауапкершілігін арттыра түскендігі анық, – дейді облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Кемел Оспанов.

Әрине, Қызылжар өңірінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін қамтамасыз етуге жергілікті билік тарапынан жан-жақты жанашырлық көрсетіліп отырғанымен, алдағы уақытта айрықша назар аударуды қажетсінетін өзекті мәселе де бар. Ол – қазақ тілінің тілдік ортасын қалыптастыру проблемасы әлі де өткір күйінде тұрғандығы. Бұған қыруар уақыт керектігі

де даусыз. Мұның өзі облыстағы демографиялық ахуалды түбегейлі жақсартып, қазақтардың санын көбейтпейінше, оңайлықпен шешілмейтін қиын түйін болып табылады. Әлбетте, осы бағытта атқарылған шаралар да аз емес. Елбасының Жарлығымен 1997 жылы Солтүстік Қазақстан облысына таратылған Көкшетау облысының қазағы қалың бес ауданы қосылып, өңір тұрғындарының ұлттық құрамындағы қандастарымыздың үлесі 30 проценттен асырылды. Осы біріктірудің арқасында облыстың басшы кадрлар құрамы айтарлықтай қазақтандырылып, жергілікті билік басында жүрген ағайындарымыздың саны әлдеқайда көбейді. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған ана тілімізді ата-аналар арасында кеңінен насихаттаудың арқасында кеңес өкіметі тұсында орыс тілінде оқытуға көшірілген көптеген қазақ ауылдарындағы қазақ мектептері қалпына келтірілді. Ана тілімізде тәлім-тәрбие беретін ондаған жаңа мектептер мен сыныптар, балабақшалар ашылды. Осындай игілікті істердің нәтижесінде биыл аяқталған оқу жылында қазақша оқыған қазақ балаларының саны 57 процентке дейін жетті. Ал 1990 – 1991 оқу жылында облыстағы қазақ балаларының небәрі 25 проценті ғана өз ана тілінде білім алған болатын. Сондай-ақ, еліміздің тәуелсіздігі жылдарында облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің таралымы екі еседей ұлғайтылып, 10 мың данадан асырылды. Петропавл қаласында бес жылдан бері «Қызылжар нұры» газеті жарық көріп келеді. Облыс әкімі Серік Біләловтің тапсырмасымен соңғы екі жылдан бері барлық аудандарда қазақ тілінде дербес аудандық газеттер шығарылу үстінде. Биыл онжылдық мерейтойын атап өткен Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ-сазды драма театры да Қызылжар қазақтарының ұлттық рухын көтеруге елеулі үлес қосуда. Облыс аудандарының бұрынғы

орысша атаулары өзгертіліп қазақшаланды. Соңғы қалған Тимирязев ауданына Сәбит Мұқанов есімін беру туралы облыстық мәслихаттың шешімі жуырда Үкіметтің қарауына жіберілді. Қазір қызылжарлықтар осы жөнінде Астанадан сүйіншілей жетер қуанышты хабарды тағатсыздана күтіп жүр. Ал одан кейінгі кезекте Петропавл қаласының атауы тұрғаны анық. Әзірге облыстың бас шаһарының ел аузындағы Қызылжар атауын насихаттау шаралары жүргізіліп жатыр. Сәті түскен бір күні бұл көкейкесті мәселе де оң шешімін табатынына шүбәміз жоқ.

Облыс басшылығы көшінің басын атажұртқа бұрған шетелдік қандастарымызды мүмкіндігінше көбірек қабылдауға да жете көңіл бөлуде. Қысы қатал өңірді жерсініңкіремей, табиғаты жайлы оңтүстік облыстарға бүйрегі бұрып тұратын ағайындардың көңілін табу үшін арнайы бағдарлама қабылданып, оларға тұрғын үйлерді жергілікті бюджет есебінен тегін салып беру ісі қолға алынды. Республикалық «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша облыс орталығының маңындағы Қызылжар ауданында Бәйтерек ауылы салынып, онда оралмандарға арналған 140 үй бой көтеру үстінде. Бұған қоса, облыс әкімінің тапсыруымен қазір көпбалалы отбасыларды қаржылай қолдау жөніндегі өңірлік «Ұрпақ қоры» бағдарламасы жасалып жатыр. Ол да әдетте бала санын шектемейтін оралман бауырларға елеулі көмек болары кәміл. Осылайша ата-бабаларымыз армандаған азаттығымыздың, Елбасымыздың, ұлы Абай айтқандай, «ақырын жүріп, анық басқан» кемел саясатының арқасында қазағының қатары қалындап, қазақы рухы көтеріле бастаған теріскейдегі Қызылжар өңірінде де ана тіліміздің өрісі жылдан-жылға кеңейе түсетіндігіне, өз басым, еш күмәнданбаймын.

...Қайдағы күмән?! Сұрастырып білсем, өткен оқу жылында облыс бойынша ұлты басқа 267 оқушы өз қалауларымен қазақ мектептеріне барып, қазақ тілінде білім алыпты. 1990 жылы Петропавлдағы қазақ отбасыларының пәтерлерін аралап, балаларын қазақша оқытуға үгіттеп, әуре-сарсаң болып, алғашқы да жалғыз қазақ сыныбын әрең аштырған тіл жанашырлары алдағы 20 жыл ішінде жағдай, міне, осылайша адам сенбестей, математика тілімен айтқанда, 180 градусқа өзгереді деп әсте де ойламаған шығар...

2010 жыл

КЕШЕ ҚАНДАЙ ЕДІК, БҮГІН ҚАНДАЙМЫЗ?

Қазекен «Елу жылда ел жаңа» дейді. Бірақ, бұл ерте заманда айтылған сөз. Бүгінгі күннің биігінен қарасаң, ескірген сияқты. Біздің ұшқыр уақытымыз үшін он жылдың өзі бір дәуір іспетті емес пе? «Кеше қандай едік, бүгін қандаймыз?» деген сауал төңірегінде пайымдар болсақ, осындай ой түйеріміз анық.

Осыдан он жыл бұрынғы өмірімізді есімізге түсіріп көрейікші:

Бұрынғы Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстары біріктіріліп, талай аудандар жабылып, ірілендіріліп, мемлекеттік қызметшілер мен басқа да басшы кадрлар үшін «балапан – басына, тұрымтай – тұсына» дейтіндей, бір аласапыран болып жатқан кез еді ғой. Көкше өңірінен қосылған аудандардағы ауылдар электр жарығынсыз қалып, күн батысымен «қараңғылық патшалығы» орнайтын. Қызылжар жағында да жарықтың жалп-жұлп сөнуі жұртқа үйреншікті жағдайға айналған. Кеш түсе Петропавл қаласының көптеген көшелерін де көзге түртсе көргісіз қараңғылық басып, жалғыз-жарым жүру қорқыныш тудыратын. Қылмыс атаулы да өршіп, қалада да, далада да қауіп-қатер ұлғайып, ұйымдасқан қылмыс топтары да ойран салып, ел ішін үрей жайлаған уақыт болатын. Оның үстіне мұғалімдер мен дәрігерлердің онсыз да мардымсыз еңбекақысы, ардагерлердің зейнетақысы уақтылы төленбей, зауыттардың көбі жөнді жұмыс істемей, жұмыссыздық белең алып, жұрттың ұнжырғасы түсіп, салы суға кеткен шақ емес пе еді?

Егін алқаптарының көбін арамшөп басып, иесіздік жайлаған жер де жүдеген. Үйренген кәсібінен қол үзіп қалған кешегі майталман егіншілердің талайы не істерін

білмей дал болып, үйлеріне тығылып жатып алған соң бала-шағаның қамын жеген қайран аналар қорадағы азын-аулақ малының сүті мен майын пұл етуге базар жағалап, шалғай қалаларды шарлап, тіпті кейде таяу шетел асып кетуге де мәжбүр еді.

Дүние-мүлік атаулы түгел құнсызданып, Петропавлдағы бір бөлмелі пәтер бағасы бір мың доллардың маңайында болатын. Қаладағы мың шақты пәтер қаңырап бос қалып, иелері күнкөрісін күйттеп, басқа жақтан жұмыс іздеп, немесе қоныс аударып кеткен-тұғын.

Осындай, Тәуелсіздігі қолына тигеніне алты жыл толмаған, буыны бекіп, бұғанасы қатпаған бүлдіршіндей жас еліміздің болашағы әлі бұлыңғырлау кезде Тұңғыш Президентіміз айды аспанға шығарғандай қылып, арманға толы «Қазақстан – 2030» даму стратегиясын жариялап, ел алдына биік мақсат қойды. Азияның жалдары күдірейген жолбарыстары сынды азуын айға білеген барыс бейнелі, серпіні мықты ел болуға шақырды. Бұған біреу сенді, біреу сенбеді. Бірақ, сенгендер қатары қалың болғаны анық. Сондықтан да, кең-байтақ елімізді кеңінен қамтыған соны серпіліс басталды. Сол серпіліс біртіндеп өрлеуге, өркендеуге ұласты. Жаңару нышаны, жақсылық белгісі, ілгерілеу іздері қайда қарасаң да мен-мұңдалап көзге шалынады:

Жазу машинкасының орнын компьютер басты. Ақпаратты Интернет желісінен іздеуге көштік. Облыс оқушылары «ОқуNET» бағдарламасының қызығын көру үстінде. Олар бүгінде арман қалаға айналған елорда – Астанаға жиі-жиі сапарлатып, он мыңнан астамы ұмытылмас әсер алып оралды. Жыл сайын шығармалар байқауына қатысып, қиялдарын қияға шарықтатуда. Студенттер сол бала қиялды ғылыми тұрғыда негіздеуден білім жарыстырып жүр.

Петропавлдың бұрынғы әскери зауыттарына қайтадан жан бітіп, кезінде меңгерген мамандығымен амалсыз қоштасқан қаншама адам баяғы жұмыс орындарына қайтып оралды. Керіктің мойнындай қылқиған крандар қайтадан пайда болып, құрылыс та қызып жатыр. Ондаған жылдар сарылып, баспана кезегінде тұрып, үміттері үзілуге шақ қалған ұстаздар мен дәрігерлердің, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жаңа пәтер кілті қолдарына тигендегі қуанышын сөзбен айтып жеткізуге болмас, еріксіз шығып кеткен көз жасы ғана жеткізе алар...

Күні кеше нар тәуекел деп іске кіріскен еңбекқор ауыл азаматтарының талайы шаруаларын дөңгелетіп әкетіп, қазір әжептәуір дәулетті серіктестіктерді басқарып жүр. Ондай іскер жігіттер шықпай, бастары да біріге қоймай, берекесі қашқан ауылдарға ірі инвестор компаниялар келіп, құлазыған далаға құт дарытты. Шетелдерден әкелініп жатқан жаңа техникалар қандай?! Баяғы «СК» комбайндарында шаңнан тұншығып, үсті-басы қап-қара боп жүретін механизаторларды бүгін көрмейсің. Тазалық та, жоғары өнімділік те соларда. Егін шығымдылығы биыл рекордтық көрсеткіш – 17,2 центнерге жетсе, бұған, әрине, астық ысырабына жол бермейтін жаңа техникалардың да елеулі үлес қосқаны анық.

Еңбекақыны, зейнетақыны ай сайын алып тұратын болғалы қанша жыл. Енді тек жыл сайын өсірілуін тілейміз. Баға шіркін қымбаттамаса, бір орнында тұрса дейміз.

Қаламызда да, ауылымызда да жарық пен жылу мәселесі шешілген. Петропавлдың барлық дерлік көшелері түні бойы самаладай жарқырап тұрады. Қоғамдық тәртіп те түзелген. Ал қаладағы үй бағасы аспандап тұр. Он жыл бұрын бір мың долларды

көпсінетін бір бөлмелі пәтерді жұрт қазір 25 – 30 мың долларға саудалап, сатып алып жатыр. Қалада иесіз, бос тұрған бір үй жоқ.

Тіліміз бен ділімізді, дінімізді жоғалтып аламыз ба деген уайым да кемігендей. Өйткені, бұл салада да көшіміз түзеліп, ілгері басып келеміз. Қазақ театры ашылды. Қаладағы қазақ мектептерінің саны алтыға жетті. Қазақ тілін барлық балабақшаларда үйрету қолға алынды. Ана тілімізде қалалық «Қызылжар нұры» және аудандық газеттер шығарылып жатыр. Жаңадан салынған орталық «Қызылжар» мешіті сәулетімен көз тартып, айналаға иман нұрын шашып тұр.

Осының бәрі де өсу-өрлеу белгілері екендігі даусыз. Көзі емес, кеудесі соқыр ғана көрмейтін шындық .

Мен, әсіресе, Президентіміздің «Болашақ» бағдарламасы бойынша мыңдаған дарынды қазақ жастарының шетелдердің үздік жоғары оқу орындарында білім алып, елге оралып жатқанынан ерекше үміт күтемін. Терең білім алып қана қоймай, өркениеті озық елдердің тыныс-тіршілігін, жинақтаған тәжірибесін парасатпен пайымдап, көңілдеріне түйіп қайтқан елжанды өрендер экономиканы ғана емес, бүкіл қоғамымызды өрге сүйрейтін тың да тегеурінді күшке айналмай қоймасы кәміл. «Мен жастарға сенемін!» – деген ұлы Мағжан сөзі соларға арналып айтылғандай...

Ал еліміздің келешегіне қиялмен көз салғанда Қасым ақынның: «Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ, қараймын келбетіңе мен таңырқап», – деген өлең жолдары ойға оралады.

2007 жыл

ТЕЛМІРМЕЙ ТЕРІН САТҚАНДАР ТАБЫС КӨЗІН ТАУЫП ЖҮР

Анда-санда ауылға барғанда ағайын-туғанның күнкөріс жағдайын сұрап, әл-ауқатын біліп жүремін. Сондайда аңғаратыным – ауылдастар түгіл, бір анадан туған бауырлардың өздерінің де тұрмыстары біркелкі емес. Біреуі сіңірі шыққан тақыр кедей болса, екіншісінің өз қолы өз аузына жетіп, Аллаға тәубесін айтып отырған жайы бар. Енді бірі үсті-басыңа, мінген көлігіңе сынай қарап, «Сенен менің қай жерім кем?...» дегендей сынай танытады. Кеудесін көтере ұстап, нығыз-нығыз сөйлеп, былайғы жұртқа жөн айтуға да жарап қалған...

Неге бұлай? Бұл сауалға жауап іздеп, алыс-жақын ағайынның ала-кұла тірлігінің түпкі себебіне үңіліп көрсең, ұлы Абайдың «Терін сатпай, телміріп, көзін сатып, теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман...» деген өлең сөзі ойға орала кетеді...

Ана бір жылы ауылға келгенімде бір ініміз үйінің маңындағы аумағы атшаптырымдай бақшасына картоп салған екен. Алайда, ала жаздай аспаннан нәр тамбай, еңбегі еш болуға айналған соң, ертеден қара кешке дейін өз ауласынан қазған құдығынан шелекпен су тасып, екі-үш мәрте суарып шығыпты. Оның осындай жанкештілігін көрген ауылдастардың талайы: «Сонша не болған жанын жеп?...» – десіп, ұнатыңқырамай отырғанын байқадым. Есесіне әлгі ініміз күзде жүздеген қап картоп жинап алып, бірнеше жүк машинаға артып, қалаға апарып сатқызғанын, сөйтіп қыруар ақша тапқанын естігендерінде тілдерін тістегендей болған. Сол еңбекқор ініміздің ауылды жамандап, «көшемін, кетемін» дегенін құлағым бір

шалмапты. «Қалада бізге не бар? Ауылымның өзі жақсы сияқты», – деп отырады. Ал терін сатпай, телміріп көзін сатқандардың қолдары қимылдамаған соң ауыздары да қимылдамауға шақ қалып, көпшілігі қалаға қарай безіп, ана жер-мына жерде тиіп-қашып жұмыс істеп, тамағын әрең асырап жүргендері де шындық.

Бір жолдасым ауыл мектебінде еңбек пәнінен сабақ беріп, тәп-тәуір мұғалім болып жүрген сияқты еді. «Менің қолым емес екен...» – деп, аяқастынан айнып, тастап кетті. Негізгі мамандығы құрылыс инженері еді. Өзін де, өзгені де қинағысы келмеген шығар дедік. Қазір жеңіл көлігімен аудан мен қалаға кісі тасып, қолынан келетін кәсіптің бәрін істеп, шаруасын дөңгелетіп отыр. Ауылдағылардың көбінің қолы тіпті күзетшілігіне жетпейтін мектептегі тұрақты еңбекақысы бар қызметінен өз еркімен шығып кеткеніне өкінгенін көрмеппін. Абай ғұламаның: «Есектің артын жусаң да, мал тап», – дегені сол досым сынды табыс көзін таба білетін жандарға қарап айтылған болар. Оның бүгінгі тірлігін сөуге болмас, керісінше, ауыл өмірінен өз орнын тапқанына сүйінген жөн шығар.

Бірде жаз маусымы өрмек жүзінен ауған тамыз айында ауылға барғанымда еңгезердей сақа жігіттер ерігіп текке жүргенін көріп, таңғалдым. Шөп шауып, қыстық отын дайындайтын шақта қол қусырып, босқа отырғандары несі деген ой келді. Мұның себебін сұрасам, бәрі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай:

«Шабындық болғанымен, шөп шабатын техника табылмай тұр. Техникасы барлар өздеріне шауып алған соң бізге де қарасатын шығар. Еңбектерін жемейміз ғой...» – деп қарап тұр. Сонда есіме ертедегі ауыл ақсақалдары түсті. Жаз бойы жандары бір тыным таппай, қол шалғымен пішен шауып, ат-арбамен тасып әкеліп,

үйлерінің маңына маялап үйіп қоюшы еді жарықтықтар. Тіпті өзара бәсекеге түскендей болып, кімнің қанша мая шығарғанын есептеп, мақтаныш қылып айтып отырушы еді. Қораларындағы ебін тауып, ауылнайдың есебінен жасырған төрт түліктері де әлдеқайда көп болатын. Сол шалдардың соңдарында қалған тұяқтарының тірлігі әлгіндей. «Айдағандары бес ешкі, ысқырықтары жер жарады...»

Осындайда қайран анам да жадыма оралады. Әкем дүниеден озған соң қолына шалғы мен балта алып, жылдық отын-шөбін өзі дайындауға көшкен. Жасы алпыстан асқан, әрі жүрегінің дімкәсі бар шешем байғұс ешкімге жалынбай, шаршап-шалдықса да бәрін өзі істейтін. Қара жұмыстан қиналып жүргенін көзіммен көріп, аяғанымнан болар, оған мен бесінші сыныптан бастап жәрдемге келгенмін. Ал жетінші сыныптан кейін он шақырымдай жердегі шабындықтарға қолшалғымды велосипедке байлап алып барып, бір үйдің шөбін жалғыз өзім шауып, жинап алатын халге жеттім. Сондағы анамның мені айналып-толғанған қуанышын көрудің өзі перзент үшін үлкен бақыт екен ғой. Сол кезде біз секілді жесір кемпір, жетім баланың үйінің қорасынан өретін мал саны да, Аллаға шүкір, жұрттыкінен кем түспейтін...

Ал мал баққанға бітеді. Айыртаудағы оралман досым Жаңабай Пірманов соны соқырға таяқ ұстатқандай қылып, бүкіл ел алдында дәлелдеп беріп, адал еңбегімен абырой мен даңққа бөленіп отыр. Осыдан он жылдай бұрынғы қиын кезде Өзбекстаннан көшіп келген бауырымыз Шалқар көлінің жағасына қоныс теуіп, отбасымен бірге төрт түлік өсіруге бел буып кіріскен. Соңынан туған-туыстары да ере келіп, шаруасының бір жағынан шығысты. Сөйтіп, ісі оңға басты, тасы өрге домалады. Бертінірек қыруар несие алып, Жезқазған

жақтан сатып әкелген тұқымы асыл екі жүз бас қойының санын енді бір мыңға жеткізуді мақсат етіп отырған жайы бар. Атакәсібінің соңына түскен іскер азамат біздің жақтан баяғыда жоғалып кеткен түйе түлігін де әкеліп, бағуға кірісіпті. Үстінде кең сарайдай үйі бар, астында шетелдік көліктің тәуірі, жағдайы жаман емес. Тек тіл мен көзден сақтасын...

«Заман түзелді. Адам да түзелер кез келді. Ал Отанымыз –Қазақстанның келешегі бұдан да зор болатынына еш күмәнім жоқ», – дейді Жаңабай. Оның осы сөзіне қосылмау қиын шығар...

2007 жыл

БОЛАШАҒЫ ЖАРҒЫН БІРЛЕСТІК

Айыртау ауданындағы береке қонып, түтіні түзу шалқыған ауылдардың бірі ғана емес, бірегейі – Бірлестік десем, асыра айтпаспын.

Бірлестік дегенде есіме Кеңес заманында Қызылжар-Көкше өңіріне атағы жайылған суырыпсалма ақын Байжұман Ғабдуллин оралады. Оның күнделікті өмірде орын алған кемшіліктерді сын садағымен нысанаға алып, жебедей шаншыған әзіл-сықақ жырларын жұрт жатқа айтып жүруші еді.

Орманының «жақсысы» –

Ағаш кессең, ұстайды.

Қойнына тықсаң бір «жарты» –

«Тағы да кес!» – деп, қыстайды, –

деген бір шумақ өлеңі сонау бала кезімнен бері менің де жадымда сақталып қалыпты. Маскүнемдік дерті меңдеп, азғынданған кеңестік қоғам шындығын қалай қатыра шенеп айтқан десеңізші?!

Байжұман ағаның ізін басқан ауылдас інілері Тайлақ Жалмұрзенов пен Бекболат Махметов те ақындық өнерлерімен танылған. Бұл ауылдан басқа да талай жақсы-жайсаң азаматтар шыққан.

Бірлестік бір кезде «Карасев» кеңшарының бөлімшесі болған шағын ауыл еді. Еліміздің Тәуелсіздігі жылдарында Елбасы – Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құруға бағытталған экономикалық саясатына сәйкес берілген қолайлы мүмкіндікті мүлт жібермей пайдаланып, қораларындағы мал басын барынша көбейтуге күш

салған бірлестіктіктердің айы оңынан туған. Сөйтіп, заман өзгерген өтпелі кезеңде көршілес үлкенді-кішілі елді мекендердің көбі «Мамай шауып өткендей» мүсәпір күй кешіп, жастары мен жасамыстары қалаға үдере көшіп жатқанда бұл ауылдың іргесі сөгілмей, қаймағы бұзылмай, құдды бір құт-береке аралындай кейіп танытқандығы кімді болсын қайран қалдырарлықтай.

Ауылдың арқа сүйер азаматы, жергілікті орта мектептің директоры Әнуарбек Махметовтің айтуынша, Тәуелсіздік жылдарында Бірлестікте жаңадан 65 тұрғын үй салынып, шаңырақ саны 150-ге дейін ұлғайған. Ал тұрғындар саны биыл 621-ге жеткен. Мұнда жыл сайын кемінде 10 – 12 сәби дүние есігін ашады екен.

Тағы бір таңғаларлығы – Қызылжар өңіріндегі бірталай ауылдың Тәуелсіздік жылдарында жұлдыздары жарқырай жануына бүгінде есімдері көпшілікке белгілі, іскер азаматтар басшылық жасап жүрген ауыл шаруашылығы құрылымдары қомақты үлес қосқан болса, Бірлестіктің ондай «жарылқаушысы» да жоқ болып шықты. Ауыл тұрғындары өз еншілеріне тиген егіншілік жерді басқа елді мекенде орналасқан жауапкершілігі шектеулі серіктестікке беріп, одан үлесақы ретінде күзде аз-мұз астық алғандары болмаса, біреуден жәрдем сұрап, алақан жайып отырған жоқ. Бәрі де төрт түлік мал өсіріп, табыс көзін таба білген. Мәселен, қазір кей ауылдар бие байлап, қымыз баптауды ұмытқан болса, Бірлестікте бұл шипалы сусынды өндіру тіпті қыстыгүні де үзілмейді екен. Қалай еңбек етуді бірлестіктіктерден үйрену керек шығар, ағайын!

Осындай еңбекқор ауылдың балалары да өз ата-аналарынан қалыспауға тырысып өсетіндігі талассыз. Ұлттық бірыңғай тестілеу енгізілгелі бері Бірлестік орта мектебінің 2 түлегі «Алтын белгіге» ие болғандығы, ал өткен оқу жылын 2 түлек үздік аттестатпен бітіргендігі –

соның айғағы. Қызылжар өңіріндегі ауылдық мектептердің ішінде мұндай жетістікке ие болғандар некен-саяқ.

Алайда, аталмыш білім ордасының материалдық-техникалық негізі жұтаң болып шықты. Атап айтқанда, бірлестіктік оқушылар Тәуелсіздік таңы атқан 1991 жылы салынған екіқабатты жатақхана үлгісіндегі, спорт залы, асханасы жоқ ғимаратта екі ауысыммен оқуға мәжүр. Өйткені, мектептегі оқушылар саны жылдан-жылға артып, қазір 128-ге жеткен. Бұған қоса, даярлық тобында 22 бала, мектеп жанындағы шағын орталықта 30 сәби бар. Білім мекемесінің тарлығына қарамастан, мұнда «Халықтық көркемөнерпаздар ұжымы» атағын алған домбыра ансамблі, әртүрлі үйірмелер мен спорттық секциялар жұмыс істейді.

Биыл жазда Қызылжар өңіріндегі бірқатар елді мекенді аралап, Бірлестік ауылының азаматтарымен де кездесіп, олардың көкейлерінде көптен жүрген мұқтаждықтары – ауыл мектебінің тарлығы, спорт залының жоқтығы екендігін өз ауыздарынан естіп, білгенмін. Осыған орай жуырда облыс әкімі Ерік Сұлтановқа хат жазып, алтын ұя – мектебінде бүгінде 180 бүлдіршін тәлім-тәрбие алып жүрген, болашағы жарқын елді мекеннің көкейкесті мәселесін шешу қажеттігі жөнінде өтініш білдірген едім. Таяуда Ерік Хамзаұлының өзі қол қойған ресми жауапты алдым. Онда Айыртау ауданының келесі жылға арналған бюджетінен Бірлестік қазақ орта мектебіне спорт залын салу үшін жобалау-сметалық құжаттамасын жасауға қаржы бөлінетіндігі және ол 2018 жылы облыстық бюджет есебінен салынатындығы хабарланыпты. Өңіріміздің бірінші басшысының сөзі мен ісінің арасында алшақтық болмайтындығын білетіндіктен, осы жақсы хабарды бірлестіктіктерге сүйіншілей жеткізуге асықтым.

2016 жыл



«Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз — бабам тілі,
сен қалдың!»



АНА ТІЛІМІЗДІҢ АЙТУЛЫ ЖЕТІСТІГІ

Биылғы Білім күнінде біздің Қызылжар өңірінде екі үлкен қазақ мектебінің жаңа ғимараттары және бір аралас білім ордасы салтанатты жағдайда ашылып, оларда жалпы саны мыңнан астам шәкірттің сапалы білім алуына барынша қолайлы жағдай жасалды. Мемлекеттік тіл деген биік мәртебесі бар ана тіліміздің мерейін өсірген мұндай жетістік бұрын-соңды болған жоқ десек, асыра айтпаспыз. Өз басым, облысымыздың өзінің әлеуметтік-рухани саласында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық торқалы тойына арнаған ең басты тартуы осы деп білемін. Өйткені, ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов нақылға айналып кеткен «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» деген сөзді бекер айтпаған болар.

Бүгіндері Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның орталығы – Новоишим ауылындағы, сондай-ақ, Тайынша қаласы мен Қызылжар ауданына қарасты Бәйтерек ауылындағы «қарадомалақтар» мен олардың ата-аналарының айрықша қуаныш құшағында жүргендіктері анық. Қуанбағанда ше?! Өйткені, көптеген жылдар бойы аталмыш елді мекендер тұрғындарының басты мұқтаждықтарына айналған ең көкейкесті мәселелері оңынан шешіліп отыр.

Нақтырақ айтсақ, Новоишим ауылында 1991 жылы таратылған компартияның аудандық комитетінің босап қалған шағын ғимаратында ашылған 110 орындық қазақ орта мектебіндегі оқушылар саны жылдан-жылға көбейіп, 450-ден асып жығылған еді. Осыған орай аталмыш мектеп үш ауысыммен оқытуға көшірілген. Мұның өзі білім мекемесінде санитарлық талаптардың бұрмалануына әкеліп соқтырғандықтан,

мектеп басшылығы кейінгі жылдары бірінші сыныпқа қабылданатын шәкірттер санына шектеу қоюға мәжбүр болған. Бұған талай ата-ана орынды реніш білдіргенімен, өз бүлдіршіндерін ауылдағы орыс мектептеріне беруден басқа амалдары қалмаған.

Тайынша қаласында да осыған ұқсас жағдай қалыптасып, бұдан ширек ғасыр бұрын аудандық атқару комитетінің ескі де тар ғимаратында ашылған шағын қазақ орта мектебінде де жылдар жылжып өте келе оқушылар саны 400-ден асқандықтан, үш ауысыммен оқытуға көшуге тура келген. Сөйтіп тайыншалық қазақ балалары да өздерінің новоишимкалық құрбы-құрдастары сияқты, үстіміздегі оқу жылына дейін спорт залы мүлдем жоқ мектепте, ауа жетпейтін тар бөлмелердегі тақтаға тым жақын қойылған парталарда көздерін ауыртып, сығылыса отырып оқуға мәжбүр болған-ды.

Ал оларға шадыман шаттық сыйлап, таяуда ғана пайдалануға берілген Новоишимкадағы 400 орындық қазақ мектеп-интернаты мен Тайыншадағы 300 орындық қазақ орта мектебінің екеуі де Мемлекет басшысының «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бой көтерген екен. Осылайша Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қамқорлығының арқасында Қызылжар өңірінде ұшауысымды мектептер проблемасы ойдағыдай шешілді. Ел болашағын ойлаған Елбасыға мың алғыс!

Осы ретте Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің аталған маңызды әлеуметтік нысандардың құрылысын өзінің тікелей бақылауына алып, олардың белгіленген мерзімде іске қосылуын қамтамасыз еткен іскерлігіне де қалай риза болмассың?! Бұлай деуіміздің тағы бір себебі, Ерік Сұлтанов өңір басшысы қызметіне кірісісімен Петропавл қаласындағы,

құрылысы бірнеше жылға созылып, «сақалды нысанға» айналған Назарбаев Зияткерлік мектебінің ғимаратында қалыптасқан келеңсіз жағдайға тікелей араласып, оны бір жылдың ішінде салғызып бітіртіп, былтыр солтүстікқазақстандықтардың игілігіне бергізгендігі де жадымызда.

Әділдік үшін тағы бір жайтты айта кетейік: Новоишимка мен Тайыншадағы қазақ орта мектептерінің проблемасын 2012 жылдан бастап бірнеше мәрте көтеріп, олардың жобалау-сметалық құжаттарын алдын ала дайындатуға бесінші шақырылымдағы облыстық мәслихаттың «Нұр Отан» партиясынан сайланған депутаттары ұйтқы болған еді.

Ал кезінде Елбасының «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша шетелдерден атажұртқа оралған отандастарымыз үшін жазық жерде жаңадан салынған Бәйтерек ауылының 300-ден астам баласы осыған дейін Қызылжардың қытымыр қысының қақаған аязды күндерінде де көршілес Бескөл ауылындағы мектептерге арнайы бөлінген автобустармен қатынап оқыған-ды. Сондықтан да алақандарына салып, аялап өсіріп отырған бүлдіршіндерінің денсаулығына алаңдаған ағайындар өздері табан тіреген елді мекенде бүгінгі заманға сай білім мекемесін салу мәселесін бес жылдан бері ұдайы көтеріп келген. Алайда, өңірдің бұрынғы басшылары оларға Бәйтеректе жаңа мектеп салуға қаржы жетіспейтіндігін айтып, ақталуға тырысқан сыңай байқатумен шектелген. Тек Ерік Сұлтанов қана «Қазақстаным – атамекенім!» деп, алыстан аңсап келген қандас бауырлар алдында дәрменсіздік көрсетуге арланып, облыстық бюджеттен былтырдан бері 827 миллион теңге қаржы бөлгізіп, қазақ және орыс тілдерінде оқитын 300 оқушыға арналған осызаманғы білім ордасын бір жылдың

ішінде салғызып берді. Бәйтеректік ағайындардың осы, көптен күткен қуанышына ортақтаса отырып, Қашаған жыраудың: «Хакімі әділ болмаса, бұқара байтақ ел – жетім», – деген аталы сөзін де еріксіз еске түсірдік...

Иә, «Сабыр түбі – сары алтын» демекші, Тұңғыш Президентіміздің кемел басшылығының, дана халқымыздың ынтымақ-бірлігінің арқасында барша елімізбен бірге Қызылжар өңірінде де ана тіліміздің өзекті мәселелері біртіндеп оң шешімдерін тауып, қолданылу өрісі жылдан-жылға кеңейіп келеді. Алла жазса, қазіргі уақытта әлем мемлекеттерінің қайсысына болсын оңай тимей, өз Тәуелсіздігін алғанына ширек ғасыр ғана толғалы отырған біздің жас елімізге де қиындық туғызып тұрған дүниежүзілік экономикалық дағдарыс та еңсеріліп, келесі кезекте Шал ақын ауданындағы тозығы жетіп тұрған Кеңес орта мектебі мен Айыртау ауданындағы спорт залына мұқтаж Бірлестік орта мектебі сияқты білім мекемелерінің проблемаларын шешудің де сәті түсетін күн туар деп сенеміз.

2016 жыл



«КЕЛІСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС»

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларына берген сұхбатында қазіргі кезде қалың жұртшылықтың көкейінде жүрген көптеген сауалдар көтеріліп, оларға Мемлекет басшысы кесімді жауап қайтарып, қай салада болсын өз алдына биік мақсаттар қойған туған еліміздің ертеңіне сеніміміз арта түсті.

Елбасы рухани-мәдени салада да алуан пікір туғызып, айтыс-тартыс арқауына айналып жүрген көкейкесті мәселелердің түйінін біржола тарқатып, басын ашып берді. Мәселен, соңғы кездері қазақ тілді кейбір республикалық басылымдарда «Тілдердің үштұғырлылығы» бағдарламасына байланысты зиялы қауым өкілдері тарапынан аландаушылық білдіріліп жүргені мәлім. Осыған орай өз пікірін ашық айтқан Елбасы: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оған көңіл де, қаржы да солай бөлінеді. Қазақ тілі – өзіміздің ана тіліміз. Біз бәріміз ана тілімізді ардақтаймыз. Мен де ауылдан шыққанмын, онжылдық мектепті қазақша бітіргенмін... Бәрін де біліп, ескеріп отырмыз. Еліміз дамудың жаңа сапасына көтерілейін деп жатыр. Осындай кезде елді етектен тартқан ол кертартпалық болады. Қазаққа кесір болады ол. Өз тілінді ұмыт деп отырған ешкім жоқ, соған қоса заман, уақыт талап еткен тілдерді меңгер деп отырмыз», – деп шегелей тұжырымдап, бүкпесіз басу айтты.

Сонымен, тілдердің үштұғырлылығына қарсы дау айтып, дауыс көтеріп жүрген кейбір ағайындардың

айғайына аттан қосуды доғарып, ең алдымен, ана тіліміздің мәртебесін асырудың, сосын Алла қосқан мәңгілік көршіміздің тілі – орыс тілін меңгерудің және дүниежүзі ден қойған ағылшын тілінен мақұрым қалмауымыздың қамын жегеніміз абзал. Осы мәселе жөнінде республикалық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қарсы пікір білдіріп, хат ұйымдастырып жүрген зиялыларымыздың аты-жөндеріне қарасаң, негізінен, елуді еңсеріп, алпысты алқымдаған замандастарымыз, яғни аға буын өкілдері екенін аңғарамыз. Әрине, қазақшамызға қамшы салдырмағанымызбен, орысшамыз нан сұрап жеуге әрең жететін, ал ағылшын тілінің иісі мұрынымызға бармайтын біздің ұрпақ үшін бұл, шынында да, оңай емес, өте қиын шаруа. Бірақ, үштілділік базардан қайтып келе жатқан бізге емес, базарға бара жатқан жастарға керек. Сондықтан да, Елбасы «Осындай кезде елді етекпен тартқан ол кертартпалық болады» деген сөзін аға ұрпақтың бойындағы жаңа атаулыдан үркіп тұратын теріс мінезді дөп басып айтып отыр. Ал қазіргі озық ойлы, түлкі заманды тазы болып шалатын жастардың талайы үш тілді мектеп қабырғасында-ақ меңгеріп, өмір көшінде үш пар ат жеккендей заулап, алға құйғытып бара жатқанын көріп жүрміз, көріп қана қоймай, қызығып та жүрміз. Заман – солардікі. Үш тілде тең сайраған, әрі ел экономикасы мен ішкі-сыртқы саясатына ауадай қажет мамандықтарды мүлтіксіз меңгерген ұл-қыздарымыздың тастары өрге домалап, бизнесте де, мемлекеттік қызметте де топ жарып, көзге түсіп жүргендеріне қалай сүйінбессің?! Олардың арасында қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне қоса, екінші алып көршіміз – қытай тілін де, алыс та болса, түбі бір туысымыз – түрік тілін де білуге құштарлық танытушылар да аз емес.

Әлбетте, осындай өршіл өрендеріміз тілдің үштұғырлылығы туралы айтыс-тартыстарға күле қарайтындары болмаса, ондай қысыр кеңеске қыстырылысуға алтын уақыттарын қор қылмағанды құп көреді. Алысқа бармай-ақ, мұндай алғыр жастарды өзіміздің Петропавлдағы қазақ орта мектептерінің түлектері арасынан-ақ оп-оңай табуға болады. Үш тілге бірдей жетіктігінің арқасында еліміздегі ең таңдаулы «КИМЭП» сияқты ақысы қымбат жоғары оқу орындарында тегін оқуға шақырылған қарадомалақ бауырларымыз да бар.

Үштілділікке қарсы дауыс көтеріп, қазақ тілі орыс пен ағылшын тілдерінің көлеңкесінде қалады, сөйтіп ақыры құрып тынады, деп қара аспанды суға алдырып жүретін сарыуайымшыл ағайындардың неге сонша түңілетіндігіне, өз басым, тіпті қайран қаламын. Ормандай орыстілділер ортасында отырған біздің өзіміз мемлекеттік тіліміздің болашағына үкілі үмітімізді артамыз, ал қазағы қалың оңтүстік өңірлерде ана тіліміз тіл болудан қалады, сол жақтағы миллиондаған қандастарымыздың бәрі айдың-күннің аمانында қағынан жеріген құландай қазақша сөйлеуден безініп, бір күнде шетінен орысша, ағылшынша сайрап кетеді дегенге кім иланады?! Орысшаға шалағай оңтүстік түгіл, қазақшаға шалағай біздің солтүстіктің өзінде ана тіліміздің келешегінен күмәндандырып, күдер үздіретіндей қауіп-кәтер төніп тұр деп айтуға аузым бармайды.

Өйткені, бұлай деу еліміздің өз еркімен өмір сүрген, ата-бабалар армандап өткен Тәуелсіздігінің он жеті жылдай кезеңінде атқарылған алуан істердің азды-көпті нәтижелерін көзге ілмеу, көрсе де көрмегенсу, білсе де білмегенсу болып шығады десем, қателеспеспін. «Платон, сен маған қымбатсың, алайда, ақиқат сенен

де қымбат» демекші, қашанда өмір шындығына жүгінгеніміз ләзім. Бәрін білетін статистикалық деректер кезінде коммунистік режімнің орыстандыру саясатының құрбаны болып, қазақ тілінің қолданылу аясы мүлдем тарылған Қызылжар өңірінде Тәуелсіздік жылдары сен қозғалғандай серпіліс жасалғандығын айғақтайды.

Мәселен, 1990 – 1991 оқу жылында облысымыздағы 21500 қазақ баласының небары 6450-і, немесе 25 проценті ғана өз ана тілінде білім алған болса, 2007 – 2008 оқу жылында ұлты қазақ 39356 оқушының 21689-ы, немесе 55 проценті қазақша оқып, тәрбиеленді. Осыдан он жеті жыл бұрын Петропавлда жалғыз-ақ облыстық қазақ мектеп-интернаты бар еді, қазір қаладағы таза қазақ мектептерінің саны алтыға жетті. Ал сұраныс бұдан да көп. Айталық, қала орталығындағы қазақ классикалық гимназиясы оқушылардың екі ауысымда оқуының өзіне өте тарлық қылып, ата-аналар да, мұғалімдер де осы маңнан тағы бір қазақ мектебін ашуды қолқалап сұрап жүр.

Кейде қаладағы ата-аналар жергілікті қазақ орта мектептері оқушыларының сабақта қазақша, үзілісте бір-бірімен орысша сөйлесетінін ерсі көріп, сынап-мінеп жататыны да жасырын емес. Меніңше, бұл біздің теріскейдегі қаламызға тән ерекше құбылыс тәрізді. Сондықтан, оған баға бергенде біржақтылық танытып: «Қаладағы қазақ мектептерінің мұғалімдері қазақша үйретіп жарытып жатқаны шамалы. Әйтпесе, балаларымыз бір-бірімен неге орысша сөйлеседі?» – деп күстаналауға саятын тұжырым жасау әділдікке жатпайды деп ойлаймын. Өйткені, қазақ мектебінде оқып жүрген балалар ана тілін өз дәрежесінде біле ме, білмей ме – басты мәселе, міне, осы емес пе? Өз байқауымша, қаладағы қазақ мектептерінде оқитын балалардың көпшілігі қазақ тілін кітаби тұрғыда, таза

әдеби деңгейде жап-жақсы меңгеріп, ал орыс тілін тұрмыстық, яки ауызекі сөйлеу тілі ретінде ғана игеріп жүргенге ұқсайды. Олар бір жағынан, қазақша ауызекі сөйлеуге шорқақтау болса, екінші жағынан, орысша тәп-тәуір сөйлей білгендерімен, жазбаша сауаттары мақтанарлықтай емес. Осы ретте гәп – қаладағы қазіргі қалыптасқан демографиялық ортаның жеткіншек ұрпағымызға өз әсерін тигізбей қоймайтындығында болса керек. Көптеген балалар мектептен тыс уақытта өз үйлерінің аулаларындағы сан жағынан әлдеқайда басым орыс тілді құрбы-құрдастарымен араласып, бірге жүреді. Олардың орысша сөйлесуге бейім тұратындығының бір сыры осында. Ендеше, ең әуелі, біз, ата-аналар өз балаларымызбен үйде де, түзде де таза қазақша сөйлеуге тырысқанымыз жөн. Сондай-ақ, қазақ мектептерінің ұстаздары да оқушылардың сабақтан тыс уақытта бір-бірімен қазақша сөйлесулері қажеттігін үнемі айтып, түсіндіріп, қадағалағандары дұрыс.

Сонымен қатар, қаламыздың қазақ мектептеріндегі ұстаздар қауымы өз шәкірттерінің орысша сайрап тұрғандықтарына қанағат етпей, олардың жазбаша сауаттылықтарын арттыруға да жете мән берсе, игі. Қазір ағылшын тілін үйрену сәнге айналғанымен, тарихымыз табыстырған, қалың диаспорасы қоян-қолтық араласып, бірге күн кешіп жатқан, тату көрші елдің тілін жөнді білмеу, керегі жоқ деп мұрын шүйіріп, менсінбеу – ешқандай мықтылықтың белгісі емес, керісінше, тайыздықтың, білімсіздіктің, ой-сананың шектеулілігінің белгісі. Ал алғыр жастарымыз қазіргі жаһандану заманында жеті жұрттың тілін білсе де, артықтығы жоқ.

Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Қазақ тілін оқытуды біз бірінші сыныптан бастаймыз. Бұл – кеш. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қазақ тілі бөлекше орын

алуға тиіс. Қазір бүкіл әлемдегі мамандар адамның қабілетін бес жасқа дейінгі кезең айқындайтынын айтып отыр», – деген пікірінің жандылығына біз қазірдің өзінде іс жүзінде көз жеткізіп жүрміз. Осыдан үш жылдан астам бұрын Елбасы Қызылжар өңіріне жұмыс сапары кезінде Петропавл қаласындағы қазақ және өзге ұлттардың балалары бірге тәрбиеленіп, эксперимент ретінде мемлекеттік тіл мен орыс тілін қатар үйренетін алғашқы «Айгөлек» балабақшасын өз қолымен ашып, сол кездегі облыс әкімі Тайыр Мансұровтың осы бастамасына қуана қолдау білдірген еді. Содан кейін облыстағы балабақшаларда екітілділік жаппай енгізіле бастады. Қазір көптеген мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде бүлдіршіндер қазақша да, орысша да қатар тіл сындырып өсіп келе жатқанын көріп, көңіліміз сүйсінуде. Демек, дер кезінде қолға алынған игі бастаманың өрісін одан әрі кеңейтетін, облыстағы барлық балабақшаларда мемлекеттік тілді үйретуге баса назар аударатын кез жетті. Мұны Елбасының тікелей нұсқауы деп ұққанымыз жөн.

Жалпы, облысымыздағы мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге бағытталған батыл да, ұтымды шаралардың ықпалы тиген шығар, қазір жергілікті қазақ мектептерінде қазақша оқып жүрген ұлты басқа балалар саны 229-ға жетті. Кеңес заманында қазақтар өз балаларын қазақ мектебіне бермей, орыс мектебіне бергенді жөн көретін өлкедегі мұндай оң бетбұрыс мемлекеттік тіл саясатының жемісі екендігін мойындауға тиіспіз. Былтыр өңірімізде жаңадан салынған 5 осызаманғы мектептің 4-еуі қазақ мектебі екендігі де біраз жайды аңғартса керек. Бүгінде 19 орыстілді қыз Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің жанындағы тілдер институтында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы

бойынша тәлім-тәрбие алып жүргені де бекерден-бекер емес. Олардың 13-і облыс әкімінің арнаулы грантын алатындығын да айта кеткен жөн. Ұлы істі үндемей тындыру деген осы емес пе?!

Елбасының ономастика мәселесі жайлы айтқан ойлары да өзекті екендігін өмір шындығы көрсетіп отыр. Атамыздың атын ауылымызға, көкеміздің атын көшемізге қойғымыз келіп тұратын дертке шалдыға бастағанымыз рас. Сондықтан, ел мен жер атауларын өзгертуге аса байыппен, көңілжықпастықтан ада, турашыл мінез таныта қарауымыз қажет. Жуырда облыстық мәслихаттың сессиясында ономастикалық комиссияның Қызылжар өңіріндегі 9 елді мекеннің ескі атаулары өзгертіп, қазақшаландыру жөніндегі шешімі депутаттар тарапынан қолдау тауып, бекітілді. Бұл да сірескен мұз көбесі сөгілгендігінің жақсы нышаны. Тек осы үдерісті одан әрі де байыппен жалғастыру қажет. Себебі, облысымызда әлі де тәуелсіз еліміздің жаңарған бейнесіне сәйкес келмейтін, сонау ақ патшаның отаршылдық саясаты мен күні өткен коммунистік режимнің идеологиясынан хабар беріп тұрған, әбден ескірген, құлаққа түрпідей тиетін көне атаулар аз емес.

Осы орайда, ең алдымен, атауы бүгінгі заманға сай келмейтін ауылдардың атқамінерлері мен зиялы азаматтары бас қосып ойланса, сөйтіп өзара бір шешімге келіп, өзге тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қолға алса, құба-құп. Әйтпесе, қазіргі қолданыстағы заңнама бойынша ескірген атауларды жаңарту оңай шаруа емес. Мәселен, «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінде жазылғанындай, Мамлют ауданындағы Ленин ауылының атауын өзгерту жөнінде жергілікті тұрғындар бес рет жиын өткізгендерімен, ақыры бір

ортақ мәмілеге келе алмай, «күн көсемнің» бүркеншік есімі сол қалпында сақталып қалғанына күлеміз бе, әлде жылаймыз ба?.. Ал осы ауылдың көпшілік тұрғындары өз ағайындарымыз екендігін естігенде өз құлағыма өзім сенбей, қатты қынжылдым. Қалай қынжылмассың?!

Президентіміз өз сұхбаты барысында: «Еліміздің зиялы қауымы біраздан бері Петропавл, Павлодар секілді кейбір қалалардың атауларын да өзгертсек деген ұсыныстар айтып жүр. Ленинград, Сталинград, Ульяновск секілді қалалар, басқа да жер аттары өзгеріп жатқанда, бұл да орынды ұсыныс шығар. Жергілікті әкімдіктермен, мәслихаттармен ойласып көру керек. Бұл да елмен ақылдасып шешетін мәселе», – деген пікірін де білдірді. Республикалық қазақ тілді газеттер «Петропавлды қашан Қызылжар деп өзгертеміз?» деген сауалды ауық-ауық қойып келе жатқаны белгілі. Ол енді, міне, Елбасы қаперіне де ілігіп отыр. Әрине, мұны қай қазақ құп көрмейді, жан-тәнімен қолдамайды дейсіз?! Бірақ, бұл Елбасының атап айтқанындай, елмен ақылдасып шешетін мәселе екендігін ескермеуге болмайды. Қазақ тұрғындарының саны әлі күнге 20 процентке де жетпейтін қаламызда бұл жөнінде зор түсінік жұмысын жүргізіп, Петр мен Павел әулиелерінің есімдерін қадірлейтін христиан қауымын ренжітпейтін ортақ мәмілеге келу оңай шаруа еместігі өз-өзінен түсінікті. Қазіргі қолданыстағы заңнама бойынша бұл шетін мәселенің түйіні бірден жоғары жақта шешілмейтіндігін, әуелі төменнен, яғни қалалық ономастикалық комиссия, әкімдік пен мәслихаттан бастап қаралуға тиістігін де ескеру керек. Ал қалалық мәслихаттың депутаттары өздерінің көпшілік сайлаушыларының пікірімен санаспай қоймайтыны да айдан анық. Сондықтан да,

қала атауын өзгерту мәселесін тым асығып-аптықпай, сабырлылық сақтап, жан-жақты ойластырып, терең зерттеп, көп болып кеңесіп барып қана қолға алғанымыз жөн болар. Бұл жолы да «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген халық даналығына жүгінсек, жаңылыспаспыз. «Сабыр түбі – сары алтын».

2008 жыл



ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ ҚАЗАҚША ОҚЫСА...

Үстіміздегі жылғы тамыз айының 21-інде облыстық әкімдікте Елбасының қатысуымен өткен активте мен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы филиалының төрағасы ретінде сөз алып, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа Қызылжар өңірінде қазақ тілінің мәртебесін арттыру бағытында атқарылып жатқан игі шаралар жайлы баяндап:

«Сіздің жүргізіп келе жатқан мемлекеттік тіл саясатыңыздың арқасында біздің кеңес өкіметі тұсындағы ұлтсыздандыру саясатының зардабын ерекше тартқан өңірде ана тіліміздің бітелуге айналған бұлағының көзі қайтадан ашылды. Бұған еліміздің Тәуелсіздігі жылдарында атқарылған игілікті істердің оң нәтижелері айғақ.

Осыдан 17 жыл бұрын облыс орталығында қазақ тілінде білім беретін бір ғана мектеп-интернат бар еді, қазір қаладағы қазақ мектептерінің саны алтыға жетті. Өткен жылы облыс бойынша жаңадан ашылған бес мектептің төртеуі қазақ мектебі екендігі де көңілімізге қуаныш ұялатады.

Облыстағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің үздік мұғалімдеріне облыс әкімінің арнаулы гранттары берілетіндегі де мемлекеттік тілді оқыту сапасын арттыруға жәрдемін тигізгені анық.

Облысымыздың балабақшаларында қазақ және орыс тілдерін қатар үйрету жөніндегі бастама осыдан үш жыл бұрын Сіздің қолдауыңызға ие болып, содан бері үзбей жалғасын тауып келеді. Осындай ықпалды шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатынына, сөйтіп Қызылжар өңірінде мемлекеттік тіліміздің мәртебесі

жылдан-жылға арта түсетініне еш күмәніміз жоқ», – деген едім. Менің осы сөздерімді ықыласпен тыңдаған Нұрсұлтан Әбішұлы өңірімізде қазақ тілінің өрісін кеңейту жолында тындырылған істерге ризашылығын білдіріп, мемлекеттік тіл саясатын, міне, осылай жүргізген жөн деп, жергілікті биліктің осы бағыттағы жемісті қызметіне оң баға берді.

Әрине, Елбасы берген бұл баға – барша қызылжарлықтар үшін зор абырой. Алайда, қол жеткенге ешқашан тоқмейілсуге болмайды. Өйткені, қазақ тілінің Кеңес өкіметі тұсындағы сірескен сені бұзылып, көптен күткен көктемі келгенімен, жаздағы ерке Есілдей есіліп ағып кете қойған жоқ. Бір кезде көптеген ата-аналар орысша оқымаған кісі адам болып жарытпайды деп есептеп, өз перзенттерін ана тілінде оқытуға ашық қарсылық білдірген Қызылжар өңіріндегі қазақ балаларының бүгінде 55 проценті қазақша оқып жүргендігіне салыстырмалы түрде ғана қанағат етіп, тәубе дегенімізбен, бұл көрсеткішпен мақтана алмаймыз, әрине. Осы жөнінде облыс ұстаздарының үстіміздегі жылғы тамыз конференциясында өңір басшысы Серік Біләловтің айтқан сыни көзқарасымен келіспеу қиын. Облыс әкімі сол алқалы жиын мінберінен, әсіресе, Петропавлдағы қалыптасқан жағдайға алаңдаушылық білдіріп, мұндағы қазақ балаларының тең жартысынан астамының әлі күнге өз ана тілінде білім алуға мүмкіндіктері жоқтығын (өткен оқу жылында облыс орталығында тұратын қазақ балаларының 3015-і қазақ мектептерінде білім алған болса, 3384-і орыс мектептеріне барған), қала орталығындағы қазақ мектептері оқушылар санының екі-үш есе көптігінен тарлық қылып отырғанын, ал орыс тіліндегі білім мекемелерінің кейбіреулері тіпті жартылай бос тұрғанын ашық та, тура айтып, облыстық білім басқармасы мен қала

басшыларына осы түйінді мәселені шешу шараларын қолдануды тапсырғаны мәлім. Серік Сұлтанғазыұлының облыс орталығындағы «Бэст», бірінші гимназия, бірінші жалпы білім беретін лицей сынды озық деңгейлі орыс мектептерінің басшыларына өздері басқаратын білім ордаларында қазақ сыныптарын ашуды ұсыныс еткені де көпшілік көңілінен шыққаны анық. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген осы болар. Ендеше, келер күндерден күтер үмітіміз мол. Өңір басшысы берген тапсырма мен айтқан ұсыныстың нақтылы іске асуы, әлбетте, ең алдымен, облыстық білім басқармасының жуырда тағайындалған жаңа басшысы Темірғали Әбілмәжіновтің жауапкершілігі мен іскерлігіне сын болары сөзсіз.

Жалпы, қаладағы қазақ балаларының ана тілінде білім алуға деген ынта-ықыластары жылдан-жылға арта түсіп отырғандығы аңғарылады. Оған дәлел ретінде былтыр қаланың 19-ыншы шағынауданы жағында пайдалануға берілген Шоқан Уәлиханов атындағы қазақ мектеп-гимназиясында өткен оқу жылында 868 шәкірт оқығандығын, биыл орталықтағы екі орыс мектебінде қазақ тілінде білім беретін бірінші сыныптар ашылғандығын айтуға болады. Балаларын қазақша оқытқысы келетін ата-аналар әлі де жетерлік.

Осы ретте биылғы оқу жылы қарсаңында білім есігін жаңа ашатын бүлдіршіндерін орыс мектептерінде ұйымдастырылған қазақ тіліндегі бірінші сыныптарға бергілері келмей, реніш білдірген ата-аналар аз болмағанын да айта кеткен жөн. Аралас мектеп атаулыға «аллергиясы» бар ағайындар айқайға аттан қоса түскені де жасырын емес. Ал, бұл мәселеде біржақтылыққа ұрынбай, байыппен қарасақ, аралас мектептен аттонымызды ала қашатын көзқарасымыз дұрыс па? Бұл қазіргі Петропавлдағы нақты өмір шындығына сәйкес келе ме, ағайын? Тіпті өзге емес, қаладағы қазақ

мектептерінде оқитын оқушылардың сабақта қазақша сөйлескендерімен, үзіліс кезінде, көшеге шыққанда бір-бірімен орысша тілдесетініне қалай көз жұма қараймыз?

Демек, негізгі мәселе, меніңше, мектептің аралас, немесе таза қазақша екендігінде емес сияқты. Қазақша оқуға барған балалар өз ана тілдерін біле ме, білмей ме – ең бастысы, міне, осы болуға тиісті. Осы тұрғыдан қарасақ, сабақтан тыс уақытта орыс тілінде көбірек сөйлеуге бейім қазақ мектептерінің оқушыларының өз ана тілдерін әдеби деңгейде айтарлықтай меңгергендігі де байқалады. Бұған олардың білім ошақтарындағы әртүрлі мәдени-көпшілік шараларда сөйлеген сөздеріне, жергілікті теледидардағы пікірсайыстары мен сұхбаттарына қарап-ақ көз жеткізуге болады. Шамасы, олар қазақша ауызекі сөйлесуге шорқақ та, орысша ауызекі тілге жетік. Сондықтан, олардың мектепте және үй ішінде қазақша сөйлесуін мұғалімдері мен ата-аналары қатаңырақ қадағаласа, құба-құп.

Ал орыс мектептерінде биыл ашылған қазақ тіліндегі бірінші сыныптарға барған балдырғандардың алғашқы ұстаздарына жүктелетін жауапкершілік зор. Олар мектеп табалдырығын жаңа аттаған балалардың өз ана тілдерін жете меңгеріп өсулеріне айрықша көңіл бөлуге тиіс. Бұл мұғалімдер кәсіби біліктіліктері жоғары, тәжірибелері мол, әрі қазақ тілінің шын жанашыр мамандар болса, игі. Ата-аналар тілегі де, талабы да осы. Мұны қалалық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының басшылары мұқият ескергендері жөн. Өйткені, ата-аналар тарапынан ертең осы жөнінде ерекше сұрау болары даусыз.

Қаладағы қазақша оқитын балалардың ауызекі сөйлеу тілі неге орыс тілі екендігіне таңғалуға болмайды. Біздің облыс орталығына тән осы құбылыстың бірнеше себебі бар деп ойлаймын. Біріншіден, Петропавлдағы қазақтардың саны

қала тұрғындарының небары 20-ақ процентін құрайтындықтан, ана тіліміздің тілдік ортасы жеткіліксіз, қазақ балалары өз үйлерінің ауласында саны басым орыстілді құрбы-құрдастарымен орыс тілінде араласуға мәжбүр. Екіншіден, көптеген ата-аналардың өздері де қазақшаға шалағай болғандықтан, үйлерінде балаларымен көбінесе орысша сөйлесетінін де естен шығармайық. Үшіншіден, қазақ мектептерінің ұстаздар ұжымдары бұл мәселеге жете көңіл бөліп отыр деу де қиын. Кейбір ата-аналар тарапынан қазақ мектептерінің мұғалімдері оқушылардың көзінше бір-бірімен орыс тілінде сөйлесіп тұрады деген ренішті сөз ара-тұра естіліп қалатыны – соның айғағы.

Дегенмен, бір нәрсенің басы ашық – қаладағы қазақша оқитын балалар мемлекеттік тілімізді де, мәңгілік көршіміз – орыс елінің тілін де қатар меңгеріп өсіп келеді. Бұдан олар ешқашан ұтылмайды. Олардың арасында халықаралық қарым-қатынас құралы – ағылшын тілін де ерінбей үйреніп, үш тілге бірдей жетіктігін танытып жүрген өрендер де аз емес. Қазіргі жаһандану заманында келешек солардікі екеніне күмәніңіз болмасын.

Жақында «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымы жанындағы ақсақалдар алқасының мүшелерімен кездескенімде олар, әсіресе, қаланың Жұмысшы, Бензострой кенттеріндегі орыс мектептерінде қазақ сыныптарын ашу мәселесін көтерді. Жұмысшы кентінде жаңадан қазақ мектебі салынса деген ұсыныс та айтылды. Өйткені, бұл аумақтарда тұратын балалардың бірсыпырасы қазақ тілінде білім алу үшін қала орталығындағы классикалық гимназия мен №6 орта мектепке күн сайын көлікпен сабылып, машақат шегіп жүр. Ақсақалдар қазақшаға шорқақ ата-аналар қазақ мектептерінде оқитын балаларының сабаққа

дайындалуына көмектесе алмайтындықтарын айтып, өздері үшін арнайы курс ашуды сұрап, ол тіпті ақылы болса да, баруға ықыласты екендіктерін білдіріп жүргендерін де құлаққағыс етті. Бұл да білім саласы басшыларын ойландыруға тиіс мәселе.

Қазір қала мектептерінің ішінде бәрінен де, қазақ классикалық гимназиясында қалыптасқан жағдай күрделі. Осыдан он үш жылдай бұрын оны салар кезде қалалық оқу бөлімінің басшылары 320 оқушыға арналған мектеп салсақ та жетеді, өйткені, одан үлкенін салсақ, балаға толтыра алмаймыз десе керек. Сол кездегі қазақша оқуға құлшыныстың қазіргідей болмағаны да белгілі, әрине. Өмірдің күрт өзгергенінің белгісі осы – 320 орындық мектепте өткен оқу жылында 1066 бала оқыды. Жобаланған сыйымдылығынан үш есе көп! Гимназия директоры, қалалық мәслихаттың депутаты Жангелді Тәжин өзі басқаратын білім мекемесін тірелген тұйықтан шығару жолын тауып, қала әкіміне ұсыныс енгізіпті. Ол – гимназия жанынан 400 оқушыға арналған қосымша ғимарат құрылысын қолға алу. Оған қажетті жер телімі де бар көрінеді. Тек қолды байлап тұрғаны қаржыландыру мәселесі екен. Бұл – әрине, қала мен облыс басшылығының көмек-қолдауынсыз шешілмейтін көкейкесті проблема.

Биылғы тамыз конференциясында Тимирязев, Мағжан Жұмабаев, Аққайың аудандарында қазақ балаларының небары 24 – 34 пайызы ғана өз ана тілінде білім алып жүргендігі де сынға алынды. Бұл мардымсыз көрсеткіш аталған өңірлерде қазақ тілінің халі әлі де мүшкіл екендігін айғақтап тұрған жоқ па?! Сол аудандардың басшылары, тіл жанашырлары осы жайлы мықтап ойланатын, толғанатын кез жеткені кәміл.

Ұлтымыздың көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!», «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін!» деген ұранды сөздері кімнің болса да, құлағына кіріп, миына жететін, намысын оятатын уақыт болды ғой. Өз Отанында өз ана тілінен жұрдай болып өсіп келе жатқан мыңдаған қазақ балаларының ертеңгі тағдыры қабырғамызды бүгін қайыстыруға тиісті.

2008 жыл



МАҒЖАННЫҢ СӘУЕГЕЙЛІГІНЕ СЕНЕМІН

Жыр пайғамбары атанған Мағжанның сәуегейлігіне қайран қаламын. «Сағындым» атты өлеңінде ұлы ақын:

*Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер алашым.
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын, –*

деп, қылышынан қан тамған кеңестік империяның да күні таусылып, өзі-ақ құлап тынатынын алдын ала болжап айтып кеткен емес пе?! Ал «Қазақ тілі» өлеңінде:

*Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың! –*

деп, ана тіліміздің қилы замандағы қиын тағдырына қарамастан, нұрлы жұлдыздай ешқашан өшпейтінін, түрік балаларын бауырына тартатын сәулелі күндері туатынын керемет сеніммен айтып кеткен.

Аллаға шүкір, қазақ тілінің осыдан 20 жыл бұрынғы жағдайын бүгінгімен салыстырсақ, сең сөгілгендей серпіліс барлығына көзіміз жетері анық. Әсіресе, Кеңес өкіметі тұсында ұлтсыздандыру саясаты ерекше екпінмен жүргізілген Қызылжар өңірінде мемлекеттік тілімізге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, көңілге үлкен үміт ұялататын бетбұрыс басталғандығы айқын байқалады.

Сонау 1990 жылы Петропавлда «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті белсенділері қаладағы орыс мектептерінің жанынан алғаш рет қазақ сыныптарын аштырамыз деп бастама көтеріп, сол жылы мектеп табалдырығын аттайтын балалары бар 80 қазақ отбасын тізімге алып, үй жағалап үгіт жүргізген-ді. Сонда 20 шақты ата-ана: «Қазақ тілі кімге керек? Орыс тілін білмейтін адам ертең нан таба алмай, далада қалады. Біз баламызды орыс тілінде оқытамыз», – деп бір-ақ қайырып, есіктерін тарс жапқан. Ал ұлтжанды азаматтардың жанайқайы саналарына сәуле түсірген 60 шақты ата-ана сол жылы мектепке баратын қарадомалақтарын қазақ сыныбына беруге уәде еткен. Алайда, көпшілігі сөздерінде тұрмай, ақыры күзде 20 мыңдай қазағы бар шаһардан ана тілінде білім алуға шын ықылас білдірген небәрі 15-ақ отбасы табылған. Сөйтіп қаладағы №3 орыс мектебінің жанынан 15 қазақ баласының басын әрең қосқан алғашқы қазақ сыныбы ашылған еді.

Кейінірек Қызылжар қазақтарының өтінішімен көрнекті жазушы, Петропавл қаласының құрметті азаматы Сафуан Шаймерденовтің Үкімет басшыларына жолығып, еламанатын орындауға аянбай атсалысуының арқасында облыс орталығында 320 орындық классикалық гимназияның қабырғасы қаланды. Сол кездегі облыс әкімі Владимир Гартман қалалық оқу бөлімінің бастығы Сайран Денкеновадан: «Түбінде 320 орын тарлық етпей ме?» – деп сұраған көрінеді. Сонда ол: «Осыны толтыратын шәкірт табудың өзі оңайға түспейін деп тұр. Бұдан үлкен мектептің қажеті жоқ біздің қаладағы азғантай қазаққа», – деп азар да безер болыпты. 1996 жылы ашылған сол білім ордасындағы оқушылар саны бертінгі оқу жылдары 1 мыңнан асып жығылып, оларды екі ауысыммен оқытуға көшуге және қосымша ғимарат іздестіруге тура келді.

Қазақ тіліне деген жаппай бетбұрыстың дүмпуімен Тәуелсіздік жылдарында Петропавл қаласында жаңадан бес қазақ мектебі ашылып, олардың жалпы саны алтыға жетті. Ал қалада соңғы салынған 1100 оқушыға арналған қазақ мектеп-гимназиясы 2007 жылы пайдалануға берілген болатын. Содан кейін әлемдік қаржы дағдарысы килігіп, петропавлдық ата-аналар қолқалап сұрап жүрген жетінші қазақ мектебін салуға қаржы бөлінбей қалды. Осыны ескерген облыс әкімі Серік Біләлов 2008 жылғы мұғалімдердің дәстүрлі тамыз мәслихатында қала басшыларына оқушылар саны азайған орыс мектептерінің жанынан қазақ сыныптарын ашу жөнінде тапсырма берген еді. Содан бері қаладағы 12 орыс мектебінің жанынан қазақ сыныптары ашылып, олар аралас білім мекемелеріне айналдырылды. Оларда өткен оқу жылында 400 қара көз бүлдіршін өз ана тілінде білім алды.

Жасыратыны жоқ, Петропавлдағы қазақтардың үлес салмағы 20 проценттен енді ғана асқандықтан, мұндағы тілдік орта орысша болып қалып отыр. Балаларға мектеп пен отбасынан тыс орындардың көпшілігінде орыс тілінде қарым-қатынас жасауға тура келеді. Аулаларында араласатын тетелестерінің де дені – ұлты басқа балалар. Сондықтан, таза қазақ мектептерінде оқитын оқушылардың өзі де орыс тілін тұрмыстық сөйлесу тілі деңгейінде, ал қазақ тілін әдеби тіл деңгейінде қатар меңгеру үстінде. Мұғалімдер болса, сабақтардың арасындағы шағын үзілістерде бір-бірімен орысша сөйлесуге бейім тұратын оқушыларды өзара қазақша тілдесуге шақырып әлек болып жатады. Осы тұрғыдан алғанда, таза қазақ мектептеріндегі тілдік ахуалдың аралас мектептердегіден асып тұрғаны шамалы. Демек, Петропавл қаласындағы қазіргі нақты жағдайда бос

орындар жеткілікті орыс мектептерінің жанынан қазақ сыныптарын ашып, оларды аралас мектепке айналдыруды құптамаудың қисыны жоқ сияқты. Оның үстіне бүгінгі таңда орыстілді оқушылардың да мемлекеттік тілді меңгеруге деген ынта-ықыластары айтарлықтай екендігін де ескермей болмайды. Мәселен, өткен оқу жылында облысымыз бойынша ұлты басқа 312 ата-ана өздерінің ұл-қыздарын қазақша оқытуды жөн көріпті. Олардың қатары жылдан-жылға қалындап келеді.

Бұған қоса, ана тілімізге мемлекеттік тіл мәртебесі берілгеннен кейін Қызылжар өңіріндегі қазақ ауылдарындағы ата-аналар арасында кеңінен үгіт-насихат жүргізудің арқасында кеңес өкіметі тұсында орыс тілінде оқытуға көшірілген 94 қазақ мектебі түгел қалпына келтірілді. Ал биылғы оқу жылында 6 аралас мектеп таза қазақ тілінде оқытуға көшірілді. 20 жыл ішінде ана тілімізде тәлім-тәрбие беретін ондаған жаңа мектептер мен сыныптар, балабақшалар ашылды. Облыстағы мектепке дейінгі мекемелердің бәрінде мемлекеттік тілді үйрету қолға алынды. Осындай игілікті істердің нәтижесінде өткен оқу жылында жалпы орта білім ордаларында қазақша оқыған қазақ балаларының саны 62 процентке дейін жетті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының үстіміздегі жылғы сәуір айында болған XVII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Басым бағыттардың бірі – барлық этнос өкілдерінің қазақ тілін меңгеруіне ықпал ету болып қала береді. Біз 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтардың саны 80 процентке жетсін, ал 2020 жылға қарай одан да көп болсын деген мақсат қойдық. 10 жылдан кейін мектептеріміздің түлектері қазақ тілінде 100 процент сөйлейтін болуы тиіс», – деп қадап айтты.

Ал арамыздағы тым сынампаз ағайындардың Президент айқындаған осынау айбынды міндетті жүзеге асырудың нақты жолдарын қарастырып, білекті сыбана іске кірісудің орнына, оған күмән келтіріп, қазақ тілінің тағдыры қыл үстінде деп, қара аспанды төндіріп жүргені мәлім. Меніңше, мұндай сарыуайымға салынудың қисыны шамалы. Өйткені, өзге өңірлерді айтпағанда, қазағының саны бүгінгі күні небары 34 процентті әрең құрап отырған біздің облыстың өзінде ана тілінің кеңес заманында бітеліп қала жаздаған бұлағының көзі қайтадан ашылып, көктемде мұзы еріген Есіл өзеніндей қозғалысқа келіп, алға жылжып аға бастағанын көрмеу көрсоқырлық болар еді.

Әрине, ана тіліміздің қолданылу аясын кеңейтуде, мәртебесін арттыруда кемшін соғып жатқан тұстар әлі де аз емес. Тіл жанашырларын, әсіресе, ірілі-кішілі мемлекеттік қызметшілердің көпшілігінің өз ана тіліне шорқақтығы, олардың алқалы жиындарды қазақша бастап, орысша жалғастыруы әдетке айналғаны сияқты көзге үйреншікті болып кеткен келеңсіз көріністер қынжылтатыны аян. «Сын түзелсе, мін де түзеледі» дегендей, уақыт өте келе мұндай олқылықтардан да біртіндеп арылатын болармыз. Себебі жуырда Көкшетау қаласында өткен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының V құрылтайында сөйлеген сөзінде мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің алдағы уақытта қабылданатын тіл туралы жаңа заңға мемлекеттік қызметшілер үшін мемлекеттік тілді білудің міндеттілігі туралы бап енгізуге күш саламыз деп уәде бергені көңілімізде маздаған үміт отын үрлей түскендей әсер етті. Міне, осындай орынды талаптар қойылған «Мемлекеттік тіл туралы» Заңды қабылдау – ана тіліміздің қолданылу аясын одан әрі кеңейту бағытындағы келесі бір аса маңызды қадам болары кәміл. Ал «Тисе – терекке,

тимесе – бұтаққа» дегендей пиғылмен, еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықтың кепілі болып отырған Ата Заңымыз – Конституцияға тіл турасында өзгеріс енгізуге әзірге асығып-аптықпағанымыз абзал деп білемін. Ұлы Абай айтқандай, ақырын жүріп, анық бассақ, еңбегіміз далаға кетпес. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық тарихы Елбасымыздың «Алдымен – экономика, содан кейін – саясат» деген ұстанымының көрегендігіне көзімізді жеткізгені даусыз ғой. Елде тыныштық пен береке болса, бәрі де орнына келетініне көзіміз жетті емес пе?! Мұны ормандай орыстілді қауымның ортасында өзара сыйластықпен, ың-шыңсыз, тату-тәтті күн кешіп отырған біз, теріскей қазақтары, кейбір айқайшыл ағайындарымызға қарағанда тереңірек сезінетін сияқтымыз...

...Өз басым, өзгенің емес, ұлы Мағжанның сәуегейлігіне сенемін.

2011 жыл



АҚ ҚОЛЫМЕН БАУЫРЫНА ЖАТЫР ТАРТЫП...

Елімізде 15 жылдан бері өткізіліп келе жатқан дәстүрлі тілдер фестивалі біздің Қызылжар өңірінде өткен заманда ұлтсыздандыру саясатының құрбанына айнала жаздаған қайран тіліміздің қайтадан қанат жайып, мемлекеттік тіл мәртебесімен барша жұртты баурап, бауырына тарта түскендігін тағы бір мәрте паш еткелі отыр. Бұл – атақты Олжас ақынның сөзімен айтқанда, тауларды аласартпай, даланы асқақтата білген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың кемел саясатының жемісі мен жеңісі екендігі күмәнсіз. Тұңғыш Президентіміздің «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!» деген ұранды сөздерін «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауынан да оқып, алдағы уақытта да айқын бағыттан таймай, ана тілін ардақ тұтқан «Мәңгілік Ел» атану мақсатын көздеп, зор құлшыныс жасап отырғанымыз сүйінтпей қоймайды. «Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады», – деп қадай айтқан Мемлекет басшысының сөзіне қалай сенбеске, қалай қуанбасқа?!

Өйткені, 1990 жылы Петропавл қаласы қазақтарының 15 баласын қазақша оқытуға әрең көндіріп, алғашқы қазақ сыныбын зорға аштырған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті белсенділері таяу жылдар ішінде облыс орталығындағы қазақ мектептерінің саны алтыға жетеді деп армандай да алмаған болар сол кезде. Міне, өзгермелі өмір шындығы осындай. Қазір қазақтар ғана емес, өзге этностар өкілдері де өз балаларын қазақ тілінде оқытуға айрықша ықылас танытып отыр.

Олардың қатары жылдан-жылға қалындап, бүгінгі таңда 344-ке жетіпті. Бұл сан, бейнелеп айтқанда, басқа этностар өкілдері Қызылжар өңірінде тұтас бір қазақ орта мектебін ашып отыр дегенді білдірмей ме?!

Биылғы жылдың басында Петропавлда екінші қазақ балабақшасы – «Алтын бесік» ашылғаны мәлім. Ал ондағы 320 бүлдіршіннің 75-і мемлекеттік тілді өз сәбилеріне кішкентай күнінен үйретуді жөн санаған басқа этностар өкілдерінің балалары. Мемлекеттің тіліміздің халықты біріктіруші фактор ретіндегі сипаты біздің қаламызда, міне, осылайша жарқын көрініс беріп отыр. Осынау игі бастама алдағы кезде лайықты жалғасын тапса, нұр үстіне нұр.

Тіл жанашырлары өткен жылы Новоишим ауылы мен Тайынша қаласындағы бұрынғы ауатком мен аупарткомның ғимараттарында ашылған, бүгінде үш ауысыммен оқытатын қазақ мектептерінің күрделі жағдайы туралы орынды дабыл қаққан болатын. Жергілікті билік тарапынан жылдар бойы жете назар аударылмай, өңіріміздің білім беру саласындағы өзекті проблемаға айналған осы өткір мәселеге облыс әкімі Самат Ескендіров өз қызметіне кірісе салысымен бірден көңіл бөліп, оны Үкімет деңгейінде шешуге күш салып отырғанынан хабардармыз. Сәті түссе, алдағы жылдары осы көкейкесті мәселе оңынан шешіліп, Новоишим мен Тайыншада жаңа қазақ орта мектептері салынады деп сенеміз. Мұның өзі, әрине, ана тілімізді өркендетудегі кезекті зор жетістігіміз болмағы сөзсіз.

Биыл өңірімізде жыр пайғамбары атанған ұлы Мағжанның 120 жылдық мерейтойы жаңаша сипатпен аталып өтуде десек, артық айтпаспыз. Өңір басшысының қолдауымен өткен «Мағжан көктемі» республикалық өнер фестивалі облысымыз ғана емес, бүкіл еліміздің мәдени өміріндегі айтулы оқиғаға

айналды. Осы фестиваль аясында Мағжан өлеңдеріне шығарылған 5-эн ұлттық өнеріміз үшін айтарлықтай олжа. Оған қоса, еліміздің Мағжанды пір тұтатын 5 дарынды ақынын кеңірек танып-біліп, олардың шығармашылығынан рухани нәр алдық. Мүмкіндік табылып жатса, осы «Мағжан көктемі» фестивалін екі жылда бір рет емес, жыл сайын өткізіп, Қызылжар өңірінің өзіндік брендіне айналдырсақ деген ой келеді. Биылғы Мағжан жылында Петропавлда ұлы ақын туралы фильмнің тұсауы кесіліп, үш жыл бойы облыстық бюджеттен қаражат бөлінбеуі себепті шықпай қалған «Мағжан» әдеби-көркем журналының қайтадан жарық көруі де өсер елдің азаматтарына тән өнегені аңғартқан, руханият әлеміндегі қуанышты оқиғалар болғаны кәміл. Қожаберген жырау бабамыздың 350 жылдық тойы да Қызылжар өңірінде жоғары деңгейде аталып өтіліп, мәдени өмірімізде өшпес айшықты іздерін қалдырғанын да айта кеткен ләзім. Міне, осылардың бәрі де, түптеп келгенде, қасиетті ана тіліміздің Қызылжар топырағында салтанат құруы болып табылады.

Әлбетте, әлі де атқарар шаруа ұшан-теңіз. Елді мекендер атауларын өзгертуге қойылған мораторий алынып, ономастика жөніндегі жаңа заңнама күшіне кіргендіктен, бұл орайда қордаланып қалған мәселелерді байыппен, ойластырып шешуге кірісетін кез туды. Мәселен, Қызылжар ауданындағы республикалық маңызға ие жол бойындағы Чапаевское ауылының атын осыдан бірнеше жыл бұрын аталмыш елді мекен тұрғындары мен аудандық мәслихат депутаттары Болашақ деп өзгерту туралы шешім қабылдағаны белгілі. Әлдебір себептермен төртінші шақырылымдағы облыстық мәслихат кейінге қалдырған сол орынды шешімді қайтадан қарап, өткен-кеткен жолаушылардың

езуін тартқызатын, күні өткен «Чапаевское» атауын өзгертетін уақыт жеткені анық.

...«Мағжан» журналының қайтадан жарық көруіне арналған тұсаукесер рәсімінде біз аталмыш басылымның таралу аумағын облыспен шектемей, оны республикалық журнал деңгейіне көтеру, тіпті, мүмкіндік болып жатса, халықаралық журналға айналдыруға ұмтылу жөнінде игі тілек білдірген едік. Бәлкім, сонда біз ұлы Мағжанның:

*Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Таралған түрік балаларын бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен, тілім! –*

деген асыл арман-өсиетін жүзеге асыру бағытында тағы бір игі қадам жасайтын болармыз.

2013 жыл





Қастерлі қарашаңырақтарым



ШЫНДЫҚТЫ ЖАЗЫП, ШЫҢДАЛҒАН ШАҚ

Кеңес заманында қазақ баспасөзінің жас мамандары қанат қағып шығатын жалғыз алтын ұясы – ҚазМУ-дің журналистика факультетінің мен сияқты түлектері үшін «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің облыстағы меншікті тілшісі атану қол жеткізу оңайға түспейтін арман еді. Өйткені, ол үшін жақсы жаза білуің жеткіліксіз саналып, міндетті түрде коммунистік партияның белсенді мүшесі болуың талап етілетін. Ал мұндай мәртебеге ие болған аға әріптестеріміз облыстық газеттің редакторымен қатар алшаң-алшаң басып, талай көкейкесті мәселелер талқыланып, талай азаматтардың тағдыры шешілетін обкомның бюро мәжілістеріне бірге бара жататын. Мінгендері – сол кездің сауырын мыңнан біреуге ғана сипататын маңғаз сәйгүлігі – обком гаражынан бөлінген су жаңа «Волга» болатын. Оларға облыс орталығынан отбасының мүшелерінің санына орай үш-төрт бөлмелі жайлы пәтерді ешқандай кезексіз, тіпті таңдап алу құрметі көрсетілетін...

1990 жылы жазда облыстық «Көкшетау» газеті редакторының орынбасары міндетін атқарып жүрген кезімде белгілі қаламгер, облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Жанайдар Мусин телефон шалып:

– Бастығың Мәтен Бижанов сен туралы «Социалистік Қазақстанға» меншікті тілші болғысы келеді дейді. Рас па? Орынбасар болып істей бермейсің бе? Түбінде редактор боласың ғой...—деді.

– Мәкең мұндай сөзді текке айтпайды ғой. Өзінің бір ойлағаны бар шығар... Ал мен үшін редактордың

орынбасарлығынан «СҚ»-ның меншікті тілшілігі артық, – деп жауап бердім.

– Олай болса, мен қазір «СҚ»-ның басшыларына шығып, сен туралы айтамын, олар қарсы бола қоймас. Республикалық газеттерге материалдар жазып, жап-жақсы көрініп жүрсін ғой, – деп тұжырымдады Жанайдар Баймырзаұлы. Біраздан соң қайтадан хабарласып:

– «Социалистік Қазақстанның» редакторы Шерхан Мұртаза шетелде іссапарда жүр екен, бірінші орынбасары Ержұман Смайыл ол кісімен сөйлесіп, келісімін алды. Өтінішінді жазып жібер, бірден бұйрық береді, – деді. Сөйтіп ойламаған жерден «Социалистік Қазақстанның» Көкшетау облысындағы меншікті тілшісі атанып шыға келдім. Мұндайда меншікті тілшіліктен үміткер журналист әуелі Алматыға сапар шегіп, газет редакциясында болып, басшылармен әңгімелесуден өткеннен кейін ғана қызметке алынатын рәсім бар кез еді. Неге екені белгісіз, мен ондай әңгімелесуге шақыртылмай-ақ, сырттай сенім артылып, ешқандай «емтихан» тапсырмай-ақ, тағайындалып кеттім. Оған, әрине, қуанбасам, ренжіген жоқпын. Кезінде Солтүстік Қазақстан облысының түкпірдегі Жамбыл ауданында облыстық «Ленин туы» газетінің меншікті тілшісі болып жүргенімде мені әдейілеп Көкшетауға қызметке шақырып, қаладан пәтер де әперген Жанайдар Мусиндей жастарға жанашыр тәлімгер-ағамыздың тағы бір шарапаты тиген болар деп түйдім.

Университеттен кейін сегіз жылдай екі облыстық газет редакциясында жұмыс істеп ысылғанымның, әсіресе, бес жылдай аудандарда меншікті тілші болған кәсіби тәжірибемнің арқасында «Социалистік Қазақстанның» облыстағы тілшісі міндетіне қаймықпай кірістім. Бізге тікелей басшылық жасаған редактордың бірінші орынбасары Ержұман Смайылдың тіпті кейде түн

ішінде телефон шалып айтатын шұғыл тапсырмаларын таң атысымен жан-дәрмен атқарып, ертеңіне белгіленген уақытта тосып отырған стенографист қыздарға телефон арқылы баяндап, кезекті нөмірге шұғыл салдырып жататынбыз.

1991 жылдың басында Алматыда «Социалистік Қазақстанның» облыстардағы меншікті тілшілерінің басы қосылып, атқарылған жұмыс қорытындысы және алдағы міндеттер талқыланған үлкен жиналыс өткізілді. Содан кейін редакция басшылары мен бізді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қабылдап, ел өмірінің небір өзекті мәселелері жөнінде кеңінен әңгіме өрбітті.

– Сіздерді мен ел ішіндегі көзім мен құлағым деп санаймын. Облыстардағы жағдайды шынайы жазып, кемшілікке жол берген басшыларды аямай сынаңыздар. Ешкімнен қаймықпаңыздар! – деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Президент:

– Маған қоятын сұрақтарыңыз болса, айтыңыздар, – деген соң республиканың әр түкпірінен жиналған тілшілер Елбасыға сауалды жан жақтан жаудырды. Мен де сөз алып, көкшеліктер көкейінде жүрген Абылай ханның 280 жылдығын тойлау мәселесін көтердім.

– Көкшетаулықтар Абылай хан асын өткіземіз десе, оған менің ешқандай қарсылығым жоқ, – деп кесімді сөзін айтты Елбасы. Нұрсұлтан Әбішұлының бұл пікіріне жалғыз мен ғана емес, сол арада барша қаламдастар дән риза болып, марқайып қалды. Өйткені, әмірі күшті Кеңес Одағына жариялылық заманы келіп, компартия әлсірей бастағанымен, әлі де тұғырынан таймаған кез еді. Оның үстіне, бұған дейін елімізде ешбір ханның мерейтойы аталып көрмеген болатын. Сондықтан да, Елбасының Абылай хан асын өткізу жөніндегі ұсынысқа бірден қолдау білдіруі, сөз жоқ, батыл шешім еді. Іле бұл жағымды хабар Көкшетау облысы басшыларының

да құлағына жетіп, дайындық жұмыстары қызу қолға алынды.

Жазда кезінде Абылай хан ақ ордасын тіккен Бурабай баурайында үлкен ас ұйымдастырылып, оған сол кездегі Премьер-Министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков бастаған ресми адамдар, қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар мен ақын-жазушылар, өнер иелері, барлық облыстардың делегациялары қатысты. Хан тойы, жалпы алғанда, ойдағыдай өткенімен, жұрттың көбі көңілдеріне кірбің түсірген бір кемшілік жайлы ашық айтып жатты. Ол киіз үйлер көрмесін өткізуде жол берілген көпе-көрінеу әділетсіздік еді. Өйткені, бүкіл облыстар әкеліп тіккен киіз үйлердің ішінде, әсіресе, Торғай өңірі азаматтарының ақ шаңқан киіз үйлері анадайдан айрықшаланып, көз тартып тұрған еді. Торғайлықтардың осы өнеріне, ұлы хан тойына арнаған тартуына риза болмаған жан жоқ шығар. Соған қарамастан, көрменің бас бәйгесі – су жаңа «Волга» автомобилі Көкшетау облысының Еңбекшілдер ауданы тіккен, торғайлықтардыкімен мүлдем салыстыруға келмейтін киіз үйге берілді. Мұны тойға қатысушылардың бәрі де Көкшетау облысы басшыларының іштарлығына балап, бастарын шайқасып тарасты. Міне, осы Абылай асы жайлы іле «Егеменді Қазақстанда» мен жазған бір бет материал жарияланды. Онда киіз үйлер байқауындағы бұратартушылық туралы да әділ сын айтып, ел аузында жүрген шындықты бүгіп қала алмадым. Газетіміздің сол нөмірі қолына тиісімен Торғай облысының бірінші басшысы Жақан Қосабаев: «Бізге осы «Егемен Қазақстанның» Көкшетаудағы тілшісінің бірауыз сөзі жетеді...» – деп риза болып, көкшеліктерге өкпесін ұмытқан көрінеді.

Алайда, менің жазған сыным Көкшетау облысының сол кездегі басшыларына ұнамағаны анық. Бұл жөнінде

олардың ешқайсысы өзіме ашық айтпағанымен, кейінгі жасаған пендешілік әрекеттеріне қарап, осындай қорытындыға келдім. Мәселен, Абылай асы туралы мақалам шыққаннан кейін көп өтпей, «Казахстанская правданың» меншікті тілшісі Болат Ережепов екеуміз кезектесіп мініп жүрген «көкжорғамыз» — обком гаражынан бөлінген «Волгадан» бір-ақ күнде айырылып тындық. Осы жөнінде Болат екеуміз облыстың бірінші басшысына барып шағынбақшы едік, ол бізді мүлдем қабылдамай қойды. Біз болсақ, «Аттыдан жаяу жүріп кек алатын Жаяу Мұса енді біз болармыз...» деп күлістік...

Жаяу қалсақ та, жұмысымызды ақсатқан жоқпыз. Өткір сын жазып, атын шығарған журналисті әділдік пен араша іздеген жандар жиі жағалайтыны белгілі. Ал облыс басшыларына өкпелері қара қазандай адамдар өңірлік баспасөзді аттап өтіп, республикалық басылымдар өкілдерімен байланысқа шығуға тырысатыны да мәлім. Сөйтіп мен де Абылай асы туралы мақаламның арқасында көпке танылып, Көкше өңіріндегі неше түрлі кемшіліктер мен заң бұрмалаушылықтарды хабарлап тұратын «дереккөздерім» көбейе түсті. Ел мүддесі үшін маңыздыларын елеп-екшеп, ақ-қарасына көзімді әбден жеткізген соң талай сын мақала жаздым. Әділдіктен таймауға тырысып, не жазсам да, дәлелдеп жазғандықтан шығар, ешкім сыныма қарсы дау айтып, үстімнен редакцияға арыз түсірген жоқ, ар-намысыма тиді деп, сотқа да жүтінген емес. Сол кезде қарапайым жұрттың қолы жетпейтін «Жигули» көліктерін бөлудегі, сондай-ақ пәтерлерді жекешелендіру барысында облыс басшылары тарапынан орын алған әділетсіздіктер және басқа бұрмалаушылықтар жайлы мақалаларымды көкшеліктер газетімізді іздеп жүріп оқитын-ды. Осындай «оқылатын» материалдарым жиі шыққандықтан ба, баспасөзге жазылу кезінде «Егеменді Қазақстанды»

облысқа таратудан еш қиындық көрген жоқпын, бұл жөніндегі көрсеткішім жылдан-жылға жақсара түсті.

1992 жылдың басында өңірлерді басқаруға облыстық әкімдік институты енгізіліп, Елбасының Жарлығымен Көкшетауға бірінші әкім болып Жәнібек Кәрібжанов тағайындалды. Ертеңіне мені облыстық кеңестің төрағасы өз қабылдауына шақырды. Абылайдың асы туралы мақаламнан кейін бір көруге зар болған облыс басшысының бұл шақырысына қайран қалсам да, белгілеген уақытында барып жолықтым. Төраға орнынан тұрып, қолын беріп амандасып, бір-ақ ауыз сөз айтты:

– Соңғы үш айда мені «Егемен Қазақстанда» алты рет сынадың. Жарайды, мен әкім болмай қалдым. Бірақ, есінде болсын: әкімдер келеді де, кетеді. Осы елде біз қаламыз, соны ұмытпа, – деді. Ішіндегі өкпелерінішін ақыры осылай білдірді. Бір жағынан сес те көрсеткендей... Сондықтан, мен ештеңе айтпай, қоштасып, шығып кеттім.

Жәнібек Кәрібжанов үш-төрт күн өткеннен кейін Болат екеуімізді өз қабылдауына шақырып, мұқтажымызды біліп, көлік жөнінен көмек көрсетуге уәде етті. Көп кешікпей баяғы «көкжорғамыз» қайтадан қолымызға тиіп, қуанып қалдық. Бірақ, облыстың жаңа бірінші басшысы өзімізге жанашырлық жасады екен деп, сын мақалалар жазуды тоқтатқан жоқпыз. Көкше өңіріндегі жаңа бастамаларды жарқырата көрсетуге тырысумен қатар, аяққа оралғы болған кемшін жайларды да жасырмай, сынап жаздық. Әділі керек, Жәнібек Сәлімұлы газет сынын әр жолы түсіністікпен қабылдап, дереу шара қолданып отырды. Бұдан оның беделі артпаса, кемімегені кәміл.

Сол жылы жазда Жәнібек ағамыз мені өз кабинетіне шақырып сөйлесіп:

– Көкшетауда бір кезде жабылып қалған теледидарды тез арада қайтадан ашуымыз керек. Осы жұмысты саған сеніп тапсырамын, – деді. Сөйтіп «Егемен Қазақстанның» меншікті тілшілігімен қимай қоштастым. Тек Көкше шындығын жазып, шыңдалып, Шерағаның «шекпенінен» шыққандардың қатарына қосылғанымды, Ержұман ағамның талап пен талғам мектебінен өткенімді көңіліме медет етіп аттандым.

...Шынымды айтсам, «Егемен Қазақстанда» істеген екі жылдай уақыт өзімді шын журналист ретінде сезінген, ең еркін, ең батыл және өз өмірімдегі ең қимас кезім екен...

2014 жыл

ҚИМАСЫМСЫҢ, ҚЫЗЫЛЖАР ТЕЛЕДИДАРЫ!..

Төбесі көк тіреген Қызылжар теледидарының мұнарасы қашанда көзге оттай басылып, соның қасындағы телестудияда өткен қырық пен елуімнің арасындағы аттай он жыл ғұмырымды – шығармашылық жолымдағы ең бір мазасыз шағымды есіме салып тұрады. Нелер қызықты да, қиын сәттерді бірге өткізген, нелер сындарда сыр бермеген, таңдаған кәсіптеріне мығым, адамшылық қасиеттері де асыл әріптестерім – қимас достарымның жарқын жүздері елес береді.

...1997 жылдың мамыр айының басында Елбасының Жарлығымен Көкшетау облысы таратылып, Солтүстік Қазақстан облысының құрамына қосылды. Мен ол кезде Көкшетау облыстық телерадиокомпаниясының төрағасы едім. Облысымыздың шаңырағы жабылуы төбемізден жай түскендей, есенгіретіп тастады. Осыдан бес жылдай бұрын өз қолыммен құрған, Көкшетау қаласындағы ең әсем ғимараттардың бірі – баяғы компартияның қалалық комитетінен мұраға қалған төртқабатты, зәулім үйде орналасқан телестудияның отын өз қолыммен өшіріп, жүз шақты адам, соның ішінде өзім де бар, бір сәтте қызметтен айырылып, алдымыз тұман болып тұрған шақ еді. Сөйтіп телерадиокомпанияны таратуға кірісіп, көңіліміз жүдеп жүрген бір күні солтүстікқазақстандық аға әріптесім Мүтәллап Қанғожин әдейілеп келіп, халімізді біліп қайтты. «Енді қайда барасың? Бізде әзірге саған ыңғайлы басшылық қызмет жоқ қой. Өзің білесің, орынбасарым техника мәселелерімен шұғылданады, ол зейнетке кеткенше әлі бірнеше жыл бар», – деді Мүтәллап аға. «Қазір қызмет таңдайтын кез бе, аға?! Отбасын асырайтын бір жұмыс табылса, болды да –

ештенеден арланбаймын», – деп жауап бердім. «Мүмкін, радио жағынан бірдеңе табылар», – деп Мүкең маған өз жанашырлығын білдіріп аттанды.

Содан бір-екі күн өткенде Көкшетаудағы телестудияға Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Майра Қанафина ат басын тіреді.

– Сізді Петропавлға қызметке шақырамыз, облыстық телерадиокомпания төрағасының бірінші орынбасары болып барасыз, бұл жөнінде сіздердің корпорацияларыңыздың басшысымен келісеміз, – деді ол.

– Мүмкін, мен осында қалып, облыстық телерадиокомпанияның негізінде Көкшетау қалалық телерадиокомпаниясын құрғаным жөн болар, – дедім.

– Жоқ, маған сіздің Петропавлда болғаныңыз керек, – деп бір-ақ кесті Майра Қажыбайқызы.

Сонымен, осыдан он алты жыл бұрын журналистік еңбек жолымды бастаған Қызылжар өңіріне қайтып оралатын болдым. Мүтәллап Қанғожиннің техника жөніндегі орынбасары Виктор Мельников те бірінші орынбасар еді. Енді төрағаның екі бірінші орынбасары болатын болды. Виктор Алексеевич өз қарамағындағы бір топ инженерлерімен бірге келіп, Көкшетау телестудиясының бес жылдай пайдаланылған аппараттық-студиялық блогын (АСБ) бөлшектеп бұзып алды. Арыстан Ахметниязов бастаған көкшелік инженерлер кезінде мәскеулік және шауляйлық әріптестерімен бірлесіп, өз қолдарымен құрастырған АСБ-ны қимаған да болар, маған:

– Петропавлдықтар мұны текке бұзып әкетіп бара жатыр. Өйткені, оны қайтадан жинастырып, іске қосу олардың қолдарынан келмейді, – десті.

Өйткенмен, Петропавл телестудиясының Александр Резников, Сергей Вансович сынды білікті инженерлері бас болған радиотехниктері мықтылық танытып,

Көкшетаудан бөлшектеп тасып әкелген АСБ бөліктерін тез арада қайта құрастырып, өздерінің әбден тозығы жеткен блогын табысты алмастырды. Сонда мен мұндай инженерлері бар телестудия техникалық жағынан ешкімнен осал болмас деп түйдім. Шынында да, техниктеріміз кейін де талай рет өз істеріне мығым екендіктерін дәлелдеді. Ең жауапты тапсырма саналатын, республика көлемінде Елбасының қатысуымен өткізілген бірнеше тікелей эфир хабарларында да мінсіз бейнебайланысты қамтамасыз етіп, корпорация мен облыс басшыларының алғысын естідік. Телестудиядағы жылжымалы бейнекамералар мүлдем ескіріп, істен шыққан соң олардың орнына амалсыздан қолға ұстап түсіретін, қарапайым камераларды орнатып, тұйықтан шығар жол тапқандарын көріп, Алматыдан іссапармен келген Тыныс Өтебаев ағамыз сынды кәсіби мамандар бастарын шайқап, таңданыс білдіріп кеткендері де жадымда тұр.

Петропавлға Көкшетаудан сол, 1997 жылғы қыркүйек айының басында отбасыммен бірге көшіп келіп, Мүтәллап ағаның шығармашылық жұмыстар жөніндегі бірінші орынбасары ретінде іске кірістім. Желтоқсан айында Мүтәллап аға алпыс жасқа толды. Оның мерейтойын өзіміз ұйымдастырып, қаланың ең үлкен мәдени ордасы – Николай Погодин атындағы орыс драма театрының ғимаратында өткіздік. Петропавлдың қазақ-орыс өнерпаздарының бәрі де белгілі ақын ағамызды сыйлайтындықтарын байқатып, өз өнерлерін тойға шашу етті. Қысқы боранға қарамай жиналған жұртшылық та аз болған жоқ. Сонда риза болған Мүкең ерекше тебірене:

– Бұл сахнаға ұлы Ғабит пен Сәбит те көтеріле алмай кетті. Олармен кездесулер қаладағы кітапханалардың шағын оқу залдарында өткізілетін. Сондықтан,

мен бақыттымын. Бұл – туған еліміздің Тәуелсіздік алғандығының арқасы, – деп ағынан жарылған еді. Мүкеңнің иығына Көкшетаудың бір шебер тігіншісіне тапсырыспен тіккізген әдемі шапанымызды жауып, басына бөрік кигіздік. Өзі отыз жылдан астам өмірін өткізген телестудияда мерейтойының құрметті меймандары мен әріптестерімізге арнап дастарқан жайып, сол кездегі мүмкіндігімізге қарай шағын той жасадық. Сол желтоқсан айының аяғында Мүтәллап аға зейнет демалысына шығуды жөн көріп, өз еркімен қызметінен кетті. Баз біреулердей орынтағы астына жабысып туған, ата-бабасынан қалған мұрадай көріп, өлердей қызғанып, қалтырап-дірілдеп, қайтсем айырылмаймын деп жанталасқан жоқ. «Сендер, жастар, істеулерің керек», – деп кесімді сөзін айтып, абырой-беделін сақтап, еңсесін еш түсірмей, кеудесін асқақ ұстаған маңғаз қалпынан айнымай кетті. Мүкең мен үшін сол кесек мінезімен де қадірлі.

Сөйтіп 1997 жылдың желтоқсанының аяғында корпорация басшылығы мені Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясы (ОТРК) төрағасының міндетін атқарушы етіп тағайындады. Ол кезде Петропавлда өзін мәдени-көпшілік шаралардың режиссері ретінде көрсетіп жүрген Борис Шушарин деген біреу басқаратын «Ишим ТВ» атты коммерциялық телеарна бар болатын. Оны ұйымдастырушылардың ішінде сол кездегі облыстық радиотелехабарларды тарату орталығының (ОРТПЦ) басшылары да жүрген көрінеді. Солардың қолдауына сүйенген Шушарин мырза қаладағы 9 -телеарнаны пайдаланып, Ресейдің «НТВ» телекомпаниясының орыс тіліндегі бағдарламаларын күндіз-түні қосып қойып, жүгіртпе жолмен ақылы хабарландыру беріп, арасында жарнамалық роликтерін қыстырып, ай сайын қыруар ақша

түсіретін «сауын сиырына» айналдырып алған екен. Ол осы телеарнаны ОТРК-ға бекітіп беру туралы жоғары жақтың шешімін орындағысы келмей, қиқандап бақты. ОРТПЦ-ның «бал ұстап, бармағын жалағанға» ұқсайтын бұрынғы басшылары да өз Бористерін жақтап, шыға келді. Мұны естіген сол уақтағы корпорация басшысы Ерлан Сатыбалдиев бірден министр Алтынбек Сәрсенбаевқа шығып, әжептәуір шу көтерді. Соның нәтижесінде ОРТПЦ басшысы орнынан алынып, «Ишим ТВ» – телеарнадан кетірілді. Шушарин менімен келіссөз жүргізгісі келгенімен, мен оның ешқандай ұсынысын қабылдамайтынымды мәлімдедім. Содан кейін ол облыс әкімдігіне шағынып, хат жазған екен. Сол кездегі облыс әкімі аппаратының басшысы Валерий Набитовский мені кабинетіне шақырып алып, Шушариннің хатының шекесіне «НТВ должно работать» деген бұрыштамасын жазып, маған: «Мұны орындамасаң, мына үстел сенің басыңды шабатын жаңғырыққа айналады», – деп, өзінше қоқан-лоқы көрсетті. Мен мұндай құқайлардың талайын Көкшетау ОТРК-сын басқарған бес жылымның ішінде бастан өткеріп, әбден етім өліп кеткен еді, бұл жолы да былқ еткен жоқпын. Набитовскийдің бұрыштамасы соғылған хатты факспен Ерлан Әбенұлына аттандырып, мына жақта өз білгенімді істей бердім. «НТВ» 9 – телеарнаға қайтып шыққан жоқ. Оның орнын өзіміз дайындаған бағдарламалар, корпорация арқылы алынған кинофильмдер басты. Эфирді толтыру оңай соқпағандықтан, әрі орыс тілді тұрғындар басым қалада теледидарымызды тартымдырақ ету мақсатымен Ресейдің саясаты ұстамды, ақпараты байсалды, мәдениеті жоғары саналатын мемлекеттік «РТР» телеарнасын шамалап ретрансляциялауға көштік. Бұл әрекетім облыстық әкімдіктегі кейбіреулерге

онша ұнамаған болуы керек, сол кезде қалыптасқан тәртіп бойынша мені ОТРК төрағалығына тағайындау жөніндегі облыс әкімінің ұсынымын бір жарым айдан артық күтуіме тура келді. Тек корпорация басшылығы мен министрлік менің кандидатурамды бірауыздан қолдап, облыс әкімінің ұсынымынсыз-ақ тағайындау туралы бұйрық әзірлеп жатқандығын естіген соң ғана әкімдіктегілер қимылға келіп, Даниал Ахметовтың мені төрағалыққа ұсынатындығы айтылған бір-екі сөйлем жазылып, астына қолы қойылған бір парақ қағаз қолыма тиді-ау, әйтеуір. Сол күндері Петропавлдың жарықсыз-жылусыз қалу қаупімен күресіп, басын қатырып жатқан Даниал Кенжетайұлының мені алдын ала әңгімелесу үшін қабылдауға мұршасы да келмеген болуы керек. Бірақ, ол кейін маған жылы шырай білдіріп, жақын тартып сөйлесіп, қолынан келген көмегін аяған жоқ. Бірде телестудияға тікелей эфир хабарына қатысуға келгенінде тозығы жеткен телекамераларды көріп, оларды бағасы қымбат «Бетакамдармен» ауыстыруға қаржы тауып беремін деген уәдесін де берді. Алайда, көп ұзамай қызметі жоғарылап, Астанаға ауысып кетті де, «Бетакам» туралы арманымыз аспанға ілініп қалды. Есесіне, Даниал ағамыз корпорациямыздың қаржы қиындығына тап болуына байланысты 1999 жылы барлық өңірлердегі радиостудияларды жабу туралы шешімімен келіспей, біздің Солтүстік Қазақстан облыстық радиосын сақтап қалуды жөн көріп, қажетті қаржыны жергілікті бюджеттен қарастырып, тауып берді. Ал мұндай қаражат бөлінбеген тоғыз облыстың радиосының үні біржола өшіп тынды сол жылы.

Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпанияның басшылық тізгіні қолыма толық сеніп тапсырылған соң Көкшетау теледидарында жинақтаған тәжірибені мұнда да енгізіп, біраз өзгеріс жасадым.

Әсіресе, көпшіліктің өзгеден де гөрі жергілікті жаңалықтарды күнбе-күн білгісі келетінін ескеріп, ақпарат бағдарламасын күшейтуге күш салдым. Сюжеттерді 1 – 2 минуттан асырмау міндетін қойып, есесіне олардың санын бұрынғыдай 4 – 5 емес, 8 – 9-ға жеткіздік. Бұл орайда маған Көкшетаудан ере келген қаламы ұшқыр журналистер Байқал Байәділов, Айзат Тұрғынбекқызы, Ләззат Салықова үшеуінің көп көмегі тиді. Телеоператор Сабыр Шериязданов та Петропавлдан жұмыс табылғанына қуанып, жанын салып, құстай ұшып жүрді. Олардың жаңалық жасауға құштарлығы, әсіресе, осындағы жас әріптестеріне де қанат бітіріп, Сергей Куянов, Светлана Степанова сынды дарынды жастар жарқырай көрінді. Басқа бағдарламалардың да санын да, сапасын да арттыру міндетін қойдық. Бұл ретте телестудияда көптен бері істеп келе жатқан «кәрі тарландар» жаңа талапты түсіністікпен қабылдап, «екінші тыныстарын» ашқандай болды.

Облыстық телерадиокомпанияда Қызылжар өңірінің біртуар азаматтарының бірі, елімізге танымал қаламгер Мәлік Мұқановпен қатар еңбек еткен күндер де ешқашан ұмытылмайды. Мәкең сынды екі тілге тең жорғалығына, білімділігі мен дарындылығына қоса, батыл да тік мінезді журналистер өте сирек кездеседі. Ол кісіні де сонау «Ленин туында» бірге істеген кезімізден жақсы біліп, ұстаз тұтып өскенмін. Солтүстік Қазақстан телерадиокомпаниясына қызмет ауыстырып келгенімде Мәкең алдымнан шықты. Әйгілі «Халық кеңесі» газеті таратылған соң, сол басылымның Қызылжар өңіріндегі меншікті тілшісі қызметімен амалсыз қош айтысып, жергілікті теледидарға шолушы болып орналасқан екен.

Мәкеңнің бірбеткейлігін, көзі көрген кемшілікті кімге болса да, бетің бар, жүзің бар демей, тура айтып салатын мінезін білгендіктен, басында: «Арамыз қалай

болар екен?...» деген күдік те көкейімде жүрді. Абырой болғанда, шығармашылық жоспарлама жиындарда кейде елдегі алуан жағдайға байланысты өз пікірін ашық білдіріп, талай ірі тұлғалардың іс-қарекетіне теріс бағасын айтып салып, «сыбағасын» беріп жүретін Мәкең маған бірде-бір рет тіл тигізген емес. Ал ол жүргізетін «Оқиғалар ортасында» ақпараттық-шолу бағдарламасын, әсіресе, ауыл телекөрермендері сенбі сайын ынтыға күтіп отырады екен.

Қызылжар теледидарында тағы бір тындырған ісім – бейнемұрағат ашқаным. Мен қызмет ауыстырып келген 1997 жылдың күзіне дейін мұнда ешқандай бейнемұрағат сақталмаған екен. Бейнекассеталар жетіспегендіктен, көп дүние өшіріліп кетіпті. Ал ерте кездегі түсірілімдер Қазақ теледидарының мұрағат қорына алдырылып, мұнда ештеңе қалдырылмапты. Мен Көкшетаудан қырық шақты кассета толы хабарлар алып келген едім, соларды және ай сайынғы тәуір хабарларды, апталық шолу бағдарламалардың ешқайсысын өшірткізбей бейнемұрағатқа тапсыруды жолға қойдым.

Жергілікті тележурналистердің ішінде бір-ақ адамның – Р. Бикмұхаметованың ғана жеке бейнемұрағаты бар болып шықты. Раиса Гарифқызы өз ісіне шын берілген, шеберлігі жоғары кәсіби маман екен. Тіпті өзі телестудия табалдырығынан аттаған сонау алпысыншы жылдардың кинопенкаларын да көзінің қарашығындай сақтапты. Соларды пайдаланып, кейін талай тарихи-танымдық хабарлар циклдерін жасады. Әйгілі тележурналистің барлық дүниеліктері облыстық теледидардың алтын қоры саналады.

2002 жылы қыркүйек айының соңында Қызылжар теледидары республика көлемінде алғашқылардың бірі болып, спутниктік байланыс арқылы таратуға көшірілді. Бізден екі айдай бұрын бай өңірлердің бірі – Шығыс

Қазақстан облысының теледидары ғана спутникке шығарылды. Алайда, шығысқазақстандықтардың бас-тамасы сәтсіздікке ұшырап, ондағы телестудияда орнатылған спутниктік қабылдау-тарату станциясы іле істен шыққандықтан, оны жөндеуден өткізуге тура келді. Ал біздікі, «жыртық үйдің Құдайы бар» дегендей, бірден жақсы істеп кетті.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, Қызылжар теледидарын спутниктік байланыс арқылы таратуға елдің алды болып көшіруімізге сол кездегі облыс әкімі Қ. Нағманов зор қолдау көрсеткенін айтқан жөн. Бұл мақсатқа Қажымұрат Ыбырайұлы облыстық бюджеттен 37 миллион теңгеден астам қаржы бөлгізді. Осы мәселеге орай облыстық әкімдікте дау-тартыс болған кезде менің ұсынысымды қолдап шықты.

...Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпанияларын 15 жыл бойы басқарған екенмін. Осы жауапты қызметімнің аяқ шенінде, корпорацияны Ғалым Доскен басқарып тұрған 2005 жылдың соңында «Алтын жаршы» төсбелгісімен марапатталдым. Бір жыл өткен соң, 2006 жылғы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Елбасы қол қойған Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасын алдым. Осының бәрі бейне бір шығармашылығымның бір кезеңі тамамдалғанынан хабар беріп тұрған сияқты көрінді...

Менің өзім үшін де, он жыл бірге жұмыс істеп, үйренісіп, туған-туыстай болып кеткен облыстық телерадиокомпания ұжымы үшін де жаңа бір шығармашылық серпіліс жасайтын сәт туған тәрізді... Мен мұнда дәл уақытында келгенімді және дәл кететін кезім де туғанын сезіндім...

Қоштасарда бір-ақ ауыз сөз тұрды көкейімде: «Қимасымсың, Қызылжар теледидары!...»

2010 жыл

ҚЫЗЫЛЖАР ЖҰРТЫНЫҢ РУХАНИ КӨШБАСШЫСЫ

Қызылжар өңіріндегі қазақ баспасөзінің қарашаңырағы – «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінің алғашқы нөмірі оқырман қолына тигеніне 2015 жылғы 22 ақпанда 95 жыл болады.

Басылым 1920 жылы Ресей коммунистік партиясы (большевиктік) Сібір бюросы мен Ақмола губерниялық революциялық комитетінің органы ретінде Омбы қаласында «Кедей сөзі» атауымен жарық көрген. Ал 1921 жылғы 7 наурыздан бастап РКП(б) Ақмола губерниялық комитеті мен губревкомның органы ретінде губерния орталығы болып белгіленген Петропавл қаласында «Бостандық туы» атауымен шығарылған. 1928 жылғы 14 қарашада – «Кеңес ауылы», 1932 жылғы 1 мамырда «Ленин туы» деп өзгертілген. 1993 жылғы 1 желтоқсанда қазіргі атауына ие болған.

«Газетіміздің іргесін қалаған Алаш арыстарының алға қойған мақсаты қандай еді?» деген сауал төңірегінде ойлансақ, Мағжан Жұмабаевтың «Кедей сөзінде» жарияланған «Автономия кімдікі?» мақаласы көп жайдан хабар бергендей. «Бостандық – елдікі! Автономия – елдікі!.. Айлы, күнді, қанды, отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтікі. Жүз жылдар орыс ақсүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі», – деп толғанған ұлы ақынның азаттық туралы асыл арманы, асқар мұраты арада ғасырға жақын уақыт өтсе де, көкейкестілігін жоғалтпай, бүгінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясымен астасып

жатыр емес пе?! Өйткені, газет қызметкерлері әуелден әділдік пен теңдікті ту етіп ұстанып, халқымыздың іргелі ел болуы жолында қалтқысыз қызмет етуді өздерінің басты мақсаты еткені әмбеге аян. Газеттің екінші атауы «Бостандық туы» болғандығы да осыны аңғартқандай.

Қарашаңырағымызда тұтас түрік әлемінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаев, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жалынды публицист Смағұл Сәдуақасов, сондай-ақ Қошке Кемеңгеров, Сәбит Мұқанов, Жақан Сыздықов, Мәжит Дәулетбаев, Елжас Бекенов, Шахмет Құсайынов, Әлжаппар Әбішев, Әбділда Тәжібаев, Дихан Әбілев, Сейітжан Омаров, Жиенғали Тілепбергенов, Жұмағали Саин, Асқар Тоқмағамбетов, Әбдірахман Айсарин, Ғалым Малдыбаев, Сафуан Шаймерденов сынды атақ-даңқы алысқа жайылған қаламгерлер қызмет еткендігін айрықша мақтан тұтамыз. Олардың ізін басқан кейінгі буын өкілдері де кеңес өкіметі тұсында ұлттық құндылықтарымызды, ана тіліміз бен ата салт-дәстүрлерімізді дәріптеуге мүмкіндігінше көңіл бөлген. Алайда, «қызыл империяның» мүддесін көздеген коммунистік билік ұлы Мағжанның өшпес рухы сезілген, қазақшыл басылымның шаңырағын 1963 жылы жауып тынғандығы тарихтан белгілі. Бұл Тың өлкесін Ресейге қосу туралы ойын ашық айтқан Кеңес Одағының сол кездегі бірінші басшысы Никита Хрущевтің тұсы еді. Биыл дүниеге келгеніне 100 жыл толғалы отырған аса көрнекті мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеновтің басын бәйгеге тіккен қаһармандығының арқасында қазақ жерінің тұтастығы сақталып қалғаны мәлім. Сондықтан да газетіміздің 1966 жылы қайтадан ашылуын, ең алдымен, ұлтымыздың ұлы перзенті – Жұмабек Тәшеновтің есімімен байланыстырып, есіл Ердің алдында тағзым етуге тиіспіз. Осы ретте кезінде Қызылжар өңірінде басшылық қызметтер атқарған

ардақты азамат есімі жақында Үкімет қаулысымен Петропавл қаласындағы №20 қазақ орта мектебіне берілгендігін айта кеткен жөн.

Газет ұжымы қашанда Мағжан бастаған Алаш арыстарының ұлы ісіне адалдығын сақтап, ұлт мүддесіне аянбай қызмет етіп, Қызылжар жұртының рухани көшбасшысы ретінде танылып келеді. Бүгінде алдыңғы толқын қаламгерлер өздерінің бір кездегі білікті басшылары, ұлағатты ұстаздары және дарынды әріптестері болған Уәп Рахымжанов, Бақыт Мұстафин, Мұхамедқали Нұрғожин, Рәшид Бәдірленов, Серік Хасенов, Мәлік Мұқанов, Амандық Әбжанов, Мереке Тұралин, Әмір Қожахметов, Қайырбек Баймұқанов, Ербол Шаймерденов, Құрман Рамазанов, Роза Молдақова және басқаларды сағынышпен еске алып отырады. Алдымызда жүрген ардагер ағаларымыз Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Ожан Қали, Қазақстанның құрметті журналистері Мұрат Нұрмұқанов, Әскер Әбілқайыров, Амандық Жантеміров және белгілі сатирик-жазушы Жоламан Шахановтың орындары – әрдайым қара шаңырағымыздың төрінде. Ал бір топ аға әріптесіміз зейнеткер атанса да, өткір қаламдарын қолдарынан тастамай, өндірте жазып, қалтқысыз қызмет істеп жүр. Олардың ішінде белгілі журналист, жазушы, қоғам қайраткері, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Жарасбай Сүлейменовтің орыны ерекше. Ұжымның бірінші басшысы ретінде еліміздің тарихындағы өтпелі кезеңде редакцияда қордаланып қалған көкейкесті мәселелерді табандылықпен шешіп, дарынды жастарды қызметке тартып, басылымды шығармашылық жаңа биікке көтере білген Жарасбай Қабдоллаұлы кейін Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланды. Халық қалаулысы бола жүріп,

нелер көкейкесті мәселелерді өзіне тән журналистік өткірлікпен қозғап, елімізге кеңінен танылған аға әріптесіміз содан соң бірнеше жыл «Егемен Қазақстан» республикалық газеті бас редакторының орынбасары қызметін де абыроймен атқарды. Ал, былтыр «Қызылжарым!» деп соққан жүрек қалауымен туған өңіріне оралып, өзінің ұшқан ұясы – «Солтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторлығы қызметін қайтадан қолына алды. Бүгінде басылымымыздың шығармашылық тың ізденістермен танылуына тікелей ұйытқы болып жүр.

Майталман журналист, белгілі ақын Болат Қожахметов жетпістің аулына жақындап қалса да, «Солтүстік Қазақстан» газеті шеф-редакторының орынбасары ретінде жас журналистердің шеберліктерін жетілдіруге аянбай атсалысуда. Нұрсайын Шәріп, Тоқтар Зікірин, Зейнолла Әкімжанов сынды өлең сөзге де, қара сөзге де қамшы салдырмайтын журналист, ақын ағаларымыз жастармен жарыса жұмыс істеуде. Олардың өкшесін басып келе жатқан Зарап Құсайынов, Қошан Қали, Ләйла Жанысова, Гүлгүл Төлешева, Алма Жүсіпова сынды журналистер еңбегі әртүрлі деңгейде әділ бағасын алды. Ал ізбасар кейінгі буынның ішінде өз басым Арайлым Бейсенбаева, Жадыра Қанафина, Қанат Атаманов, Нұргүл Оқашева сынды алғыр да ізденімпаз жастардан үлкен үміт күтемін.

Тәуелсіздік жылдарында Қызылжар өңірінде ана тілімізге құрмет пен құлшыныстың артуының арқасында «Солтүстік Қазақстан» газетінің таралымы екі еседен астам өсіп, бүгінде 10 мың данадан асты. Бұған қоса, кәсіпорын директорының орынбасары – «Солтүстік Қазақстан» газетінің шеф-редакторы Роза Шәкенованың көп күш-жігер жұмсауының және «Қазконтент» акционерлік қоғамының қолдауының

арқасында жасалып, қалыптастырылған сайтымыздың айналымын тұрақты оқырмандарының саны қазір 19 мыңнан асып, бұл жөнінен еліміздегі облыстық қазақтілді басылымдардың алдыңғы легінен көріндік. Бұл да шығармашылық ұжымға ортақ жетістік. Өйткені, оқырман газет бетінен де, сайтымыздан да қызығалықты дүние іздейтіні даусыз.

Газетті шығарушы «Қызылжар-Ақпарат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы ретінде облыс әкімі Е. Сұлтанов редакция қызметкерлерінің шығармашылықпен жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туғызу мәселесіне қамқорлықпен көңіл бөліп отыр. Ерік Хамзаұлының қолдауының арқасында «Солтүстік Қазақстанға» жергілікті бюджеттен берілетін мемлекеттік тапсырыс көлемі кемітілмей, журналистердің еңбекақысы өсіріліп, редакцияның техникалық құралдармен жабдықталуы да жылдан-жылға жақсартылу үстінде.

95 жылдық – редакцияның шығармашылық ұжымы мен қалың оқырман қауым үшін айтулы оқиға. Соған орай басылымымыздың айшықты белесін оқырмандармен кездесулер сияқты шаралар арқалы атап өтуді жөн көрдік. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дегендей, газетіміздің жетістігі де, кемістігі де сөз болатын мұндай басқосуларды алдағы уақытта жалғастыратын боламыз. Сондай-ақ, «Солтүстік Қазақстанда» әр жылдары әртүрлі қызмет атқарған, бүгінде арамызда жоқ әріптестеріміздің сондарында қалған шығармашылық мұраларын және олар жайлы естеліктерді жинастырып, кітап шығаруды ұйғардық. «Біздерді іздейтұғын жан болса егер, шаң басқан архивтерден табылармыз...» – деп, ұлы Мұқағали ақын жазғандай, өмірден өткен әріптестеріміздің мынау көз қимайтын жалған дүниеге іңкәр нәзік жандары мен

«Елім!» деп соққан жүректерінің лүпілдері сезілетін шығармаларын іздестіріп тауып, бір кітап етіп шығару — олардың алдындағы азаматтық парызымызды өтеудің бастамасы ғана. Өйткені, Алла тағала қолдарына қасиетті қалам ұстатып, бұл дүниеде Әділдік пен Шындықтың жаршылары етіп жаратқан ардақты әріптестеріміздің әрқайсысына бір-бір кітап арнасақта, артық емес.

2015 жыл





Айтылмаса, сөз — жетім



КӨК БАЙРАҚ КӨТЕРІЛСЕ...

Көшеде желмен желбіреген көк байрағымыз көзіме
түскенде жадыма атақты Сүйінбай ақынның:

*Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен!
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен!*

*Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен!
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен!*

*Бөрі басы — ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым!—*

деген өлең жолдары оралып, арқаланып, аруақтанып
кетемін...

Мемлекеттік мерекелерді атап өтуге арналған жиындар мен басқа да салтанатты шараларда Мемлекеттік Туымыз көтеріліп, Гимніміз орындалған сайын ата-бабаларымыз армандаған Тәуелсіз Қазақ елінің азаматы екенімді тағы бір айқын сезініп, кеудемді қуаныш кернеп тұрады. Өткен, Лондон Олимпиадасында көк байрағымыз 7 мәрте көтеріліп, әнұранымыз әуелегенде баршамыздың төбеміз аспанға тигендей күй кештік емес пе?! Саңлақ боксшымыз Геннадий Головкин әлем назары ауған

шаршы алаңдағы әр жеңісінен соң Мемлекеттік Туымызды арқасына жамылғанда қайсымыз сүйінбейміз?!

Ал күні кеше ұлтымыздан шыққан үшінші ғарышкеріміз Айдын Айымбетов Мемлекеттік Туымызды өзімен бірге ғарышқа ала кетті. Ол – енді жай ғана ғарышкер емес, көк байрағымызды ең биікке көтерген ерлеріміздің бірі. Осылайша ғарыш сәулесіне де малынатын мемлекеттік рәмізіміздің қасиеті тіпті арта түсетіндей көрінеді маған...

Осы орайда тағы бір айта кететін жағымды жайт: жуырда Қазақстан Конституциясының 20 жылдығына орай облыс орталығындағы Николай Погодин атындағы облыстық орыс драма театрының ғимаратында өткізілген салтанатты жиында Мемлекеттік Туымызға ерекше құрмет көрсетілді. Көк байрағымызды әскерилерден құралған құрметті қарауыл айрықша салтанатпен залға кіргізіп, сахна төріне шығарып, күзетіп тұрды және жиын соңында сол тәртіппен алып кетті. Жиналған қауым осы рәсімдерге орай орындарынан түрегеліп, Мемлекеттік Туымызға ерекше құрмет көрсетті. Шынын айтсақ, бұдан бірер жыл бұрын аталмыш ғимаратта өткізілген талай ірі қоғамдық-саяси шараларда көк байрағымызға мұндай құрмет рәсімі жасалмай, көңілімізге кірбің ұялатушы еді. Өйткені, Мемлекеттік Ту театр сахнасына алдын ала орнатылып қойылатын, ал алқалы жиын аяқталған соң әлдебір жұмыскер оны тұғырынан суырып алып, қисайта сүйретіп әкетіп бара жататын... Сондықтан да өңіріміздің идеология саласында енгізілген шағын да болса шапағатты өзгеріске қуанып қалдық.

...Айдын Айымбетовтің Мемлекеттік Туымызды ғарышқа әкететінін естігенде жақында шетелге

оқуға аттанған бір жақынымның баласының да көк байрағымызды өзімен бірге ала кеткені ойыма оралды. Осы параллельден тілге оралған тілек те ортақ: көк байрағын қастерлеген ұлдарымыздың сапарлары оң болсын!

2015 жыл



КӨППЕН КӨРГЕН – ҰЛЫ ТОЙ

Біз тойшыл халықпыз ғой. «Бұдан жаман күнімде де тойға барғанмын», – деп сөйлейді қазақем. Ал сол тойларымыз кеше қалай өткізілуші еді және бүгін қалай өткізіліп жүр? Мысал үшін, ата-аналардың ең үлкен қуаныштары – ержеткен ұлдарын үйлендіру, бойжеткен қыздарын ұзату тойларын алайық.

Кеңес заманында ауылда екі жастың шаңырақ құру тойы қыста кеңшардың асханасында, немесе кеңірек үйлердің бірінде жасалатын. Ал жазда тойлы үйдің жанынан іші атшаптырым шатыр тігілетін. Қолдан-қолға өтіп, талай тойдың куәсі болған сондай шатырдың жыртықтарынан жаңбырлы кеште су сорғалап ағып, тойшы қауымды әлекке түсіріп жататын... Жас жұбайлардың некелерін қиғызу үшін азаматтық хал актілерін тіркеу орны – «АХАТ»-қа апарып-әкелуге сол кездің көз қызықтыратын, тайпалған «темір тұлпары» – «Волга» автомобилі түгіл, желдей жүйткітін жорға – «Жигулиді» табудың өзі де оңай емес-тұғын. Дастарқан мәзірі де қазіргіден әлдеқайда жұпынылау болатын. Ал қазір ауылдағы талай ағайындарымыз балаларының үйлену тойларын ауылда емес, аудан орталығындағы немесе Петропавл мен Көкшетау қалаларындағы мейрамханалар мен дәмханаларда өткізуге көшіп алыпты. Ал жас жұбайларды «АХАТ» пен мешітке апарып, ресми және діни неке қию рәсімдерін өткізуге, сосын оларды қала ішінде қыдыртуға «Жигули» түгіл, «Волга» да «жарамай» қалып, жалдау ақысының «қауып алатын» қымбаттығына қарамастан, ұзындығы есік пен төрдей, түсі сүттей ақ, шетелдік лимузин жалдап жүрміз.

Той дастарқанына құстың сүтінен басқасының бәрін қойып, «Тойбастар» деген жаңа дәстүр де шығарып алып, асабалар мен әнші-бишілерге де аянбай шашылатын, тіпті той өткізу үшін миллиондаған теңге несие алып, тыраштанатын болдық.

Петропавл қаласында қазір екі жүзден астам мейрамхана мен дәмхана бар көрінеді. Алайда, әсіресе, жұма-сенбі күндері солардың ешқайсысы бос болмайды: кілең қазақ ағайындар думандатып, той жасап жатады. «Кедей бай болам дейді, бай Құдай болам дейді» демекші, қалтасындағы мол ақшаның «буымен» танауларын көкке көтеріп, талтандай басып жүрген қайсыбір ағайындар ақшаларын аямай шашатын әйгілі алпауыттардан қалысқылары келмей, балаларының үйлену тойларын Түркия сияқты шетелдік курорттарда өткізетін болыпты...

Міне, сондықтан да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауындағы: «Небәрі ширек ғасырда Қазақстан жаһандық шаруашылық байланыстарға қосылған егемен ұлттық экономика және ұлттардың әлемдік отбасының толыққанды қатысушысына айналған мемлекет ретінде қалыптасты. Біз бәріміз бірге көптеген сынақтарға төтеп бердік, шынықтық және нығайдық. Біз өзіміздің бүкіл тарихымызда көз көрмеген табысты экономикалық даму қарқынына қол жеткіздік. Біздің халқымыз бұған дейін ешқашан бүгінгідей жақсы өмір сүрген емес», – деген сөздері көз алдымызда адам танымастай өзгерген өмір шындығы екендігіне шәк келтіру қиын.

Адам жаратылысы солай – жақсылыққа тоймайсың, ертеңгі күн бүгінгіден де жақсырақ бола түссе екен деп тілейсің, ал күні кеше бастан кешкен мұхнатты, көрген қиындықты есіңе алғың да келмейді. Азаттық таңы енді

ғана атқан елең-алаң шақта, күйреген Кеңес Одағының қирандысында жеке шаңырақ көтерген жас, тәуелсіз еліміз экономикалық дағдарыс қыспағында қалғанда қандай хал кешкенімізді жадымызға түсірсек, біз, бүгінде самайларын ақ қырау шалған аға ұрпақ өкілдері, Алла тағалаға тәубе айтпай қоймаймыз. Сондықтан да бүгінде көшеде аяқастында жататын ас атасы – нанды көрсек, обалсынып, еңкейіп, қолымызбен көтеріп алып, биіктеу жерге қойып жүреміз. Сол қасиетті тағамды қадірлемей, лақтырып тастап кеткен кейінгі ұрпақ өкілдерінің тәрбиесінің кемдігіне налимыз. Бүгінгі заманның адамы түгіл, көше кезген бұралқы иттері мен мысықтары да нанды менсінбейтін масқара мінезге көшкенін көріп, жанымыз түршігіп, «Осындай асылығымызды кешіре гөр!..» деп, Жаратушы иеге іштей жалбарынамыз. Бұған қоса, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында жылу мен жарыққа жарымай, қаладағы салқын пәтерімізде тоңып-жаурап, қараңғыда қамығып отырғанымызды естен шығармағандықтан, қазір күндізгі жарық мезгілде текке жанып тұрған электр шамдарын көрсек, ерінбей барып, сөндіріп жүреміз. Мұнымызды кейбір жастар сарандыққа балап, жақтырмаған сыңай танытып, қабақтарын тыржитып жатады...

Дана халқымыз «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызады» дейді. Сарқылмайтын көл, таусылмайтын байлық жоқ. Оның үстіне заман құбылып тұр. Елбасы келесі жылға арналған, кезекті Жолдауында атап айтқанындай, «көрпеге қарап көсілетін» кез туды. Және бұл жалғыз біздің елдің басындағы жағдай емес, дүниежүзін жаппай қамту сипатына ие жаһандық дағдарыс болып табылады. «Қара алтынға» баланған мұнайдың және басқа да экспорттық өнімдеріміздің бағасының күрт құлдырауы,

жетекші державалар арасындағы санкциялар «соғысы» қасиетті қара шаңырағымыз – Қазақстанымызға да салқынын тигізбей қоймады. Ел қазынасына түсетін қаржы көлемі елеулі мөлшерде кеміп кетті. Сондықтан да осыған дейінгі аста-төк ысырапшылығымызды тыймасақ, кейін бармағымызды тістеп, өкініп қалуымыз ықтимал. Тойшылдықтан ойшылдыққа қарай ойысатын күн туды.

Бұл орайда кейінгі кезде біздің Қызылжар өңірінде оң өзгерістер барлығы байқалады. Баяғыдай тарихи тұлғалардың мерейтойларында Астана мен Алматы қалаларынан және облыстардан кемінде отыз-қырық қонақ шақырып, аудандарға киіз үйлер тіккізіп, ай далада сахна құрғызып, айтыс өткізіп, ат шаптырып, оңды-солды шашылу тыйылды. Ал, осындай шараларды өткізуде темірдей тәртіп орнатамыз десек, әлі де көп болып ойланарлық жайттар бар. Мәселен, алашқа танымал ақын-жазушылардан да, ғұлама ғалымдардан да, ел билеуге араласқан қайраткер тұлғалардан да кенде емес біздің Қызылжар өңірінде атақты да ардақты жерлестеріміздің ірілі-ұсақты мерейтойларының қайсысын қалай, қандай дәрежеде атап өту қажеттігін Үкіметтің тиісті қаулысына сүйеніп, нақты айқындап, бұлжытпай ұстанар қағидат ретінде белгілеп алсақ, артықтық етпесі анық. Бұл мәселе алдағы уақытта облыс әкімдігі жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші, байқаушы орган – Қоғамдық кеңестің қарауына енгізілсе, құба-құп.

Осынау алмағайып заманда халқымыз өз тағдырын сеніп тапсырған Елбасымыздың көрегендігінің арқасында Тәуелсіздік жылдарында талай тар жол, тайғақ кешуден сүрінбей, алға аршынды қадам басып, көк байрағымызды көкке желбіретіп өттік. Қазіргі қилы кезеңнен де абыроймен өтетінімізге сеніміміз

кәміл. Өйткені, жаһандық дағдарыс Мәңгілік Ел болуға бастаған нұрлы жолымызға бөгесін жасап жатқанымен, кезінде жас мемлекетіміздің келешегін ойлаған кемел басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың кемеңгерлік бас-тамасымен құрылған Ұлттық қорымыз тағы да сын сағатта «қауіпсіздік жастықшасы» рөлін атқарып, бұдан әрі де еш іркілмей, орнықты дамуымызға мықты негіз болып тұр. Әлемдегі талай елдер қаржы тапшылығынан әлеуметтік бағдарламаларын қысқартып жатқан қазіргі кезде біздің Елбасымыз өз Жолдауында келесі жылдан бастап мұғалімдер мен дәрігерлердің, әлеуметтік қызметкерлердің, «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің еңбекақылары, зейнеткерлердің зейнетақылары, студенттердің стипендиялары және әлеуметтік жәрдемақылар елеулі мөлшерде көбейтілетіндігін жария етті. Бұған қоса, 2017 жылдан бастап баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып, «екі қолына бір күрек» таппай жүргендерге оңтайлы мүмкіндік туғызылмақшы. Мұның бәрі – ел қамын жеген Ері және ортақ мақсатқа жұмылған дана халқы бар, қазынасы мол, әлеуеті зор тәуелсіз мемлекетіміздің ғана қолынан келіп отырған, досты сүйіндіріп, дұшпанды күйіндіретін игіліктер.

Көне грек аңызындағы феникс атты ғажайып құс сияқты, ақиық Жұбан ақынның сөзімен айтқанда, «мың өліп, мың тірілген», жаны сірі де ойшыл, қанағатшыл қазақта «Көппен көрген – ұлы той» деген мағынасы терең сөз бар. Бағзы заманда тұлпарларының тұяқтарының дүбірі төрткіл дүниені түгел тітіреткен Тоныкөк пен Күлтегін сынды даңқты бабаларымыздың аманаттарына адалдық танытып, Мәңгілік Ел болуды асыл мұрат, асқақ мақсат етіп отырған жеңімпаз да жасампаз алаш жұрты жадында жаңғыртып ұстайтын, ұлағатты ұғым бұл. Темірқазық жұлдыздай жаңылдырмас

айқын бағыты, көш бастаған көреген көшбасшысы, көпэтносты болғанымен, бір атаның балаларындай жарасқан ынтымақшыл халқы бар егемен еліміз қазіргі жаһандық дағдарыстың қиындықтарын да ерлікпен еңсеріп, белестен белеске, асудан асуға аса беретіндігіне еш күмәніміз болмасын!

2015 жыл



ЕҢБЕК АДАМЫНА ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТКӨРСЕТЕТІН КЕЗ КЕЛДІ

Еліміздің зиялы қауымы тарапынан осыған дейін Қазақстан қоғамында халықты алға жетелейтін қуатты ұлттық идея мен идеология жоқ деген тұрғыда сыни пікір айтылып келгені мәлім. Осындай сынға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық еңбегі толық та тұжырымды жауап береді деп ойлаймын. Шынында да баршамыздың өз бойымыздағы масылдық пиғыл сарқыншақтарынан мүлдем арылып, тек жасампаз еңбек қана әрбір адамға, әрбір шаңыраққа, әрбір ұжымға және тұтастай елімізге құт-береке әкелетінін терең түсінетін кезіміз жетті. Енді ұлттық идеямыз да, ұлттық идеологиямыз да, міне, осы болуға тиіс деп білемін.

Өйткені, біз, әсіресе, өз қандас ағайындарымыздың көбісі әлі күнге немістердің сағаттай дәлдігіне, қытайлардың құмырсақдай тынымсыз еңбекқорлығына, жапондардың жұрттан бөлек жаңашылдығына аузымызды ашып, көзімізді жұмып таңырқаумен келе жатырмыз. Еңбекқорлық жағынан жастайынан жер тырмалап өсетін ала тақиялы өзбек ағайындар да бізден озып кетпесе, кем түспейтінін көріп жүрміз. «Қала салып, халқымды жер сүмесін еметін отырықшылыққа үйрете алмадым,» – деп өкіне өсиет еткен Абылай хан бабамыз да ел-жұртының бір жұттық малға иек арта бермей, көршілес халықтар сияқты жермен жұмыс істей білуін, еңбекқор болуын көксеп өткені кәміл.

Абылай хан қазақтың басына түскен үлкен нәубет – 1932 жылғы қолдан жасалған ашаршылық қасіретін

күнiлгерi сезiп, бiлген сияқты. Филипп Голощекиннiң «Кiшi Қазанынын», күштеп ұжымдастырудың қырсығынан малынан айырылған халқымыздың тең жартысындайы аштан қырылғанда қатар отырып күн кешiп, егiншiлiкпен айналысқан өзге жұрттың көбi жандарын сақтап қалғаны тарихтан белгiлi. Мәселен, менiң анам өз отбасының Айыртау ауданындағы Саумалкөл ауылында тұратын тамыр орысы берiп тұрған бидай мен картоптың арқасында аман қалғандығын айтқаны есiмде.

Ағасы екеуi оның берген азық-түлiгiн отыз шақырым жердегi Сырымбет ауылынан түн iшiнде жаяу барып, қаппен арқалап әкелiп, жұртқа көрсетпей тығылып отырып, отбасындағы жетi-сегiз адамның жүректерiн жалғайды екен. Мұндай деректер аз емес. Бұл, бiр жағынан, бiздiң атамекенiмiздi бiрге қоныс қылып отырған басқа ұлт өкiлдерiмен достығымыздың тамыры тереңде екенiн көрсетсе, екiншi жағынан Абылай хан армандап кеткен отырықшылықтың, егiншiлiкпен айналысудың артықшылығын айғақтайды.

...1996 жылы көршiлес Өзбекстаннан атажұртқа оралуды ойлап, желмаясына мiнiп жер таңдаған Асанқайғы бабамызға ұқсап, Сарыарқаны шарлап жүрiп, ақыры Айыртау ауданына ат басын тiреген Жаңабай Пiрмановтың: «Бұл өңiр шыбық шанышсаң, жетек болып өсiп шыға келетiн топырағы аса құнарлы жер екен. Мұндай жерде тек жалқаулар ғана кедей өмiр сүруi мүмкiн...» – дегенi есiмнен кетпейдi. Содан берi ол «Тамды» шаруа қожалығын құрып, қалай өнiмдi еңбек ету керектiгiн өз iсiмен көрсетiп, өзгелерге өнеге болып келедi. Өз тағдырын өз қолымен жасап жүрген осындай азаматтар аз емес. Олар туралы бiз «Солтүстiк Қазақстан» облыстық газетiнiң беттерiнде «Табыс

кілтін тапқандар», «Қолы қимылдағанның ауызы да қимылдайды», «Сыбағадан» құр қалма!», «Замандас бейнесі» атты айдарлармен жүйелі жазып-көрсетіп келеміз. Бұл бағыттағы жұмысты одан әрі өрістете түсуіміз қажет деп санаймын. Сондай-ақ, мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істейтін облыстық, аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының бәрі де алдағы уақытта адал еңбегімен толымды табысқа жеткен жерлестеріміз жайлы жиі сөз қозғап, еңбек тақырыбына ерекше көңіл аударса игі.

«Аз жұмыс істеп, көп табу», «ауадан ақша жасау» психологиясы көптеген адамдардың, әсіресе, кейінгі толқын – жастардың бойына жеңіл жолмен пайда табу, заңсыз көлденең табысқа ұмтылушылық сынды дерттерді жұқтырғаны даусыз. Мұндай теріс құбылыстармен күресу үшін де кең көлемді үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу керек.

Елбасы: «Бүгінгі күні біз индустриялық-инновациялық бағдарламаны жүзеге асыру үстіндеміз. Бұл – ел болашағы үшін нөмірі бірінші мәселе. Жаңа жұмыс орындары құрылуда. Бірақ біз жұмыссыздардың барлығы бірдей жұмыс істеуге ұмтылмайтындығын да көріп отырмыз. Өкінішке қарай, адамдар арасында жаңа біліктілікті меңгеруден гөрі базардың жанында «такси» қызметін атқаруды қалайтын психология сақталып отыр. Егер біз бәсекеге қабілетті ұлт болғымыз келетіндігі рас болса, бұл психологиядан арылу қажет! Жаңа біліктілікті меңгеру және зауытқа, өндіріске бару керек. Жас та және ересек те қазақстандық бос отырып, бәрін де сынай бермей, жұмыс бар жерге, НӨПАҚА табатын жерге қарай ұмтылулары керек!

Басқа елдерде адамдар жұмыс үшін алыстағы шет мемлекеттерге барып, ешбір кепілдіксіз еңбек етуде. Ал біз өз елімізде жұмыс орындарын құрудамыз. Сондықтан,

жұмыс бар жерге бару керек», – деп бүгінгі өмірдің ащы шындығын ашық айтып, халқымызды, әсіресе жастар жағын ақылға шақырып, шын жүрегінен шынайы үндеу тастап отыр. Осы орайда бұқаралық ақпарат құралдарының алдында еліміздегі ірі өндіріс орындары туралы молынан ақпарат беру, өнеркәсіп орындарында жемісті еңбек етіп жүрген алуан мамандық иелері жайлы жиі жазу, оларды жастарға өнеге етіп кеңінен насихаттау міндеті тұрғаны айқын. Ал «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы үздік жұмысшылар мен қызметшілерді, еңбек әулеттерін салтанатты түрде құрметтеудің ұмыт болған игі дәстүрлерін қайтадан жандандыруға ұйытқы болса, құба-құп. Бұған қоса, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында республикамыздың орден-медалдарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталып жататын азаматтар арасында да қарапайым еңбек адамдары көбірек болуын ескерген жөн. Өйткені, кейінгі жылдары Қазақстанның Еңбек Ері құрметті атағын алғандардың бәрі дерлік – ел экономикасын көтеруге елеулі үлес қосқан шаруашылық құрылымдарының белгілі де беделді басшылары, орден-медалдарға ие болғандардың да дені сондай кәсіпкерлер екендігі жасырын емес. Енді барлық материалдық игіліктерді өз қолымен жасайтын, еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыратын басты тұлға – еңбек адамына ерекше құрмет көрсететін кез келді.

Ашығын айтсақ, біздің халқымызға әлі күнге мін боп тағылып келе жатқан жалқаулық дертінен қайткенде де арылуымыз қажет. Бұл кеселден басқа кемшіліктер де туындап жататындығын да айта кеткен жөн. Айталық, тойдағы асабалар: «Немістер шақырылған жеріне дәл минутінде келсе, қазақтар әйтеуір сол күні келеді», – деп әзілдейтінін естіп жүрміз. Жұртымызды күлдіретін емес, жылататын шындық емес пе бұл?! Өзге өңірлерді

қайдам, біздің жақтың ауылдарындағы тойлар кешкі сағат сегізге белгіленгенімен, кемінде екі-үш сағат кешіктіріліп, кейде түнгі он екіде әрең басталады. Қаладағы тойлар да кемінде бір-екі сағат кешіктірусіз басталмайтынына көзіміз жетіп, көндігіп кеттік. Өлім жөнелткенде, қақаған суықта дүмше молдаларымыз имамдармен жарысып, дұға оқитындығын да толық қойдыра алмай келеміз. Ешкім кимейтін, күлімсіген иісі басыңды айналдыратын шетелдік арзан көйлек-көншектерді топырақты өлім жөнелту кезінде таратуды да, сондай-ақ құдалықтың қуанышты тойы үстінде де «киіт» қып ұсынуды да доғарған жоқпыз. Өзінің адал еңбегін, адал еңбекпен тапқан ақшасын бағалай білетін мәдениетті халықтар бұлай істемейді.

Ел ішіндегі осындай келеңсіздіктерге ұсақ-түйек деп қарамай, жете мән беріп, қоғамдық санада соны серпіліс туғызу, Елбасы бастамасын көп болып жұмыла жүзеге асыру – ең әуелі, бізге – нұротандықтарға серт.

2014 жыл



ЖАҢАБАЙДАЙ ЕР ҚАЙДА «ЕЛІМ!» ДЕГЕН?!

Алыстағы ағайынның құлағына «алтын сырға»

Ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, ұрпақтарына мирас етіп кеткен, аумағы жөнінен әлемде тоғызыншы орынды еншілеген кең-байтақ жерімізге сырттан көз алартушы саясаткерсымақтар табылып жатқан қазіргі алмағайып заманда еліміздің іргесін әлі де бекіте түсу керек-ау деген ойға қаласың. Осындайда Тәуелсіздік туы қолына тиісімен, қилы заманда дүниежүзіне тарыдай шашырап кеткен отандастарымызды атажұртқа оралып, көк байрағымыздың астына жиналуға шақырған Елбасымыздың көрегендігіне риза болмай қоймайсың. Көкірегінде сәулең болса, Президентіміздің Жарлығымен 1997 жылы Көкшетау мен Солтүстік Қазақстан, Семей мен Шығыс Қазақстан облыстары біріктіріліп, ірілендірілгендігінің дұрыстығына да еш шәк келтіре алмайсың. Солардың бәрі де ел мен жердің қамын жеген Ердің ғана қолынан келетін әрі бұғанасы бекіп, қабырғасы қатаймаған жас мемлекет үшін оңайға түспеген тарихи шешімдер болғандығы хақ.

Иә, біз өз отандастарын атамекенге оралуға шақырған әлемдегі үш елдің бірі екендігімізді мақтанышпен айтуға хақымыз бар. Азуларын айға білеген Германия мен Израиль сияқты дәулеті шалқыған мемлекеттерден қалыспауға тырысып, алыстан келген ағайынға арқамыздың жауырлығын емес, бауырлығымызды көрсетуге тырыстық. Соның арқасында «Ит – тойған жеріне, ер – туған жеріне» деген аталы сөзді санасына сіңіріп өскен бір миллиондай отандасымыз атамекенге ат басын бұрған ұлы көшке ілесіп, түскен жерлеріне тастай батып,

судай сіңіп, қатарымызды қалыңдатып, қауқарымызды күшейте түсті. Алайда, көптің ішінде ала да, құла да болмай қоймайтындығы бұл ретте де аңғарылмай қалған жоқ. «Елден не алсам деп емес, елге не берсем деп келіңіздер!» – деген Елбасы сөзін терең ұғынған ағайындар көп болғанымен, олардың араларында да өз ішіміздегідей, «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүруді қалайтындар да жоқ еместігі сезілмей қалмады. Мәселен, Қызылжар өңіріне Президентіміз бекіткен квотамен келген оралмандар отбасыларының бір бөлігі бұл жақты жерсінбей, өз көңілдері қалаған, тұрғындарының саны онсыз да көп оңтүстік облыстарға қайтадан көшіп кеткендігі соның айғағы емес пе? Кейінгі жылдары оралмандар үшін квота белгілеу тоқтатылып, атажұртқа бет алған отандастар көшінің саябырсуының бір себебі де сол болар, сірә да.

Ал үстіміздегі жылғы 20 наурызда Үкімет оралмандарды орналастыратын өңірлерді белгілеу туралы жаңа қаулы қабылдап, ұлы көштің бағытын халық сирек қоныстанған, жұмыс күші жетіспейтін 7 облысқа бұрды. Олар – біздің Солтүстік Қазақстан және Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары. Қос қолды бірдей көтеріп құптарлықтай шешім, әрине!

Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінде жуырда болған брифингте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенованың мәлімдеуінше, атамекенге оралған отандастарымыз Үкімет белгілеген өңірлерге қоныс тепкен жағдайда ғана оларға әлеуметтік жәрдем пакеті қарастырылмақшы. Атап айтқанда, жол мен жүк шығындарын өтеуге жәрдемақы төленіп, қызметтік тұрғын үй берілмекші. Ондай баспананы оралмандар 5 жыл тұрғаннан кейін ғана жекешелендіре алатын болады. Сондай-

ақ алдағы уақытта көші-қон заңнамасы жетілдіріліп, оралмандардың Қазақстан азаматтығын алу мерзімі 1 жылға дейін қысқартылмақшы. Ал осыған дейінгі қолданыстағы заңнама бойынша шетелден келген ағайындарымыздың атажұрттың толыққанды азаматы атану үшін 7 жылға дейін күтулеріне тура келетін-ді.

Министрдің айтуынша, қазіргі көші-қон үрдісіне қарағанда 2050 жылға қарай еліміздің солтүстік аймағындағы тұрғындар саны 900 мың адамға кемуі, ал оңтүстік өңірлердің халқы 5,2 миллионға дейін көбеюі ықтимал. Сондықтан да Үкіметтің ұлы көштің басын біздің жаққа бұруға ұмтылысы, қай тұрғыдан алып қарасақ та, толық қолдауға лайық бастама.

– Алыстағы ағайындардың атажұртқа жаппай бет бұруын бір жүйеге түсіруде әлі де ойландыратын мәселелер баршылық. Бұл ретте қазір «Халықтың көші-қоны туралы» Заңның жаңа жобасы дайындалып жатыр. Оралмандардың әлі де шешімін таппаған мәселелері осы жаңа заңмен біржолата реттеліп, нақты шешілуге тиіс. Алдағы уақытта оралмандар көші қайта көбейіп, атажұртқа қоныс аударатын ағайындардың саны әлдеқайда арта түседі деп сенеміз, – дейді Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев.

Осы орайда бүгінде Айыртау ауданындағы Айыртау ауылындағы «Тамды» фермерлік шаруашылығының басшысы Жаңабай Пірманов бауырымыздың ерлікке пара-пар ісі – кімге болса да ой саларлықтай өнеге.

– Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың шеттегі отандастарымызды атажұртқа шақырған Үндеуіне құлақ асып, атамекенге оралуға бекіндім де баяғы Асанқайғы бабамызша жер таңдау мақсатымен жолға шықтым. Атақонысымыз Қызылорда облысының Қармақшы ауданы болғанымен, Қазақстанның

бірсыпыра жерін асықпай аралап шығып, ақыры Қызылжар өңіріндегі Ақан сері бабамыз әсем әнімен әлдилеген, табиғаты ғажап Айыртау баурайына табан тіреуді ұйғардым. Сөйтіп 1996 жылы турист атаулының таңдайын қақтыратын атақты Шалқар көлінің жағасындағы Айыртау ауылына Өзбекстанның Бұхара облысындағы Тамды ауданынан отбасыммен бірге көшіп келдім. Ол кез мемлекеттік көші-қон бағдарламасы әлі қабылданбаған әрі елдегі экономикалық қиындықтар еңсерілмеген қиын уақыт еді. Бірақ, мен «Шешінген судан тайынбас» дегендей, ешкімнен жәрдем күтіп, жалтақтап-жаутаңдамай, өмір бойы адал еңбегіммен тірнектеп жинаған азын-аулақ қаражатыма үй мен мал сатып алып, өз тірлігімді жасауға кірістім. Ең қиынға соққаны – азаматтық алу үшін төрт жылдай сергелдеңге түскенім. Онсыз бастаған ісімді заңды жолмен өрге бастыру мүмкін емес еді. Сондықтан Қазақстан азаматтығын алғанымда қуанғаным сондай, қанша қайсармын десем де, көзімнен қуаныш жасы қалай ыршып түскенін байқамай қалыппын. Сосын ойымда жүрген фермерлік шаруашылығымды тездетіп ресімдеп, оған өзім туып-өскен жерім – Тамдының атын бердім. Менің соңымнан осы Айыртау ауылына ағайын-туғандарымның 32 отбасысы түгел көшіп келді. Әр үйде төрт-бес бала болғандықтан, жергілікті орыс мектебінде қазақ сыныптарын аштырдық. Біздің осы жақтағы тұрмыс-тіршілігіміз түзелгенін естігеннен кейін Тамдыдағы қазақтардың тағы 70-тен астам отбасысы лек-легімен біздің Айыртау ауданына қоныс аударды, – дейді Жаңабай Сәдуұлы.

Міне, осылайша бір өзі алыстағы ағайынның жүзден астам отбасысының Қызылжар өңіріне қоныс аударып, тұрақтап қалуына тікелей ұйытқы болып, олардың

арқасүйер тірегіне айналған Жаңабай бүгінде Солтүстік Қазақстан облысы оралмандар қауымдастығының төрағасы қызметін қоғамдық негізде қоса атқарып жүр.

...Алыстағы ағайын жайлы ойлансам, ауыма бір ауыз сөз орала кететін болды: «Жаңабайдай ер қайда «Елім!» деген?!..»

2014 жыл



ОҢТҮСТІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Осыдан отыз үш жыл бұрын Алматыдағы ҚазМУ-ді аяқтап, жас маман ретінде жолдамамен Петропавл қаласына келіп, облыстық газетке жұмысқа орналасқанымда еліміздің «Солтүстік қақпасы» атанған шаһарда қазақтардың соншалықты аздығын аңғарып, самсаған сары орманның ішіне кіріп кеткендей күй кешкенмін. Троллейбустің ішінде «арпа ішіндегі бір бидайға» ұқсап, қандас ағайын кездесе қалса, бір-бірімізге қарап, көзімізбен «ой, бауырымдасып» тұратынбыз...

1989 жылы жүргізілген бүкілодақтық халық санағы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының небәрі 18,6 процентін қазақтар құраған екен. Ал, үстіміздегі жылдың басында бұл көрсеткіш 34,2 процентке жетіпті. Еліміздің Тәуелсіздігі мен Елбасының кемел саясатының ар-қасында қарамызды көбейтіп, қатарымызды қалыңдата түскен осынау оң үрдіске қарап, көшіміз жүре түзеліп келе жатыр екен деп көңіл жұбатуға болады, әрине. Алайда, кешегі жеткен жетістікке малданып, тоқмейілсуге болмайтын бүгінгі алмағайып кезеңде республикадағы қазақтар саны өзге этнос өкілдерінен әлі де аз болып отырған екі облыстың бірі біздікі екендігі ойландырмай қоймайды. Тіпті қазағы аз екінші өңір – Қостанайдың да көрсеткіші біздікінен сәл тәуір – 38,8 процент.

Оның үстіне, Қызылжар өңірінен өзге жақтарға көшіп кетушілер легі толастамай, облысымыздың халқының саны соңғы 10 жылда 100 мың адамға кеміп кеткен. Ал, биылғы жыл басынан бері тұрғындарының

саны тағы 1,4 мыңға кеміп, бүгінде 574,3 мың адам ғана қалған облысымыз республикадағы халқы ең аз өңірге айналып шыға келді. Осындай теріс үрдісті тежеп, демографиялық ахуалды түзету мақсатымен ел Үкіметі біздің өңірді алдағы уақытта жат жұрттан атамекенге оралатын ағайындарға мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек көрсетілетін 7 облыстың қатарына қосқанымен, олардың Қызылжарға көш тартып шыққандары әлі көріне қойған жоқ. Соңғы жылдары тоқтап қалған ұлы көштің алдыңғы легімен бірге келіп қалған оралмандардың да табиғаты катал солтүстік өңірді жерсініп, тұрақтап қалғандары онша көп еместігі де Үкімет тарапынан қайта қолға алынып отырған игі шараның ендігі кезде де көңіл көншітерліктей нәтиже бере қоятындығына күмән туғызбай қоймайды.

Есесіне, Мемлекет басшысының тапсырмасына орай ел Үкіметі биыл қолға алған «Мәңгілік Ел жастары – индустрияға» – «Серпін – 2050» мемлекеттік бағдарламасына зор үміт артуға болады. Міне, осы бағдарлама аясында үстіміздегі жылы Солтүстік Қазақстан облысының жоғары және орта арнаулы білім беретін оқу орындарына жеңілдікпен түсу үшін оңтүстік өлке жастарына 200 грант бөлінген. Оның 150-і он педагогикалық мамандық бойынша Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне, 50-і екі мамандық бойынша Петропавл теміржол-көлік колледжіне бұйырды. Таяуда аталмыш оқу орындарымен хабарласқанымызда оңтүстік өлкеден Қызылжарға келіп, білім алуға ынта білдірген талапкерлер қатары аз болмай, бөлінген гранттар толығымен өз иелерін тапқандығын білдік. Қуанышты жайт бұл!

Сөйтіп өткен ғасырдың елуінші жылдары Қазақстанның солтүстігіне тың игеруге аттанған жастар секілді,

биылғы жаңа оқу жылының қарсаңында 200 жас өрен Қызылжар жеріне алғаш қадам басады. Қадамдары құтты болғай! Оларды біз өзіміздің ойсырап тұрған ортамызды толтырып, теріскей өңірге күнгейдің жылылығын ала келетін «оңтүстік қарлығаштарына» балағанымыз жөн.

Әрине, Қызылжар өңіріне 200 грант аздық ететіні даусыз. Алдағы жылдары Үкіметіміз Солтүстік Қазақстан облысының өзіндік ерекшелігін ескеріп, бөлінетін грант санын еселеп арттырса, құба-құп. Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде бір кезде 10 мыңнан астам студент оқығанын, ал олардың саны өңірдегі демографиялық ахуалдың төмендеуіне байланысты құлдырап, өткен оқу жылында 5 мыңға дейін кемігендігін ескерсек, аталмыш жоғары оқу орнының қазіргі қолда бар мүмкіндігі келешекте оңтүстік өлкеден келіп оқитын мыңдаған жастарды қабылдауға еркін жететіндігі анық.

Тағы бір ескерерлік мәселе – «Серпін – 2050» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуына орай оңтүстік өлкеден Қызылжар өңіріне келіп, білім алатын жастарға қолайлы жағдай туғызу мақсатымен «Қызылорда – Көкшетау» пойызының бағытын алдағы уақытта Петропавлға дейін ұзартқан жөн.

...Өзгелерді айтпағанда, қазақ мектебінде оқитын оқушыларының өздері де үзіліске шыға салып, бір-бірімен орысша сөйлесуге бейім тұратын Петропавл қаласында көп ұзамай қазақ жастарының дауысы жиірек естілетін болады. Мен соған да қуанамын.

2014 жыл

ҚЫЗҒАНБАЙЫҚ, ҚУАНАЙЫҚ!

Жуырда Петропавл қаласында тұратын бір қазақ азаматымен сөйлесіп отырып, әңгіме арасында осындағы Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне «Серпін – 2050» мемлекеттік бағдарламасы бойынша былтырдан бастап келіп жатқан студенттер жайлы пікір алыстық.

– Менің осында тұратын бір танысымның баласы былтыр ұлттық бірыңғай тестілеуден тәп-тәуір ұпай алса да, оқуға грантпен түсе алмады. Қазір университетте ата-анасының есебінен ақы төлеп оқып жүр. Ал оңтүстік облыстардан келген жастар одан ұпайлары аз болса да арнайы бағдарламаға ілініп, грантпен оқып жүр. Мен мұны түсінбеймін... – деді ол қынжыла басын шайқап. «Сенген қойым сен болсаң...» дегендей, өзім «Қызылжардың бір зиялысы ғой» деп санайтын кісіден мұндай пікір естимін деп күтпеп едім. Төбемнен біреу шоқпармен ұрғандай болып, шалқамнан түсе жаздадым. «Ғылым кандидаты» деген дардай атағы бар азаматтың сөзіне қарадай қарыным ашып, одан әрі сөз таластырған жоқпын. «Миына ұлттық мүдде жайлы ой кірмеген ғалымды менің – ғылыми дәрежесі жоқ, қарапайым адамның қайта тәрбиелеуі қалай болар екен?..» – деген ой тоқтатты мені. Алайда, кейін сол ғалымша ойлайтындар арамызда жалғыз ол емес шығар деген күмән туып, қолыма қалам алуыма тура келді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бекіткен «Мәңгілік Ел жастары – индустрияға» – «Серпін – 2050» әлеуметтік жобасының мән-маңызын дұрыс түсіну үшін мынадай деректерге назар аударған жөн:

былтырғы жыл басында Солтүстік Қазақстан облысы халқының саны 575, 7 мың еді. Ал биыл бұл көрсеткіш 571,6 мыңға дейін кеміген. Яғни, бір жылдың ішінде 4,1 мың тұрғыннан айырылыппыз. Ал соңғы 10 жылда Қызылжар өңірі халқының саны орта есеппен жылына 10 мың адамға кемігенін, яғни 100 мың тұрғыннан айырылғанымызды ескерсек, теріс үрдістің былтыр екі еседей азайғанына да тәубе демеске амал жоқ сияқты.

Алайда, облыстан кетушілер легі әлі де тыйылар емес. Сонда елдің шетінде, желдің өтінде орналасқан, кешегі батыр бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған кең-байтақ жеріміздің ертеңгі тағдыры не болмақшы? Оған кім иелік етпек?

Бұған қоса, еліміздің тұрғындарының саны көбейіп, жұмыссыздық проблемасы пайда болған өңірлеріндегі желкілеп өскен құрақтай өндіріс жастарымызды болашақта қайда жайғастырамыз? Міне, осыны ойлаған Мемлекет басшысының бастамасымен «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы дүниеге келген. Оған қазір артық жұмыс күші барлығы анық байқалып отырған Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қызылорда, Жамбыл облыстарының және батыстағы Маңғыстау өңірінің жастары қатыса алады.

Былтыр «Серпін» бағдарламасы аясында біздің облысқа күнгейден 200 жас жігіт пен қыз оқуға келген еді. Олардың 150-і Манаш Қозыбаев атындағы СҚМУ-ге, 50-і теміржол колледжіне қабылданған. Ал биыл аталмыш жоба бойынша университетімізге 300 студентті қабылдауға мемлекеттік гранттар бөлініп отыр. Олар 17 мамандық бойынша білім алатын болады. Бәрі де – Ұлттық бірыңғай тестілеу мен кешенді тестілеуден қажетті ұпайды жинағандар.

«Серпіндіктерді» біздің өңірден басқа, халқының саны аз, жұмыс қолы жетіспейтін Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарының оқу орындары қабылдайды.

Үстіміздегі жылы еліміз бойынша барлығы 5000 білім беру гранты 52 мамандық бойынша бөлініп отыр. Ал өткен оқу жылында 1050 грант 19 мамандық бойынша берілген болатын. Бұл – игі бастама өрісі кеңейе түскендігінің айғағы.

«Серпін – 2050» бағдарламасы үйлестіру кеңесінің төрағасы, белгілі қоғам қайраткері Мұрат Әбенұлының айтуынша, «серпіндіктер» елімізге ауадай қажет техникалық, кәсіптік және педагогикалық мамандықтарды игереді. Олардың бәрі де жатақханамен толық қамтамасыз етіліп, шәкіртақы алады. Бірақ, егер кез келген студенттің оқу үлгерімі нашарласа, оған шәкіртақы беру тоқтатылады. Грант иегерлерінің қысқы және жазғы каникул кездерінде ауылдарына барып-келуге жұмсалатын жол шығындары да өтеледі. Осы жоба бойынша болашақ мамандарды жұмыспен қамту жолдары да қарастырылған. Олар «Серпін» әлеуметтік даму ұлттық қорына волонтер ретінде тіркеліп, сол қордың жанынан ашылған еңбек биржалары арқылы жұмыс табуға, түрлі қоғамдық шараларға қатысуға мүмкіндік алады. Бір айта кетерлігі, «серпіндіктердің» өздері жоба бойынша оқып жүрген оқу орнынан өзге оқу орындарына ауысуларына рұқсат етілмейді. Өйткені, жоба гранттары белгілі бір оқу орындарына бекітіліп берілген.

...Былыр «Серпін» бағдарламасының арқасында Қызылжар өңірі халқының небәрі 34,2 пайызын құрап отырған қандас ағайындарымыздың қатарын қазағы қалың ортада өсіп, ұлттық тәрбие көрген 200 бозбала мен бойжеткен толықтырған болатын. Оларды біз

«Оңтүстік қарлығаштары» деп атап, жақсылыққа жорығанбыз. Енді сол іні-қарындастарымыздың ізімен тағы 300 жас өрен ортамызды толтыра түспекші. Бұған жоғарыда сөз еткен ғалым азаматқа ұқсап қызғаныш білдірудің қисыны жоқ, керісінше, бөркімізді аспанға атып, қуануымыз керек!

2015 жыл



АРТЫҚ ҚЫЛАМЫЗ ДЕП, ТЫРТЫҚ ҚЫЛЫП АЛМАЙЫҚ...

Осы аптадағы Парламент Мәжілісінің отырысында белгілі журналист, жазушы жерлесіміз Жарасбай Сүлейменов 13 депутаттың атынан республикамыздың Премьер-Министріне жолданған депутаттық сауалды жария етіп, онда Петропавл қаласының атауын Қызылжар деп өзгерту мәселесі көтерілгенін бүгіндері еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазып, жұртты дүрліктіріп жатыр. Интернет сайттарынан осы жөнінде оқырмандардың өз аты-жөндерін бүркемелеп жазған жеке пікірлерін оқысаң, жағанды ұстап, жаның түршігеді. Халық қалаулыларының көзқарасын жақтаушылар мен теріске шығарушылардың айтыстары шектен шығып, нешетүрлі намысқа тиетін арандатушылық, анайы сөздер, ұлт пен ұлыстың арасына ши жүгірту әрекеттері белең алып тұр. Осынау дүниежүзілік шырмауықтағы дау-дамайды қызуқанды жастар көшеге шығарып, бір-бірінің жағасына жармасып жүрмесе жарар еді деп тілейсің іштей. «Жаман айтпай жақсы жоқ», Құдай бізді содан сақтасын!

Парламенттің төменгі палатасының жоғарыда айтылған бір топ депутатының сауалын жоғарғы палата – Сенаттың біздің облыстан сайланған депутаттары Тасбай Симамбаев пен Анатолий Башмаков қолдамайтындарын ашық білдірді. Олар мәжілісмендердің бұл әрекетін келесі сайлау алдында ұпай жинауды мақсат тұтқан саяси ойынға балайтындықтарын айтып, одан от шығып кетпеуін ескертті. Петропавл қалалық мәслихатының жанындағы «Нұр Отан» депутаттар фракциясы да осы шетін мәселе жөнінде шұғыл отырыс өткізіп, қала

атауын өзгертудің уақыты әлі туған жоқ деген ортақ пікір білдіріп, бәрі де мәжілісмендер әрекетіне бірауыздан қарсы екендіктерін мәлімдеді. Ал қолданыстағы заңнама бойынша қала атауын өзгерту құзыреті өзге емес, дәл осы қалалық мәслихат депутаттарына берілген. Мәжіліс депутаттары сауал жолдаған Премьер-Министрдің ондай өкілеттігі жоқ. Сондықтан, оған ресми сауал жолдап, буынсыз жерге пышақ ұрғанша Парламент мүшелері «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңға өзгеріс енгізіп, ономастиканың осындай күрмеуі қиын түйіндерін төменнен емес, жоғарыдан шешуді заңдастырып алулары керек емес пе еді деген ой келеді.

Сондай-ақ, жоғарыда айтылған 13 мәжілісмен жалғыз Петропавлға шұқшиып, көршілес Павлодар қаласының атауын өзгерту жайлы ләм-мим демеулері де қайран қалдырады. Шындығында, христиан дінінің қос әулиесінің есімдерімен аталатын және тұрғындарының басым көпшілігі сол дінді ұстанатын Петропавл қаласынан бұрын баяғы ақ патшаның дүниеге жаңа келген ұлының құрметіне қойылған әрі қазағы да қалыңдау Павлодар қаласының атауын өзгерту әлдеқайда жеңілдеу көрінеді емес пе? Ал Мәжілістегі халық қалаулылары «жығылса да, нардан жығылуды» жөн санаған сыңайлы...

Жалпы, Петропавлда қазіргі таңда қалыптасып отырған қоғамдық-саяси жағдайды, демографиялық ахуалды жете білмейтін кейбір қазақ зиялылары республикалық баспасөз беттерінде қаламыздың атауын өзгерту жөнінде октын-октын мәселе көтеріп, сырттан біржақты сын айтып жататыны жасырын емес. Соған орай Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2008 жылы 29 мамырда Ақордада бір топ қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларымен кездесіп,

сұхбаттасқанында: «Еліміздің зиялы қауымы біраздан бері Петропавл, Павлодар секілді кейбір қалалардың атауларын да өзгертсек деген ұсыныстар айтып жүр. Ленинград, Сталинград, Ульяновск секілді қалалар, басқа да жер аттары өзгеріп жатқанда бұл да орынды ұсыныс шығар. Жергілікті әкімдіктермен, мәслихат депутаттарымен ойласып көру керек. Бұл да елмен бірігіп ақылдасып шешетін мәселе», – деп атап көрсеткен болатын. Содан бері жергілікті билік, қаладағы қазақ зиялылары бұл бағытта бұрау басын сындырмай, «шошқа тағалап» жүр деу әділдікке жатпайды. Қазіргі кезде Қызылжар атауын кеңінен насихаттау ісі жүргізіліп жатқаны көрер көзге анық байқалады: мыңдаған жанкүйері бар жергілікті футбол клубы «Қызылжар» болып аталды, «Қызылжар» оранжереясы, «Қызылжар жәрмеңкесі», «Қызылжар» коммуналдық базары, «Қызылжар-Ақпарат», «Қызылжар-Жарнама» кәсіпорындары, т.б. атаулар пайда болды. Қалада бес жылдан бері «Қызылжар нұры» газеті шығарылып келеді.

2008 жылғы 21 тамызда Президентіміз Петропавлдағы «Абылайдың ақ үйі» мұражай кешенін ашу салтанатында сөйлеген сөзінде қала атауын орыс тілінде де «Қызылжар» деп атағаны, облысымызға қызмет бабындағы сапары барысында Тайынша қаласындағы зауытта шығарылып жатқан жаңа комбайнға «Қызылжар» атауын беруді ұсынғаны аян. Елбасы алдында да өнер көрсету құрметі бұйырып жүрген танымал өнер ұжымы – «Красный яр» ән-би ансамблінің атауы да бір-ақ күнде «Қызылжар» болып, қазақыланып шыға келді.

Дегенмен, Петропавл қаласының атауын өзгерту мәселесін жергілікті жұртшылықтың ашық талқысына салып, қалалық ономастикалық комиссияда қарап, қалалық мәслихаттың сессиясының күн тәртібіне

енгізуге әлі ерте екендігі сезіліп-ақ тұр. Өйткені, қалалық мәслихат депутаттарының қазіргі құрамы бұл жөнінде оң шешім қабылдамайтыны соқырға таяқ ұстатқандай белгілі болып қалды. Қала атауы түгіл, шаһар орталығындағы Совет көшесіне көрнекті ақын, журналист жерлесіміз Ғалым Малдыбаевтың есімін беру мәселесін қалалық мәслихат депутаттары он жылдан бері сағыздай созып, ақыры биыл «Қала орталығындағы Совет, Партизан сияқты көшелерді өзгертпеу керек, өйткені, олар – біздің өткен тарихымыз. Қаланың шетінде атауларының мән-мағынасы шамалы көшелер жеткілікті, солардың біреуіне беруге қарсы емеспіз» деп тұжырымдағаны белгілі. Осыдан-ақ бүгінде Петропавл қалалық мәслихатында кімдер, қандай ой-пиғылдағы адамдар үстемдік құрып отырғандығы айтпай-ақ түсінікті емес пе?!. Кешегі Парламент мүшелерінің Үкімет басшысына жолдаған депутаттық сауалы Петропавлға ресми жолымен келіп түспей жатып, қалалық мәслихат жанындағы «Нұр Отан» депутаттар фракциясының аяқастынан отырыс өткізіп, қала атауын өзгертуге бірауыздан қарсылық білдіруі де ұрымтал кездің әлі туа қоймағандығын аңғартпай ма?!

Сондықтан, Петропавл қаласында қазіргі кезде қалыптасқан нақты жағдаймен санаспай, жан-жақты ойластырылмаған, асығыс-үсігіс әрекетке бару ешкімге де абырой әпермесі кәміл. Мәжілісмендердің депутаттық сауалына орай бұқаралық ақпарат құралдарында өрбіген пікірсайыс, Интернет сайттарында тыйылмай тұрған дау-дамай барысы, сенатор жерлестеріміз бен Петропавл қалалық мәслихат депутаттарының қарсы дауыс көтеріп шыға келуі, бұл мәселенің бір қайнауы әлі ішінде екендігіне көзімізді жеткізе түсті. Осы жөнінде былтырлары нешетүрлі алыпқашпа, қаңқу сөздер өршіп, қала мен өңірдегі қоғамдық тұрақтылыққа

қауіп төнуге айналған кезде облыс әкімі Серік Біләлов жұртшылықты тыныштандыру мақсатымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мәлімдеме жасап, Петропавл қаласының атауын өзгерту мәселесі әзірге күн тәртібіне енгізілмейтінін мәлімдеуге мәжбүр болғаны белгілі. Мұны дұрыс түсінбей, басқаша жорып, өңір басшысын ашық та, сыртынан да сынап-мінеп жүргендер жоқ емес. Бірақ, бұл әділдікке жатпайды.

Дана халқымыз: «Асығыстық – шайтан ісі» дейді. «Асықпаған арбамен қоян алады» деген де мәтел бар. Еліміздегі тыныштық пен береке-бірлікті ойласақ, ежелден жеті рет өлшеп, бір-ақ кесуді жөн көретін халқымызға тән кең де байсалды мінезімізден танбағанымыз жөн. Әйтпесе, артық қыламыз деп аптығып жүріп, тыртық қылып алуымыз әбден мүмкін.

2010 жыл



«А» КОРПУСЫ ҮМІТТІ АҚТАДЫ МА?

Жаңа бастық жайлы орынтаққа отырысымен-ақ өзінен бұрынғы басшының бітірген істерін бекерге шығарып, қолға алған бастамаларын аяқсыз қалдырып, «Жаңа сыпырғы жаңаша сыпырады» деген орыс мәтеліндегідей, бәрін өзінше жасайтын «дәстүр» қалыптасқанына көзіміз үйреніп, етіміз өліп кетті. Сондықтан да кешегі Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің төрағасы болған Әлихан Бәйменовтың «Еврика!» дегендей елді елең еткізіп, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің «А» корпусын енгізгеніне екі жыл толмай жатып, оны жуырда қайта құрылған Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің су жаңа басшысы Қайрат Қожамжаровтың мәртебелі мінберден сілейте сынап, мүлдем жоққа шығарғандай болғанына онша қайран қалған жоқпыз. Аспанастаны еліндегі айтқыштардың «Өтпелі кезеңде өмір сүр!» деген қарғысын құлағымызға қыстырмақ түгіл, Алланың алғысындай көріп, арқажарқа тірлік кешіп жүрген біз үшін бұл да аузымыз аңқиып, көзіміз бақыраятындай керемет жаңалық болған жоқ, әрине.

Бірақ, «Қайрат Қожамжаровтың «А» корпусын жасақтау және оның резервіне алынған кадрларды тиісті қызметке орналастыру тәжірибесін іске алғысыздай қылып сынауының қисыны, расында да, бар ма, жоқ па?» деген сауалға көз алдымызда өтіп жатқан өмір шындығына үңіле жауап іздеп көрсек, «Жел болмаса, шөп басы қимылдамайды» деген сөздің жаны барлығын тағы бір аңғарамыз. Мәселен, былтырғы жылы біздің Солтүстік Қазақстан облысынан «А»

корпусына өтуге ынта білдіріп, арнайы тестілеуге қатысқан бұрынғы мемлекеттік саяси қызметшілер – аудан әкімдерінің тең жартысы бір-екі ұпайды кем жинап, «екілік» алып, «кұлап» қалды. Осы сыннан күтпеген жерден сүрініп, қолдарындағы билік тізгінін өкшебасар «білімді жастарға» тапсыруға мәжбүр болғандардың ішінде тіпті Қызылжар өңіріне көптен танымал Ерік Нұрақаев, Болат Жұмабеков, Серікбай Тұралинов сынды басшы азаматтардың да барлығын естігенде «Бұл қалай болды өзі?..» деп ойланып қалғанымыз да рас.

Бір сүйініштісі, «А» корпусына өте алмай қалған беделді де іскер аудан әкімдерінің ешқайсысы қызметсіз қалдырылған жоқ. Мәселен, Ақжар, Есіл аудандарын және Петропавл қаласын басқарған, облыс әкімінің орынбасары болып бірнеше жыл істеген тәжірибесі мол басшы Ерік Нұрақаев бүгінде «Қазпочта» акционерлік қоғамының облыстық филиалына жетекшілік жасап жүр. Ал, Тимирязев ауданы мен Петропавл қаласының әкімі, облыс әкімі аппаратының басшысы, өңір басшысының орынбасары болған Болат Жұмабеков биыл «А» корпусының тестілеу сынағынан абыроймен өтіп, Қызылжар ауданының әкімдігіне тағайындалды. Шалғайдағы Уәлиханов ауданын үш жылдай басқарған уақыт ішінде аталмыш өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлесін қосып, жергілікті тұрғындардың ілтипатына бөленген Серікбай Тұралинов – қазір облысымыздың ауылшаруашылығы басқармасының басшысы. Ол да былтыр алған «екілігін» түзетіп, «А» корпусының резервіне алыныпты.

Алайда, «А» корпусына өте алмаған аудан басшыларының орындарын басқан жаңа да жас әкімдердің бәрі бірдей тестілеу бойынша танытқан білімдерінің молдығын іс жүзінде көрсетіп, жұмыстарын дөңгелетіп

әкете қойған жоқ. Бір жылдан соң «Б» корпусындағы төмендеу қызметке ауысуға мәжбүр болғаны да, өзіне сеніп тапсырылған ауданның жұмысын ақсатып алып, сынға ұшырап жүргендері де бар араларында... Соларға қарап: «Біз осы, орыс халқы айтқандай, бізді сабынға айырбастап алған жоқпыз ба?» – деген ойға қаласың.

Жуырда облыс әкімі аппаратының бұрынғы басшысы Владимир Дудов Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның әкімі болып тағайындалған болатын. Соған орай «Енді оның орнын кім басар екен?» деген сауал туындап тұрғаны анық. Оған өзімше жауап іздеп, болжам жасап көру үшін Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сайтына салынған «А» корпусының резервіне көз жүгірттім. Өкінішке қарай, бұл жоғары лауазымның резервіне біздің облыста қызмет атқарып жүрген азаматтардың ешқайсысы кіргізілмеген болып шықты. Егер облыс әкімі аппаратының басшысы болып «А» корпусының тиісті резервінде тұрған, басқа жақтың азаматы тағайындалмаса, онда жергілікті кадрлардың бірінің аталмыш резервке өтуін әлі бірнеше ай күту керек деген сөз бұл. Ал, біздің облыстан аудан әкімі лауазымының резервінде қалғаны – жалғыз Серікбай Тұралинов қана екен. Осыны білгенде былтыр бірінші басшылары тестілеуден қажетті ұпай жинай алмағандықтан, қызметтерінен босатылған 4 ауданның әкімдері етіп тағайындауға өз облысымыздан «А» корпусының резервіне қойылған басшы кадрлар табылмай, оларды басқа өңірлерден әкелуге тура келгендігі есіме түсті...

Жоғарыда айтылған жайлардан түйген байламым: ел өңірлеріндегі атқарушы биліктің негізгі салмағы түсетін басшы кадрлардың ұстаханасы болып табылатын «А» корпусының бүгінгі жағдайы көңіл көншітерілмейтін емес. Әсіресе, тестілеу қорытындысы бойынша

бір-екі ұпайды кем алып, «мұрттай ұшып» жатқан тәжірибелі аудан әкімдерінен ойда-жоқта айырылып қалғанымыз – қабырғаны қайыстырарлықтай өкінішті жайт. Олар екінші рет «А» корпусына өтуге өтініш беріп, тиісті тестіні абыроймен тапсырып, қайтадан биік лауазымға тағайындалғанша кемінде бір жылдай уақыт жоғалтатынын өмір көрсетіп отыр. Кейбіреулері осыдан соң тіпті мемлекеттік қызметпен біржола қоштасуды ұйғарғандығын да білеміз. Бұған қоса, өткен жылы біздің облыстан «А» корпусының резервіне қажетті кадрлар жеткілікті деңгейде алынбай, аудан әкімдерін сырттан «тасуға» жол берілгендігі де ойландырмай қоймайды. Бұдан да ұтылмасақ, ұтқанымыз шамалы. Сондықтан да осы жүйеден біржола бас тарту керек пе, әлде оны жетілдіре түсу жөн бе – бұл көкейкесті мәселені жан-жақты сараптап, көп болып кеңесіп шешу қажет.

2014 жыл



АҒАЙЫННЫҢ ЕМЕС, АУЫЛДАСТЫҢ АТЫ ОЗСЫН!

Ауыл әкімдерін сайлау жайында ойланғанымда, сонау тоқсаныншы жылдары бұрынғы кеңшарлардың негізінде құрылған өндірістік кооперативтер (ӨК) төрағаларының қалай сайланғандығы есіме түсті. Айыртау ауданындағы бір ауылдың азаматтары шаруасы өрге баспай, өлмелінің күнін кешкен ӨК-тің басшылығын шетінен сынап-міней келіп: «Дұрыс басшы шықса, міне, осыдан шығады», десіп, жоғары білімді мамандардың бірін де көзге ілместен, бұрын озат малшылардың бірі болған, бірақ “Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар” демекші, өз үйінің шаруасын дөңгелетіп, пысықтығымен танылған, орта білімі ғана бар жігітті сайлап алған еді. Мұның түпкі сырын сұрастыра келгенде, ол азаматты қолдаушылардың дені ауылдастарына ықпал-беделдері жүріп, сөздері өтіп тұрған аталас ағайындары екен...

Ақыры не болды дейсіз ғой? «Сайланған төраға» жұртқа берген уәдесін ұмытып, қарақан басының құлы болып шықты. ӨК-тің мал-мүлкін талан-таражға салып, банкроттыққа ұшыратты, ал өзі байыған үстіне байып, облыс орталығынан бірнеше жайлы пәтер сатып алды. Алайда, ар-ұяттан жүрдай болғаны соншалық, ауылдастарының көзіне тіктеп қарай алмайтын, той-томалағына шақырылмайтын алапестей күйге түсті...

Бұл мысалды келтіріп отырғаным, ауыл әкімдерін төте сайлау енгізілсе, кей жерлерде жоғарыдай келеңсіздіктер орын алмайды деп кім айта алады? Ашығын айтсақ, атаға, руға бөлінушілік секілді жағымсыз әрекетті жеке бас мүддесіне пайдаланып, қоғамдық кеселге айналдырып жүргендер жоқ емес.

Ел, ауыл арасын алатайдай дүрліктіріп, ұлттық бірлікке сына қағатындар қатары сейілді деп те айту қиын. Сонау Кеңес заманында қоғамдық сананы жаулап, ұлтсыздықты насихаттаған коммунистік идеология мұндай “өткеннің сарқыншақтарын” тыюға тырысқанымен, түпкілікті жоя алмағаны, ал тәуелсіз ел атанып, еркіндік қолымызға тиген, ата салт-дәстүрлерімізді жаңғыртып жатқан бүгінгі заманда қайтадан бас көтере бастағаны жасырын емес.

Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында: «Қазақтың ішкі тұтастығын бұзғысы келетін рушылдық, жершілдік әңгімемен ел бірлігін бүлдіргісі келетін күштердің пайда болуы Елбасы ретінде мені алаңдатпай қоймайды. Ондай жымысқы ниеттілердің айқайына құлақ асып, айтағына ілескен жан әр атаның шежіресін әспеттеп, әр жаққа тартқанын аңдамай қалуы мүмкін. Ру мен тайпаға бөліну – ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі», – деп ашық та алаңдай айтқаны мәлім. Сондықтан да, еліміздің демократиялық дамуының қазіргі кезеңінде ауыл әкімдерін аудандық мәслихаттар арқылы сайлау және олардың баламалы кандидатураларын аудан әкімдерінің ұсынуы «жеті рет өлшеп, бір рет кескен» шешім екені аян.

Ал, ауыл тұрғындары бұл сайлаудан мүлдем сырт қалады деген пікірмен толық келісуге болмайды. Себебі, әкімдерді сайлайтын таңдаушылар – аудандық мәслихаттардың депутаттары жергілікті халықтың өкілдері емес пе? Олардың аудандар әкімдері ұсынған екі-үш үміткердің ішінен ең лайықтысын сайлауға толық мүмкіндігі бар. Өйткені, олар жабық дауыс беру арқылы сайланады, яғни дауыс беру құпиялылығы қамтамасыз етіледі. Бұл қағидаттың мүлтіксіз сақталуына Қазақстан

Республикасының Орталық сайлау комиссиясы айрықша маңыз беріп отырғаны мәлім. Әрине, депутаттар өздерін сайлап, үлкен сенім артқан жұртшылық пікірін біліп, жете ескерсе, құба-құп.

Қалай дегенменде, әкімдер сайлауы жергілікті билікті халыққа жақындата түсудің бір тетігі екендігіне күмән жоқ. Оның үстіне алдағы уақытта ауыл әкімдіктерінің құзыретін кеңейту, қаржылық әлеуетін қалыптастыру мәселесі қарастырылу үстінде. Мұндай шаралар да ауыл әкімдерінің беделі мен ықпалын күшейтетіндігі сөзсіз. Себебі, қолында қаржысы жоқтықтан, көп мәселеде аудан мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларына жалтақтап отыратын ауыл әкімдерінің қазіргі жағдайлары мәз еместігін көріп-біліп жүрміз.

Әкімдерді таңдаушы-депутаттар арқылы сайлау жергілікті өкілетті билік органы болып табылатын мәслихаттардың да беделін арттыраы анық. Өйткені, болашақ ауыл әкімдері өздерін кім сайлағандығын, олардың сыртында кімдер тұрғандығын, яғни депутаттар сенімі – барша тұрғындар сенімі екендігін ұмытпауға тиісті. Түбінде «Мына әкімді кім сайлады?» деген үлкен сауал болатындығы әрдайым есте жүрсе, игі.

2013 жыл

АРАЛАС НЕКЕ

**Оның алғашқы нәтижесі баянсыз, ал кейінгі зардабы
ауыр болуы мүмкін**

Осыдан бірер жыл бұрын Қызылжар өңірінде үлкен басшылық қызметтер атқарған бір азамат дүние салды. Марқұмның мәйітін мұсылмандар зиратына апарып кою ұйғарылды. Оның еліміздің басқа өңірінде әжептәуір лауазымға ие болып жүрген ұлы әкесінің мәйітін бейіт басына аса сәндеп істелген ағаш табытқа салып әкелген екен, молдалардан сол табытқа салынған күйі жерлеуді сұрады. Мұндай ұсыныс айтылады деп күтпеген мешіт қызметкерлері ә дегенде абдыраңқырап қалғанымен, мұсылман адамды табытқа салып жерлеу шариятқа қайшы келетінін айтып, түсіндіруге тырысты. Ақыры марқұмның ұлы айтылған уәжге көніп, әкесі қабірге мұсылман жолымен қойылды. Сұрастыра келсем, оның Ислам дінінен хабары шамалы болуының сыры – шешесінің ұлты да, діні де басқа екендігінде болып шықты...

Тағы бір белгілі ағамыздың ұлты басқа әйелі қайтыс боларда жұбайына өзін Петропавлдағы христиан зиратына жерлеуді өтініпті. Бұған басымызды шайқап, қайран қалғанымызбен, аманатқа қиянат жасалған жоқ: марқұм жеңгемізді христиан зиратына апарып қойып, қабіріне топырақ салдық. Ал әлгі ағамыз арада бірнеше жыл өткенде дүниеден озып, мұсылман зиратынан мәңгілік мекен тапты. Қырық жылдай отасқан ерлі-зайыптылардың ақтық жолдары осылайша екіге айырылып кетті ақыры...

Көз алдымызда болып жатқан осындай оқшау оқиғалар ойландырмай қоймайды екен. «Аралас некенің

қандай артықшылығы мен кемшілігі бар?» деген сауалға жауап іздеп көрдік сосын...

Осы мәселе жөніндегі жұртшылық пікіріне құлақ түрсеңіз, аралас некеден денсаулығы мықты, денесі ірі әрі қабілеті күшті балалар туады деген түсінік қалыптасқан. Өмір шындығына жүгінсек, ол негізсіз де емес сияқты. Ғылым да ондай пікірді толықтай бекерге шығармайды екен. Алайда, мұның өзі болашағы жоқ, баянсыз нәтиже деп саналады. Өйткені, аралас некеден туған балалардың бойындағы жарқ еткен жақсы қасиеттер кейін олардан өрбитін ұрпаққа дарымайтын көрінеді. Тіпті ондай қасиеттер мүлдем жоғалып қана қоймай, аралас некенің түпкі ауыр зардабы жүйке ауруына шалдыққан, ақыл-есі кем немере-шөберелердің дүниеге келуіне әкеліп соқтыруы да ықтимал деп танылған.

Бұған қоса, дана халқымыздың жеті атаға дейінгі туыстардың бір-бірімен қосылуын тектілікті сақтау тұрғысынан құптамайтыны тәрізді, генетикалық жағынан тым алыс адамдардың некеге тұруы да ұрпақ болашағы үшін қауіпті жайт болып саналады екен. Бұл Америка Құрама Штаттарының байырғы тұрғындары – кілең үндістер тұратын қоныстар мен әлемнің әр қиырынан көшіп келген ақ және қара нәсілді қоныс аударушылар бірге тұратын елді мекендерде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде дәлелденген. Ақ және қара нәсілділердің аралас некесінен туған балалар аурушаң келетіндігі және өз қатарластарынан даму жағынан бір жарым еседей артта қалатындығы анықталған. И.М.Сеченов атындағы Мәскеу медицина университеті педиатрия кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Олег Ботвиньев осындай қарама-қайшылық байқалған генетикалық құбылысты аралас некеде бұрыннан қалыптасқан ген кешені бұзылып,

жаңадан пайда болған ген кешені мыңдаған жылдардың сынынан өтпегендіктен, биологиялық тұрғыдан өте әлсіз болатындығымен түсіндірген. Соның салдарынан дертке шалдығу, бала өлімі көбейіп, адамдардың өмір сүру ұзақтығы қысқарады екен. Оның үстіне ерлі-зайыптылардың нәсілдері, өмір сүрген тарихи орталары бір-бірінен қаншалықты алыс болған сайын олардың некелері де соншалықты көп үйлесімсіздіктер тудыратын көрінеді. Осы тұрғадан алғанда, әсіресе, ақ және қара нәсілді адамдардың некелері бәрінен көп қауіп туғызатын болып шықты. Ал жақын туыс халықтардың өкілдері болып табылатын жұбайлардың некелері генетика тұрғысынан ең қолайлы некелер болып саналады екен...

АҚШ-тың Стэнфорд университетінің медициналық орталығы жүргізген зерттеу нәтижесі де адамзат денсаулығы үшін аралас неке ең көп қауіп-қатер төндіретінін айғақтап берген. Осы зерттеу тобының мүшесі, Калифорния университетінің профессоры Аарон Кофи: «Бұған дейін бала туу процесіне ата-аналардың этникалық тегі емес, әлеуметтік-экономикалық жағдайы көбірек әсер етеді деп саналып келген. Сондықтан біз ашқан жаңалықтың биология мен медицина үшін маңызы өте зор. Өйткені, ол нәсілі әртүрлі адамдардың бойында аса маңызды биологиялық ерекшеліктер бар екендігін көрсетіп отыр», – дейді.

Алла тағала адамдарды әртүрлі нәсілдер мен ұлттардың өкілдері етіп жаратқан соң біздің адами табиғатымыз да аралас некенің салдарынан болатын ұлттық ерекшеліктеріміздің жойылып кетуіне, басқаша айтқанда, ұлт ретінде ассимиляцияға ұшырауымызға қарсы сияқты. Ал осы мәселе жөнінде әртүрлі діндер не дейді? Иудаизм әу баста аралас некелерге, яғни жатжұрттың қызына үйленуге және ұлына тұрмысқа шығуға қатаң тыйым салған. Алайда, кейін бұл

қатаң тәртіп өзгертіліп, еврейлердің «тамаша тұтқын аруларға» үйленулеріне рұқсат берілген. Бірақ, олардың міндетті түрде өз діндерінен безіп, иудаизмді қабылдауы қажеттігі қатаң талап етілген. Ал еврей қыздарын басқа ұлттардың жігіттеріне тұрмысқа беру шектен шыққан масқарашылық ретінде қабыл алынып, тіпті оның аяғы кейде қанды соғысқа да ұласқан. Заман өзгере келе, еврей қыздарының да ұлты басқа азаматтарға тұрмысқа шығуына бір-ақ жағдайда келісім берілетін болған – егер олардың болашақ күйеулері өз діндерінен бас тартып, иудаизмді қабылдаса ғана. Тұтастай алғанда, әлі күнге иудаизмде, яғни Израиль елінде аралас неке еврей ұлтының жойылып кетуіне апарып соқтырады, сондықтан оған қолдан келгенінше қарсы күрес жүргізу қажет деген көзқарас үстемдік құрып тұрған көрінеді.

Мәскеу діни академиясының әйгілі профессоры, дьякон Андрей Кураев Ресейде ұлтаралық некелердің көбейіп бара жатқанына байланысты өз алаңдаушылығын ашық білдіріп, «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбатында: «Ұлтаралық некелер дегеніміз – шын мәнінде орыс халқын геноцидке ұшыратудың бір түрі. Біздің әйелдер қаптауылықтарға тұрмысқа шығып, олардың халықтарын өз тегімен байытып жатыр. Ал орыс ұлты әлсіреп барады», – деп, дабыл қағыпты. Оның айтуынша, мәселен, орыс қызы мен дағыстандық жігіттің құрған отбасында дүниеге келген балалар міндетті түрде дағыстандық әрі мұсылман болады екен. Сонымен бірге Андрей Кураев Израил үкіметінің еврей ұлты өкілдерінің өз-те ұлттардың азаматтарымен некелесуіне қарсы мемлекеттік саясат ұстанып отырғанын айрықша атап өтіп, осы «өзекті мәселені елемей отырған» Ресейді сынға алыпты.

Ал, біздің елдегі жағдай қандай? Кеңес Одағы тұсындағы кейбір зерттеулерге қарағанда, «Халықтар

достығының зертханасы» атанған республикамыздағы қазақ жігіттері орыс қыздарына үйлену жөнінен латыштарға ғана жол беріп, екінші орынды еншілепті. Ал, еліміздегі аралас некенің жалпы үлесі 30 проценттен асып жығылған. Сол кезде қалыптасқан дәстүр еліміздің Тәуелсіздігі жылдарында да жалғасын жаңылыспай тауып жатқанға ұқсайды: қазір жыл сайын шамамен 100 мың неке қиылса, оның 20 проценттейі аралас неке көрінеді. Әсіресе, қыздарымыз шетелдіктерге тұрмысқа шығуды сәнге айналдырып бара жатқан сияқты. Соған орай осыдан бірер жыл бұрын Парламент Сенатының депутаты, белгілі жазушы, журналист Жабал Ерғалиев шетелдерге мемлекет қаржысы есебінен білім алуға жіберілетін қазақ қыздарының санын шектеу туралы мәселе көтеріп, Үкімет басшысының атына депутаттық сауал жолдағаны да жадымызда. Әрине, бекерден-бекер емес...

Солай бола тұра, жергілікті жерлерде қазақтың өзгеге ұқсамайтын ұлттық өр болмысын, өлімнен ұятты күшті санайтын асқақ ар-намысы сынды асыл қасиеттерін онша біле де, түсіне де бермейтін, орыстілді «идеологтардың» арасында аралас некені баяғыша «интернационалдық неке», «достықтың айғағы» деп дәріптеушілер табылып қалады. Мәселен, осыдан үш жыл бұрын жаздыгүні Петропавл қаласының Тәуелсіздік стеласы жанында өткізілген бір мерекелік шарада аралас некедегі отбасыларды құрметтеу рәсімі өткізіліп, солардың ішінде басқа этнос өкіліне тұрмысқа шыққан қазақ қызын да күйеуімен бірге сахна төріне шақырғанда қасымда отырған ақ жаулықты әжеміз бетін шымшып: «Бетім-ай! Басқа ұлтқа күйеуге тиген қазақ қызын осынша дәріптегендері несі?!» – деп жағасын ұстаған еді. Ол ол ма, келесі жылы тағы бір ірі жиын өткізіліп, онда алғашқылардың бірі болып сөз сөйлеу

құрметі ұлты басқа азаматқа тұрмысқа шыққан әп-әдемі қазақ келіншегіне берілді. Ол өзінің әйгілі әндегі қазақ жігіті Дударайға ғашық болған орыс қызы Мариямға ұқсап, ұлты басқа жігітке қалай ғашық болғанын екі тілде майын тамыза әңгімеледі-ай келіп биік мінберден...

Ғалымдар жүргізген зерттеулер жастардың жар таңдауда махаббатты – бірінші орынға, ал болашақ қосағының ұлты кім екендігін соңғы орындардың біріне қоятындығын көрсеткен. Ал 40 – 50 жастағы ақыл тоқтатқан адамдар арасында жүргізілген сауал олардың таза ұлттық некені алдыңғы орындардың біріне қоятындығы анықталған. Бұл олардың өз бастарынан кешкен ащылы-тұщылы өмірден тиісті сабақ алғандықтарының айғағы болса керек. Сондай-ақ, орыс, украин және белорус ұлттары өкілдерінің арасындағы аралас некелерді бұзу көрсеткіші олардың өздерінің таза ұлттық некелерін бұзу көрсеткішімен шамалас болса, қазақ-орыс, татар-орыс некелерінің бұзылуы тым көп болып, кейбір облыстарда 50 процентке дейін жеткен. Мұның басты себебі қазақ және татар жігіттеріне тұрмысқа шыққан орыс қыздарының ділі де діні де бөлек ортаға оңайлықпен бейімделе алмайтындығында болып шыққан.

Әрине, әлемдік өркениет биігіне ұмтылған, адам құқығы жөніндегі халықаралық конвенцияларға қол қойып, қостау білдірген елімізде Қазақстан азаматтарының кімге болсын үйленуіне, яки тұрмысқа шығуына қолданыстағы заңнама бойынша ешқандай шек қойылмаған. Бірақ, діннің жөні бөлек. Иудаизм сияқты, ислам діні де мұсылмандардың діні басқа ұлттардың өкілдерімен бас қосып, шаңырақ құруы үшін міндетті бір шарттың орындалуын талап етеді. Ол шарт иудаизмдегімен бірдей, атап айтқанда, мұсылман адаммен некеге тұруды қалаған қалыңдық немесе

күйеу жігіт өз дінінен бас тартып, исламды қабылдауы тиіс. Әйтпесе, діні басқа адамға қосылуға рұқсат етілмейді. Осы тақырып бойынша ертеректе облыстық телестудияда пікірсайыс ұйымдастырғанымыз есімде. Сол жолы «Қызылжар» орталық мешітінің өкілі өзіне қойылған: «Қазақ қызының ұлты басқа жігітке тұрмысқа шығуына бола ма?» деген тура сауалға жалтармай жауап беріп: «Егер қазақ қызының болашақ жұбайы ислам дініне кіретін болса, онда оған тұрмысқа шығуына рұқсат етіледі», – деп шарифат заңына жүтінген. Сонда Қызылжар өңіріне өзінің азаматтық белсенділігімен танылып жүрген Сапура қажы Тәшенова апамыз бірден қолын көтеріп, сөз алып: «Мен әлгі айтылған жауаппен келіспеймін. Қазақ қызы ешқашан басқа ұлттың ер-азаматына тұрмысқа шықпауы керек. Өйткені, біз онсыз да саны аз халықпыз. Қазақ қызы өзге ұлттың емес, өз ұлтының санын көбейтуге тиіс. Бізді өз ата-аналарымыз, міне, осылай тәрбиелеген. Қазақ қызының ұлттық намысы бәрінен биік болуы керек!» – деп бір-ақ қайырған. Оған мешіт өкілі де ләм-мим деп қарсы уәж айта алмаған...

Сапура қажы апамыздың сол сөзінде ащы шындық бары анық. Басқа ұлттардың жігіттеріне тұрмысқа шыққан қыздарымыз түгіл, өзге жұрттан келін түсірген ұлдарымыздың өздері де сүйіп қосылған, ұлты басқа жарларын ислам дініне енгізіп, балаларын қазақ қылып тәрбиелеп жатқандары шамалы. Өйткені, біз, Андрей Кураев айтқандай, дініне берік дағыстандықтар, немесе шешендер емеспіз. Сөйтіп, аралас некеде тұрған ағайындарымыздың көбінің балалары қазақ тілі мен ділінен жұрдай болып өсетіндігін күнделікті өмірде көзімізбен көріп, көңілімізге түйіп жүрміз. Олар, зерттеушілердің айтуынша, өздерін қай ұлтқа жатқызарларын білмей де дал болып, қиналып жүретін

көрінеді. Метистерге былайғы жұрттың көзқарастары әрқилы болғандықтан, өмірде психологиялық тұрғыдан нешетүрлі қолайсыздықтарды бастарынан кешірулеріне де тура келеді екен...

Әрине, қазіргі ата-аналардың дені ұл-қыздарының өз ұлтының перзенттерімен шаңырақ құрғанын қалағанымен, бір күні олар: «Мен ұлты басқа болса да, осы қызды (немесе жігітті) сүйемін!» – деп, қарсы алдарында қасқайып тұрып алса, көнбеске амалдары қалмасы кәміл. Сондықтан да аралас неке дегеннің не екенін балаларымыздың саналарына кішкентай кездерінен бастап сіңірмесек, ұлы Абайша айтқанда, қолымызды мезгілінен кеш сермеуіміз ғажап емес.

...Бәрін айт та бірін айт: арамызда ақ жаулығы желбіреп, ақ періштедей болып жүрген Сапура қажы апамыз сияқты ұлттық мүддемізді кейде тіпті діннен де биік қоя білетін, намысы асқақ қазақ қыздарының қатары сиремесе екен!..

2015 жыл



АСПАННАН ЖАУҒАН АҚША

сияқты көрінген «Ұрпақ қоры» салымдары жайында

Біздің облысымыз соңғы жылдары бала туу кемігендіктен, демографиялық ахуалы жылдан-жылға төмендеп, тұрғындарының саны азайып бара жатқан өңірлердің бірі болып табылады. Соған орай бала тууды көбейту мақсатында облыстық әкімдіктің бастамасымен 2010 жылы «Ұрпақ қоры» өңірлік бағдарламасы жасалып, облыстық мәслихаттың шешімімен бекітілген болатын. Бұл бағдарлама бойынша төртінші және одан кейінгі балалардың өмірге келуіне байланысты отбасындағы әр бала үшін 160 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік төлем төлеу және бала кәмелеттік жасқа толғанға дейін депозитке ақшалай қаржы аудару қарастырылған-ды.

Осы ретте айта кетерлік бір жайт – облыстық әкімдікте «Ұрпақ қоры» бағдарламасының жобасы талқыланған алқалы жиында белгілі қаржыгер, Ұлттық банктің облыстық филиалының директоры Жомарт Қажырахымов бұл бастама ізгі ниетпен қолға алынғанымен, алдағы кезеңде оны іске асыруға қанша ақша қажеттігі дұрыс есептелмегендіктен, түбінде оған ел қазынасына қарап ауыз ашып отырған біздің субвенциялы өңірдің бюджетінен бөлінетін қаржы жетпей, қиындық тууы ықтимал екендігін ашық сынап айтқан еді. Ақыры Жомарт Оралұлының айтқаны айдай келіп, «Ұрпақ қорының» ғұмыры екі жылға жетпей, облыстық бюджетте қаржы жетіспеуіне байланысты абыройсыздау тоқтатылып тынды.

Абыройсыздау дейтініміз – «Ұрпақ қорына» үміт артып, 2012 жылдың екінші жартысында төртінші және одан кейінгі баласын дүниеге әкелген бірсыпыра ана аталмыш бағдарламаға енгізілмей қалып, орынды өкпе-реніштерін білдірген. Ал бағдарламаға қатысушы атану бақыты бұйырған жүздеген көпбалалы отбасының осылайша, ойда жоқта «аспаннан жауған ақшаға» қуанып қалғандықтары да анық.

«Ұрпақ қоры» бойынша Қызылжар өңірінің көпбалалы отбасыларындағы 3070 сәбиге арналып облыстық бюджеттен бөлінген қыруар қаражат облыстық әкімдік жанынан құрылған конкурстық комиссияның шешімімен «Нұрбанк» акционерлік қоғамының жергілікті филиалында ашылған арнаулы депозиттерге салынған. Осы банктің берген деректеріне қарағанда, теңге бағамы еркін қозғалысқа жіберілген биылғы жылғы 18 тамызға дейін әр салым бойынша жинақталған сома 1 000 000 теңгеден аспайтын көрінеді.

Жуырда біз облыстық мәслихаттың депутаты ретінде Шал ақын ауданындағы Балуан ауылында тұратын сайлаушыларымызбен кездескенімізде бір топ көпбалалы ана теңгенің кезекті құнсыздануына байланысты өз бүлдіршіндерінің атына «Ұрпақ қоры» бағдарламасы бойынша ашылған депозиттердегі салымдардың жағдайына алаңдаушылық білдірген еді. Осыған орай Ұлттық банктің облыстық филиалының директоры Жомарт Қажырахымовпен хабарласып, «Ұрпақ қоры» бағдарламасына қатысушы аналарды толғандырып отырған мәселеге қатысты пікірін білдіруін өтінген едік.

– Теңгенің бағамы еркін қозғалысқа жіберіліп, құнсыздануына байланысты облыстық «Ұрпақ қоры» бағдарламасы бойынша төрт және одан да көп бала туған

отбасыларға облыстық бюджет есебінен екінші деңгейлі банкте ашылған депозиттерге өтемақы төлене ме?

– Мақсаты тұрғындардың әлжуаз санаты ретіндегі салымшылардың белгілі бір бөлігін (1 миллион теңгеге дейін салымдары барларды) қолдау болып табылатын, Ұлттық банк басқармасының «Инфляциялық таргеттеу тәртібіне көшуіне байланысты, ұлттық валютада (теңгемен) ашылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша бағамдық айырмашылықты төлеу Ережесін бекіту туралы» Қаулысының қабылдануына байланысты, тек мерзімдік депозиттер бойынша өтемақы төлеу қарастырылған. Алайда, «Ұрпақ қоры» бағдарламасы бойынша ашылған салымдар шартты салымдар қатарына жатады. Оған өтемақы төлеу қарастырылмаған.

Дегенмен, «Ұрпақ қоры» бағдарламасы бойынша ашылған депозиттер салымшылары көпбалалы отбасылардың балалары екендігін, олардың «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заң бойынша тұрғындардың әлеуметтік әлжуаз топтарына жататындықтарын ескере отырып, облыс әкімі Ерік Сұлтанов аталмыш бағдарлама бойынша да өтемақы төлеуге мүдделілік білдіріп, осы жөнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне өтініш жасауға тапсырма бергендігін айта кетпекпін.

Ұлттық банктің облыстық филиалы басшысының берген жауабы «Ұрпақ қоры» бағдарламасына қатысушы көпбалалы аналардың көңілдерінен шыға ма, шықпай ма – әрине, оны бізге дөп басып айту қиын. Бірақ, Жомарт Оралұлының біздің өтінішімізге бірден құлақ асып, облыс әкіміне арнайы жолығып, жүздеген көпбалалы отбасылардың көкейкесті мәселесін шешу жолын жедел қарастырғанына риза болып қалдық.

Әрине, кезінде облыстың бұрынғы басшылары Жомарт Қажырахымовтың айтқан орынды сынына құлақ асып, «Ұрпақ қоры» бағдарламасын жан-жақты

ойластырып, қажетті қаржыны сауатты есептеп, «көрпеге қарай көсіле» отырып жасағанда, оның ғұмыры ұзағырақ, шапағаты молырақ болар ма еді деп ойлаймын. Тіпті екінші деңгейлі банкте ашылған депозитте ұзақ мерзімге сақталып, біздің елімізге де салқынын тигізіп тұрған қазіргі жаһандық экономикалық дағдарыс кезінде құнсызданып жатқан, жалпы сомасы әжептәуір мол қаражаттан гөрі оған дейін облыстық бюджеттен жаңа туған сәбилер үшін іле қолма-қол төленіп келген, көлемі азырақ қосымша өтемақы тиімдірек сияқты болып көріне ме, қалай? Әйтеуір, екі жылға жуық уақыт бойы көпбалалы отбасылардың төбесіне аспаннан жауғандай болған ақша олардың заңды иелерінің алақандарына тигенше, желге ұшып кетпесе болғаны да...

2015 жыл



БЕРЛИНДІ АЛҒАН БАТЫРЛАРЫМЫЗ

Петропавлды «ала алмағаны» ма?

Келесі жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын атап өтетін боламыз. Осы айтулы мерейтой алдында көп болып ойланып, қолға алатын мәселелер де бары анық. Солардың бірі – қан майданда қаһармандық ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры жоғары атағын алған жерлестеріміздің есімдерін ерекше қастерлеу жайы. Әрине, Қызылжар өңірінен шыққан 56 Кеңес Одағының Батыры мен оларға теңестірілген 11 «Даңқ» орденінің толық иегерінің есімдерін мәңгі есте қалдыру турасында облысымызда бірқатар шаралар атқарылғаны да мәлім.

Алайда, облыс орталығында Кеңес Одағының Батырларының атындағы көшелер аз. Көз жүгіртіп көрейік: Никифор Ахременко, Виктор Булавский, Сергей Гуденко, Әбу Досмұхамбетов, Вениамин Кошуков, Александр Матвеев, Григорий Михеев, Тимофей Позолотин, Борис Ущев, Андрей Хименко...

– Аңызға айналған Жәлел Қизатов пен Ысқақ Ыбыраев сынды Кеңес Одағының Батырларына осы күнге дейін облыс орталығынан бір көше атауы бұйырмай келеді. Берлинді алған батырларымыз Петропавлды «ала алмағаны» ма сонда? – деп телефон арқылы өткір сауал тастады Шал ақын ауданының тұрғыны, белгілі сықақшы Қойшыбай Шәниев жақында. Жөн сөз емес пе? Ойланып қалдым. Есіме Жәлел Қизатов 1999 жылы Қызылорда қаласында қайтыс болғанында облысымыздың сол кездегі басшылары Батырды жерлеу рәсіміне қатысуға ресми делегация жіберуге де жарамай, қызылордалықтардың

алдында елін қорғаған есіл ерін қадірлемейтін өңір
ретінде көрініп, ұятқа қалғанымыз түсті...

Отан үшін отқа түскен көзсіз Батырлар алдындағы
парызымызды әлі де толық өтеп болмағанымыз даусыз.

2014 жыл



МАЙДАНГЕРЛЕРДІҢ БӘРІ БІРДЕЙ ЕМЕС ПЕ?..

Жоғарыдағы сауалға бүгінде өзге түгіл, балабақшадағы бөбек те «Иә» деп жауап берері анық. Демек, ел қорғаған ерлерге деген жанашырлық та бірдей болуы керек қой. Алайда, Жеңіс жауынгерлеріне облыстарда жасалып жатқан қамқорлық деңгейінің әркелкілігіне назар аударсаңыз, көкейіңізде «Бұл қалай?» деген сауал туындары сөзсіз.

Мәселен, бұқаралық ақпарат құралдары таратқан мәліметтерге қарағанда, күні кеше аталып өткен Жеңістің 69 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың әрқайсысына облыстық бюджеттерден бөлінген біржолғы материалдық жәрдем мөлшері Ақтөбе мен Атырау облыстарында 100 мың теңге, Батыс Қазақстан облысында 50 мың теңге болған екен... Ал біздің Солтүстік Қазақстан облысының майдангерлері болса, 117 мың теңгеден мерекелік сыйақы алып, бір марқайып қалды. Олардың өздері сияқты майдангердің ұрпағы болып табылатын облыс әкімі Самат Ескендіровтің бастамасымен жергілікті соғыс ардагерлеріне көрсетіліп отырған қолдау мен құрметке алғыстан басқа айтарлары жоқ.

Әрине, әр өңір өздерінің майдангерлеріне біржолғы материалдық көмекті «көрпелеріне қарай көсіліп» көрсеткені айтпай-ақ түсінікті. Бірақ, осы дұрыс па?

Қатарлары жылдан-жылға селдіреп бара жатқан қарт сарбаздар саны қазір еліміз бойынша 6700-дей ғана екен. Жеңістің 70 жылдығына олардың қаншасы аман-есен жететіндігі бір Аллаға ғана аян... Сондықтан

да, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі кейбір «тоны келте» өңірлердегі соғыс ардагерлеріне «тоқалдан туғандардың» күйін кешкізбей, оларға алдағы жылғы даңқты мерекеге орай біржолғы материалдық жәрдем көрсету үшін республикалық бюджеттен бірдей мөлшерде қаржы бөлуге ұйытқы болғаны жөн емес пе? Шынтуайтында, олар өз облыстарының ғана емес, тұтас Отанымыздың бостандығы мен болашағы үшін қан майданда от кешіп, бастарын бәйгеге тікті ғой...

2014 жыл

«ДАСТАРҚАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ»

Белгілі жазушы Естай Мырзахметовтің ұлы Абай марқұм елге танымал кәсіпкер еді. Бірде сол кісімен сұхбаттасқанымда: «Біздің көбіміз дастарқан басында ғана патриотпыз. Әдемі сөйлеп, әдемі тілек айтамыз. Ал іс жүзіне келгенде, бұрау басын сындыратынымыз некен-саяқ. Біздікі – «дастарқандық патриотизм» ғой...» – деген еді.

Әкесінен шешендік дарыған біртуар азаматтың жадымда жатталып қалған сөздері Қызылжар өңірінде өткен сенбі күні болған сенбіліктен соң есіме қайта түсті. Рас, еңбек ұжымдарының бәрі өз басшыларының бастауымен қолдарына тырнауыш пен күрек ұстап, көшеге шығып, мекемелерінің маңайын тәртіпке келтірді. Ал тұрғын үйлердің маңы ше? Облыс орталығының өзім тұрып жатқан тұсындағы көппәтерлі үйлердің көбінің маңына адам қолы тимей, қыстан кейінгі былыққан күйінде жатқандығын байқадым.

Ал өзім болсам, мекемеде өткізілген сенбіліктен кейін «Облыстық мәслихаттың депутаты» деген дардай атағым бар екенін ойыма алып, өзімнен өзім ұялғандықтан, көппәтерлі үйімнің маңындағы қыстан қалған қоқысты жалғыз өзім тазалауға кірістім. Шамасы, менің бұл ісімді өз пәтерлерінің терезелерінен көрген болулары керек, біраздан соң бірнеше жас жігіт сыртқа шығып, жүргіншілер жолының екі жағында шашылып жатқан бөтелкелер мен тұрмыстық қалдықтарды жинай бастады. Әпсәтте үйіміздің маңайы тазарып шыға келді.

...Той-томалақтарда жұрттың алдына шығып, аузымызды толтырып: «...Еліміз көркейе берсін!» деп, көсілетініміз бар. Ондай сөз айтуға моральдық құқымыз болуы үшін ең әуелі үйіміздің маңын көркейтіп алғанымыз жөн емес пе?!. «Дастарқандық патриотизм» деген, міне, осы болады, ағайын.

2014 жыл



ЖЫЛ СОҢЫНДА «ЖЕМҚОРЛАР» КӨБЕЙЕДІ... НЕГЕ?

Ермек Махатов – есімі елге танымал атбегі, Қызылжар өңірінде көкпар сияқты ұлттық спорт түрлерін қайтадан өркендетуге аянбай атсалысып жүрген жанашыр азамат. Ұзақ уақыт аудандық ішкі істер бөлімдерін басқарып, полиция подполковнигі шенін алып, зейнет демалысына шыққан соң үйінде қол қусырып, бос отыра алмай, Уәлиханов ауданы әкімінің орынбасарлығы қызметіне орналасқан. Бұл жауапты қызметін де бірнеше жылдан бері абыроймен атқарып, басшы кадрлар онша тұрақтай қоймайтын шалғайдағы ауданның ел көшінен қалмай, ілгері басуына өз үлесін қосып жүр еді... Енді, міне, облыстық Тәртіптік кеңестің «кілеміне шақырылған», әртүрлі кінә тағылған мемлекеттік қызметшілердің қатарына қосылып, алдымызда қабағы түсіңкіреп тұр.

– Облыстың ең алыс түкпіріндегі ауданда қызмет атқарып жүрсек те, көптен бері тозығы әбден жеткен ескі көлік мініп, қиыншылық көріп келеміз. Соған орай былтырғы жылғы 18 қарашада болған аудандық мәслихаттың сессиясының шешімімен өзім негізгі қызметіме қоса басқарып отырған аудандық құрылыс бөліміне жаңа автомобиль сатып алуға 2 миллион теңге бөлінді. Бұл қаржы шотымызға түскен соң 5 желтоқсанда мемлекеттік сатып алу порталына баға ұсыныстары әдісі бойынша жеңіл автомобиль сатып алу туралы конкурс жарияладық. Оның жеңімпазы болып, 1 миллион 971 мың 200 теңге баға ұсынған «Дулат» жеке кәсіпкерлігі танылды. Оның Астана қаласында тұратын басшысы Дулат Құсайыновпен 12 желтоқсанда екіжақты

келісімшарт жасастық. Онда кәсіпкердің «Лада 21214» маркалы автомобильді былтырғы 31 желтоқсанға дейін жеткізіп беретіндігі атап көрсетілді. Ол тіпті бізге шот-фактураға қоса, жазбаша кепілдік хатын да тапсырды. Соған сеніп, қазынашылық органы арқылы төлем жасалатын соңғы күн – 28 желтоқсанда автомобиль сатып алуға бөлінген қаржының келісімшартта көрсетілген сомасын «Дулат» жеке кәсіпкерлігінің шотына аударып жібердік. Алайда, өкінішке қарай, Дулат Құсайынов сөзінде тұрмады. Уағдаласқан мерзімде көлік қолымызға тимеген соң, Жаңа жыл мейрамы өтісімен өзіміз дабыл қағып, прокуратура мен қаржы полициясы органдарына шағымдандық. Сондай-ақ, Астана қаласының мамандандырылған экономикалық сотына жүгініп, оның «Дулат» жеке кәсіпкерлігіне аударған қаржымызды өндіріп алу туралы шешімін де алдық. Біздің ешқандай бөтен ойымыз болған жоқ. Жыл соңында бөлінген ақшаны уақтылы игермесек, ол игерілмеген бюджет қаржысы ретінде қайтарылып алынатын болғандықтан, осылай істеуге мәжбүр болдық... – деп ақталды Ермек Махатов.

Әрине, қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң бойынша Ермек Махатовтың әлі қолға тимеген тауар үшін ешқандай ақы төлеуге хақысы жоқ еді. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын бұрмалау болып табылады. Соған орай біз, облыстық Тәртіптік кеңестің мүшелері, облыстық прокуратураның ұсынымымен келісіп, оны атқарып жүрген жауапты қызметінен босату туралы ортақ ұйғарымға келдік. Ермек Шәріпұлының ақталып айтқан сөздерінің шындығына еш күмәніміз болмаса да, іштей қынжыла тұра, осындай шешім қабылдауға мәжбүр болғандаймыз. Олай етпесек, ертең біздің шығарған шешімізді жоғары жақтан келіп тексерушілер:

«Жемқорлық құқық бұзушылыққа жағдай туғызған» мемлекеттік қызметшіні неге қорғадыңдар?» – деп өзімізді күстаналайтынын ескеруге тура келді...

Шынын айтсақ, жыл аяғында бөлінген қаржыны қалайда игеру қамымен осындай заңды бұрмалаушылыққа жол берген жалғыз Ермек Махатов емес. Бұл мемлекеттік қызметшілер арасында жиі орын алып жүрген келеңсіз құбылысқа айналып тұр. Оған облыстық Тәртіптік кеңесте қаралған көптеген тәртіптік істерді дәлел етіп келтіруге болады. Есепті жылға бөлінген қаржыны жыл соңына дейін игере алмаса, жоғары тұрған басшыларынан қатаң сын естіп, жазаға ұшырайтынын білетін мемлекеттік мекемелердің жетекшілері желтоқсан айында «екі оттың ортасына» түсіп, жандары мұрындарының ұштарына келіп жүргендері. Араларында мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы біле тұра, оны амалсыздан белден басуды жөн көретіндері де аз емес. Сөйтіп жылдың соңында «жемқорлар» саны көбейе түседі.

Жылда қайталанып жүрген осынау келеңсіздіктен құтылып, еліміздің жемқорлықпен күрестің дүниежүзілік рейтингіндегі жағдайын түзегеміз келсе, мемлекеттік сатып алумен айналысатын арнайы мемлекеттік орган құру, немесе Бюджеттік кодекске мемлекеттік мекемелер басшыларының жыл аяғында бөлінген қаржыны қайтсе де игеру қамымен заңға томпақ келетін қадамдарға баруына жол бермейтіндей өзгерістер енгізу қажет сияқты.

Баяғыда бір прокурордың: «Бас болса, бап табылады...» – дегеніндей, қазіргі қолданыстағы заңнама бойынша тіпті Ермек Махатов сынды заңды бір кісідей білетін азаматтар да тәуекелге бас тігіп, аяқастынан сүрініп, өмір бойы жинаған абырой-беделдері айрандай төгіліп жатыр. Өкінішті-ақ...

2014 жыл

СОЛҚЫЛДАҚТЫҚ ТАНЫТСАҚ, СОРЛАЙ БЕРЕМІЗ

Былыр жөнделген жол биыл тағы ойылып, кедір-бұдыр болып жатса, былыр пайдалануға берілген су колонкасынан биыл су ақпай тұрса, былыр салынған көппәтерлі тұрғын үйдің биыл төбесінен су кетіп жатса, адамдар мұның бәрінің себебін еліміздің билік органдарындағы жемқорлықтан іздейді. Оларға өмірдегі осындай келеңсіздіктерге кінәлі шенеуніктердің жазаға тартылғаны ғана емес, сондай келеңсіздіктердің мүлдем жойылғандығы керек. Осы орайда «Нұр Отан» партиясы сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен ғана күреспей, себептеріне терең үңіліп, түпкі тамырына балта шабуға бағытталған жаңа іс-қимыл бағдарламасының жобасын ұсынғандығы – құптарлық бастама.

Бағдарлама жобасында мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру қажеттігіне ерекше назар аударылғандығы өте маңызды. Осы мақсатпен жуырда ғана Елбасымыздың бастамасымен Үкімет құрамына елеулі өзгерістер енгізіліп, министрліктер мен агенттіктер саны күрт қысқартылғандығы жұртшылықтың қолдауына ие болып отырғандығын айта кеткен жөн. Президентіміз айтқандай, соңғы он жыл ішінде 8 мың адамға көбейіп кеткен мемлекеттік аппаратты ұстауға жылына 600 миллиард теңгедей қаржы жұмсалады екен. Бұл біздің Солтүстік Қазақстан облысының бесжылдық бюджетіне тең сома! Сондықтан да осы бағытта қолға алынған реформалау ісінің аяғына дейін жеткізілуін «Нұр Отан» партиясы қадағаласа, нұр үстіне нұр болмақ.

Сондай-ақ, бағдарлама жобасында көрсетілген, мемлекеттік қызметшілердің жемқорлық қылмыстары

олардың тікелей басшыларының қызметінен кетуіне сөзсіз негіз болуы тиістігі туралы ұсыныс заңдастырылатын болса, жемқорлықтың алдын алуға зор ықпалын тигізері анық. Өйткені, осы жөнінде биік мінберлерден бұған дейін де талай айтылып жүргенімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасына тиісті өзгеріс енгізілмегендіктен, баршаға бірдей міндетті қағидатқа айнала қойған жоқ. Әлі де «айран ішкендер құтылып, шелек жалағандар тұтылып» жатқанын ішіміз сезсе де, «ұсталмаған ұры емес» деп, «айран ішкіштерді» алақанымызға салып аялап жүрген жайымыз бар кейде. Ондайлардың атын атап, түсін түстемесең де, жұрттың бәрі біліп, дастарқан басындағы күңкіл-сүңкілдің тақырыбына айналдырып жүр...

Осындай орынды ұсыныстар енгізілген бағдарлама жобасын қызыға оқып шыққанда оның әлі де олқылау тұстары барын аңғардым. Біріншіден, бүгінгі қоғамымызда мемлекеттік қызметтің, әсіресе, «Б» корпусының беделі онша еместігін ескермей болмайды. Өйткені, «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің еңбекақылары төмен, олардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалуы жеткіліксіз, Әлихан Бәйменов бас болып енгізген меритократия қағидаттары, әсіресе, өңірлерде онша орныға қойған жоқ. Кейбір жаңадан тағайындалған облыс әкімдері меритократияға мұрындарын шүйіре қарайтынын интернет сайттарындағы «Кадрлық тағайындаулар» айдарына қарап-ақ, аңғарып, басыңды шайқайсың да қоясың... Осындай себептерге байланысты білімді де білікті жас мамандар бүгінде мемлекеттік қызметке онша қызыға қоймайды. Олар азғантай еңбекақымен жұмыс істегілері және баз біреулер секілді пара алып, баюдың арам жолына түскілері келмейді. Міне, сондай қолы таза, ар-ұяты бар жастарды мемлекетке қызметке тарту үшін мемлекеттік қызметтің

беделін көтеру керек. Жемқорлықты кемітудің ең бір ұтымды жолы осы деп білемін.

Екіншіден, бағдарлама жобасында қарастырылған мемлекеттік қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің табыстары, ал кейіннен шығындары туралы ақпаратқа еркін қолжетімдік тәжірибесін кеңінен тарату туралы ұсыныс та өте маңызды. Бұл туралы қоғамымызда көптен бері әңгіме қозғалып жүр. Сондықтан да, «Нұр Отан» партиясы бұл орайда ешқандай солқылдақтық көрсетпей, батыл шешім қабылдап, мемлекеттік қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің кірістері мен шығыстары туралы декларация тапсыруын бір мезгілде енгізуге ұйытқы болғаны жөн.

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жетілдіруге айрықша назар аударылуы қажет. Өйткені, бәрінен де дәл осы салада бұрмалаушылықтар көп. Оны барынша азайтудың бір тиімді жолы – мемлекеттік сатып алумен айналысатын арнайы мамандандырылған орган құру. Өйткені, мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнама өте күрделі. Оны біле тұра адасатындар да, жете білмей жаңылысатындар да аз емес. Мәселен, жылдың соңғы тоқсанында бөлінетін қаржыны тездетіп игеру үшін асығыстыққа салынып, заң талаптарын бұрмалауға саналы түрде барып жүрген мемлекеттік қызметшілер жетерлік. Әсіресе, құрылыс саласында. Соның салдарынан жыл аяғында жеке мәселелері Тәртіптік кеңесте қаралып, «жемқорлар» қатарын көбейтушілер көптігі ойландырмай қоймайды. Жемқорлық дертін жұқтыру бойынша еліміздің қазір дүниежүзінде 86-шы орында тұрғандығының бір сыры осында.

Біз айтқан ұсыныстар мұқият қаралып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасының жобасы әлі де жетілдіріле түседі деп сенеміз. Тұтастай алғанда, бұл бағдарлама жобасы көкейіміздегі көп ойымызды қозғап, қоғамдық сананы бір сілкіндіріп тастады десек, асыра айтқандық емес.

2014 жыл



«МАҒЖАН КӨКТЕМІ» ҚҰЛПЫРА ТҮССІН

десек, ойланарлық жайлар бар

Осыдан төрт жыл бұрын Петропавл қаласында алғаш рет «Мағжан көктемі» республикалық өнер фестивалі өткізіліп, ұлы ақынды қадір тұтатын ел жұртшылығын елең еткізген еді. Ашығын айтсақ, кейбір игі бастамалар облыс әкімдері ауыстырылған кезде өңірдің бұрынғы бірінші басшыларымен бірге «тарих қойнауына» аттандырылып жататындығына куәгер болып келе жатқан қызылжарлықтар екі жылда бір рет ұйымдастыру ұйғарылған аталмыш өнер бәйгесінің ғұмыры ұзақ болуын тілеп жүретіні хақ. Өйткені, ұлы Мағжан дүниеге келген өңірде жарық көрген «Мағжан» әдеби журналының өзі де бір кезде «бюджетте қаржы жетіспейді» деген желеумен қаржыландырылмай тасталғандықтан, шығарылуын тоқтатуға мәжбүр болғаны, тек араға жылдар салып қана оқырмандар қолына қайта тигені жасырын емес. Сүйініштісі сол, «Мағжан көктемінің» жолы болып, Қызылжарға биыл үшінші рет оралды. Оның Сәбит Мұқанов атындағы қазақ-сазды драма театрында болған салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Ерік Сұлтанов қатысып, құттықтау сөз сөйлеп, фестивальға қатысушыларға өнер додасында сәттілік тілеп, өңірдің бірінші басшысынан осындай ықыласты күткен мағжаншыл қауымды риза етті.

Бұл жолғы өнер сайысының бұған дейінгілердей біршама кешіктіріліп емес, Мағжанның дәл туған күні – 25 маусымда өткізілгенінің өзі де қуана құптарлық жайт. Еліміздің әр түкпірінен «Мағжан елі, қайдасың?» деп, үкілі үміттерін арқалап, жүректері лүпілдеп жеткен өнер иелері алты алашқа жыр әлемінің жарық жұлдызын

сыйлаған солтүстік өлкедегі көгілдір көктемді өз көздерімен көріп, мағжанша әсерленуінің өзі бір ғанибет емес пе?! Олар ұлы ақынға арналған жыр мүшәйрасына атсалысып оның шығармаларын мәнерлеп оқу және Мағжан өлеңдеріне шығарылған әндер сайыстарында бақ сынасып, Қызылжар аспанында жыр пайғамбарының рухы асқақтап-ақ тұрды. Бәлкім, «Мен сенемін жастарға!» деп, ұлы өсиетін өлеңмен айтып кеткен ақиық ақын аруағы бүгінгі ұрпаққа ризашылықпен тағы бір аунап түскен болар.

Әрине, республикалық өнер фестивалін ұйымдастыру сияқты ауқымы кең, жауапкершілігі зор шығармашылық істе қол жеткен табысқа тоқмейілсіп, «Бәрін қатырдық!» деп, кеудемізді қағып, ізденісімізді тоқтатсақ, тоқырау дертіне шалдығып, алдағы уақытта оның абырой-беделін төмендетіп алуымыз ықтимал екендігін де есте ұстағанымыз жөн. Сондықтан да «Мағжан көктемі» тіпті құлпыра түссе, нұр үстіне нұр емес пе?!» деген игі ниеттен туындаған кейбір ой-пікірлерімді ортаға салуды құп көрдім.

Аталмыш өнер додасы үш аталым бойынша өткізіліп жүргені мәлім. Солардың ішінде бұл жолы да көрермендерге ерекше ұнағаны Мағжан жырларын мәнерлеп оқу сайысы болды десем, жаңылыспаспын. Ақиық ақын өлеңдерін нәшін келтіріп оқыған жастардың шеберлігі бірінен-бірі асып түскендей. Түркі әлеміне түгел мәшһүр, теңдессіз шайырдың өлеңдері бүгін де кең-байтақ еліміздің қай қиырында болсын жас құрақтай желкілдеп өсіп келе жатқан өрендердің жүректерін жаулап, туған елі мен жерін сүйетін, Мағжан рухты ұландар қатары қалыңдай түскенінің айдай айқын айғағы болар бұл.

Ал жазба ақындар мүшәйрасының деңгейі бұған дейін жеткен дәрежесінен аса алмағандай әсер қалдырды.

Өйткені, осы жолғы жыр бәйгесіне елге белгілі ақындардың ішінен Серік Тұрғынбеков қана қатысқаны, өзгелері әлі қанаттары қатая қоймаған жас талапкерлер екендігі аңғарылып тұрды. Неге бұлай болды? Осы сауал төңірегінде тереңірек ойланып, толығырақ жауабын іздеп көргенде әдеттегі «жарнамасы жетіспеген шығар» деген тұрғыдағы тұжырыммен келте қайыра салу қисынсыздығын ұққандаймын. Себебі кезекті «Мағжан көктемі» республикалық өнер фестивалінің өтетіндігі жайлы «Ана тілі» республикалық газетінде жарияланған көлемді хабарландыруды көргісі келетін көз көріп, естігісі келген құлақ естігендігі кәміл.

Жалпы, «Мағжан көктемі» өткізіле бастағалы бері оған Жәркен Бөдешевтен басқа, еліміздің қазіргі таңдағы кеңінен танымал, ірі ақындарының қатыспауының сыры неде? Темірхан Медетбеков, Ұлықбек Есдәулетов, Есенғали Раушанов, Серік Ақсұңқарұлы сынды жыр сұңқарлары неге ұлы ақын атындағы өнер бәйгесінде төбе көрсетпейді? Әлде, жыр мүшәйрасының жеңімпазына берілетін сыйлықтың мөлшері кем бе? Меніңше, мәселе онда емес. Басты гәп – мүшәйраның тақырыбында тәрізді. Өйткені, өнер фестивалінің ережесінде ақындардың өлеңдері Мағжанға арналатындығы атап көрсетілген. Соған орай мүшәйраға қатысушылардың бәрі де Мағжан жайлы жаңа өлеңдер жазып әкеліп жүр. Демек, аталмыш мүшәйра Мағжан жайлы мадақ өлеңдер жарысы болып табылады. Ал мадақ өлең – ода дегеніңіз баяғы билеушілерді мақтаумен нәпақа тапқан сарай ақындарының дәстүріндегі, классикалық үлгідегі биік поэзияға сорпасы оңайлықпен қосыла қоймайтын, әсіресе, қазіргі демократия дәуіріндегі сыншыл қоғамда сүйкімсіздеу көрінетін жанр болып саналады. Кейбір үлкен ақындар ондай өлеңдерді тіпті мүлдем жазбауға тырысады.

Шынтуайтында, Александр Пушкинше айтсақ, өзіне өлеңнен қолдан келмейтін мәңгілік ескерткіш орнатып кеткен Мағжан үшін мақтау өлеңдер қажет пе? Ондай одалар қазақ поэзиясын да ұшпаққа шығара ала ма? Бұл сауалдар шынайы поэзияны түсіне білетін кісіні ойға батырмай қоймасы анық. Меніңше, Мағжанның көзі тірі болса, ол: «Маған мұндай мадақ өлеңдер емес, қазіргі қазақ поэзиясын мен жеткен биікке көтеретін, тіпті менен де асырып түсіретін жақұт жырлар жазылғаны қажет», – дейтіндей көрінеді. Демек, өнер фестиваліндегі мүшәйраның тақырыбы өзгертіліп, Мағжанға арналған мадақ жырларға емес, бүгінгі заман шындығын шынайы бейнелейтін, ел мен жер мүддесін көздейтін, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, адамгершілік қасиеттерді асқақтататын Мағжан рухындағы өлеңдерге бәйге жарияланса, құба-құп.

Ал мүшәйра тақырыбын солай өзгерткен соң Қызылжардағы келесі «Мағжан көктеміне» аты-жөндері жоғарыда айтылған Темірхан, Ұлықбек, Есенғали, Серік сынды азуларын айға білеген ақиық ақындарымыз қатысып, жаңа жырларын оқыса, бас бәйгені қайсысына берер едік сонда? Олардың аса биік ақыл-парасаты мен «Елім!» деп соққан үлкен жүректерінен шыққан, өзге ешкімге ұқсамайтын інжу-маржан жырларын «мынау – бас бәйгеге, мыналар одан кейінгі жүлделерге лайық» деп бағалаудың өзінде қандай қисын, қандай әділдік бар? Өйткені, олардың әрқайсысы өздерінше бір-бір Мағжан іспетті ғажап ақындар емес пе? Бұдан түйер ой: өнер фестиваліндегі мүшәйраға өлең жазуды жаңа бастаған жастарды ғана қатыстырған абзал. Яғни олардың жас мөлшерін шектеп, әрі салғанда 35-ке дейінгі жас ақындарды ғана шақыру орынды болмақ. Әйтпесе, жыр әлемінде

ойнақтаған құлын-тайлардан Ұлы даламызды дүбірге бөлеп, «Атығай-Қарауылға олжа салған» Құлагердей шашасына шаң жұқтырмас тұлпарлар түгіл, ауыл арасындағы таптаурын сүрлеумен бүлкілдей жортып, шөп тасып, күнін көріп жүрген мәстектер де озып, олжа өңгеріп кететіндігі таңғаларлықтай құбылыс емес қой бұл құйтырқысы көп өмірде...

Мағжан өлеңдеріне шығарылатын әндер бәйгесі де биыл керемет өтіп, әнқұмар қауымның айызын қандырды деу қиын. Тіпті жергілікті сазгер-әншіміз Теңдік Құлмағамбетованың бұған дейінгі фестивалде екінші жүлдені еншілеген «Сүйемін» атты әніне тең келерліктей, жүрек қылын шертетін, нәзік те әсем ән болмағандай көрінді маған. Бұл ретте де «Неге?» деген сауал төңірегінде ойланып көрсем, кілттипанның бірі «Мағжан көктемінде» көпшілік көңілінен шыққан тамаша әндерді насихаттауымыздың кемдігінде сияқты. Республикалық өнер фестивалінде үздік деп танылған әндер неге Қазақ радиосының әуе толқыны мен еліміздің мемлекеттік телеарналары арқылы халық назарына ұсынылмайды? Оларды айтпағанда, жергілікті телеарналардың өздері де, «Мағжан көктемі» туралы жаңалықтар шығарылымындағы бір-екі минуттік репортаждармен шектелмей, оны теледидарға басынан аяғына дейін толық түсіріп, көлемді хабар дайындап, онда шырқалған тамаша әндерден бейнеклиптер жасап, еліміз бен Қызылжар өңірінің мәдени өмірінде ерекше орын алатын осынау өнер фестивалін облысымыздың барша тұрғындарының назарларына ұсынып, кеңінен насихаттап отыр дей аламыз ба?

«Мағжан көктемі» Қызылжар өңіріне ғана емес, бүкіл Ұлы даламызға да сән берсін десек, аса көрнекті ақын атындағы республикалық өнер фестивалін

ұйымдастыруды одан әрі жетілдіре түсуіміз және онда жүлде еншілеген озық туындыларды Мағжан сынды жыр дүлдүлін ардақ тұтатын ақынжанды халқымыздың ортақ игілігіне айналдыру жолдарын қарастырумыз қажеттігі даусыз.

2015 жыл



МИР КӨШЕСІ, ДРУЖБА КӨШЕСІ...

Жуырда редакциямызға Жамбыл ауданында тұратын белсенді авторымыз Тілеген Жетеев ағамыздан хат келді. Ол Пресновка ауылының бір көшесінің атауы «Дружба көшесі» екендігін айтып, өзінің мұндай атаумен келіспейтіндігін білдірген екен. «Ойды ой қозғайды» дегендей, мен де отыра қалып, өзім тұратын Петропавл қаласының көшелерін ойша шолып шықтым. Сөйтсем, біздің қаламыз да мұндай жартылай қазақша, жартылай орысша атаудан ада емес екен. «Мир көшесі» – соның айғағы.

Тәубе: бүгінде орталық көшеміз қазақша «Қазақстан Конституциясы көшесі», орысша «Улица Конституции Казахстана» деп аталады екен. Өткен ғасырдың соңында «Қазақ тілі» қоғамының белсенділері: «Петропавлдағы Ленин көшесін Достық көшесі деп өзгертейік, ал «Лад» қоғамының көшбасшылары «Вознесение» даңғылы» деп қайтадан атайық» деп екі түрлі ұсыныс білдіргенде сол кездегі облысымыздың әкімі Даниал Ахметов: «Екі жаққа да енгізген ұсыныстары үшін алғысымды білдіре отырып, өз тарапымнан: «Конституция көшесі» деген атауды ұсынамын. Қарсы болмассыздар, деп ойлаймын», – деп, бір-ақ кескен еді. Оған екі жақтың өкілдерінің ешқайсысыләм-мим дей алмаған. Кейін өңірдің бірінші басшысы болған Тайыр Мансұров: «Бұл қай елдің Конституциясының көшесі?» деген сауал қоя отырып, қазақша «Қазақстан Конституциясы көшесі», орысша «Улица Конституции Казахстана» деп өзгерткен. Оған да ешкім: «Бұл қалай?» дей алмаған. Бұдан түйетін қорытынды: көшелердің атауларын екі тілде,

сауатты жазуымызға қолданыстағы заңнама бойынша ешқандай кедергі жоқ. Демек, Петропавлдағы Мир көшесін қазақша Бейбітшілік көшесі деп жазуға еш кедергі жоқ. Орысша – «Улица Мира» болсын. Бұған есі түзу ешкімнің наразылық білдірмесі анық. Сондай-ақ, Пресновкадағы Дружба көшесін қазақша «Достық көшесі», орысша «Улица дружбы» деп түзетіп жазсақ, оған да ешкім қарсы болмасы анық. Сондықтан Петропавл қаласы мен Жамбыл ауданының мәслихаттары алдағы уақытта осы мәселеге назар аударып, тиісті шешімдер шығарса, құба-құп.

Бұған қоса айтарымыз: Қызылжар өңірінің елді мекендеріндегі көше атаулары түгіл, кейбір аудандарымыздың атаулары да көңілден шыға қоймайды. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысында Абай ауданы бар. Неге Абай Құнанбаев ауданы емес? Неге біздің облыста Мағжан ауданы жоқ, Мағжан Жұмабаев ауданы бар? Керісінше Жамбыл Жабаев ауданы жоқ, Жамбыл ауданы бар. Бұған қоса, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның атауы да ойландырмай қоймайды. Неге Ғабит ауданы, немесе Ғабит Мүсірепов ауданы емес? Уәлиханов ауданының атауы да елден ерекше: неге Шоқан, немесе Шоқан Уәлиханов ауданы емес? Сөйтіп аудандардың атауларын бір тәртіппен емес, төрт түрлі етіп жазып жүрміз, яғни «Жамбыл ауданы», «Мағжан Жұмабаев ауданы», «Ғабит Мүсірепов атындағы аудан», «Уәлиханов ауданы» деп. Бұл мәселені қазіргі, әлемді жайлаған экономикалық дағдарыс бітпей, біздің елімізге де салқынын тигізіп тұрған, қаржы тапшы кезде қолға алмасақ та, заман түзеліп, бюджетіміздің кіріс бөлігі асыра орындалып, артық ақша пайда болатын күн туғанда оған қайтып оралып, орашалақ атауларды бір ізге түсіргеніміз жөн.

...Жалпы, өзіміздің көзіміз үйреніп кеткенімен, оңтүстік жақтан сапарлап келіп жүрген ағайындар күлкі ғып кететін мұндай «шалақазақ» атауларды ұлан-ғайыр Ұлы даламыздың шетінде, Сібірден соққан салқын желдің өтінде тұрған біздің Қызылжар өңірінен ғана көре алатын шығармыз...

2015 жыл



«ЕЙ, ЖОЛАУШЫ, АТТЫҢ БАСЫН ТЕЖЕП ӨТ!»

Әке-шешеміз кішкентайымыздан құлағымызға құйған қастерлі қағидалардың ішінде, әсіресе, зиратқа бару әдебі жадымызда күні бүгінге дейін сақталып қалыпты. «Зираттың тұсынан жүгіріп өтуші болма, «Өскенде бейіт басына барсаң, аруақтарға дұға оқымай кетпе», «Зиратта қатты дауыстап сөйлеуге, жағымсыз қимылдар жасауға, темекі шегуге болмайды», «Қабірді баспай, айналып өт», «Молаға саусағыңды шошайтпа», «Бейітке жақындағанда көлігіңнен түсіп, жаяу барған жөн» деп айтып отырушы еді жарықтықтар. Алла тағала жар болып, ата-анамызан естіген осындай тағылымды сөздерді бүгінде өз бала-шағамызға айтып отыратын жасқа жеттік. Тәубе.

Осы орайда тағы бір тәлімді жайтты көршілес Көкшетау қаласында тұратын бір туысымызды соңғы сапарға аттандыруға барғанымызда аңғардық. Шаһардан Бурабайға қарай шығатын күре жолдың бойындағы мұсылман зиратының тұсына назар аударарлықтай етіп ілінген тақтаға екі жол өлең жазылыпты:

*Біз де сіздей пенде болдық керемет,
Ей, жолаушы, аттың басын тежеп өт!*

Оқыған адамды ойландырып тастайтын сөздер-ау... Содан кейін жеңіл көлікпен іссапарға шыққан сайын жол бойынан зират көрсек, бұрынғыдай бет сипап қана қоймай, машинамыздың жүрісін баяулататын болдық.

Осы мағынадағы ұлағат сөзді біз де небір жақсылар мен жайсаңдар жерленген Бескөл ауылының сыртындағы

күре жолдың бойында орналасқан мұсылман зиратының бергі жағына көрнекті етіп жазып қойсақ, жөн болмай ма, жамағат? Сонда, бәлкім, қабірстанның қасынан жау қуып бара жатқандай құйғытып өте шығып, «темір тұлпарларының» тұяқтарымен даланы дүбірлетіп, мәңгілік мекенінде дамыл тауып жатқан аруақтардың мазасын алушылар азая түсер.

2015 жыл



КІСІ ЖӨНЕЛТКЕНДЕ

жарыса аят оқып, көйлек тарату тыйымай тұр

Жуырда бір жақсы азамат дүние салып, оны соңғы сапарға шығарып салуға бардық. Күн қақаған аяз еді. Үскірік жел өңменіңнен өтеді. Мәйітті Бескөл ауылының сыртындағы зиратқа әкеліп, жерлеп болғанша табанымыздан ызғар өтіп, дірдектей бастадық. Соны сезсе керек, рәсімді басқарып жүрген молда жиналған жұрт қабірге топырақ салып болған соң тиісті аятын тездетіп оқи жөнелді. Ол аятын оқып бітірісімен, біз – бірге келген төрт-бес азамат – бетімізді сипап, тізе бүккен орнымыздан тұрып, көлігімізге қарай бет алдық. Өйткені, Қызылжар орталық мешітінің басшылары соңғы жылдары кісі жерлеу кезінде зират басында бір-ақ рет аят оқумен шектеліп, жарыса аят оқуды доғаруға күш салып жүргендігінен хабардармыз. Алайда, бізден басқа жұрттың көпшілігі тарқай қоймады. Бақсақ, аят оқу ескі әдетпен жалғасқалы жатыр екен. Аяқастынан тағы үш-төрт «молда» табылып, сақылдаған сары аязда аят оқу «жарысы» қыза жөнелді. Сөйтіп, қала сәнімен аяқтарына қонышы қысқа, табаны жұқа етік киген ер азаматтар бұл мәселеде «принциптілік» танытқан біздің соңымыздан ілесуге ыңғайсызданып, қалтырап-дірілдеп қала берді. Олардың денсаулығын ойлап, қысқа қайырып жатқан «молдалар» көрінбейді. Бірінен бірі асырып, мәнерлеп оқуға тырысатын сыңайлы...

Марқұмның бір інісі атқамінер азаматтардың бірі еді. Өзіне көңіл айтып, ағасын жерлеуге жиналған қауымға қаладағы үлкен мейрамханалардың бірінде ас берді. Имамдардың бірі уағыз айтты. О дүниелік болған асыл азамат жайлы тағылымды естелік айтқандар да болды.

Соның бәрі де орынды көрінді. Тек дәм қайырылып, жұрт дастарқан басынан тұруға ыңғайланып жатқан сәтте баяғыша пакетке салынған көйлек тарату басталды. Қызылжар орталық мешітінің басшылары тыйым салған, тозығы жеткен дәстүр тағы да шықты алдымыздан кес-кестеп. Бұған өзге емес, жұртқа жөн айтып жүрген басшы азаматтардың бірі жол бергені қатты қынжылтты. Әрине, оның бұл қылығын сол жерде бетіне айту әбестік болар еді. Аузыма келген сөзді айта алмай, тілімді тістеген күйде мен де көйлек салынған пакетті қолыма ұстап, кете бардым.

Сол батадан келген, көршілес елдің сапасы төмен, бағасы арзан көйлегін бүгінде ешкімнің кимейтіні анық. Сондықтан, оны біреуге сыйлай да алмайсың. Үйімнің бір бұрышында текке шіритін түрі бар. Көзім түскен сайын: «Қайран, қазағымның желге ұшып жатқан ақшасы-ай!..» – деймін іштей...

Міне, осындай кісі жөнелткенде зират басында жарыса аят оқуды, көйлек үлестіруді қашан, қалай тоқтатамыз? Әлде, жергілікті мешіттер басшыларының айтып жүрген уағыз-насихаттары кем бе? Әлде, ұлы Абайдың:

Жартасқа бардым, күнде айғай салдым.

Одан да шықты жаңғырық.

Есітіп үнін,

Білсем деп жөнін,

Көп іздедім қаңғырып.

Баяғы жартас – бір жартас,

Қаңқ етер, түкті байқамас, –

дегенінің кері ме?!.

«ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ»

Заңды оқып, көңілге түйген ой

«Таң атайын демейді – Күн қоймайды» демекші, өркениет өріне ұмтылған еліміз демократия жолына түсіп, қоғамда әлеуметтік әділдік орнату бағытында тағы бір маңызды қадам жасап отыр: Елбасы айқындап берген Бес институттық реформаға сәйкес жақында Парламент «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңды қабылдап, оған Мемлекет басшысы қол қойды.

Аталған Заңға сәйкес алдағы уақытта министрліктердің және облыс, облыстық маңыздағы қалалар мен аудандар әкімдерінің жанынан қоғамдық кеңестер құрылатын болады. Олар консультативтік-кеңесші, байқаушы органдар болып табылады. Бұл ретте ауылдық округтер мен аудандық маңызы бар қалалар деңгейіндегі қоғамдық кеңестің функциялары жергілікті қоғамдастық жиналысына жүктеледі.

Республикалық және жергілікті деңгейлерде шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру, қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен орталық және жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету қоғамдық кеңестердің басты міндеттері болып табылады.

Осы заңды оқып шыққанымда, ойыма өзгені тыңдаудан қалып, «өзім білемге» басып, өктемдік танытып жүрген кейбір шенеуніктердің шығарған, қисынға келмейтін қисық шешімдері оралды:

Жуырда облыстық мәслихаттың, депутаты ретінде Шал ақын ауданындағы Қаратал ауылындағы сайлаушыларыммен кездескенімде олардан аталмыш

елді мекенге осыдан бес-алты жыл бұрын тартылған су құбыры содан бері еш керексіз болып тұрғанын естіп біліп, қайран қалдым.

– Су жинайтын мұнара салынып болған соң ауылымыздағы тұрғындар жылдар бойы су алып отырған үлкен құдықты аудандық санэпидстанция қызметкерлері аякастынан тексеріп, оның суы ішуге жарамайды, құрамындағы радиация мөлшері шамадан тыс көп екен деген қорытынды жасап, дереу жаптырып тастады. Ал, тіршілік нәрін ауыл шетіне орнатылған су мұнарасынан алайық десек, оған әжептәуір ақы төлеу керек болып шықты. Сондықтан, суды ортақ құдықтан тегін алып үйренген тұрғындар одан бас тартып, көпшілігі өз үйлерінің жанынан кішкентай құдық қазып алды. Бәріміз де қазір суды сондай құдықтардан алып ішіп отырмыз. Өкініштісі сол – ауылымызға ұзындығы бірнеше шақырым құбыр тартып, су мұнарасын орнатуға жұмсалған мемлекеттің қыруар қаржысы желге ұшқанмен бірдей болып тұр, – деді мұғалім Орынбай Сексенов ауданның сол кездегі басшыларының шаруаға қырсыздығына қынжылыс білдіріп...

Ал, облысымыздың бұрынғы басшылығының бүкіл елімізге өнеге етіп көрсетуге тырысқан бастамасы – «Ұрпақ қорының» ғұмыры тым қысқа болып, бір жарым жылға ғана жеткендігін, ал сол қордан төрт және одан көп балалы болған отбасыларға бөлінген қаржы екінші деңгейлі банктегі арнайы ашылған депозиттерде құнсызданып жатқандығын қайтерсіз?! Кезінде өңірімізге белгілі қаржыгерлердің айтқан ескертпесіне құлақ аспай, кем өлшеп, келте пішкен бір-екі ірі шенеуніктің «кемеңгерлігіне» шәк келтірмей, көнген төртінші шақырылымдағы облыстық мәслихаттың депутаттары қабылдаған бұл әлеуметтік бағдарламаны

ақыры облыстық бюджетте оған қажетті қаржы жетіспеушілігіне байланысты тоқтатуға тура келген.

Осындай мемлекет қаржысын оңды-солды шашуға ұрындырған шалағай шешімдердің жолына енді беделді де білікті мамандардың, зиялы қауымның белгілі өкілдерінің бастары тоғыстырылатын қоғамдық кеңестер тосқауыл қойып, тек өміршең бастамаларға ғана өріс ашады деп сенгіміз келеді.

2015 жыл



«НАННЫҢ КИЕСІ АТАДЫ»

деген сөз ұмытылып бара жатқан жоқ па?..

Менің анам өткен ғасырдың отыз екінші жылындағы аштықты өз көзімен көрген адам болатын. «Сырымбет ауылында аштан өлгендердің мәйіттерін шанаға салып сүйретіп, көмуге әкетіп бара жатқан кісілерді өз көзіммен көрдім. Ал біздің отбасымыз Бәйкен ағатайымның Саумалкөл ауылында тұратын тамыр орысынан алып отырған картоптың арқасында ғана тірі қалды. Бір үзім нанға зар болдық. Сондықтан, балаларым, сендер дастарқанда нанның еш қоқымын қалдырмай, бәрін теріп жинап алып, жеп қойыңдар. Әйтпесе, обал болады, нанның киесі атады...» – деп, бізге оқтын-оқтын айтып отырушы еді жарықтық...

Қазір қоқыс тастайтын контейнерлердің қасында, немесе, көшеде аяқастында жатқан, жартылай ғана желінген бөлкелер мен нан қалдықтарын көрген сайын марқұм шешемнің сол сөздері есіме түсіп, жаным түршігеді. Адам түгіл, қаптап жүрген қаңғыбас иттердің өздері де нанды керексінбей, оған мұрындарын шүйіре қарайтын болған-ау... Сондайда ата-бабамыз тіпті қасиетті Құранды басып тұрып алуға болады деп ардақ тұтқан ас атасын осылайша ысырап етіп, қорлауға дәттері барған имансыз жандар үшін Алла тағаладан кешірім сұрап, «Нанның кепиеті атпаса жарар еді бізді...» деп тілеймін әрдайым.

Міне, сондықтан да өз басым осы аптада Парламент Мәжілісінде болған Үкімет сағатында Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбековтің алдағы жылдан бастап бірінші сортты элеуметтік нанның бағасы халықтың аз қорғалған топтары үшін ғана арзан

болатындығы жөнінде жасаған мәлімдемесіне қайран қалған жоқпын. Өйткені, бұл өзекті мәселе ерте ме, кеш пе, әйтеуір, Үкімет деңгейінде көтерілуге тиісті сияқты болып көрінетін. Дүниежүзінің көптеген мемлекеттерін дүрліктіріп, біздің елімізге де жеткен экономикалық дағдарыс дүмпуімен сол күн де туған тәрізді.

«Халықтың атаулы тобы үшін ғана нан бағасын арзандату мемлекеттік шығыстарды 7 – 8 миллиард теңгеден 1,5 миллиард теңгеге дейін қысқартуға мүмкіндік береді», – деп атап айтты Асылжан Мамытбеков. Министрдің айтуынша, Үкімет соңғы 5 – 6 жылда жыл сайын бірінші сортты, 600 грамм бөлке нан бағасын төмендету үшін 7 – 8 миллиард теңге шығындап келеді. Тіпті кейбір жылдары бұл көрсеткіш 12 – 15 миллиард теңгеге дейін жеткен. «Осыған орай осыдан екі жарым жыл бұрын нан бағасын субсидиялауды біртіндеп қысқарту туралы нормативтер қабылданған болатын. Нан бағасы мемлекет тарапынан реттелетін, арзандатылған болмауы керек, нарық оны өзі реттеуі керек», – деді еліміздің бас аграрийі.

«Не себепті осындай шешім қабылданды дегенге келсек, біріншіден, қазіргі уақытта біз нанды байлар үшін де, кедейлер үшін де арзандатып отырмыз. Бұл дұрыс емес. Нан бағасын халықтың барлық санаты үшін субсидиялау мемлекетке тым қымбатқа түседі. Неліктен мемлекет ауқатты азаматтар үшін нан бағасын арзандатуы керек, олар неге нанды арзан бағамен сатып алуы керек? Бұл әлеуметтік тұрғыдан әділетсіздік болып саналады. Екіншіден, бұл – күрделі әрі жемқорлыққа жол ашатын тетік. Себебі – нан бағасы жергілікті бюджет деңгейінде арзандатылады. Бірақ, арзандатылған ұн нарыққа да шығарылып, сатылып жатыр...» – деді министр бұл мәселенің тағы бір көлеңкелі жағы барын жасырмай.

Ал Ауылшаруашылығы министрінің орынбасары Сапархан Омаров бұқаралық ақпарат өкілдеріне нанды үнемдеп тұтыну үшін оны үлкен бөлке түрінде емес, кесіп, кішкене бөліктерге бөліп сатқан жөн деген пікірін білдіріпті. «Нанның қалдығы неге қалады? Өйткені, біз тұтас бөлкені сатып алғанымызбен, үйде соның жартысын ғана жейміз», – деген уәж айтыпты ол.

Қалай болғанда да, Үкімет «таяқтың екі ұшы болатындығын» ескеріп, әлеуметтік нан бағасын қымбаттату халықтың әлжуаз бөлігінің жағдайын одан сайын қиындатып жібермеуге бағытталған шараларды қарастыратындығы күмән туғызбайды. Себебі, нан бағасын көтеру мәселесін Ауылшаруашылығы министрілігі ғана емес, еліміздің экономикасын жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссия да қарап, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап нан бағасын реттеуден бас тартып, нанға баға белгілеудің нарықтық тетіктеріне көшу туралы шешім қабылдап қана қоймай, табысы кедейшілік шегінен төмен азаматтарға нан бағасының көтерілуіне байланысты өтемақы төлеу мақсатымен атаулы әлеуметтік көмек институтын пайдалануды жөн деп шешіпті.

Жаңа жылдан бастап 1 сортты нанның бағасы қаншаға қымбаттатылатындығы туралы әлі нақты хабарланған жоқ. Өткен сейсенбі күні Орталық коммуникациялар қызметінде болған баспасөз мәслихатында Ауылшаруашылығы министрі ас атасының бұл түріне келесі жылға субсидия бөлу-бөлмеу мәселесін кейбір облыстар өз бюджеті есебінен шешуі де мүмкін екендігін айтып қалды. Бірақ, Асылжан Мамытбеков оның онша ұзаққа созылмайтындығын да жасырған жоқ. Қалай болғанда да,

*...Бәрін қойып дастарқанға, о тоба,
Нан қоюды ұмытып кетіп жатамыз, –*

деп, ақын Қадыр Мырза Әлі жазғандай, нанның қадірін
түсінетін уақытымыз жеткені айдан анық.

2015 жыл



«ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ» АТАҒЫНЫҢ ҚАДІРІ ҚАЛДЫ МА?..

Жалпы, қазір бәлен облыстың, бәлен ауданның «Құрметті азаматы» деген құрметті атақты кім алмай жатыр дейсіз?! «Ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс» болып тұрған жергілікті әкімдер кімге бергісі келсе, соған бере салады («көңілшек» депутаттардың қоштауымен, әрине).

Мәселен, өзім қызмет істеген бір өңірдің бұрынғы басшыларының бірі облыстың «Құрметті азаматы» атағын өзіне мешіттің асханасындағы ауызашарда қатырып мақтап бата берген ақсақалға әпергені есімде. Ал ол кісі кезінде жарытып жұмыс істемей, зейнетақыға бір жыл бұрын «аттандырылған» (Кеңес өкіметі тұсында сондай «жеңілдік» болған) азамат еді...

«Құрметтілердің» ішінде лайықтысы да, лайықсызы да толып жатыр. Жұрт жемқорлығын білетін кешегі шенеунік те, парақорлығы үшін орнынан алынған судья да бар тіпті...

Осындай құрметті атақты өзінің кандидаттық диссертациясын «жазуына» жәрдемдескен ғалымға әперіп тұрып: «Бұл кісіге алдағы уақытта мал-шаруашылығын көтеруге аянбай атсалысатындығы үшін аванспен береміз», – деп, ішек-сілемізді қатыра күлдірген облыс әкімі де болған...

Сондықтан да «Құрметті азамат» атағын беруді доғара тұрсақ, қалай болар екен? Әлде, осы атақтан дәмелі мың сан ағайынды ренжітіп аламыз ба?..

2017 жыл

Алатаудай асқар, Сарыарқадай кен	4
Елбасының саяси ерлігі	14
Ең маңызды бастама	18
Қаһарман ұрпаққа тағзым өнегесі	23
Ұлы дала елін асқақтату – ұрпақ парызы	26
Ұлы арманға ұмтылыс	32
Бірлігі күшті жұрт озады	41
Шыңырау шетінен шыңға өрлеу шежіресі	46
Елбасы мешітке есімін бергізген	54
Тау тұлғалы, текті азамат	57
Солтүстіктің бір оқшау бәйтерегі	65
Өжет мінезді, өршіл тұлға	73
Қызылжардың Прометейі	80
Біздің әкім	89
«Бір вагон жігітке тұратын азамат»	98
Әділеттің ақ жолымен	106
Жақсылық үшін жаралған жан	113
Ар – ең жақсы патриот	121
Ер жүрегі «елім!» деп соқса	128
Қан тамған қолжазбалар	133
Голощекиннің асыра сілтеуі кезінде Мәскеуде істейтін қазақ қызметкерлерінің не қарекет қылғандығы хақында	137
Қазақ қызметкерлерінің бірлігі жайында	143
Голощекиннің Петропавлда болуы жөнінде	146
Исаев және бесеудің хаты хақында	146
Кең болсақ, кем болмаймыз	150
Дала демократиясын жаңғырта бастады	157
Ең бастысы – ел бірлігі	162
«Тіл тас жарады...»	168
Женя – жамал жеңгем	172
Өзге өңірлерге өнеге	175
Омбыдағы той мен ой	176
Жетуің де, кетуің де қиын	183
Елдің шетінде, желдің өтінде	188

Солтүстіктен ескен жылы леп.....	199
Абылайды ардақтап, Мағжанды мақтан тұтқан.....	209
Қызылжар қазақыланып келеді	221
Кеше қандай едік, бүгін қандаймыз?	228
Телмірмей терін сатқандар табыс көзін тауып жүр.....	232
Болашағы жарқын бірлестік	236
Ана тіліміздің айтулы жетістігі	240
«Келісіп пішкен тон келте болмас»	244
Қазақ балалары қазақша оқыса.....	253
Мағжанның сәуегейлігіне сенемін	260
Ақ қолымен бауырына жатыр тартып.....	266
Шындықты жазып, шыңдалған шақ.....	271
Қимасымсың, Қызылжар теледидары!.. ..	278
Қызылжар жұртының рухани көшбасшысы	287
Көк байрақ көтерілсе... ..	294
Көппен көрген – ұлы той.....	297
Еңбек адамына ерекше құрметкөрсететін кез келді	303
Жанабайдай ер қайда «елім!» деген?!.....	308
Оңтүстік қарлығаштары	313
Қызғанбайық, қуанайық!.....	316
Артық қыламыз деп, тыртық қылып алмайық... ..	320
«А» корпусы үмітті ақтады ма?	325
Ағайынның емес, ауылдастың аты озсын!	329
Аралас неке.....	332
Аспаннан жауған ақша	340
Берлинді алған батырларымыз	344
Майдангерлердің бәрі бірдей емес пе?.. ..	346
«Дастарқандық патриотизм».....	348
Жыл соңында «жемқорлар» көбейеді... Неге?.....	350
Солқылдақтық танытсақ, сорлай береміз	353
«Мағжан көктемі» құлпыра түссін.....	357
Мир көшесі, Дружба көшесі... ..	363
«Ей, жолаушы, аттың басын тежеп өт!»	366
Кісі жөнелткенде	368
«Қоғамдық кеңестер туралы»	370
«Нанның киесі атады».....	373
«Құрметті азамат» атағының қадірі қалды ма?.....	377

Кәрібай МҰСЫРМАН

Елдің шетінде, желдің өтінде...

Редакторы **Әлсейіт ОСПАН**

Корректоры **Қапиза БЕКЕНҚЫЗЫ**

Көркемдеуші редакторы **Нұрболат КЕЛГЕНБАЕВ**

Техникалық редакторы **Нұркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ**

ISBN 978-601-03-0534-2



9 786010 305342

ИБ №101

Басуға 16.05.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84х108 $\frac{1}{32}$.

Қаріп түрі «Times New Roman» Көлемі 20.0 ш.б.т.

Таралымы 5000 дана. Тапсырыс №1001/3440.

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы